Міне, елдігімізге, мемлекеттілігімізге сын болған осындай кезеңде ұлт саясатының мәселелері де назар аударуды талап етеді. Осы орайда ел президенті Н.Ә. Назарбаев: «Бүгінде бүкіл дүниежүзі бір-біріне қарап отыр. Дағдарыстың беті қалай болар екен, одан қай мемлекет қалай шығар екен деп бақылауда. Сан түрлі саясаткерлер, сарапшылар Қазақстан қазіргідей қиындықтан өтер ме екен, осы кезде ел бірлігін сақтап қалар ма екен, бұл ел өзінің мемлекеттілігін құрметтей білер ме екен деп тұрған сын сағатта мен, әсіресе қазақ халқына үлкен жауапкершілік жүктеймін» деп айтқан болатын [6].

Қазақстанды мекендейтін әлеуметтік-этникалық қауымдастықтар ұлттық-мемлекеттік құрылысқа қатысуына қарай және өздерінің мәдени даму қарқынын айқындайтын ерекше жағдайларға қарай бір-бірінен өзгешеленеді [7]. Соған сәйкес мемлекетіміздің негізгі міндеті – барлық ұлттар мен этникалық топтардың құқықтары мен бостандықтарын тең дәрежеде қорғау үшін тиімді жолдарды қолдану. Бұл тұрғыдан алғанда Қазақстан қоғамының тұтастығы мен тұрақтылығын сақтаудың бірден-бір жолы – бұл барлық қазақстандықтардың саяси санасын жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптастыру мен жетілдіру болып табылады.

Дағдарысты қоғамның қиыншылықтарына қарамастан Қазақстандағы ұлтаралық қатынастар мен ұлт саясаты тұрақты қарқынмен дамуда. Әрбір ұлт, әрбір этнос қоғам мен мемлекет алдындағы жауапкершілігін осындай сәттерде таныта білуі керек. «Ұлт саясаты қазіргі кезеңде ғылыми тұрғыдан негізделген болуы тиіс, ал ол үшін біздің еліміздегі де, сондай-ақ әлемдегі де интеграция процестерін мұқият және жан-жақты талдау қажет» [8]. Өйткені, кейінгі кездері әлеуметтік-этникалық процестер қайсыбір формада болмасын іс жүзінде барлық дүниежүзілік қауымдастықтарды қамтуда. Жалпы алғанда, адамзаттың тұрмыс-тіршілігінің ұлттық-этникалық қырлары қазіргі таңда дүниежүзілік қауымдастықты барынша алаңдататын мәселеге айналып отыр. Соның ішінде әлемнің көптеген мемлекеттерін әбігерге салған этникалық негіздегі шиеленістер, қарама-қайшылықтар, қарулы қақтығыстар тек сол мемлекеттердің өздеріне ғана әсер етіп қоймай, тұтас алғанда дүниежүзіндегі әлеуметтік-саяси, экономикалық жағдайдың тұрақсыздануына алып келуі мүмкін. Сондықтан да, қазір ұлт саясаты мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі ретінде саясаткерлерді де, ғалымдарды да толғандырған басты проблемаға айналууда. Осыған байланысты, мемлекетіміз қоғамның ұлттық өмірінде орын алып жатқан алуан түрлі құбылыстар мен процестерді жан-жақты зерттеуді, талдауды зерттеуші ғалымдардың алдына міндет етіп қояды. Осы тұрғыдан алғанда «құқықтық мемлекеттегі дұрыс жүгізілген ұлт саясаты ұлттық өмірді интернационалдандырудың да, халықтардың этносаяси қауымдастығын қалыптастырудың да маңызды реттеушісі болып табылады» дейді ғалым Р.Б. Әбсаттаров [9].

Қазақстан бүгінгі таңда дүниежүзілік қауымдастықтың белсенді мүшесінің бірі болып саналады. Біздің егеменді, жас мемлекетіміздің әлеуметтік мүмкіндіктері өте зор. Қазақстанның жалпы жер аумағы 3 млн. км²-ге жуық. Республикадағы халықтың тығыздығы орташа алғанда 1 км²-ге тең. Еліміз көмір, мұнай, газ, күміс, мыс, және т.б. табиғат ресурстары бойынша дүниежүзінде жетекші орындардың бірін иеленеді. Қазақстанда өнеркәсіп орындары, соның ішінде шикізат саласында, ауылшаруашылығы саласында жеткілікті дамыған. Ғылыми әлеуеті, жоғары білікті кадрлары, тұрақты жұмыс істеп тұрған білім беру жүйесі де бар. Осының бәрі мемлекетіміздің өзінің халқын, лайықты әрі толыққанды өмірмен қатамасыз ете алатындығын, болашағы зор екендігін, ертеңгі күнге сенімі мол екендігін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы көпұлтты, нақтырақ айтқанда полиэтникалық мемлекет болып қала бермек. Оның келешек дамуы да ақиқат ретіндегі осы фактімен байланысты болады. Қазақстан қоғамының әлеуметтік-этникалық құрылымының 80 %-ын қазақ және орыс этносының өкілдері

құрайды, шамамен алғанда 12-13 %-ын – өзбектер, татарлар, украиндар, немістер, белорустар, ұйғырлар, ал қалған 6%-ын басқа ұлттар мен этностар құрайды [10]. Осыған байланысты Қазақстан мемлекеті еліміздің көпұлтты халқының ұлттық және мәдени мүдделерінің барлық алуан түрлілігін, тең құндылығын ескеріп отырады. Осы жағдайда ұлттық-ерекшелік пен интернационалдықтың тұтастығын сақтауға көп нәрсе байланысты болады. Бұл ішкі мен сыртқының, ұлттық-ерекшелік пен интернационалдықтың өзара сіңісуін қамтамасыз ететін интернационалдандыру процесінде ғана мүмкін болады. Бұл тұрғыдан алғанда мультикультурализм либералдық идеологияның ерекше формасы болып табылады. Яғни, мультикультурализм ұлттық көпшілік пен этникалық азшылықтың мәдениеттерінің тең құндылығын мойындауға саяды. Қазақстан Республикасы ұлт саясатын жүргізуде осы тең құндылықты қамтамасыз ететіндей жағдайларды үнемі есепке алып отырады. Бүгінде Қазақстан мемлекеті тарихи тұрғыдан еліміздегі әр түрлі мәдениет үлгілерінің өзара бірін-бірі байыту мекеніне айналып отыр.

Әлемдегі қазіргі кездегі демократиялық көпұлтты мемлекеттердің дамуына зер салып қарасақ, онда олардың барлығының қоғамдағы ұлты әр түрлі адамдардың бірлесіп өмір сүруінің формаларын іздестіруінің, қоғамдық өмірдің әр түрлі салаларындағы демократиялық тетіктерді нығайту мен полиэтникалылықтың сақталуының және ұдайы өндірілуінің арасындағы қарама-қайшылықтарды үнемі шешіп отырудың қиын жолдарынан өткендігін байқаймыз. Дүниежүзінің тарихи тәжірибесінің көрсетіп отырғанындай, ұлт саясатының мәселелері қандай кезеңде, қандай жағдайда болмасын мемлекет пен қоғам алдындағы маңызды проблеманың бірі болған және болып қала бермек. Сондықтан елімізде іске асырылып отырған ұлт саясаты ұлттық өмірді бейбіт жолмен реттеудің және дамытудың маңызды факторы болып табылады. Бұл бағыттағы Қазақстанның тәжірибесі, атқарып жатқан іс-шаралары әлемнің көптеген елдерінде болып өткен конференцияларда халықаралық сарапшылар тарапынан жоғары бағалауға ие болып отыр.

Жалпы алғанда, біздің еліміздегі ұлт саясаты төмендегідей принциптерге сүйенеді: адам құқықтары мен ұлт құқықтарының парасатты түрде үйлесім табуы; ұлттар, ұлыстар мен халықтар арасындағы ізгілік, ұлтаралық келісім мен ынтымақтастық қатынастары, өзара көмек пен бірін-бірі қолдау; қоғамның тұрақтылығы мен тұтастығы; ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтардың үйлестірілуі; конструктивті ұлттық-ерекшелікті мүдделердің жүзеге асырылуы; елдегі барлық ұлттар мен ұлыстардың әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени дамуының теңдігі мен теңестірілуі. Барлық ұлттар мен халықтарды бір жерде тоғыстырған ортақ тарихи тағдыр олардың бәріне ортақ мұраттар мен құндылықтардың қалыптасуына да себепші болады.

Еліміздің Ата Заңында көрсетілгеніндей, Қазақстан – демократиялық, зайырлы және құқықтық мемлекет, оның бүкіл ішкі және сыртқы саясаты биліктің демократиялық институттарын нығайту мен дамытуға, азаматтық және ұлтаралық келісімдерді сақтау мен баянды етуге, ынтымақтастықтың барлық бағыттары бойынша халықаралық байланыстарды кеңейту мен өрбітуге бағыт-бағдар ұстанады. Біздің еліміздің жүргізіп отырған ұлт саясаты өзінің бағыт-бағдары бойынша демократиялық және келісімшілдік, прогрессивті және жасампаздық сипатымен ерекшеленіп келеді. Сондықтан, еліміздегі ұлтаралық келісім мен бірлік қазіргі кезеңде орын алып отырған қоғам өміріндегі әлеуметтік-экономикалық дағдарысты еңсеруде де маңызды роль атқаратын факторлардың бірі бола алады деп ойлаймыз. Өркениетті экономика, өркенді саяси-рухани құрылым дәне дамыған инфрақұрылым және интеллектуалды ұлт қалыптастыру үшін қазір ең керегі – ұлттық ынтымақтастық пен бірлік. Дүниежүзілік озық технология мен интеллектіге сүйенген саяси-экономикалық және әлеуметтік құрылыс қазақ халқымен бірге барлық қазақстандық халықты өркениетті өмірге әкелетіндігіне күмәніміз жоқ.

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. // Егемен Қазақстан. 2012. 27 қаңтар.

2. «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы». Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. 2006. 2 наурыз.

3. Абсаттаров Р.Б. Национальные процессы: особенности и проблемы. – Алматы: «Гылым», 1995. – 135 б.

4. Қаңтарбекова Г. Ұлтаралық қатынастарды зерттеу бағыттары // Саясат. – 2003. – №4. – 47 б.

5. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. 2009. 6 наурыз.

6. Бұл да сонда.

7. Курганская В.Д., Дунаев В.Ю. Казахская модель межэтнической интеграции. – Алматы: Центр. гум. Ис., 2002. – С. 39.

8. Абсаттаров Р.Б. *Формирование казахстанского народа как гражданской и этнополитической общности // Вестник российского университета дружбы народов. Серия социология. 2008. – № 4. – С. 90.*

9. *Бұл да сонда.*

10. *Бұл да сонда.*

Резюме

В данной статье рассматриваются проблемы межнационального согласия и межэтнических отношений. Показано значение межнационального согласия в контексте стабильности казахстанского общества.

Summary

In given article problems of the international consent and interethnic relations are considered. Value of the international consent in a context of stability of the Kazakhstan society is shown.

ӘЙТЕКЕ БИ ҰРПАҚТАРЫ ТАРИХЫНАН (МҰРАҒАТ ІЗІМЕН)

Қ.М. Әбілсейіт – *т.ғ.д., профессор, ғылыми және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ*

Атақты Болпыш бидің балалары Әжібай мен Арал алыстан ат арытып бүгінгі Өзбекстан жеріндегі Нұрата төңірегін жайлаған төртқара Жалаңтөс батырдың немере інісі Әйтеке бидің ақ батасын алуға келгенде, қазақ кемеңгері: «Ел жайы – ер азаматтың күндіз есінен, түнде түсінен шықпайтын киелі ұғым. Бұл қазақ нені бастан кешпеді, қазақ болғалы. Өткен – ереуіл, қалған – салауат деумен күн артынан ай, ай артынан жылдар өткізумен, талай қайырма мәуесі күйсе де, тамыры аман келе жатқан жер бетінде екі халық болса бірі – қазақ, бір халық болса – өзі екенін мен ежіктемей-ақ өздеріңізге мәлім. Сонда оның тамырын сақтаған – әуелі бір Алла тағала, сосын мына өздерің секілді сенімді сайыпқыран жампоздар. Шеге-тағаны сақтайды, таға тұлпарды сақтайды, тұлпар ерді сақтайды, ер-елді сақтайды. Елді сақтар Ерлер аман болғай», – деп елінің ертеңіне сеніммен қараған екен. Міне, осы Әйтеке биден бата алған асыл ұрпақ ата-баба сенімін ақтауға барын салды. Тарих соқпағы бұралаң жолдарда оларды сынға салды, шыңдады. Оның даналығын сезінген Әжібай да, Арал да ұрпақтарына өздері алған батаны аманаттады. XVIII ғасырдағы Ресей мұрағаттары деректері Әжібай мен Аралдың қазақ елінің қоғамдық-саяси өмірінде белді роль атқарғанын айғақтайды. Орынбор шенеуніктері Әбілқайыр, Әбілмәмбет хандар және Нұралы, Абылай, Барақ, Ерәлі сұлтандар, Есет батырлармен бірге әрдайым олардың тұрғылықты мекендері туралы ақпараттар жинап отырған [1]. Өз бауырларымен бірге Ембі өзенінің ар жағындағы Көктөбеде көшіп конған Әжібай бидің Орынбор губернаторы И.Неплюевке 1747 жылы 10 шілдеде жолдаған хаты мұрағатта сақталған [2]. Әжібай бидің тағы бір бауыры Алтай батыр есімі 1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырдың қабылдауында болған ағылшын суретшісі Джон Кэстль еңбегінде аталады [3]. Алтай батыр ағалары атынан 1742 жылы қазақ пен қалмақ арасында бір ұрпаққа дейін, яғни сол кездегі «еңбектеген бала еңкейген кәрі болғанға дейін» соғыс ашпау туралы бітім жасауға қатысып, Әбілқайыр ханды қолдаған [4]. Келтірілген мұрағат деректері Әйтеке бидің Әжібай, Арал, Алтайлардың әкесі Болпыш бимен замандастығын дәлелдейді. Өкінішке орай, Әйтеке, Болпыш туралы мұрағат деректері еш сыр ашпайды. Соған қарағанда олар Ресей империясының «қазақ даласын Азияны жаулап алудың кілті» деп жар салған кезеңінде өмірде болмаған болуы керек. Мұның өзі биді 1700 жылы қайтыс болған деген пікірлерді жоққа шығарады. Сонымен бірге белгілі ғалым О.Смағұловтың би туралы «Жетпіске келген не одан асқан адам болуы керек. Дегенмен сүйектің Әйтеке бидікі екендігі жөніндегі дәлелдер нақты дей аламын» деген қорытындысын толықтай қолдауға болады [5]. Әйтеке есімі мұрағатқа түспесе де оның Әз-Тәукенің арқа сүйер бас билерінің бірі болғандығы, артына елі ұмытпайтын баталы сөз қалдырып, өз кіндігінен тараған ұрпақтарына елі үшін адал қызмет жасауды аманаттаған. Әйтеке би ұрпақтары туралы мұрағаттық деректер осыны айғақтайды.

Ата шежіреде Әйтеке би – Сығай ханмен замандас Сейітқұлдың шөбересі. Сейітқұлдан туған Ақша Ходжентке (Қоқанға), Жалаңтөс баһадүр Самарқандқа хан болған екен. Әйтеке би танушы көрнекті қаламгер Мұқадес Есламғалиұлы «Әйтеке – Ақшаның он баласының үлкені», – дейді.

Әйтекенің өзі Нұрата тауының Бұхара жеріне қарай созылып жатқан Қыз-Бибі тауы етегінде дүниеге келген. Ел ішінде Әйтеке биді Әз Тәукенің жиені оның анасының аты Қырғұсұлу болған

деген де әңгімелер бар [6]. Әйтекеден Өтебас, Жалтыр, Қонысбай туған. Шежірешілер бұл тізімге Тоғанды да (кейбіреулер Құрыс дейді) қосып, Өтебасты бәйбішеден, ал қалғандарын әменгерлік жолмен алған қайтыс болған ағасының әйелінен таратады [7]. Өкінішке орай, Тоған жөнінде мұрағат деректерінде ештеңе айтылмайды. Сонымен бірге Әйтеке бидің кенже қызы Шақшақ Жәнібекке тұрмысқа шыққан екен. Орыс мұрағаты деректерінде Әйтеке би ұрпақтарының есімі алғаш рет 1748 жылы тамыздағы Әбілқайыр хан өлімінен кейін атала бастайды. Хан өлімін анықтауға барған аудармашы Я.Гуляев қазан айы басында «Төртқара руынан Әйтеке би балалары Жалтыр мен Қонысбай» Батыр сұлтан ауылына келгендігін айтса, Кіші жүзде сол сәтте болған казак атаманы Смайл молда Абдрезяков та аталған ауылда төртқара руынан Қаратоқа, Қонысбай билердің, Жалтырдың, Мырзагелді батырдың, Дәулет бидің болғандығын Орынборға жеткізеді [2, С. 430, 433]. Яғни, Әйтеке би балалары ата қоныстан қашық емес Арал теңізінің оңтүстік-батыс бағытында көшіп қонып, Хиуа ханы Қайыппен, оның сол маңда тұрақтаған әкесі Батыр сұлтанмен тығыз араласқан. Өтебай, Жалтыр мен Қонысбайлар аға ретінде Қаратоқа бидің айналасында болған. Қаратоқа би төртқара Сейітқұлдан тараған ұрпақтар атынан Я.Гуляевке «Батыр сұлтанның баласы Қайыптың Хиуада хан болғанының өзі оған (сұлтанға) жарайды. Ал хан сайлау, сайламау біздің шаруамыз» деп ашық айтқан. Сонымен бірге 1748 жылы 23 қыркүйекте Әбілқайыр ханның күйеу баласы Жәнібек сұлтан Барақ сұлтанның өзінің болашақ тағдырын төртқара Қаратоқа, Қаракесек Қозанай, Мамет аталық, Бағаналы найман Өтебай билерге тапсырғанын және билердің шешіміне көнетіндігін естіген [8]. Мұның барлығы Қаратоқа бидің төртқара руы ғана емес, барлық қазақ рулары алдында үлкен сенімге ие болғандығын дәлелдейді. Орыс шенеуніктері Батыр сұлтанның соңғы жылдардағы тұрғылықты мекені Ұлы жүзбен шектесіп жатыр деп көрсетеді. Бұл жерде қазақ рулары мен Қайып хан, Батыр сұлтан т.б. Әбілқайырдың Ресеймен қарым-қатынасына сенімсіздік танытып, орыс патшасының әрбір қадамына күдікпен қарағанын көреміз. Ол 1748 жылы 15 қазанда Батыр сұлтанның хан сайлануынан анық көрінді. Жәнібек тархан шөмекей, шекті, қарасақал руларының билерін төртқара руы қазақтары арасында жүрген Батыр сұлтанның жанынан кездестірген.

Сонымен Әйтеке би балалары Өтебас, Жалтыр, Қонысбай, немере ағалары Қаратоқа т.б. 1748 жылы 2 қазанда Ырғыз өзенінің сол жақ тармағындағы Қайыңды өзені жағалауында өткен Нұралы сұлтанды хан сайлау рәсіміне бармайды. Мұның өзін олардың Ресей араласқан хан сайлауына ашық қарсылығын білдірсе керек. Бірақ төртқара руынан Құдайназар, Дәулет, Апай, Болат, Тілеубет билер Нұралыға барып қайтады (9). Көп ұзамай елдің оңтүстігінде Кіші жүздің екінші ханы Батыр сұлтан ақ киізге көтеріліп, хан сайланады. С.Абдрезяковтың айтуынша 1748 жылы 15 қазанда Әлімұлдарының шекті, шөмекей, қарасақал, төртқара руларының 20 белгілі би, батыры Батыр сұлтанды өздерінің ханы ретінде мойындаған. Кейін Нұралы ханға келген қазақтар «Батырдың хандыққа өзінің өтініші бойынша сайланғандығын және одан ешқандай қауіп-қатер болмайтындығын» хабарлаған [9, 311-312 pp.]. Бұл жайды зерттеген орыс зерттеушілері де оңтүстіктегі хан сайлауын «Ресейге қарсылық» ретінде түсіндіреді [10]. Қаратоқа би 1748 жылдың аяғында Барақ сұлтанның мәселесін қараған билер сотына қатысады. Сот құн төлете отырып, Барақты ақтап алады. Бұл арада соттың Батыр иелігіндегі жерде өтуі және сот мүшелерінің Батыр, Барақ иелігінде көшіп қонуы да белгілі дәреже ықпал етсе керек.

Батырдың хан сайлануы, Барақ сұлтанның ақталуы сырт көзге қазақ қоғамындағы шиеленістің басталуы болып көрінгенімен, оның арты ішкі бірлікті бұзатындай талас-тартысқа ұласпады. 1749 жылғы 11-25 шілдеде Орынбор қаласында өткен орыс-қазақ келіссөзіне белгілі сұлтан, би-батырлар түгелге жуық жиналды. Кездесуде Нұралы хан бастауымен Ерәлі, Қожахмет, Айшуақ сұлтандар, Есет, Жәнібек тархандар, Серке батыр, төртқара Қаратоқа би т.б. көрінеді. Келіссөз барысында Қаратоқа би екі қайта сөз алып Орынбор губернаторы И.Неплюевке Әбілқайыр ханның орнына Нұралының сайлануын және оны Ресейдің мойындағанын құптап, екі жақты өзара пайда үшін сауда-саттықтың еркін дамуына қолдау көрсететінін жеткізген. Кездесу барысында Батыр хан қарамағында шекті Төлеміс бай басқаратын 500, шөмекей Бөбек би басқаратын 200, төртқара Қонысбай би басқаратын 300 түтін бар екендігі белгілі болды [2, С. 462, 463, 472].

Қаратоқа би 1749 жылы 3 тамызда Батыр ханмен бірге Әбілқайыр ханның асына қатысқан. Капитан А.Яковлевтің айтуынша асқа Кіші, Орта жүзден 200-ге тарта белгілі тұлғалар қатысқан. Жәнібек, Есет тархандармен бірге төртқара руынан Құдаш би, Дәулет би, Құтылымбет би, Сары молла, Момын би, кете руынан Алыбай жасауыл, Алтай, Арал батырлар, алаша руынан Байсақ

би, Тілеу би, Бабатай би, адай руынан Мырзатай батырлар Барақ сұлтанды іздеп табу, Әбілқайыр ханның қалмақ әйелінен туған қызын Жоңғар ханына қалыңдыққа беру, тұтқындар алмасу мәселелерін арнайы талқылаған [11]. Сонымен бірге А.Яковлев шекті руы қазақтарының Нұралыны «аға хан» деп атауға келіскенін атап өтеді.

Дегенмен бұл кездесулерге Әйтеке би балалары бармаған. Олар немере ағалары Қаратоқа би, Құдаш билерді жіберіп өздері оңтүстікте қалған.

1750 жылы 18 қаңтарда Нұралы хан И.Неплюевке жолдаған хатында төртқара руының Сейітқұл бөлімінің сауда-саттықта өзіндік орындары бар екендігін ашық жазып, кей жағдайда оларға өз билігінің жетпей қалатындығын да мойындайды [2, С. 490].

Бұл жылдары Өтебас, Жалтыр, Қонысбай бірге көшіп қонып, Хиуа ханы Қайыппен, әкесі Батыр ханмен сенімді қарым-қатынас орнатады. Олар шекті билері Мойнақ, Бақтыбай, Айдарғали, ақ кете Әжібай, Алтай билермен бірге Ресейде қамауда жатқан Бақтыбай, Алтай балаларын босату жолында ізденеді. Орынбор әкімшілігі белгілі би, батырлардың туған-туыстарын сауда-саттық кезінде ұстап қалып, өз талаптарын орындатуға әбден машықтанып алған-ды. Нұралы да өз билігін күшейтіп, оңтүстіктегі Қайып, Батыр хандарға бағынатын қазақтарды бағындыру үшін кейде арнайы орыс шенеуніктерін айдап салып отырды. Әрине, мұндай жағдайдан Батыр да хабардар болатын. Бірде Қайып хан Ерәлі сұлтан, Мұсылман би т.б. би-батырларға «сендер Ресейдің сыйлықтарына алданғансындар, сондықтан олармен жақсы болғыларың келеді» деп реніш білдірген [12]. XVIII ғасырдың екінші жартысында оңтүстіктегі төртқара руы қазақтары шамамен 3000 түтінге жеткен. Өтебас би, Жалтыр би, Қонысбай би және Қонысбайдың балалары Қаракөбек би, Есекене мырза Қайып хан балалары Сейіт, Шомқара, Ескендірмен бірге Сырдария бойындағы Бұрлыбас елді мекенінде тұрақтаған [13]. Әйтеке би балалары, немерелері бұл кезеңде алдымен Батыр ханға, ол 1771 жылы қайтыс болғаннан кейін Хиуадан Сырдария бойындағы өз иелігіне оралған Қайып ханға бағынады. Сонымен бірге олар Кіші жүздің оңтүстігіндегі кейбір казак руларын басқарған Ерәлі сұлтанмен де сенімді қарым-қатынас орнатқан.

1776 жылы 25 маусымда Нұралы хан Орынбор губернаторы И.А. Рейнсдропқа хат жолдап, өзінің қыстан кейін ел аралап, табын және тама руларындағы Көзкөрмес, Әулие, Арбағыш немесе Жанкөрмес, Көктемір (есімдері өзге-өзге болғанымен бәрі бір адам) бастаған қозғалысты анықтауға күш салғандығын хабарлайды. Ерәлі сұлтанның ханға жазылған хатында төртқара руынан Өтебас, Қаракөбек билерді жібергендігі айтылған. Хан «Досалы сұлтан мен Жетіру қазақтарын адастырып жүрген Көзкөрмес деп жүргеніміз әйел адам, оны өлтіріп, үйін өртейін деп барсам, ол Ерәлі сұлтан иелігіндегі Қиыл өзені бойына көшіп кетіпті» деп хабарлайды [14]. Хаттан белгілі болғандай Өтебас, Қаракөбек билер ханмен бірге ел ішіндегі орыс тұтқындарын босатумен бірге, Көзкөрмес қозғалысын, сауда-саттық мәселелерін талқыға салған. Осыдан кейін Ерәлі сұлтан, төртқара билері өз малдарын Бұхара, Хиуа, басқа да Азия елдеріне саудаға шығару туралы келісімге келген.

1776 жылы қыркүйек айында Ерәлі сұлтанға хан атынан Сырым батыр келген. Сырым сұлтан қол астындағы билермен кездесіп, шекті руы қазақтары тоқтатқан орыс керуені мен оның адамдарын іздестірген [15]. Біздіңше, осы жолы Сырым Әйтеке би ұрпақтарыменде кездескен. Сөйтіп Өтебас би өзінің немере інісі Қаракөбекті Нұралы хан төңірегіндегі билермен таныстырып, ел ісіне араластыруға кірісті. Қаракөбектің осы жолғы Сырым батырмен бірге маңызды мәселелерді шешуге талпынысы өзара сенім мен достыққа ұласады. Араға уақыт сала Қаракөбек Сырым бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі тұлғаларының біріне айналды. Ол немере ағасы Өтебаспен бірге Кіші жүздегі би, батыр, старшындардың 1785 жылғы шілдедегі жиналысына қатысқан. Жиналыс жайылым мәселесін шешу, Жайық бойындағы казак-орыс әскерлерінің озбырлығын тоқтату сияқты күрделі күн тәртібін талқылап, Нұралы ханның өз билігі мен халық сенімінен айрылғандығын атап өтіп, оны орнынан босату туралы бір ортақ пікірге тоқтады. Содан Кіші жүздегі 25 рудың 21-нің атакты би, батырлары қол қойып, хатты орыс патшасы II Екатеринаға жолдайды [16]. Төртқара руынан Өтебас, Қаракөбек билер, Телбай баһадүрлер ел ішінде беделді шекті Сегізбай, кете Көккөз, шеркеш Тұрмамбет, Жарқын, ысық Қаратау, адай Атағозы, беріш Қара, Саржала, масқар Дөкен, байбақты Сырым, жағалбайлы Тотай батырлармен бірігеді. Қазак рулары қалыптасқан жағдайда оңтүстіктегі Батыр ханның ұлы Қайыпқа үміт артып, оның хан тағына отыру мүмкіндігін көтере бастайды. Әрине оның сенімді үгітшілері негізінен шекті, төртқара руларының беделді билері болатын. Олар Қайыптың ата бабасының қазақтың бас ханы болғандығын, оның тегінің парсы елімен, Хиуа, Бұхаралармен байланысын ескеріп, Ресейдің саяса-

тына айтарлықтай байлаулы еместігін түсінді. Бұл уақытта Қайып ханның Қаракөбек бидің иелігінде екендігі анықталды. Оны Сырым батырға Ақсақал Барбы мекенінен келген бауыры Дос хабарлайды. Дос 1785 жылы 2 қазанда Қаракөбек бидің Қайып ханды тұтастай отбасымен, ағайындарымен бірге өз жанына көшіріп алып, қазақ билері мен батырларынан хабар күтіп отырғанын жеткізеді [17].

Сонымен Кіші жүзді ұзақ жылдар бойы басқарған, соңғы жылдары елімен байланысын үзген Нұралы ханды ауыстыру мәселесі күн тәртібіне қойылады. Сырым батыр да Қайып Батырұлына сеніммен қарайды. Бұл саясат жүзеге асса Әбілқайыр өлімінен кейін екіге бөлінген хандық қайта бірігетін еді. 1785 жылы Орта жүзде болған капитан И.Г. Андреев өз жазбасында «Алшын болысында айрықша хан Қайып бар. Ол Нұралы, Уәли хандардан еш кем емес. 12000 шаңырақты басқарып, Сырдария өзені бойында көшіп қонады» деп жазады [18]. Ал 1786 жылы 9 наурызда Сырым бастаған Халық Кеңесіне куә болған ахун М.Хұсайнов пен адыютант М.Черкасский Әбдіжәлел қожадан Қайыптың бұрын Хиуаны басқарғандығын, 16 жылдан бұрын Кіші жүзге оралғандығын, қазір Ұлы Борсықта мекендейтіндігін естиді [19]. Кеңеске қатысқан би, батырлар, барлығы 1000 жуық елдің игі жақсылары Қайыпқа үміт артады.

Осындай жағдайда 1786 жылы көктемде Орынбор әкімшілігі Нұралы ханды ел ішіндегі күрделі мәселелерді талқылау сылтауымен Ресейге кездесуге шақырып, 3 маусымда хандық дәрежесінен айырып, Уфа қаласына жер аударды. Патша шенеуніктерінің мұндай шешімі қазақтың өзі шешетін мәселені қолға алып, Нұралыны елден Ресейге көшіруі би-батырлардың заңды наразылығын туғызды. 1786 жылдың жазында Өтебас би, Қаракөбек би, шекті Сарытай Байжанов, төртқара Қарабыз Тілеумурзин, Ақбота Үсенов, жағалбайлы Тотай батыр т.б. 80-ге жуық белгілі тұлғалар Орынбордан «Нұралы хан мен Айшуақ сұлтанды елге қайтаруды» талап етті. Осындай мәтіндегі хат Сырым атынан да жолданды. Бірақ хатқа Сырым мөрі соғылмады. Сондықтан орыс әкімшілігі Сырымның хаты дегенге күмәнмен қарады [20]. Өйткені, Сырым шамамен 1786 жылдың маусымында Ерәлі сұлтан иелігіне күшпен әкетілді деген хабар жеткенді [20, 27-28 pp.]. Мұрағаттық деректері Сырымды Есім сұлтанның төртқара руының биі Қаракөбек ауылына ертіп келгендігін айғақтайды. Сырымтанушы М.П. Вяткин бұл жағдайды ескере отырып, Қаракөбек би Ерәлі сұлтанды қолдап, еш негізсіз Сырымды аулында ұстап, батырға дұшпандық көзқараста болды деп түйіндейді [21]. Біздіңше, Қаракөбек Сырымды өз ауылында қамауда ұстады деген пікір еш сын көтермейді. Біріншіден, Қаракөбек атам заманнан бері Ерәліге емес, Батыр хан, Қайып хандарға бағынды және олармен іргелес қоныстанды. Мұны бидің 1785-1786 жылдары Қайыпты Кіші жүз ханының тағына көтеруді қолдауы да дәлелдейді. Екіншіден, дәл осы сәтте би-батырлар күтпеген жағдай, Ресейдің Нұралы хан мен Айшуақ сұлтанды кездесуге шақырып, елге қайтармай Уфаға жер аударғаны, оған барша қазақ куә болғаны белгілі. Ханды қайткенде де елге қайтару, оны тақтан айырса да, ішкі бірлікті сақтау мәселесі күн тәртібінде тұрды. Ол үшін би-батырлар, сұлтандар барлық мүмкіндікті пайдаланды. Оның бір жолы патшаға хат жазу болса, Өтебас та, Қаракөбек те, Қайып ханның бауыры Қарабай сұлтан да сол тізімде болды. Яғни, Әбілқайыр, Батыр ұрпақтары Нұралы ханды елге қайтаруда өзара бірікті. Ал оның екінші жолы ретінде Өтебас би, Қаракөбек би т.б. Бұхарадан шыққан орыс керуендерін тоқтатты. Ол жөнінде орыс көпестері, М.Дилянчев пен И.Григорьев 1787 жылы тамызда Орынборға хабарлайды. Олардың айтуынша, қазақтарды Ерәлі сұлтан мен оның күйеу баласы Артық сұлтан басқарған [22]. Үшіншіден, кейін мұндай жағдайды тексерген О.А. Игельстром «төртқара ауылында жатқан Сырымды Қаракөбектің немере бауыры арқылы босаттым. Оған бостандық берген Ерәлі сұлтан емес, Қаракөбек старшын» деп жазады [23]. Бұл мәліметті Орынбор обер коменданты Я.М. Зенбулатовтың орыс әкімшілігіне жазған хаты да толықтыра түседі. Хатта Ерәлі сұлтанның шекті Сарытай биге, төртқара руының басшысы Өтебасқа Сырымды ешқайда жібермеуді тапсырғаны, бірақ Қаракөбек пен Басықараның келісіп Сырымды босатып жібергені жазылған [24].

Мұның барлығы Сырым батырдың Әйтеке би ұрпақтарымен сенімді қарым-қатынаста болғандығын дәлелдейді. Бұған қоса дәл осы кезеңде, 1787 жылы жазда Қаракөбек бидің немере бауыры Орынбордағы сауда үйіне оңтүстіктен керуен бастап келеді. О.А. Игельстром онымен жеке кездесіп, Қаракөбекке хат жолдаған. Нәтижесінде Сырым батыр оңтүстіктен Жайық бойына қайтып келеді [16, С. 114-115].

Содан 1787 жылы 14 қыркүйекте Сырым, Сегізбай, Саржала, Көккөз, Атағозы, Қаракөбек, Бөдене, Қаратау, Сопыра, Дөнен барлығы 18 би қол қойып, О.А.Игельстромнан Нұралы хан мен

Айшуақ сұлтанды елге қайтаруды талап етеді. Нәтижесінде Айшуақ елге оралды [20, 50-51 pp.]. Хатқа назар аударсақ қол қоюшылар арасында төртқара Басықара бидің де есімі кездеседі. Ол – Қаракөбек бидің немере бауыры, атасы Сейітқұлдың үшінші баласы Төлестен тарайтын ұрпақ. 1787 жылғы қыркүйекке дейін Қаракөбектің есімі үнемі немере ағасы Өтебас бимен бірге аталса, бұдан әрі оның жанынан Басықара биді байқаймыз.

Осы кезеңде патша шенеуніктері Кіші жүзде хандық басқаруды жоюдың бастапқы шаралары ретінде Байұлы, Әлімұлы және Жетіру бірлестіктерінде 3 расправа құрып, біртіндеп ел билігіндегі сұлтандарды ығыстыра бастайды. О.А. Игельстром расправаның қызметі жанданбай тұрған кезде билікті бас старшындарға жүктейді. Әлімұлдарына Сарытай, Қаракөбек, Мұратбек билер, Байұлдарына Сырым, Қаратау билер, Жетіруға Тіленші, Жанболат батырлар басшылыққа ұсынылды. Елді басқарудағы өзгерістерге қарамастан қазақ рулары патша реформасын, яғни қазақтың дәстүрлі басқару жүйесін жойып, жаңа орыстық басқару енгізуге ашық қарсылық танытты. Билер Қайыпты хан сайлау жоспарларын жалғастыра берді. Мұны ескерген патша үкіметі Сырым батырға, Қаракөбек биге тархандық атақ беріп, оларды өз саясатын қолдаушылар қатарына қосуды көздейді. Алдымен, 1787 жылы 19 қарашасында Сырым батырға тархандық атақ берілсе, 1789 жылы наурыз айында Қаракөбек биге арнайы грамота жіберілді. Тархандық грамота мәтінінде: «Қазақтың Кіші Ордасының Әлімұлы руының старшыны Қаракөбек бидің бізге адал қызметімен берілгендігі үшін, оның балалары мен ұрпақтарына тархандық атақ берілді. Қырғыз-қазақ сұлтандары мен би-батырлары және барлық қырғыз-қазақ жауынгерлері мен қарапайым халқы Қаракөбек биге берілген тархандық атақты танып, құрмет тұтып, сыйлауларын және барлық хаттарда есіміне тархан шенін тіркеп жазуды бұйырамын. Қаракөбек бидің және оның балалары мен ұрпақтарының біздің ықыласымызды сезініп, бізге адал қызметімен берілгендіктерін дәлелдейтін қызметтерін және қайырымды істерін мәңгі жалғастыра беретіндіктеріне сеніп, Қаракөбек биге осы тархандық грамотаны тарту еттік» делінген [25]. Патша сыйлаған тархандық атаққа билер масаттанбай, керісінше оның шекара бойындағы кейбір мүмкіндіктерін пайдаланып, қазақ-орыс қатынасындағы күрделі мәселелерді шешуге ұмтылды. 1790 жылы 2 тамызда Қаракөбек тархан мен төртқара Жантөреұлы Шұбар би Ресей Сыртқы істер коллегиясының мүшесі А.А. Безбородкоға «атаман Д.Донсков басқаратын казак-орыстар әйелдерді өлтірді, кейбіреулерінің ішін жарып, балаларын суырып алып, бастарын шапты» деп ашына хат жолдады [26]. 1790 жылы тамыз айында Уфа қаласында Кіші жүзді 1748-1786 жылдар аралығында билеген Нұралы хан қайтыс болды, ал бұдан бір жыл бұрын билер үміт артқан Қайып Батырұлы да дүниеден өтеді. Екі бірдей ел басқарған тұлғаның қатарлас дүниеден өтуі тағы да ішкі арасалмақты өзгертті. Орынбор әкімшілігі оны ұтымды пайдаланып, хандық билікті әбден шайқалту мақсатында қартайған Ерәлі сұлтанды 1791 жылы 4 қыркүйекте хан сайлап тынды. Орынбор губернаторы А.А. Пеутлинг «хан сайлау кеңесіне Әлімұлдары, Байұлдары мен Жетірудан екі-екіден старшындар қатысып, Ерәліні сайлады» деп патша әкімшілігіне хабарлайды. Ата дәстүрді бұзып, казак би-батырларының барлығын жинап келісімін алмаған мұндай қасақана жасалған заңсыздыққа тағы да Сырым, Мұратбек, Қаракөбек, Басықара т.б. би-батырлар қарсы көтерілді [26, 164-167 бб.]. Осы тұста Сырым мен Қаракөбек Қайып хан ұрпағы Әбілғазы сұлтанмен бірлесіп, үлкен кеңес өткізеді.

1792 жылы 25 шілде де қазақ билері А.А. Пеутлингке наразылық хатын жолдап, өзара келісімнің бұзылғандығын хабарлайды. Құйтырқы саясатқа қарсылық ретінде қыркүйек айында Ордадан Сырым, Қаракөбек, Басықара билер Нұралы хан баласы Есенғали сұлтанды хан сайлайды [27]. Аталған билерге шекті Сегізбай, төртқара Сарыалтай қосылып, 1792 жылы 11 қыркүйекте А.А. Пеутлингке жазған хатында «Ресейдің халық кеңесінсіз және билер келісімінсіз хан сайлап алғандығын» ашық айыптайды. Көп ұзамай билер Ресейге қарсы соғыс жариялайды. Хабарды естіген бойда губернатор Сырымға, Тіленшіге, Бөденеге, Қаракөбек пен Басықараға арнайы молдалар арқылы хат жолдап, патша рақымын ұсынып, қоқан-лоқы көрсетуден аса алмады (26, 169-170 б.). Бұл хатқа назар аудармаған билер губернатор А.А. Пеутлингтің саясатын Петербургке жаза бастайды. Сырым, Қаракөбек, Боранбай билер Петербургтегі казактар депутаты Шерғазы Қайыпұлы арқылы граф П.А. Зубовқа (1793 жылы көктемде), 1794 жылы 4 қаңтарда II Екатерина патшаға хат жеткізеді. Осыдан кейін Шерғазы сұлтан шиеленіс себептерін анықтау үшін Ордаға жіберіледі [28]. П.А. Зубовтың хабарына сенсек Шерғазы сұлтан 1793 жылы шілдеде Орынборға жіберілген. Сұлтан қолында ешқандай билік болмаса да, қазақ-орыс қатынасын реттеу үшін А.А. Пеутлингтің небір кедергілеріне қарамастан Сырым бастаған би-батыр, сұлтандармен кездесуге келеді. Кездесу

1793 жылы қазан айында Елек қорғаны маңында өтіпті. Бұл жолы Сырым батыр жанынан Басықара биді кездестіреміз [21, С. 322-323]. Араға уақыт сала, 1794 жылдың наурызында Шерғазы сұлтан П.А. Зубовқа кездесу қорытындысын және Сырым батыр, Қаракөбек би мен өзге де тұлғалардың өзін Ордаға жібергені үшін алғысын жеткізеді. [26, 175-176 б.].

1794 жылы 10 маусымда Ерәлі хан қайтыс болғаннан кейін 1795 жылы 17 қыркүйекте Есім сұлтан хан сайланған кезеңдегі тарихи оқиғаларда Әйтеке би ұрпақтарынан осы кезде елге беделді Қаракөбектен басқа оның інісі Басықара, Боранбай, Өтебас би баласы Жанас есімдері аталады. Жаңа жағдайда Есім Әйтеке би ұрпақтарының сеніміне ие болуды көздейді. Сол үшін сұлтан 1794 жылы 10 қыркүйекте Шақғазыұлы Абылай сұлтанды Әбілғазы мен Қаракөбекке жіберіп, «Ресеймен татуластырам» деген уәде береді [29]. Ал Жанас Өтебасұлы 1794 жылы 18 маусымда Орынбор экспедициясына Мұратбек Айбасов, Қараша Қалыбеков, Базарбай Құдайбергеновтермен бірге Есімді хан сайлау қажет деп хат жолдайды [30].

Мұндай жағдайда Сырым мен Қаракөбек билер бауырлары байбақты Қойсары мен төртқара Боранбайды қайта-қайта Есімге жіберіп, оны ел ортасында өтетін жалпы қазақтық кеңеске шақырған. Бұл жайды Есімнің өзі 1794 жылы 17 қазанда А.А. Пеутлингке хабарлаған [31]. Есім хан сайланғаннан кейін Ресей бағытын ұстанып, ел ортасындағы кеңестерге бармай қояды. Өзара келісім үшін жасалған қадамдар сәтсіз аяқталып, оның соңы 1797 жылы 27 наурызда Есім ханның өлтірілуіне әкеп соғады. Орыс үкіметі мен Нұралы хан ұрпақтары Сырымның артына түседі. Соған қарамастан 1797 жылы 29 тамызда Сырым батыр жанына Қаракөбек, Басықара, Манас Өтебасұлы, Жанназар, Көккөз, Наурызәлі бастаған әлімұлдарын, Бекмамбет, Құлмамбет, Бөдене, Сасай, Марқаш бастаған байұлдарын, Жетірудің би-батырларын ертіп, 1000-ға жуық адамымен Хан кеңесіне келеді. Кеңес соңында қазақ-орыс қарым-қатынасындағы талас мәселелерді шешу үшін әлімұлдарының басшылығы Қаракөбекке, байұлдарының билігі Сырымға жүктеледі [32]. Бұған қоса Қаракөбек бидің немере інісі Боранбай би Кіші Қобда бойында Айшуақ сұлтанның басқаруымен өз жұмысын бастаған (1797 жылы 8 тамыз) Хан кеңесіне сайланды. Яғни, би-батырлар Әбілқайыр хан ұлдарынан қалған ақсақал Айшуақ сұлтан арқылы белгілі дәрежеде ішкі келісімді қалыптастыруға мүдделігін танытты.

1798 жылы күзде Сырым, Қаракөбек, Жанназар, Сарышоңай, Көккөз т.б. билер бірлесе отырып, шекарадағы әскерилердің озбырлығын Ресей коммерция министрі И.П. Румянцевке жеткізеді [33]. Сонымен Әйтеке би ұрпақтары XVIII ғасырда ел алдына жарқырай шығып, қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігімен көрінді. Ресей саясаткерлері оларды қазақтың қамқоры ретінде таныды. Өтебас, Қаракөбек, Боранбай билердің, олардың бауыры Басықараның ел ішіндегі беделін үнемі есепке алып, назардан тыс қалдырмады. Әсіресе, Әйтеке бидің немересі Қаракөбектің Ордада аса беделді екендігіне, тіпті Айшуақ ханға қарағанда халық алдында Қаракөбектің сөзі өтімділігіне куә болды. XVIII ғасырдың соңғы 50 жылын саралаған Орынбордың әскери губернаторы Н.Н. Бахметев орыс патшасы І Александрға «Ордада шекті, төртқара, шөмекей рулары өз еркіндігімен, әрі көптігімен көзге түседі. Олардың басшылары Қаракөбек, Жанназар билер Сырдария, Қуандария бойларында, Ембі, Елек өзендерінің жоғары жақтарында көшіп-қонады. Оларды 10 мың әскери күшпен бағындыру қажет» деп хабарлайды.

Кейін Қаракөбек бидің XIX ғасырдың басында Әбілғазы хан, Шерғазы сұлтан, шекті Жанназар, Жанұзақ, өз бауырлары Есекене, Басықара, Жанас, Манас, Боранбай, олардан басқа төртқараның Құламан бөлімінен Қара Алтай, Сары Алтай, Ақтүн бөлімінен Ақбұт, Алтай билермен бірге көшіп-қонатыны анықталды. Бұған қоса 1805 жылы 25 маусымдағы мүфти М.Хұсайыновтың жазбасы арқылы төртқара руының үлкен 4 бөлімге, ал олардың 41 бөлімшелерге бөлінетіндігін, солардың ішінде Қаракөбек тархан мен оның інісі Есекене (қайтыс болған) билердің барлық жан-ұялары, балалары, немере, шөберелерін қосқанда 100 түтіннен асатындығы белгілі болды [16, С. 195, 222, 227]. XIX ғасыр басында Қаракөбек би Қайып хан әулетімен құдандаласып, Шерғазы сұлтанды өзіне күйеу бала етеді [34]. Әйтеке би ұрпақтары туралы құнды деректерді 1803 жылы 23 шілдеде Орынбордан Бұхараға шығып, кейін 30 қыркүйекте қайта оралған поручик Я.П. Гавердовский қалдырды. Ол сапар барысында Қаракөбек, Басықара, Боранбай билермен кездескен. 1803 жылы 12 тамызда Басықара ауылына келіп, қонақ болған поручик «Бізді киіз үйден қашықтау жерден бидің балалары күтіп алып, аттарымызды жетектеп үй алдында күтіп тұрған Басықараға әкелді. Би көңілденіп, әрқайсымызды аттан түсіріп, қонақжайлық танытты. Киіз үйге қымбат кілем төселген. Бәріміз отырған соң, би өзі қымыз құйып, балалары арқылы бізге берді»,

– деп жазған. Орыс елшісі Қаракөбек ауылына 14 тамызда келген. Осында Я.П. Гавердовский төртқара руының шығу тегі туралы естіп, оны жазбаға түсірген. Би ауылында орыс керуенінің Бұхараға жетуі туралы кеңес болып, оны Қаракөбек бидің өзі жүргізген. Поручик төртқара руының Қаракөбек биге бағынатындығына көзі жеткізіп, әрі оның жанұясында 100-ге дейін адам бар екендігін анықтайды. Бұған қоса «Қаракөбек – бізге кездескен қазақтар ішінен ең дәулеттісі. Оның 2000-дай жылқысы, 10000-дай қойы басқа да малдары бар. Оның киіз үйі керуен тауарларына толы» деп сипаттайды [35].

Мұның барлығы Әйтеке бидің ұрпақтары мен бауырларының қалың қазақтан оза шығып, еліне қызмет жасағандығын дәлелдейді. Би, батыр, мырза атанған олар халқымен бірге көшіп-қонды, қиын қыстау жаугершілік заманда ауыртпалықты елімен бірге көріп, одан шығар жолды бірге іздеді. Ел азаттығы үшін Сырым көтерілген тұста оның жанынан табылып, қазақ-орыс қатынасының шиеленіскен жылдары қауіп қатерге қарамастан ел игілігі үшін Орынбор-Бұхара керуен жолдарын өз мойындарына алып, оңтүстіктегі Хиуа, Бұхара хандықтарымен, ал ел ішіндегі түрлі мәселелерді Әбілқайыр, Батыр хандар ұрпақтарымен бірлесе шешіп отырған.

Бір сөзбен айтар болсақ, бабасы мұраттаған «Елдің бағын ашпаса, ер мұратқа жетер ме?! Ерінің сағын сындырса, ел мұратқа жетер ме?! Ел тірегі – ері, ер тірегі – елі бола білген қауымның бағы кетер ме?» деген асыл сөз Әйтеке би ұрпақтарының ант-аманатындай болды.

1. РИССМ, 122 қ., 1747, 122/1 т., 3 іс, 268 н.; КРО 1, – С. 369.
2. КРО 1, – С. 339.
3. Кэстль Джон. 1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапар туралы. – Алматы, 1996, – 32 б.
4. РИССМ. 122 қ., 1742, 122/1 т., 4 іс, 50-57 н.; КРО 1, – С. 201.
5. Смағұлов О. Әйтекенің сүйегі бидің ұзақ жасағанын көрсетеді // Аңыз адам, №24 (36) желтоқсан 2011, – 11 б.
6. Қуандықов Б. Әйтеке би Әз Тәукенің жиені болған // Аңыз адам, №24 (36) желтоқсан 2011, – 11 б.
7. Аңыз адам, №24, желтоқсан, 2011.
8. РИССМ. 122 қ., 1748, 122/1 т., 4 іс, 357 н.; 8 іс, 34 н.
9. РФ ОрОММ 3 қ., 1 т., 18 іс, 177 н.
10. Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. – СПб., 1865, – С. 12; Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. Т – 1, – СПб., 1903, – С. 57.
11. РИССМ. 122 қ., 122/1 т., 1749, 4 іс, 245-248 нн.
12. РИССМ 125 қ., 125/1 т., 1753-1754, 1 іс, 55 н.
13. РМКАМ 10 қ., 3 т., 585 іс, 44 н.
14. РФ ОрОММ. 3 қ., 1 т., 153 іс, 123-126 нн.; Мұқтар Ә.Қ. Азаттық таңы жолында. – Алматы: Ғылым, 2001, – 118 б.
15. РФ ОрОММ, 3 қ., 1 т., 153 іс, 171, 268-274 нн.
16. Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828 гг.). – Москва-Ленинград, 1940. – С. 53
17. Исмурзин Ж.А. Батырұлы Қайып хан және оның әулетінің тарихы (1745-1860 жж.). Тарих ғ. к. дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы. – Орал, 2008, – 69 б.
18. Андреев И.Г. Описание Средней Орды киргиз-кайсаков. – Алматы, 1998, – С. 118.
19. РМЭТМ. 52 қ., 1/194 т., 367 іс, 102 н.
20. РИССМ 122 қ., 122/3 т., 1786-1787, 12 іс, 9-13 нн.
21. Вяткин М.П. Батыр Срым. – Москва – Ленинград, 1947, – С.232
22. РФ ОрОММ. 5 қ., 1 т., 21 іс, 38, 67, 78-81, 84-87 нн.
23. РИССМ. 122 қ., 122/3 т., 1786, 4 іс, 5 н.; Мұқтар Ә.Қ. Азаттық таңы жолында. – Алматы, 2001, – 152-153 б.
24. РФ ОрОММ. 5 қ., 1 т., 29 іс, 331-338 нн.
25. Вяткин М.П. Батыр Срым. – С. 258; КРО-1, – С. 132-133.
26. Мұқтар Ә.Қ. Азаттық таңы жолында. – Алматы: Ғылым, 2001, – 162 б.
27. РФ ОрОММ 5 қ., 1 т., 44 іс, 136-137, 285-286 нн.
28. РМКАМ. 193 қ., 1 т., 334 іс, 9-11 нн.; Мұқтар Ә.Қ. Азаттық таңы жолында. – 172-173 бб.
29. РФ ОрОММ 5 қ., 1 т., 53 іс, 131 н.
30. РФ ОрОММ 5 қ., 1 т., 58 іс, 16-17, 49 нн.
31. ҚРОММ 4 қ., 1 т., 190 іс, 1-5 нн.

Резюме

В статье исследуется общественно-политическая деятельность потомков Айтеке бия, и данный вопрос впервые изучается в казахстанской историографии. Как мы знаем, Айтеке би является одним из выдающихся личностей Казахстана XVII-XVIII веков. Несмотря на отсутствия архивных материалов по истории Айтеке бия, его потомки (как показывают архивные источники) внесли определенный вклад в сохранение казахской государственности.

Summary

In the article, political activity of Ajteke bi's descendants is investigated, and this question is studied for the first time in the kazakhstan historiography. As we know, Ajteke bi is one of famous figure of Kazakhstan in XVII-XVIII centuries. Despite of archival materials absence on Ajteke bi history, his descendants (according to archival sources) have brought the certain contribution to the preservation of the Kazakh statehood.

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ МАЛЫХ ГОРОДОВ КАЗАХСТАНА

Т.М. Байсалбаева – к.и.н., доцент, кафедра Всемирной истории, КазНПУ им. Абая

Становление и развитие малых городов в Казахстане происходило под решающим воздействием специфики формирования базовых отраслей промышленности. Под влиянием промышленного освоения регионов Казахстана исторически сложилась структура городских поселений, преимущественно состоявшая из малых городов численностью до 20 тыс. Так, в Казахстане по данным Всесоюзной переписи населения 1959 г. из 43 городов в 25-ти численность населения не превышала 50 тыс. чел. В них проживало 15% городского и 7% всего населения. По данным Всесоюзной переписи 1989 г. таких городов было уже 51 из 84.

В региональном разрезе размещение городских поселений выглядело следующим образом. В Западном Казахстане наибольшее количество городских поселений было расположено в Актюбинской области. В 1939 г. в области насчитывалось три города – Актюбинск, Челкар и Темир, а также несколько поселков городского типа – Алга, Эмба, Шубар-Кудук. В 1959 г. число городов не изменилось, прибавилось три городских поселка – Кандагач, Хром-Тау и Батамшинский. В Гурьевской области в 1959 г. существовало всего два города – Гурьев и Форт-Шевченко, к уже имеющимся поселкам – Балыкши, Доссору, Макату и Индерборскому присоединился новый поселок нефтяников – Кульсары. В Уральской области сеть городских поселений состояла в 1939 г. из одного города – Уральска, в 1959 г. прибавился поселок городского типа – Казахстан. Можно сказать, что Западный Казахстан в 1959 г. обладал наименее развитой структурой городских поселений, уровень его урбанизированности был наиболее низким во всем Казахстане [1].

В Восточном Казахстане уровень урбанизации был одним из самых высоких, причем наиболее высокие темпы появления новых городов пришлось в нем на период модернизации. В исследуемый период в нем происходило дальнейшее развитие сети поселков городского типа. В 1959 г. в Восточном Казахстане было шесть городов – Усть-Каменогорск, Лениногорск, Зыряновск, Зайсан, Семипалатинск и Аягуз. К сети поселков городского типа в 1959 г. прибавились Серебрянка, Белоусовка, Верхнеберезовский, Атасу, Каражал, Актогай и др. Как мы видим создание новых городских поселений в Восточном Казахстане было по-прежнему связано с промышленным освоением природно-минеральных ресурсов [1, с. 16].

К 1959 г. наиболее урбанизированным регионом в республике стал Центральный Казахстан. В нем располагалось шесть городов, среди которых крупнейшей являлась Караганда, ставшая в исследуемый период вторым по численности городом после столицы Алма-Аты. Кроме того, в регионе имелся поселок городского типа Джезказган, впоследствии преобразованный в город.

Росту городских поселений в Северном Казахстане дало толчок освоение целинных и залежных земель. Поэтому в регионе опережающими темпами шло возникновение поселков городского типа,

выполнявших функции центров сельскохозяйственного производства. По сравнению с 1939 г. в регионе сеть поселков городского типа увеличилась на 20 ед., при этом подавляющее их большинство возникло в связи с сельскохозяйственным производством. Особенно большое их количество возникло в Северо-Казахстанской и Целиноградской областях. Среди новых поселков следует назвать – Булаево, Мамлютку, Смирновский, Алексеевку, Джетыгару, Есиль, Шортанды и др.

Что касается Южного Казахстана, то особенностью этого региона являлось то обстоятельство, что большинство городов в нем возникло еще в дореволюционный период. В послевоенный период сеть городских поселений в Южном Казахстане не подверглась существенным изменениям. Разработка месторождений полезных ископаемых привела к возникновению Джетысары в Чимкентской области и Текели – в Алма-Атинской.

Такой была сеть городских поселений Казахстана на 1959 год. Позднее сеть городов расширилась за счет преобразования некоторых городских поселков. Так, были преобразованы поселки городского типа: Алга – в августе 1961 г., Чу – в декабре 1960 г., Уштобе – в июне 1961 г. Серебрянка – в июле 1962 г., Шемонаиха – в октябре 1961 г.

В марте 1962 г. преобразован в г. Красноармейск, который в 1939 г. был поселком городского типа. Часть поселка городского типа Заводского в августе 1961 г. была преобразована в г. Абай. А в январе 1960 г. поселок городского типа Актогай был отнесен к сельской местности [1, с. 17].

Наибольшие изменения в численности и структуре городских поселений произошли в Северном Казахстане. К началу 60-х гг. число городов в Северном Казахстане увеличилось по сравнению с восстановительным периодом в три с лишним раза, число городских поселений – в 10 раз. Сеть городских поселений достигла к концу 50-х гг. 41, из них подавляющую часть составляли малые города и поселки городского типа численностью до 10 тыс. чел. Большинство из них возникло в 50-е гг., когда отмечался и наибольший рост старых городов [2].

Большинство рабочих поселков в середине 60-х гг. имело по 8-14 тыс. жителей, а в самых крупных из них – Кушмуруне и Аксу – население достигало уже 17-20 тыс. человек. По существу, многие из таких поселков могли быть отнесены к малым городам. Но были среди рабочих поселков и совсем мелкие, с населением в 2-3 тыс. человек – это в основном поселки при рудниках.

Значительный импульс процессу урбанизации в Северном Казахстане дало освоение целинных и залежных земель. В силу растущих экономических связей и потребностей сельские поселения трансформировались в городские. Так, весьма характерны были для Северного Казахстана города и рабочие поселки, возникшие из сел. Чаще всего это были административные центры сельских районов, оказавшиеся на линиях железных дорог [3]. В таких центрах размещались крупные элеваторы, автобазы и нефтебазы, заводы по ремонту сельскохозяйственной техники, автомашин, иногда железнодорожных вагонов и локомотивов, а также маслозаводы и мельницы. Размещение таких поселений было обусловлено уровнем развития земледелия и наличием железной дороги, а густота размещения зависела от «плотности» производства сельскохозяйственной продукции на единицу площади сельскохозяйственных угодий.

Первые центры сельских районов возникли в северных зерновых районах на Сибирской и Трансказахстанской магистралях еще в предвоенные годы – это Булаево, Мамлютка, а позже – Смирново, Красноармейск, Макинск. По мере освоения целинных земель и интенсификации сельского хозяйства число городских поселений, возникших за счет преобразования сельских пунктов, росло, они появились и в южных частях. В 50-е годы было образовано 12 новых таких поселков, а из числа прежних три преобразованы в города (Красноармейск, Алексеевка, Есиль).

К этому типу городских поселений близко примыкали рабочие поселки, возникшие из пристанционных, не являвшихся административными центрами районов, но выполняющие функции транспортных пунктов. Городских поселений транспортного типа в Северном Казахстане насчитывалось 10, т.е. около шестой части всего числа городов и рабочих поселков.

Почти треть числа городских поселений составляли горняцкие города и рабочие поселки, возникшие при разрабатываемых месторождениях полезных ископаемых. Среди них выделялись города: центр железорудной промышленности – Рудный, угольной – Экибастуз, асбестовой – Джетыгара, бокситовой – Аркалык. В числе горняцких рабочих поселков преобладали поселки при золотых и полиметаллических рудниках (Аксу, Жолымбет, Майкаин, Акбеит и др.); имелись также поселки при солепромыслах (Таволжан), угольные (Шоптыколь) и др.

Время их возникновения и темпы развития обуславливались видом полезных ископаемых, размерами запасов, масштабами и очередностью их освоения. В одном случае это небольшие (с

2-3 тысячами жителей) рабочие поселки при мелких золотых рудниках или солепромыслах; в другом – более крупные поселки при больших рудниках (Аксу – около 20 тыс. жителей), в третьем – бурно растущие с усложнением функций города. Наиболее крупными и перспективными из них являлись: Экибастуз – в будущем центр союзного значения по добыче энергетических углей и производству электроэнергии; Джетыгара – важная асбестовая база страны; крупнейшая железорудная база Урала и Казахстана – Рудный.

В 60-х гг. появился новый для Северного Казахстана тип города – энергометаллургический центр. Таков город Ермак, который возник как необходимое звено формирующегося Павлодарско-Экибастузского энергопромышленного узла, с гигантской ГРЭС и крупнейшим заводом ферросплавов.

Естественно посыпались телеграммы из разных уголков России и тогдашнего Казахстана, в которых выражались и возмущение, и благодарение Бога за чудесное избавление от опасности. В одной из телеграмм жителей гор. Верного говорилось: «Исполненные ужаса и негодования по поводу гнусного покушения на драгоценную жизнь Государя наследника цесаревича Духовенство, население гражданские и военные чины, а также и войска вознесли к Престолу Всевышнего горячие благодарственные молитвы за чудесное избавление от опасности его Величества» [21, л. 11]. 14 июля 1891 г. общество мещан г. Семипалатинска, решило поставить икону Святителя Николая Чудотворца в здании общественного управления [21, л. 24]. Подобного содержания приходили телеграммы и из других регионов Казахстана.

Таков был последний император России, в правлении которого, не протянув и четверти века, рухнет трон дома Романовых, а заодно сойдут с исторической сцены и китайский император, и король испанский, и ряд других монархов, чьи представители фигурировали на коронации Николая II [17, с. 9].

¹Воронцов-Дашков И.И., граф, генерал-адъютант, министр императорского двора и уделов (1881-1897), наместник на Кавказе (1905-915), друг Александра III.

²Посъет К.Н., генерал-адъютант, адмирал, министр путей сообщения (1874-1888), член Государственного совета.

³Ванновский П.С., генерал-адъютант, военный министр (1881-1898), министр народного просвещения (1901-1902), член Государственного совета.

1. Касымбаев Ж.К. История Казахстана. – Алматы: «Рауан», 1995. – С. 109.

2. Халфин Н.А. Присоединение Средней Азии к России (60-90-е годы XIX в.) Главная редакция восточной литературы: – М.: Издательство «Наука». 1965. – С. 158. 467.

3. Асфендияров С.Д. История Казахстана (С древнейших времен). – Алма-Ата, «Қазақ университеті»: 1993. – С. 174-175.

4. Кропоткин П.А. Записки революционера. – М., 1988. – С. 153.

5. История СССР 1861-1917. Под редакцией Тюкавкина В.Г. – М.: «Просвещение»: 1990. – С. 96-99.

6. Зайончковский П.А. Российское самодержавие в конце XIX столетия. (Политическая реакция 80-х – начала 90-х годов). – М.: Издательство «Мысль», 1970. – С. 35-37.

7. История СССР. 1861-1917. Под редакцией профессора Кузнецова Н.Д. – М.: «Просвещение», 1984. – С. 117, 120.

8. Ленин В.И. О сепаратном соглашении. Полн.Собр.Соч. Т. 30. – С. 186.

9. Богданович А. Три последних самодержца: – М.: Издательство «Новости», 1990. – С. 215.

10. История России в портретах. Т. 1. «Русич»: – Смоленск: «Курсив», – Брянск, 1996. – С. 292-293.

11. Центральный Государственный архив РК. (далее ЦГА РК) Ф. 64. Оп. 1. Д. 425, л. 16.

12. ЦГА РК. Ф. 64. Оп. 1. Д. 652. Л. 24.

13. ЦГА РК. Ф. 64. Оп. 1. Д. 692, л. 7.

14. ЦГА РК. Ф. 64. Оп. 1. Д. 977, л. 1.

15. ЦГА РК. Ф. 64. Оп. 1. Д. 706. Л. 13-14.

16. Воронов А.Г. Верненские купцы Габдулвалиевы. // Туған Өлке – Родной край. №3(17) 2010. – С. 20.

17. *Энгельгардт Б.А. Последняя коронация. Историческая повесть. (Из книги воспоминаний «Потопнувший мир»). – Таллинн: СП Интербук, 1990. – С. 3.*
18. *ЦГА РК. Ф. 64. Оп. 1. Д. 739. Оп. 1, л. 140-140 об.*
19. *Урашев С.А. Учитель и архитектор. // История Казахстана в школе и ВУЗах. №3. 2002. – С. 27 – 34; его же: Учитель французского. «Вечерний Алматы». №№ 134-136; его же: Павел Васильевич Гурдэ. // Туған Өлке – Родной край. №1 (3). 2004. – С. 127-130.*
20. *ЦГА РК. Ф. 64. Оп. 1. Д. 172. Л. 95.*
21. *ЦГА РК. Ф. 64. Оп. 1. Д. 518. Л. 16-17.*

Түйін

Мақалада ІІ Александр билігі тұсындағы Қазақстан мен Орта Азия аумағындағы жаулаушылық үрдістер қарастырылады.

Қазақстандықтардың Ресей императорларына қатынасты туралы мәліметтер берілген. ІІ Николайдың билікке келуі жан-жақты талданады.

Материал мұрағат құжаттарына негізделген.

Summary

This article highlights the process of conquering the territory of Kazakhstan and Central Asia during the reign of Alexander II.

Given information about the attitude of Kazakhstan to the Russian emperors. Dealt with in some detail the process of the coronation of Nicholas II.

The material is based on archival documents.

ЖАЛПЫ ТАРИХ ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ

КЕҢЕС ОДАҒЫНДАҒЫ ПОЛЯК СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Г.К. Көкебаева – профессор, т.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Кеңес өкіметі 1939 жылдың 17-қыркүйегінде Қызыл әскер бөлімдерін Польша жеріне енгізгенде оны «соғыс» деп емес, Батыс Украина мен Батыс Белоруссиядағы «қандастарды» қорғау деп түсіндірді. Алайда соған қарамастан әскерлер Польша шекарасынан өткен бойда соғыс тұтқындарына қатысты бұйрықтар шығарыла бастады. 1939 жылы 19-қыркүйекте соғыс тұтқындары мен еркінен айырылғандар ісіне байланысты КСРО Ішкі істер Халық Комиссариаты құрамында арнайы Басқарма құрылды, оған соғыс тұтқындарын қабылдау орындары мен лагерьлердің жұмыстарына басшылық жасау жүктелді. Бұйрық бойынша соғыс тұтқындарына арналған 8 лагерь құрылды: Осташков, Юхнов, Козельск, Путивль, Козельшанск, Старобельск, Южск, Оранск лагерьлері. Сол күні «ерекше құпия» деген айдармен КСРО Ішкі істер Халық Комиссариатының «Соғыс тұтқындарын оперативтік есепке алу туралы» лагерьлердің ерекше бөлімдеріне арналған нұсқауы шықты. Осы нұсқаудың 5-тармақшасында поляк соғыс тұтқындарының ішіндегі аса қауіпті болып саналатын топтарына арнаулы жеке іс ашып, оны журналға тіркеп отыруды бұйырды. Бұл топтардың қатарына тыңшылық жұмысқа тартылғандар, пильсудчиктер (Ю.Пильсудскийдің бағытын жақтағандар), Поляк социалистік партиясына (ППС), социал-демократтарға, национал-демократтарға (Польша Ресейдің қоластында болған кезде елінің тәуелсіздігі үшін күрескен «Страництво народове» партиясының мүшелері), анархистерге және басқа «контрреволюциялық» партиялар мен ұйымдарға тілектестер, бүкіл офицерлік құрам енгізілді [1]. Демек, Польшамен соғыс басталған бойда кеңес өкіметі поляк соғыс тұтқындарының арасынан өзінің «жауларын» іздей бастады. Халықаралық құқық бойынша соғыс тұтқыны тұтқындаушы елдің үкіметінің немесе басқа бір саяси топтарының жауы болуы мүмкін емес, соғыс тұтқынының тұтқындаған елдің ішкі саясатына мүлде қатысы болуға тиісті емес. Алайда басқа елдерде соғыс тұтқындарымен әскери мекемелер айналысса, Кеңес Одағында соғыс тұтқындары Ішкі істер халық комиссариатының қарауына берілді.

Қызыл Әскердің қолына алғашқы кезде түскен поляк офицерлері мен жауынгерлерінің тізімдері жасалмады, сондықтан тұтқындардың саны туралы мәліметтер әртүрлі. Арнайы басқарманың 1939 жылдың 19-қарашасындағы жинақталған мәліметі бойынша: Польша әскерінен 125 мың адам тұтқынға түскен, оның ішінде 42 400 тұтқын Батыс Белоруссия мен Батыс Украинадағы үйлеріне қайтарылған, 43 400 тұтқын Германия өкіметіне берілген, 15 мың офицерлер және 24 600 унтер-офицерлер мен қатардағы жауынгерлер лагерьлерде орналасқан [2]. Ресей зерттеушілерінің еңбектерінде поляк соғыс тұтқындарының саны 130 мыңнан 230 мыңға дейін деп көрсетіледі [3].

Қызыл Әскер қолбасшылары тұтқынның осынша көп болатынын күткен жоқ еді, сондықтан оларды тамақтандыру мәселесі майдандағы әскерлер үшін тым күрделі болып шықты. Сондықтан оларды мүмкіндігінше жылдам лагерьлерге жөнелтуге тырысты. Беларусь майданының қолбасшысы М.П. Ковалевтің бұйрығында: «Бұрынғы поляк әскерінің барлық офицерлері соғыс тұтқындары ретінде Кеңес Одағы жеріндегі соғыс тұтқындарына арналған лагерьлерге жөнелтілсін. Жергілікті жерлердегі шаруашылықтарда жұмыс істеп жатқан бұрынғы поляк әскерінің жауынгерлерінің барлығына тексеру жұмыстары жүргізіліп, арнайы тіркеуге алынсын. Тұтқындалған офицерлер мен қатардағы жауынгерлерді НКВД ұйымдарына тапсырмай-ақ, лагерьге жөнелтсін. Барлық қала, село және ормандарда қаңғып жүрген бұрынғы поляк әскерінің жауынгерлерін ұстап, Қызыл Әскермен болған соғыста қарсылық көрсеткен-көрсетпегені анықталып, барлығы соғыс тұтқындарына арналған лагерьлерге жөнелтілсін», – деген нұсқау берілді [4].

Поляк соғыс тұтқындарын лагерьлерге қабылдау жұмыстары алдын ала дайындықсыз асығыс жүргізілді. Оларды қамауда ұстауға бұрынғы монастырьларды, демалыс үйлерін, тіпті қаладағы арнайы ғимараттарды да пайдалануға тура келді. 1939 жылдың 3-қазанында КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі «Соғыс тұтқындары туралы» арнаулы қаулы шығарды, қаулыда барлаушыларды, жандармдарды, полиция қызметкерлерін Осташков лагерьіне, ірі әскери және мемлекеттік қызмет-

керлерді, генералдарды, полковниктерді және басқа офицерлерді Старобельск лагеріне, Польшаның немістердің қоластындағы жерлерінің тұрғындарын – қатардағы жауынгер тұтқындарды Козельск және Путивль лагерьлеріне орналастыру туралы нұсқау берді.

Соғыс тұтқындарын лагерьге орналасқан бойда жұмысқа пайдалана бастады. 1939 жылдың 25-қыркүйегінде Л.Берияның Новоград-Волынь-Дубно-Львов жолын салу үшін соғыс тұтқындарын пайдалану, жол құрылысы маңында 25 мың тұтқынды орналастыратын лагерь құру туралы бұйрығы шықты. Сол жылдың 14-қазанында Соғыс тұтқындары ісімен айналысатын Басқарма мен КСРО Қара металлургия халық комиссариаты арасында соғыс тұтқындарын осы саланың кәсіпорындарындағы жұмысқа пайдалану туралы келісім жасалды. 12 мыңға жуық поляк соғыс тұтқындары тау-кен өндірісіне жұмысқа жіберілді. Жұмыс істейтін тұтқындарға 7 сом жалақы төленді, арнаулы киім берілді. Тұтқындар лагерьден жұмыс орнына барғанда және кері қайтқанда міндетті түрде қарулы күзет ілесіп жүрді [5].

1939 жылдың қазан айында КСРО Сыртқы істер халық комиссарының орынбасары В.П. Потемкин мен Германияның Мәскеудегі елшісі В. фон Шуленбург арасында соғыс тұтқындары мен еркінен айырылғандарды тұрғылықты жерлеріне байланысты алмастыру туралы келісімге қол қойылды. НКВД мекемелері тұтқындардың соғысқа дейінгі тұрағын анықтап, соған орай оларды үш топқа бөлді: Кеңес Одағы жерінде тұрғандар (бұл топқа Батыс Белоруссия мен Батыс Украина кірді), Германияға қатысты жерлерде тұрғандар (1939 жылғы кеңес-герман келісімдерінде көрсетілген сызықтан батысқа қарай жатқан жерлер) және Литва тұрғындары. Қараша айының басында КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен БКП (б) Орталық Комитетінің біріккен мәжілісінде поляк соғыс тұтқындарының мәселесі талқыланды. Осыдан кейін Ішкі істер Халық Комиссары Л.Берияның 1939 жылдың 8-қазанында тұрғылықты жерлеріне байланысты еркінен айырылғандар мен соғыс тұтқындарын герман үкіметіне тапсыру құжатын даярлау туралы бұйрығы шықты. Ал 14-қазанда КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі әскери соғыс тұтқындары мен еркінен айырылғандарды алмастыру туралы қаулы қабылдады. Ауыстыру тәртібі мен жүйесі туралы келіссөздерді КСРО Сыртқы істер халық комиссарының орынбасары В.П. Потемкин мен Германияның елшісі В. фон Шуленбург жүргізді. Поляк әскерінің құрамында болып, тұтқынға түскен еврей ұлтының өкілдері өздерін немістердің қолына бермеуді, КСРО жерінде қалдыруды сұрап, лагерь басшыларына өтініштерін білдірді. Мұндай толып жатқан өтініштерге Мәскеу тарапынан ешбір жағымды жауап болған жоқ. Тұтқындарды ауыстыру Брест-Литовск мен Яготин бекетінде іске асырылатын болды. Ауыстыру жұмысы 23-қарашаға дейін созылды.

1939 жылдың 8-қазанындағы КСРО Ішкі істер халық комиссариатының соғыс тұтқындары арасындағы оперативтік-чекістік қызмет туралы нұсқауы лагерьлердің Ерекше бөлімдеріне әрбір лагерьде тыңшылар жүйесін құруды міндеттеді. Тыңшылар Польшаны «қалпына келтіру» идеясын көтергендей болып, соғыс тұтқындарының барлық топтарының, әсіресе, поляк саяси партияларының бұрынғы мүшелері, офицерлер және әскери басшылар топтарының ішіне еруге тиісті. Тыңшылық жұмыстың нәтижесінде «контрреволюциялық элементтерді» анықтап, оларға сот жүргізу мәселесі де қарастырылды. «Контрреволюциялық элементтер» деп жалпы атпен берілген топқа Польшаның барлау, қорғаныс, мемлекеттік қауіпсіздік, полиция қызметіндегі барлық адамдар және көптеген поляк ұйымдары енгізілді. Олардың ішінде тек әскери-қорғаныстық ұйымдар ғана емес, сонымен қатар «Бискупа Кубина», «Легион младых» сияқты қоғамдық ұйымдар мен «Польша адвокаттарының одағы» сияқты кәсіби ұйымдар да болды («Бискупа Кубина» – академиялық жастардың «Қайта өркендеу» деп аталған қоғамы, оған Ченстохов епархиясын басқарған епископ Теодор Кубинаның ықпалы күшті болды; «Легион младых» ұйымының ресми атауы «Мемлекет үшін еңбек ету одағы», ол жас зиялылар ұйымы). Кеңес өкіметінің ең үлен жауларының бірі ретінде «осадниктер» аталды, бұл 1921 жылғы Рига келісімі бойынша Польшаға қосылған Батыс Украина мен Батыс Белоруссия аудандарына көшірілген шаруалар мен бұрынғы жауынгерлер [6]. Осы сипаттағы барлық құжаттарда поляк офицерлері күдікті топтар қатарына жатқызылды. 1939 жылдың 29-желтоқсанындағы «Соғыс тұтқындарын қабылдау орындарының жұмысы туралы» нұсқауда тағы да офицерлерді, мемлекеттік қызметкерлерді, полиция жандармдарын және «контрреволюциялық ұйымдардың мүшелерін» жеке лагерьлерге жіберу бұйырылды. Офицерлердің негізгі бөлігі Старобельск, Осташков, Козельск лагерьлерінде орналастырылды. 1939 жылдың қараша айында Козельск лагерінде 4727 тұтқын болды, оның ішінде 1 адмирал – Ксаверий Чернецкий, 4 генерал (Б.Богатеревич, Х.Минкевич, М.Сморавинский, Е.Волковицкий), 24 полковник, 79 подполковник, 258 майор, 654 капитан, 17 әскери теңіз флоты капитаны, 3420

басқа құрамдағы офицерлер, 7 капеллан, 3 «ірі помещиктер», 1 князь, 43 чиновник, 85 қатардағы жауынгерлер, 131 босқындар болды. Бұлардың ішінде соғыс қарсаңында армия қатарына шақырылған 21 жоғарғы оқу орындарының қызметкерлері, 300 дәрігер, инженерлер, құқық қорғау орындарының қызметкерлері, мұғалімдер, 200 ұшқыш офицерлер бар еді. Старобельскіде 8 генерал (Л.Билевич, С.Галлер, А.Ковалевский, К.Луковский, Ф.Сикорский, К.Плисовский, Л.Скерский, П.Скуратович), 600 ұшқыш офицерлер, көптеген капелландар, 10-нан астам жоғары оқу орындарының қызметкерлері, жүздеген инженерлер мен мұғалімдер бар еді. Осы екі лагерьдегі генералдардың жартысына жуығы жасына байланысты әскери қызметтен кеткендер болатын. Осташков лагерінде 5963 тұтқын қамалды, оның ішінде 5033 полиция қызметкерлері (оның 300-і полиция офицері, 40 жандарм шеніндегілер), 41 адам шекара күзетінен, 27 осадниктер, 8 юнактар (буржуазиялық жастар ұйымы) болды [7].

1940 жылдың наурыз айында Л.Берияның И.Сталинге жазған хатында мынадай мәліметтер берілді:

1) соғыс тұтқындарының лагерьлерінде 14736 поляк әскери адамдары қамауда, олардың ішінде генералдар, полковниктер мен подполковниктер – 295, майорлар мен капитандар – 2 080, поручиктер, подпоручиктер және хорунжийлер – 6 049, полицияның, шекара күзетінің және жандармерияның офицерлері мен кіші қолбасшылары – 1 030, қатардағы полиция қызметкерлері, жандармдар, түрме қызметшілері және барлаушылар – 5 138, чиновниктер, ксендз және осадниктер – 144;

2) Украина мен Белоруссияның батыс облыстарының түрмелерінде 18 632 тұтқындар отыр, олардың ішінде бұрынғы офицерлер – 1 207, бұрынғы полиция барлаушылары мен жандармдары – 5 141, тыңшылар мен бүлдіргіштер – 347, бұрынғы помещиктер, фабриканттар және чиновниктер – 465, әртүрлі контрреволюциялық және көтерілісші ұйымдардың мүшелері – 5 345, қашқандар – 6 127.

Осыларды атай келіп, Берия НКВД оларға кеңес өкіметінің «ымырасыз, түзелмейтін жауы» ретінде ең ауыр жаза – өлім жазасын беру туралы мәселені айрықша қарауға шешім қабылдады деп Сталинге хабарлады [8]. 1940 жылдың 5-наурызында КОКП Орталық Комитетінің Саяси Бюросы осы аталған бірінші топтан – 14 700, екінші топтан – 11 000 поляк соғыс тұтқындарын өлім жазасына кесу туралы шешім қабылдады [9].

Поляк соғыс тұтқындарының тағдыры осылайша «шешілген» бойда кеңес өкіметі олардың жанұяларына назар аударды. Барлық поляк тұтқын офицерлерінің жанұялары Қазақстанның алыс, ауа райы қатаң солтүстік облыстарына жер аударылды. Қазақстанға жер аударылған сәттен бастап поляк офицерлерінің жанұялары лагерьлерде қамауда отырған тұтқындардан ешқандай хабар алған жоқ. Олар әртүрлі кеңес мекемелеріне, тікелей Сталинге хат жазып, әкелерінің, жұбайларының жағдайын сұрап, хабар алып беруді өтінді. Жас оқушы қыз Крыса Микуцкаяның Сталинге хаты Қазақстанның Арықбалық ауданынан жазылған. Хаттың мәнерін өзгертпес үшін мәтінін аудармай берейік: «Наш дорогой любимы отец Сталин! Я сейчас лежу больная и мне скучно за мой папашо, которого я не видела почти девять месяцев. И я себе подумала, что только Вы Великий Сталин можете его вернуть. Он были инженером и во время его позвали на военную службу и он попал в плен. Он сейчас в Козельске Смоленской области. Нас из Пинска переселили в Казахстанскую республику до доману Арык-Балыкский до колхозу Имантов. Мы тут не имеем родных. Моя мать маленька, слабенька, Пышлице на отца целом сердцем прошу» [10]. Поляк офицері Эдуард Бэмнің әйелі Мария Бэм Семей облысы Көкпекті ауданының Үлкен Бөкен ауылынан Страбельск лагерінің комендантына хат жазып, өзінің 1940 жылдың наурыз айынан бастап жұбайынан хат алмағандығын айтып, оның хабарын сұрады [11]. Бұл хаттардың барлығы жауапсыз қалды, өйткені бұл кезде Катынь орманында тұтқын поляк офицерлерін заңсыз түрде атып-өлтіру басталған еді.

1941 жылы Польшаның эмиграциядағы үкіметі мен Кеңес Одағы арасындағы дипломатиялық қатынастар қалпына келтірілген соң, кеңес өкіметі КСРО жеріндегі лагерьлер мен түрмелерде отырған поляк соғыс тұтқындары мен еркінен айырылған азаматтарына кешірім жариялады. Кешірім алып, босап шыққандардың қатарында Козельск, Старобельск және Осташковтағы офицерлер де болуға тиісті еді. Алайда аталған үш лагерьде болғандардан тек қана Лубянкада тексерістен өтіп, жазаға кесіліп, лагерьге жіберілген аз ғана адам, 1940 жылдың сәуір айында Грязовецк лагеріне ауыстырылған 400 тұтқын босап келді. Басқа мындаған офицерлер қайтпай қалды. Кеңес Одағы жерінде Поляк әскерін құру ісінде екі жақтың арасындағы байланысты іске асыруға тағайындалған кеңес офицерлері аталған үш лагерьдегі поляк тұтқындары 1940 жылы қамаудан боса-

тылып, Польшаға қайтып кеткен деген алып-қашты сөз таратты. Лондондағы поляк үкіметінің нұсқауымен Польшадағы астыртын күрес топтары кеңес жерінде тұтқында болған офицерлерді іздестіріп, олардың Польшада да, неміс лагерьлерінде де жоқ екендігін, олардың жанұяларымен байланыстары 1940 жылдың сәуір-мамыр айларында үзіліп қалғандығын анықтады. Кеңес жерінде жасақталып жатқан Поляк әскерінің Бас қолбасшысы генерал Владыслав Андерс Старобельск лагерьінде болғандардың қатарынан аман қалған 79 тұтқынның бірі, Грязовец лагерьінен босап келген ротмистр Юзеф Чапскийге аталған лагерьлерде хабарсыз кеткен офицерлер туралы мәліметтер жинауға тапсырма берді. Сонымен қатар генерал Андерс пен Кеңес Одағындағы поляк елшісі Станислав Кот кеңес басшыларымен кездесулерде поляк офицерлерінің тағдыры туралы сұрап отырды. 1941 жылдың 14-қарашасында С. Кот И.В. Сталиннің қабылдауында болғанында, Кеңес Одағының басшысы поляк азаматтарының барлығы қамаудан толық босатылды деді. Лондондағы Польша үкіметі де кеңес үкіметінен үнемі поляк офицерлерінің тағдыры туралы сұрап отырды. 1941 жылдың желтоқсан айындағы Польшаның эмиграциядағы үкіметінің басшысы В.Сикорски мен Сталиннің кездесуінде поляк премьер-министрінің де аса салмақтап сұрағаны офицерлер жайлы мәселе болды. В.Сикорски бұл жолы Сталинге төрт мың офицердің тізімін берді, Сталин тағы да олар босатылған, мүмкін олар Маньчжурияға қашып кеткен болар деген сияқты сылтаулар айтты [12]. 1942 жылдың 27-шілдесінде Польша үкіметі кеңес үкіметіне 8 000 офицерді іздестіру туралы нота тапсырды. Бұл тізімдер Козельск, Старобельск және Осташковта болып, одан Грязовецке ауыстыру нәтижесінде аман қалып, кейін босатылған соң Андерстің әскеріне кірген офицерлердің және Кеңес Одағының басқа лагерьлері мен түрмелерінде қамауда болған поляк соғыс тұтқындарының мәліметтеріне сүйеніп жасалған еді. Ұзақ кешіктіріліп берілген кеңес үкіметінің жауабында поляк соғыс тұтқындары отанында немесе шетелдерде жасырынып жүруі, жол-жөнекей қаза табуы мүмкін деген бұлынғыр желеу айтылды. Осылайша кеңес өкіметі үнемі тура жауап беруден бұлтартып кететін. 1942 жылдың 18-наурызында И.Сталин генерал В.Андерсті қабылдағанда да поляк офицерлерінің тағдыр туралы сөз болды, Сталин оларды немістер ұстап алған болар деді, өйткені бұл кезде аталған үш лагерь тұрған аудандарды немістер басып алған болатын.

1942 жылдың жазында поляк офицерлерінің мүрдeleri Смоленскіден 14 шақырым жерде Катинь орманында табылды. 1943 жылдың ақпан-наурыз айларында немістер бұл жерде қазба жұмыстарын жүргізіп, поляк офицерлерін топ-тобымен көмген жерлерді тауып алды. 11-сәуірде жергілікті поляктардың өкілдері қазба орнына келіп, отандастарының мүрдelerini өз көзімен көрді [13]. 14-сәуірде нацистік Германияның Үгіт-насихат министрлігі Смоленск қаласына жақын жерде кеңес қауіпсіздік күштері өлтірген 12 мың поляк офицерлерінің мүрдeleri табылды деп баспасөзге хабарлады. Хабарламада Кеңес Одағы Шығыс Польшаны жаулап алған кезде Поляк Әскерінің 12 мың офицері мен 300 мың жауынгері тұтқынға түскен болатын, поляк офицерлері соғыс тұтқындарының лагерьлерінде 1940 жылдың сәуіріне дейін болған, одан кейін олар із-түзсіз жоғалып кетті, жергілікті халық пен теміржолшылардың айтуынша, оларды Смоленск маңындағы орманға топ-тобымен әкеліп атып тастаған деген сөздер болды [14]. Мәскеу радиосы поляк офицерлерін жаппай қырған немістердің өздері деп айыптаған хабар берді. Бұл мәселеге шетелдердің назарын аудару үшін немістер Еуропа елдерінде эмиграцияда жүрген поляктардың өкілдерін әкеліп, қабірлерді көрсетуге бел буды. 19-сәуірде Будапешт пен Женевадағы неміс елшіліктеріне эмигрант поляктарды Смоленскіге шақыру туралы жеделхат жіберілді [15]. Қазу жұмыстарына Поляк Қызыл Крест қоғамы, поляк ғалымдары, жазушылары, өнер қайраткерлері, кәсіпкерлері қатыстырылды. Олар мүрдelerмен бірге табылған ордендер, құжаттар, офицерлік шендердің айырым белгілерін көріп, мүрдeler поляк офицерлерінікі деп таныды.

Алайда Кеңес Одағы одақтастарының баспасөзі мен ақпарат агенттіктері бұл хабарларға күдікпен қарады. «Рейтер» агенттігі былай деп жазды: «Одақтастар арасына от жағу мүмкіндігін аңдып отыратын неміс үгіт-насихаты Смоленск маңында поляк офицерлерін көмген шұңқырлар табылдымыс деген хабарды таратып отыр. Немістердің айтуынша, бұл офицерлер орыстардың қолына 1939-1940 жж. олар Польшаға кірген кезде түскен және ГПУ бұйрығымен 1940 жылдың наурыз-сәуір айларында атылған. Смоленскіні осыдан екі жыл бұрын басып алған немістер бұл оқиғаны енді ғана хабарлап отырғанының себебі түсінікті сияқты. Лондондағы поляк үкіметі орыстардың қолына түскен бірнеше мың поляк офицерлері хабарсыз кеткен, кеңес үкіметі олар баяғыда босатылған деп отырса да, күні бүгінге дейін Мәскеуге жіберілген дипломатиялық өтініштер жолымен іздеу нәтиже берген жоқ деп мәлімдеді. Осы қабірлер туралы хабар белгілі болғанға дейін поляк

үкіметі бұл офицерлерді «Ресейдің бір жерінде хабарсыз кетті» деп есептеп, бұл мәселені дабыр-латпай отырған еді. Поляк үкіметі жұма күні (16.4) өзінің ресми көзқарасын хабарлауға ниеттеніп отыр». Поляк газеті «Dziennik Polski»: «Бұл сұмдық айыптау, әлбетте, неміс үгіт-насихатының поляк-орыс қатынастарын бұзуға бағытталған тағы да бір өтірігі болар. Екінші жағынан алғанда, Козельск және Старобельск соғыс тұтқындары лагерьлерінде болған поляк офицерлерінің тағдыры әлі күнге белгісіз және ол поляк қауымында үлкен мазасыздық туғызып отыр», – деп жазды [16]. 7-сәуірде Поляк үкіметі поляк офицерлерінің қайғылы тағдырын Германияның үгіт-насихат мақсатына пайдалануына қарсы наразылық білдірген ашық мәлімдеме жасады.

Немістер Катыньнан табылған мүрделерді зерттеуге Халықаралық Қызыл Крест қоғамының өкілдерін шақыру қажет деп тапты. 1943 жылдың 15-сәуірінде Неміс Қызыл Крест қоғамы Қызыл Кресттің Халықаралық Комитетіне (ҚКХК) поляк офицерлерінің жаппай өлтірілген жерін қазуға қатысуды өтінген жеделхат жіберді. ҚКХК төрағасы М.Губер қабірлерді ашу (экзгумация) жүргізілгенде Халықаралық Қызыл Крест өкілдері осы іске қатысы бар барлық жақтар шақырса ғана қатыса алады деді. Осы сәтте эмиграциядағы Поляк үкіметі де М.Губерге осындай шақыру жіберді. 16-сәуірде Германияның Денсаулық сақтау министрлігі Еуропа елдерінің халықаралық ауқымда белгілі профессорларының – соттық медицина мамандарының тізімін жасады [17]. Бұл кезде Қызыл Кресттің Халықаралық Комитеті Кеңес Одағындағы соғыс тұтқындарының жағдайы туралы кеңес үкіметімен келіссөздер жүргізуге әрекет жасап жатқан болатын. Сондықтан ол Неміс Қызыл Крест қоғамының өтінішін қабылдаса Кеңес Одағы келіссөздерден мүлде бас тартуы мүмкін деп қауіптенді. Осыған орай М.Губер Қызыл Кресттің соғыс тұтқындарының жағдайы туралы өтінішіне Кеңес Одағының жауабын күте тұруды ұсынды. Сонымен қатар Қызыл Кресттің Халықаралық Комитеті Кеңес үкіметі жауапты әдейі ұзақ созуы мүмкін екенін де түсінді [18].

Алайда 1939 жылдың 12-қыркүйегінде соғысушы елдердің Қызыл Крест қоғамдарына жіберген меморандумы бойынша Қызыл Кресттің Халықаралық Комитеті поляк офицерлерінің қабірлерін ашу (экзгумация) ісіне қатыса алмайтын еді, өйткені осы іске қатысы бар Кеңес Одағы үкіметінен немесе Кеңес Қызыл Крест қоғамынан өтініш түскен жоқ болатын. Кеңес Одағы 1929 жылғы «Соғыс тұтқындарын ұстау туралы» Женева келісіміне қол қойған жоқ, бірақ ол «Жау әскерінің жараланған және ауру жауынгерлерінің жағдайын жақсарту туралы» Женева келісіміне қосылған болатын. 1934 жылы Кеңес Қызыл Крест қоғамы Қызыл Крест қоғамдарының Халықаралық Лигасына кірген. Сондықтан Қызыл Кресттің Халықаралық Комитеті Катынь мәселесін бейтарап елдердің сарапшыларының қатысуымен тексеру болу мүмкіндігі туралы ресми коммюнике жариялауды ұйғарды [19].

Әрине, Ұлыбритания және АҚШ үкіметтері антигитлерлік одақты сақтау үшін кеңес-поляк қатынастарының шиеленіспегенін қалады. Ұлыбритания сыртқы істер министрі А.Иден В.Сикорскимен кездесіп, кеңес-поляк қатынастарын ұшықтырмау жөнінде сөйлесті. В.Сикорски Халықаралық Қызыл Кресттің Катынь мәселесін тексеруі туралы табанды талап қоймауға уәде берді. 25-сәуірде У.Черчилль Сталинге хат жазды, онда В.Сикорскимен әңгімені хабарлай келіп, герман насихатының мақсаты одақтастардың арасына от салу екендігін ескертті және Польшамен қатынастарды үзбеуді сұрады [20]. Алайда кеңес басшыларының бұған тоқтайын деген ниеті жоқ еді. 1943 жылдың 25-сәуірінде КСРО Сыртқы істер халық комиссары В.М. Молотов Польшаның елшісіне кеңес үкіметінің нотасын тапсырды. Нотада Катынь мәселесіне қатысты болып жатқан оқиғалардың барлығын Кеңес Одағына қарсы бағытталған жалған жала деп бағалады, Польша үкіметін Германиямен ымыраласты, өйткені осы жалған жамандау науқаны арқылы ол Кеңестік Украина, Кеңестік Белоруссия және Кеңестік Литваның мүдделері есебінен жер беруге кеңес үкіметін мәжбүр еткісі келеді деген айып тақты. Нотаның соңында Кеңес Одағы Польшамен дипломатиялық қатынастарын үзетіні айтылды [21]. Кеңес нотасы туралы хабар нацистік Германия басшыларының айрықша қуанышын туғызды [22]. Польшаның басшылары жауынгер одақтасымен қайшылықты ұшықтырмауға тырысты. Поляк үкіметінің 29-сәуірдегі жауабы соншалықты байсалды да сыпайы түрде болды. Жауап мәлімдемеде поляк үкіметінің саясаты Польша мен КСРО арасындағы достық қатынастарды дамытуға, Поляк республикасының тұтастығы мен толық егеменділігін қолдауға бағытталған деп атап көрсетілді. Кеңес әскерлерінің Польша республикасының жеріне енгізілуінің қайғылы зардаптарына қарамастан, поляк үкіметі Кеңес Одағымен одақтастық келісімшарт жасады және өзінің келісім бойынша міндеттерін ыждағаттылықпен орындады. Поляк үкіметі поляк әскери қызметкерлерінің Кеңес Одағында тұрып жатқан отбасы-

лары мен балаларына адамшылықпен қарауды, сондай-ақ поляк азаматтарын кеңестік қамаудан босатуды талап етті. Поляк үкіметі 1943 жылдың 25-ақпанындағы мәлімдемесінде кеңес жерлеріне қатысты талаптар қойған емес, қазір де қойып отырған жоқ деп ескертілді [23]. Польша үкіметінің бұл мәлімдемесіне берген түсініктемесінде «Рейтер» агенттігі кеңес үкіметі бұрынғы поляк әскери қызметкерлерінің отбасылары мен балаларын Кеңес Одағынан алып кету туралы мәселені талқылауға келіскен жағдайда поляк үкіметі офицерлердің өліміне қатысты саяси мәселеден бас тартуы мүмкін деген болжам жасады. Еуропа елдерінің баспасөзі поляк-кеңес қатынастары туралы мәселені қызу талқылап жатты. «Дейли мейл» газеті Черчилль мен Рузвельт поляк-кеңес қатынастарын реттеу ісіне араласу туралы Сталинге тікелей өтініш жасай алар еді деген идея тастады. Баспасөз құралдары ағылшын сыртқы істер министрі поляк-кеңес алауыздықтарын реттеуде делдал болады деген жорамалдар айтып жатты [24]. 26-қыркүйекте АҚШ президенті Ф.Рузвельт И.Сталинге хат жазып, онда болған оқиғаны поляк-кеңес қатынастарының мүлдем үзілгені деп емес, эмиграциядағы поляк үкіметімен келіссөздердің уақытша тоқтатылғаны дегенді көрсететін мүмкіншілік таба аласыз ба деп сұрады. Президент хатында В.Сикорски кеңес үкіметінің сыртынан немістермен ауыз жаласты дегенге сенбейтінін, сонымен қатар ағылшын премьер-министрінің поляк үкіметін алдағы уақытта бұл мәселеде неғұрлым өлшемді қадамдар жасауға көндіретінін айтты [25].

1943 жылдың 28-30-қыркүйегінде Халықаралық комиссия поляк офицерлерінің мүрдесін ашу жұмысын (экзгумация) жүргізді. Комиссия жұмысының нәтижесінде поляк офицерлері 1940 жылы атылған деген қорытынды жасалды [26].

Смоленск азат етілгеннен кейін кеңес үкіметі Катынь мәселесін тексеруге академик Н.Н. Бурденко басқарған арнаулы комиссия құрды. Комиссия тексеру жұмысын офицерлердің мүрделері табылған «Козья гора» деп аталған ауданның жабық белдеу болмағанын көрсететін дәлелдер іздеуден бастады. Өйткені поляк офицерлерін кеңес қауіпсіздік күштерінің атқанын жоққа шығару үшін аталған жерде адамдарды жаппай атудың болмағанын, оның болуы да мүмкін емес екенін дәлелдеу және жергілікті тұрғындардың куәлігін пайдалану қажет болды. Комиссияның анықтамасында 95 адам сұралды, Төтенше комиссияға берілген 17 өтініш тексерілді, іске қатысты әртүрлі құжаттар зерттелді, керекті сараптау жүргізілді деп көрсетілді [27]. Комиссия Смоленскіні немістер басып алғаннан кейін поляк офицерлерін көрген адамдардың куәліктерін жинады. Ақыры комиссия поляк офицерлерін 1941 жылдың күзінде немістер өлтірді деген қорытынды жасады [28].

1944 жылдың 26-қаңтарында орталық кеңес баспасөзінде арнаулы комиссияның хабарламасы басылды. Комиссияның хабарламасында Смоленск бургомистрінің орынбасары Б.В. Базилевскийдің 1941 жылдың қыркүйек айында оған бургомистр Б.Г. Меньшагин «поляктарды құрттық, әскери комендант фон Шветц оларды Смоленскіге таяу жерде атып тастадық деді» деп айтқан сөздерін еске түсіргені куәлікке тартылды. Бұл хабарламада Базилевскийдің куәлігі айрықша маңызды деп көрсетілді [29].

1945 жылдың қазан айында Нюрнберг сотында КСРО, АҚШ және Ұлыбританияның соғыс қылмыскерлерін айыптау мәліметтерінің қатарына поляк офицерлерінің жаппай өлтірілу фактісі енгізілді. 1946 жылдың шілде айында халықаралық сотта Катыньдағы қылмысқа жауаптылардың ісі тыңдалды. Б.В. Базилевскийді Нюрнбергке алып келді, ол сотта арнаулы кеңес комиссиясының хабарламасында айтылған сөздерді қайталады. Адвокат О.Штаммердің «Меньшагиннің тағдыры қалай болғанын білесіз бе» деген сұрағына Базилевский: «Меньшагин немістер шегінгенде солармен бірге кетті, оның арғы тағдырын білмеймін», – деп жауап берді. Шындығында Меньшагин кеңес түрмесінде отырған болатын. Нюрнберг соты бұл дәлелдерді жеткіліксіз деп тапты да, немістердің Катынь қылмысына қатысы дәлелденбей қалды [30]. Сондықтан халықаралық сот үкімінің мәтініне бұл мәселе кіргізілген жоқ [31].

Соғыстан кейін поляк соғыс тұтқындарының атылған жерінде «Мұнда 1941 жылдың күзінде неміс-фашист басқыншыларының қолынан азап көріп, қаза тапқан поляк тұтқын офицерлері жерленген» деген жазуы бар ескерткіш қойылды [32]. Батыстағы поляк эмигранттары Катыньдағы оқиғаның кеңестік нұсқасына сенген жоқ, сондықтан 40-жылдардың екінші жартысында осы мәселе туралы алғашқы еңбектер пайда болды. 1951 жылы АҚШ конгресі Катынь мәселесінің аныққанығын тексеретін комиссия құрды. 1952 жылы АҚШ Мемлекеттік департаменті кеңес елшісіне кеңес үкіметінен Катынь орманында поляк офицерлерінің өлтірілуіне қатысты дәлелдер алуға болама деген өтінішпен хат жазды. Кеңес елшілігі АҚШ Мемлекеттік департаментіне берген нотасында бұл хатты халықаралық құқық қалыптарын бұзу деп бағалап, кезінде Катынь мәселесі туралы

арнаулы комиссияның қорытындысы шыққанда АҚШ бұған қарсы болған жоқ еді, енді сегіз жыл өткен соң бұл мәселені қайта көтеру Кеңес Одағына жала жабу және гитлерлік қылмыстыларды ақтауға тырысу деп наразылық білдірді. Польша Халық Республикасының үкіметі Катынь мәселесіне қатысты америка комиссиясының әрекетін айыптаған мәлімдеме жасады [33].

1972 жылы шілде айында Би-Би-Си радиосы Ұлыбритания үкіметінің қолында Катынь қылмысына фашистік Германия емес, Кеңес Одағы айыпты екенін көрсететін құжаттар бар деп хабарлады. Сол жылы Лондонның Кенсингтон-Челси ауданында Катынь құрбандарына ескерткіш қоюға қажетті қаржы жинау басталды. Кеңес үкіметі өзінің наразылығын Мәскеудегі ағылшын елшісіне ауызша ескертуге ұйғарды. Алайда Батыс елдерінде Катынь мәселесін үнемі көтеріп отырды. 1975 жылы британ парламентінде баспасөз конференциясы өткізіліп, оған қатысқандар Гаагадағы Халықаралық сотты бұл мәселені тексеруге шақырды. Сол жылы поляк эмигранттарының бастамасымен Стокгольмде Катынь құрбандарына ескерткіш қойылды. КОКП Орталық Комитетінің Саяси бюросы Катынь оқиғасы туралы пікірталастар туып кетпес үшін бұл оқиғаларға қатысты ресми мәлімдеме жасамау қажет деп тапты. Сондай-ақ Мемлекеттік Қорғаныс Комитетіне өзінің ресми емес байланыс жолдары арқылы батыс елдерінің үкіметтеріне жақын топтарға бұл әрекеттерді Кеңес Одағы халықаралық қатынастарды шиеленістіруге бағытталған арандатушылық деп санайды деген ойды жеткізу міндеті жүктелді [34].

Сталиннің жеке басына табынушылықтың әшкереленуі де, Н.С. Хрущев билігі кезіндегі «жылымық» та Катынь құпиясын ашуға әсер еткен жоқ. 1965 жылдың 9-наурызында Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің бастығы А.Шелепин Н.С. Хрущевқа былай деп хабарлады: «КСРО министрлер Кеңесі жанындағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде 1940 жылдан бері сол жылы атылған бұрынғы буржуазиялық Польшада тұтқындалған және еркінен айрылған поляк офицерлерінің, жандармдардың, полиция қызметкерлерінің, осадниктердің, помещиктердің, т.б. тіркеу құжаттары мен басқа да материалдары сақталынууда. КСРО НКВД арнаулы үштігінің шешімімен барлығы 21 857 адам, соның ішінде Катынь орманында (Смоленск облысы) – 4 421 адам, Харьковқа жақын жердегі Старобельск лагерінде – 3 820 адам, Осташков лагерінде (Калинин облысы) – 6 311 адам және Батыс Украина мен Батыс Белоруссияның басқа лагерьлері мен түрмелерінде 7 305 адам атылған. Аталған адамдардың көзін жоюға қатысты бүкіл операция КОКП ОК 1940 жылдың 5-наурызындағы Қаулысы негізінде жүргізілген. Олардың барлығы 1939 жылы соғыс тұтқындары мен еркінен айрылғандар ретінде ашылған тіркеу істері негізінде ең ауыр жазаға кесілген. Аталған операцияны жүргізген сәттен, яғни, 1940 жылдан бері 21 857 іс-құжат берік бекітілген бөлмеде сақталуда және бұл істер бойынша ешкімге анықтама берілген емес. Кеңес мекемелері үшін бұл істердің ешқандай іскерлік те, тарихи да маңызы жоқ. Керісінше әлдебір күтпеген кездейсоқтық өткізілген операцияның құпиялылығын бұзуға әкелуі мүмкін, мұның өзі біздің мемлекетіміз үшін қажет емес. Оның үстіне Катынь орманында атылғандар туралы ресми түсіндірме бар, ол кеңес мекемелерінің бастамасымен 1944 жылы «Катынь орманында неміс-фашистік басқыншылардың тұтқын поляк офицерлерін атып өлтіргенін анықтау және тексеру бойынша арнаулы комиссия» деп аталған комиссияның тексерулерінің нәтижесінде бекітілген. Бұл комиссияның қорытындысына сәйкес сол жерде жойылған поляктардың барлығын неміс басқыншылары өлтірді деп саналады. Сол кезде тексеру материалдары кеңес және шетелдік бспасөзде кеңінен жарияланды. Комиссияның қорытындылары халықаралық қоғамдық пікірде берік орнықты. Осы айтылғандардың негізінде 1940 жылы жоғарыда аталған операцияның кезінде атылған адамдардың барлық тіркеу құжаттарын жойып жіберу дұрыс сияқты. КОКП ОК және Кеңес үкіметі тарапынан болуы мүмкін сұраныстар үшін аталған адамдарды ату жазасына кескен КСРО Ішкі істер халық комиссариаты үштіктерінің мәжіліс хаттамаларын және үштіктердің шешімінің орындалғаны туралы актілерді қалдыруға болады. Көлемі жағынан бұл құжаттар аса үлкен емес, оларды ерекше папкаларда сақтауға болады» [35]. Осыдан кейін поляк офицерлерінің қазасына қатысты айрықша маңызды құжаттар №1 папкаға салынып, ерекше сақтауға берілді. Мемлекет пен партияның әрбір жаңа басшысы осы құжаттармен танысқаннан кейін оларды желімделген пакетке салып, жауапты адамның қолын қойып, тығып қоятын. 1991 жылдың 24-желтоқсанынан бастап бұл құжаттар «ерекше папка» деген айдармен, «КСРО Президенті Аппаратының рұқсатынсыз ашылмасын. Анықтамалар берілмесін» деген жазумен сақталды. Демек, КСРО басшылары ауысқан сайын әрбір жаңа басшы Катынь құпиясын біліп отырды.

Катынь қайғылы оқиғасының құпиясы ұзақ уақыт сақталды. Батыс елдеріндегі поляк эми-

гранттары Катывь мәселесін ешуақытта ұмытпады. 1987 жылы 14-шілдеде Швейцариядағы бірнеше поляк ұйымы поляк диаспорасының атынан М.С. Горбачевқа Катывь орманында қаза тапқан поляк офицерлерінің тағдырын анықтаудың қажеттілігі туралы хат жазды [36]. Ал 1985 жылы Варшава шарты Ұйымының Кеңесшілік комитетінің отырысынан кейін В.Ярузельский мен М.С. Горбачевтің кездесуі өткізілді. В.Ярузельский кеңес-поляк қатынастарын «біздің халықтарымыздың арасындағы өзара сенім мен шынайы достық қатынастарға кедергі болатынның» барлығынан тазарту қажет дей келіп, маңызды мәселелердің қатарында Катывь қайғылы оқиғасын атады [37].

Кеңес-поляк қатынастарының кілтпан буындарын анықтау үшін КСРО мен Польша Ғалымдарының комиссиясы құрылды. Алайда біржарым жыл бойына комиссия Катывь мәселесі бойынша келісілген ұстанымды жасай алмады, өйткені кеңес тарихшыларының 1944 жылы айтылған ресми пікірді жоққа шығаруға өкілеттігі болған жоқ, сондай-ақ мұрағаттық материалдады алуға да мүмкіндіктері болған жоқ. Ал Комиссияның поляктар жағы 1944 жылғы Н.Бурденконың Арнаулы комиссиясының қорытындысының негізсіздігін айғақтайтын дәлелдерді көрсетті. 1988 жылы Комиссияға мүше кеңес ғалымдарға профессорлар Я.Мацшевский, Ч.Мадайчик, Р.Назаревич және М.Войцеховский дайындаған поляк офицерлерін КСРО Ішкі істер халық комиссариатының қызметкерлері өлтіргенін дәлелдейтін құжат тапсырылды. Бұл құжат 1989 жылы Польшада жарық көрді. Енді Кеңес жағының Катывь мәселесіне қатысты ұстанымын қайта қарау қажеттігі туды. 1989 жылдың 22-наурызында Э.Шеварднадзе, В.Фалин және В.Крючков КОКП Орталық комитетіне Катывь мәселесі туралы құпия хат дайындады. Хаттың авторлары Катывь құпиясын ашпау Польшаның назарын басқа да мыңдаған поляк офицерлерінің, Харьков және Бологое ауданында хабарсыз кеткен топтарының тағдырына аударуы мүмкін деген қауіптерін айтты. 1989 жылдың 31-наурызында КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының отырысында КСРО Прокуратурасына, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне, Сыртқы істер министрлігіне, тағы басқа мекемелерге Катывь мәселесі бойынша кеңес ұстанымын жасауға тапсырма берілді. Ақыры Катывьдағы поляк офицерлерін ату қылмысын жасаған Ішкі істер халық комиссариаты (НКВД) және Берия мен Меркулов деп айтуға ұйғарды [38].

1990 жылдың сәуір айында В.Ярузельскийдің Мәскеуге ресми сапарында КСРО президенті М.С. Горбачев Катывьдағы атууды ұйымдастыруға Ішкі істер халық комиссариаты жауапты деген мәлімдеме жасады. КСРО Президенті атылған поляк офицерлерінің тізімін және басқа құжаттарды В.Ярузельскийдің қолына тапсырды. 1990 жылдың 14-сәуірінде кеңес үкіметінің Катывь мәселесіне қатысты ұстанымы КОТА (ТАСС) ресми мәлімдемесінде жарияланды [39].

1990 жылдан бастап Катывь мәселесін зерттеу тереңдей түсті. Зерттеушілердің қолына мұрағат материалдары берілді. Харьков ауданы мен Тверь облысының Медное ауылындағы поляк соғыс тұтқындарының бейіттері табылды. Бүгінгі таңда кеңес лагерьлерінде 21 857 поляк соғыс тұтқындарының өлтірілгені белгілі. 2000 жылы Катывь орманында Ресей мен Польша бірлесіп «Катывь» мұражайлық кешенін жасады. Поляк офицерлерін сонау алыс 1940 жылы атқан жерде поляк әскери зираты бар. Катывь қайғылы оқиғасы және ұзақ жылдар бойы оны құпияландыру, жалған ақпар беру халықаралық құқықтың, мораль мен адамшылықтың қағидаларымен мүлде санаспайтын Кеңес Одағындағы тоталитарлық режимнің қылмысты саясатының нәтижесі болатын. Халықаралық құқық қағидаларын бұзу кеңес өкіметінің басқа соғысушы елдердің ғана емес Қызыл Әскердің тұтқынға түскен офицерлері мен жауынгерлерін «сатқындар» деп айыптауынан да көрінеді. Посткеңестік мемлекеттерде демократиялық процесс тереңдеген сайын кеңестік тоталитаризмнің барлық жағымсыз әрекеттерін ашу, сөйтіп, тарихтың «ақ таңдақтарын» толтыру мүмкіндігі көбейе бермек.

1. *Военнопленные в СССР. 1939-1956. Документы и материалы / Под ред. Загорюлько М.М. – М., 2000. – С. 726-727.*

2. *Сонда, – 154-бет.*

3. *Международная жизнь. – 1990. №5. – С. 114; Советское славяноведение. – 1990. №5. – С. 10, 21.*

4. *Żołnierze Polscy-Więźniowie NKWD w latach 1939-1953. Przewodniczący Wojskowej Komisji Archiwalnej p/łk prof. Dr. Inz. Jan PIĘTA. Część IV. – Warszawa, 1996. – S. 51-52.*

5. *Военнопленные в СССР, – с.532-538.*

6. *Сонда, – 727-729, 969-б.*

7. *Open Society Archives at Central European University, HU OSA 300-80-1, Box 343.*

- Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №1 (32), 2012 ж.*
8. *Katyn. Dokumenty Ludobójstwa. Dokumenty I materiały archiwalne przekazane Polsce 14 października 1992 r. Red. Ewa Wosik. – Warszawa: Pałac Kultury I Nauki, 1992. – S. 34-40.*
 9. *Ibid., – S. 26.*
 10. *Лебедева Н. Катинские голоса // Новый мир. – 1991. – №2. – С. 216.*
 11. *Катынь. Пленники необъявленной войны. Документы и материалы // Под ред. Пихои Р.Г. и Гейштора А. Сост. Лебедева Н.С., Петросова Н.А., Воцинский Б., Матерский В. – М., 1997. – Док. №144.*
 12. *Open Society Archives at Central European University, HU OSA 300-80-1, Box 343; Русская мысль, 17 апреля 1980; Катинское преступление в свете документов // Новая Польша. – 2000. – №3, – с. 9.*
 13. *Bundesarchiv – Militärarchiv (Freiburg), RW 5v/95, Bl.5.*
 14. *Politisches Archiv des Auswärtigen Amts (Berlin), R 29721, – Bl.143*
 15. *Ibid., – Bl.166-167.*
 16. *Bundesarchiv – Militärarchiv (Freiburg), RW 5v/95, – Bl.2-3.*
 17. *Politisches Archiv des Auswärtigen Amts (Berlin), R 29721, – Bl. 144, 164-165.*
 18. *Ibid., – Bl. 170-171.*
 19. *Bundesarchiv – Militärarchiv (Freiburg), RW 5v/95, – Bl. 8.*
 20. *Переписка Председателя Совета Министров СССР с президентами США и премьер-министром Великобритании во время Великой Отечественной войны 1941-1945 гг. Т.2. – М., 1976. – С. 122-123.*
 21. *Внешняя политика Советского Союза в период Великой Отечественной войны». Т. 1. – М., 1944. – С. 301-303.*
 22. *Politisches Archiv des Auswärtigen Amts (Berlin), R 29721, – Bl.196-198.*
 23. *Ibid., – Bl.200-203; Bundesarchiv – Militärarchiv (Freiburg), RW 5v/95, – Bl. 17, 18.*
 24. *Ibid., Bl. 9, 26; Politisches Archiv des Auswärtigen Amts (Berlin), R 29721, Bl.256.*
 25. *Катынь. Пленники необъявленной войны. Документы и материалы // Под ред. Пихои Р.Г. и Гейштора А. Сост. Лебедева Н.С., Петросова Н.А., Воцинский Б., Матерский В. – М., 1997. – Док. №193.*
 26. *Amtliches Material zum Massenmord von Katyn. Im Auftrage des Auswärtigen Amtes auf Grund urkundlichen Beweismaterials zusammengestellt, bearbeitet und herausgegeben von der Deutschen Informationsstelle. – Berlin, 1943.*
 27. *Żołnierze Polscy-Więźniowie NKWD w latach 1939-1953. Przewodniczący Wojskowej Komisji Archiwalnej płk prof. Dr. Inz. Jan PIĘTA. Część I. – Warszawa, 1993. – S. 63.*
 28. *Ibid., – S. 63-70.*
 29. *Сообщение Специальной комиссии по установлению и расследованию обстоятельств расстрела немецко-фашистскими захватчиками в катынском лесу военнопленных польских офицеров. – М., 1944.*
 30. *Open Society Archives at Central European University, HU OSA 300-80-1, Box 343.*
 31. *Kaiser G., Szczesniak A.L. Katyn: Der Massenmord an polischen Offizieren. – Berlin: Links, 1992, – S. 322.*
 32. *Katyn. Dokumenty Ludobójstwa, – S. 78; Open Society Archives at Central European University, HU OSA 300-80-1, Box 343.*
 33. *Ibid., – S. 78-80.*
 34. *Ibid., – S. 70-72.*
 35. *Ibid., – S. 42-45.*
 36. *Neue Zürcher Zeitung, 16.Juli 1987; Open Society Archives at Central European University, HU OSA 300-80-1, Box 343.*
 37. *Новая Польша. – 2000. – №3. – С. 12.*
 38. *Katyn. Dokumenty Ludobójstwa, – S. 100, 102-106, 122.*
 39. *Катынская драма: Козельск, Старобельск, Осташков: судьба интернирован, польск. Военнослужащих / Сост. И общ. Ред. Яснова О.В. – М., 1991. – С. 202.*

Резюме

В статье рассматривается проблема содержания польских военнопленных в СССР. На основе анализа материалов немецких архивов и опубликованных в Польше документов автор создает объективную картину Катынской трагедии.

Summary

The problem of the maintenance of Polish military prisoners in the USSR is considered in this article. The author creates an objective picture of Katyn tragedy on the basis of analysis of the German archives and documents published in Poland.

FORMATION OF COOPERATION BETWEEN KAZAKHSTAN AND EUROPEAN UNION

K.Nessipbayeva – *Doctor of Historical Sciences, Professor,
a chief of World History department of Abay Kazakh National Pedagogical University,*

A.Sharipova – *candidate of historical sciences, Professor of World History
department of Abay Kazakh National Pedagogical University*

The contemporary world is developing through an integration process. The integration of trade and economics, currency, customs and policy in different regions of the world is being generated. It is an objective and natural process. The European Union in this regard can serve the purpose and is the model of integration for most regions of the globe. The experience of the European Union represents an interest for all the countries, who works for sustainable and effective economical and political integration, building foundation for unified market and currency. All of these require creative and critical approach to be applied.

In the view of EU, the New Independent States are not the Third World countries. They are and will be the closest neighbors of the expanding EU. EU is interested to support The Newly Independent States in their transition stage, in particular, the prospects of their more participation in international economic system. Not the last place in cooperation of the EU with the CIS countries occupies concern on development of living standards and prosperity of the CIS people [1].

The main Diplomatic objective for every country is to accomplish foreign policy, which will be identical to 'international scene' and economic potential of the country. Reality of aims, their compliance with internal requirements of the country, without claims for global presence and external greatness, also the flexibility and adherence to principles in protection of national interests are the features for the foreign policy healthiness [2].

And our country is not an exception. The interests of the Republic of Kazakhstan as the large Eurasian country have multilateral nature and are not predefined by one geographical direction. Under existing conditions Kazakhstan needs multilateral foreign policy. This policy doesn't mean the dissipation of power and resources in all directions. It is more the policy and strategy of multilateral partnership with all interested countries.

Kazakhstan has reached quite a number of things since beginning of its independence. It has entered period of economic transformations, freedom of will and democratic elections. Kazakhstan over performed all CIS countries in the tempo and depth of structural reforms. Trends in economy are showing that the country has entered the stage of sustainable growth. Success in economic development, undoubtedly, creates support and foundation in provisioning of better foreign policy. Results which were reached by the initial years of independency now can be increased.

Nowadays, when Kazakhstan is reinforcing collaboration and coordination with other countries on the regional and global levels, understanding the main points of processes, which are existent in Europe, allow us to select adequate strategy of cooperation, acceptable for our country and region as a whole.

According to the concept of foreign policy, one of the main priority directions for the Republic of Kazakhstan foreign policy is the European Union (EU). Today the European Union is well integrated economic association, which represents itself as one of the center of the world economy. Expansion of EU, which includes the appearance of Poland, Hungary, Czech Republic, Slovenia, Slovakia, Lithuania, Latvia, Estonia, Malta and Cyprus, permits to increase European market and later on strengthen economic potential of EU. At the same time integration processes get over to political sphere successfully, where was made an attempt to consolidate Europe via taking up united European Constitution.

During past 10 years period of time Kazakhstan and EU has organized collaboration in economic, political, social, cultural and educational spheres. EU helps in public health services, social assistance, scientific researches, market reforms and economic liberalization.

В 1923 году с 3 по 6 сентября в Вене состоялся II Международный конгресс уголовной полиции. Столица этого Европейского государства была выбрана не случайно, ведь инициатором созыва нового конгресса борцов с преступностью из разных стран стал полицей-президент Австрии Иоганн Шобер. На разосланные им приглашения в Вену съехалось 138 представителей из двадцати стран, в основном европейских, а также Соединенные Штаты Америки, Египта, Китая, Японии, кроме Австрии. Несмотря на то, что делегаты имели инструкции от своих правительств не принимать никаких обязывающих решений, конгресс имел большой успех. Было заявлено о необходимости прямых и более оперативных контактов между полицейскими органами разных стран, о повышении эффективности взаимодействия посредством заключения конкретных международных соглашений по борьбе с преступностью.

Делегатам рекомендовалось настойчиво добиваться от своих правительств, чтобы полицейские службы их стран могли поддерживать между собой прямые контакты.

Результатом II Международного конгресса уголовной полиции стало учреждение 7 сентября 1923 года постоянно действующей организации – Международной комиссии уголовной полиции [3, с. 25], которая немедленно приступила к работе над программой своих действий. Таким образом, 1923 год стал считаться датой рождения Международной организации уголовной полиции – Интерпол, хотя официально до 1956 года был принят устав новой организации. Резиденцией

Международной организации уголовной полиции была избрана Вена, которая занимала большую часть Юго-Восточной Европы.

Во главе комиссии стоял президент, и первым президентом стал Иоганн Шобер. В помощь президенту избрали административный комитет. Таким образом, Австрийское Министерство внутренних дел приютило в своих стенах вновь созданную международную организацию, взяла на себя все расходы, связанные с ее функционированием и оплатой персонала. Это ставило комиссию не только в финансовую, но и в административную зависимость Австрийского Министерства внутренних дел.

Комиссия была создана как вспомогательный орган всемирного конгресса милиции, которую предполагалось созывать один раз в четыре года, и в начале своей деятельности не являлась самостоятельной международной организацией. Такой она оставалась до 1930 года, когда очередным конгресс в Антверпене признал нецелесообразным проводить в дальнейшем подобные встречи. С 1930 года комиссия начала функционировать самостоятельно.

Высшим органом комиссии был признан съезд представителей стран. В комиссии оказались представленными две категории членов – официальные и неофициальные. Первыми были все участники конгресса в Вене, официально представляющие свои страны. Неофициальные члены выбирались из числа видных ученых-криминалистов, которые могли бы оказать действующую помощь организации.

В 1930 году на съезде в Антверпене, а затем в 1932 году в Риме было проведено четкое отграничение официальных членов от неофициальных: только официальные члены стали пользоваться правом голоса.

Всей деятельностью Международной комиссии уголовной полиции руководил президент. Срок его полномочий первоначально в уставе не был определен. Но в 1932 году, после смерти Шобера, в устав было внесено дополнение, в соответствии с которым президенты комиссии стали избираться сроком на пять лет. Кроме президента участники Венского конгресса избрали четыре вице-президента. При президенте был создан рабочий аппарат – административный комитет (пять референтов и секретарь), избираемый членами комиссии из ее состава.

В мае 1924 года Международная организация уголовной полиции приняла резолюцию по пяти важным вопросам, которые определили направление действий на многие годы вперед. Это:

1. создание информационных отделений по сбору фактов о международной преступности;
2. разработки систем доказательств и международный розыск преступников;
3. организация отделений по идентификации людей на расстоянии;
4. издание газеты международной полиции;
5. создание совместной программы по предотвращению и выявлению поддельных банкнот и документов [7, с. 16].

В ноябре 1924 года по просьбе Интерпола Венская полиция приступила к выпуску полицейского обозрения «Международная полицейская безопасность» (“Internationale offentliche Sicherheit”).

Вторая сессия состоялась в Вене в 1926 году, где была принята двадцать одна важная резолюция. Они в основном касались учреждений информации по международной преступности, введения правил телеграфной связи между полицейскими силами, мер, направленных против порнографических фильмов и литературы. Было также поддержано предложение представителя Бельгии господина Кеффера о проведении очередного конгресса в 1926 году в Берлине.

На Берлинском конгрессе Международной криминальной полиции, который состоялся с 17 по 30 сентября 1926 года, присутствовало 245 человек. Конгресс был в основном посвящен теме экстрадиции. Однако только в сентябре 1930 года Интерполом были разработаны принцип, на основании которых могла осуществляться экстрадиция.

Очередные конгрессы Международной комиссии уголовной полиции прошли: в Вене – в 1934 году, в Копенгагене – в 1935 году, в Белграде – в 1936 году, в Лондоне – в 1937 году и в Бухаресте – в 1938 году. К этому моменту участниками комиссии уже являлись тридцать четыре государства.

В том же году в результате присоединения Австрии к Германии вся документация комиссии оказалась в руках нацистского правительства и была перевезена в Берлин, где использовалась в целях борьбы со странами, с которыми Германия была в состоянии войны либо на которых она планировала напасть [11, с. 27-31]. Множество преступников, имена которых были в картотеке Международной комиссии уголовной полиции, «приглашались работать в спецслужбы Третьего

рейха. Были созданы лагеря, в которых фальшивомонетчики изготавливали банкноты стран, противостоящих Германии. В этот период прекратилось какое-либо сотрудничество в рамках полиции, хотя формально германское правительство старалось соблюдать положения устава комиссии. Президентом Международной комиссии уголовной полиции стал обер-фюрер австрийских СС Штаин Хойзль, возглавивший полицию Австрии. Администрация была перевезена из Вены в предместье Берлина-Ванзее. С 1940 года президентом комиссии являлся шеф немецкой службы безопасности группенфюрер СС Рейнгард Гейдрих, которого на этом посту в 1942 году сменил Эрнст Кальтенбруннер.

Во время II мировой войны не было проведено ни одного съезда Международной комиссии уголовной полиции, хотя немецкое руководство и рассылало приглашения.

После разгрома Германии в войне комиссию пришлось восстанавливать заново, так как большая часть документов была устранена. В 1946 год в ответ на призыв правительства Бельгии был создан очередной конгресс в Брюсселе, где было заявлено о необходимости возобновления контактов в рамках Международной комиссии уголовной полиции [12, с. 37]. Новой штаб-квартирой сделали Париж, президентом был избран главный инспектор Министерства юстиции Бельгии – М.Луваж, а генеральным секретарем – глава французской уголовной полиции при Министерстве внутренних дел – М.Дукло. Были приняты временные положения о целях, задачах и принципах деятельности.

На конгрессе в Брюсселе в 1946 году присутствовали представители 17 стран, в том же году в Международной комиссии уголовной полиции возобновили свое участие 19 стран: Бельгия, Великобритания, Голландия, Греция, Дания, Египет, Иран, Люксембург, Норвегия, Польша, Португалия, Турция, Франция, Чехословакия, Чили, Швеция, Швейцария, Югославия, Соединенные Штаты Америки.

В 50-х годах было уже ясно, что Международная комиссия уголовной полиции является самостоятельной организацией. И в 1956 году на 25-й сессии Международной комиссии уголовной полиции, который проходил в Вене, единогласно принимался устав, в котором комиссия уже официально называлась Международной организацией уголовной полиции – Интерпол. Заложенные в уставе положения позволили позднее (а именно в 1971 году) признать Интерпол полноценной международной межправительственной организацией [7, с. 20].

С годами число стран – участниц продолжало расти, совершенствовались технические средства, обеспечивающие связь. Организация уже не помещалась в своем здании в предместье Парижа Сен-Денни. К 1989 году было построено новое здание в городе Лионе на юге Франции. Во время 58-й сессии Генеральной Ассамблеи 27 ноября 1989 года новая штаб-квартира была в торжественной обстановке открыта.

В начале 90-х годов в Интерпол вступили почти все бывшие республики Союза. Министерство внутренних дел Азербайджанской республики в течение длительного времени прорабатывало вопрос о возможности вступления в Интерпол.

В июне 1992 года Азербайджан официально обратился с заявкой о вступлении в Интерпол. На 61-й Генеральной Ассамблее Международной организации криминальной полиции, которая проводилась с 4 по 10 ноября 1992 года в столице Сенегала Дакаре, Азербайджан был принят в Интерпол [14, с. 1]. Была образована специальная рабочая группа по созданию Азербайджанского центрального бюро Интерпола, которая установила деловые контакты с аналогичными национальными бюро ряда стран, тщательно изучая их структуру, формы и методы [13, с. 1].

По постановлению Кабинета Министров Азербайджанской Республики от 9 февраля 1993 года в Баку функционирует Национальное центральное бюро, которое включилось в работу и вносит свой вклад в укрепление международного полицейского сотрудничества в борьбе с трансграничной преступностью. Основная деятельность ее заключается в практической организации исследований, в выполнении задач отдельных следственных органов, в розыске автотранспортных средств, предметов, имеющих особую культурную, историческую, научную или художественную ценность, а также в организации обмена информацией с другими НЦБ стран-участниц Интерпола. В процессе Международного полицейского сотрудничества на основе полученных сведений о лицах, фактах и документах создается информационная база данных; передаются сведения правоохранительным органам республики о требованиях и предложениях международного сотрудничества в рамках Интерпола в борьбе с международной преступностью.

В последние годы международная полицейская организация проводит совместные мероприя-

тия в борьбе с незаконным оборотом наркотических средств. При этом вся деятельность организации строится в соответствии с законами Азербайджанской Республики и нормами международного права.

Сегодня государственная полиция независимого, демократического, правового и унитарного Азербайджана в сотрудничестве с Центральным Национальным Бюро Интерпола в Азербайджане прилагает все усилия для сохранения многовековых, государственных традиций нашей республики.

1. Цит. По: *Öffentliche Sicherheit (Wien.) – 1936 – №5 – s. 6.*
2. Штирлиц А. *Исследование о выдаче преступников.* – Спб. 1982.
3. Родионов К.С., *Интерпол: вчера, сегодня, завтра.* М.: «Международные отношения», 1990.
4. Дайчман И., «Интерпол» *Всемирная система борьбы с преступностью, Рипол Классик, – М., 2003.*
5. Цит. По: *Aszody Jon Interpolul Intra Actinue, – Bucuresti. – 1968.*
6. Бельсон Я.М. *Интерпол: прошлое и настоящее // Правоведение, 1980, №3.*
7. Овчинский В.С. *Интерпол, в вопросах и ответах.* М.: ИНФРА – М, 2001.
8. *ICPO – Interpol. General information Lyons: General Reference Department, 1995.*
9. Герцензен А.А. *Преступность в странах империализма, – М., 1951.*
10. Бельсон Я.М. *Интерпол в борьбе с уголовной преступностью.* – М.: Наука, 1989.
11. Родионов К.С. *Интерпол: миф и деятельность, – М.: Международные отношения, 1982.*
12. Филатов В.П. *Интерпол – Международная организация уголовной полиции // Московский журнал международного права. 1997, №3.*
13. *Бакинский рабочий, 17 октября 1992, №786 (22465).*
14. *Бакинский рабочий, 21 ноября 1992, №208 (22487).*

Түйін

Қылмыс – әлеуметтік құбылыс, оның негізін әр қоғамдағы негізгі қайшылықтардан іздеу керек. Әр қоғамның өзіне ғана тән, ол қоғамның даму кезеңіне лайықты, әлеуметтік құрылымы мен қоғамдағы экономикалық үдерістеріне тән өз қылмыс құрылымы бар. Мақала Әзербайжан және халықаралық полиция тарихы туралы жазылған.

Summary

The Interpol is the leading international organisation which thanks to the unique structure, legal base and a hardware is capable to co-ordinate the international police cooperation effectively and rationally.

Interpol creation was preceded by many events occurring in the countries of Europe and abroad. In 1923 in Vienna the second International congress of criminal police has taken place. This year began to be considered as International Criminal Police Organization date of birth - the Interpol though officially till 1956 the charter of the new organisation has been accepted. The positions occupied in the charter have allowed later (in 1971) year to recognise the Interpol the high-grade international intergovernmental organisation.

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ТЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ

О.М. Қоңыратбаев – *т.ғ.к., доцент, Магистратура және PhD докторантура институтының Қазақстан тарихы мен мәдениеті кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ*

XX ғасырдың соңында өз тәуелсіздігіне ие болған Қазақстан Республикасы қазіргі таңда әлем таныған өркениеті мемлекеттердің біріне айналды [1]. Егемен еліміздің ірге тасы бекіп, экономикасы қарыштап дамып келеді. Кеңестік тоталитарлық режим жағдайында жоғала бастаған тіліміз, дініміз қанат жаюда. Ұлттық сана қайта оянды. Мемлекетімізде іске асырылған «Мәдени мұра» бағдарламасының рухани өміріміздің жандануында орасан зор ықпалы болды, бағдарлама аясында сан мыңдаған тарихи жәдігерлеріміз елге оралып, өткен тарихымызды тануға бағытталған аса маңызды шаралар іске асырылды [2].

Тәуелсіздіктің арқасында елімізде іргелі тарих ғылымы қалыптасты. Іске асырылған демократиялық өзгерістердің нәтижесінде сөз және баспасөз бостандығының орнауы, бұрын жабық жағдайда болған мұрағат құжаттарымен танысу мүмкіндігінің пайда болуы, халықтың тарихи ақиқатты білуге деген сұранысының артуы маман тарихшыларды жаңа ізденістерге жетелеп, күрделі тарихи процестер, құбылыстар мен оқиғалар жан-жақты зерттеліне бастады. Тарихшылар қауымы халқымыздың мың жылдық тарихын сын көзбен қайта сараптауға кірісіп, үлкен табыстарға қол жеткізді.

Зерттеушілердің назары ең алдымен XX ғасырдың, әсіресе кеңестік кезеңнің тарихына ауғаны заңдылық болатын. Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында тарихшы-ғалымдар аталған кезеңнің сан алуан өзекті мәселелері бойынша іргелі монографиялық еңбектер жазумен айналысты және бұл бағыттағы жұмыстар жыл өткен сайын кеңейе түсуде, ал екінші онжылдықта тың құжаттар мен материалдарды ғылыми айналымға көптеп енгізу үрдісі басталды. Түп нұсқа құжат – тарихты танудың кілті, тарихтың кірпіші. Түп нұсқа деректердің осындай тарихи маңыздылығын ескерген тарихшыларымыз мұрағат қорларынан табылған құжаттарды мазмұны мен кезеңдеріне қарап топтап, кешенді түрде жариялауда. Бұл аса маңызды шара екені сөзсіз.

XX ғасырдың алғашқы жартысындағы Қазақстан тарихының күрделі проблемалары бойынша жарық көрген құжаттар жинақтары мынадай мәселелердің сырын ашуға септігін тигізді: патша үкіметінің қазақ даласына орыс шаруаларын қоныстандыру саясаты, көшпелі халықтың ата қоныс жерлерінен айырылуы [3], қоныстанушылар мен көшпелілер арасында этникалық қақтығыстардың өршуі, ұлттық езгі мен әлеуметтік езгінің күшеюі, ұлт-азаттық қозғалыстың жандануы, либерал-демократиялық бағыттағы ұлт зиялыларының қалыптасуы [4], халықтың санасын оятып, ұлттық бостандық пен тәуелсіз мемлекет құру бағытындағы саяси күрес, бірінші дүние жүзілік империалистік соғыс, бұратана халықтың майданның қара жұмысына зорлықпен алынуы, 1916 жылғы жалпы халықтық көтеріліс, оның қатыгездікпен қырғынға ұшыратылуы [5], монархиялық билікті жойған 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық революциясы, қоғамдық өмірдің демократиялануы, Уақытша үкіметтің дағдарысы, көпөкіметтіліктің орнауы, қазақ даласындағы өзгерістер [6], облыстық қазақ съездерінің ұйымдастырылуы [7], бірінші жалпықазақ съезінің шақырылуы және оның маңызы, 1917 жылдың жазы мен күзінде өлкедегі саяси дағдарыстың тереңдеуі, 1917 жылғы Қазан төңкерісі, большевиктердің саяси билікті тартып алуы, екінші жалпықазақ съезінің шақырылуы және оның маңызы, Құрылтай жиналысына сайлау және оның большевиктер тарапынан қуып таратылуы, Қазақстандағы өкімет билігінің кеңестерге көше бастауы, Түркістан автономиясының (Мұхтариятының) жариялануы [8] және оның Ташкент большевиктері тарапынан талқандалуы, Түркістан өлкесінде кеңес режиміне қарсы жалпыхалықтық қарулы қозғалыстың басталуы [9], Түркістан АКСР-нің құрылуы, Қазақстан аймағының азамат соғысының аренасына айналуы, әлеуметтік және экономикалық апат, кеңес билігінің «әскери коммунизм саясаты» және оның зардаптары, халық қарсылығы, Колчак диктатурасының орнауы, большевиктердің ұлт саясаты, Қазақ әскери-революциялық комитетінің құрылуы [10], Қазақ АКСР-нің құрылуы, 1917-1919 жылдардағы Түркістандағы ашаршылық және Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның қызметі, Мұсылман бюросы мен Мәскеудің эмиссарлық органы Түріккомиссия арасында ұлт мә-

селесі бойынша саяси күрестің басталуы [11], тұтас Түркістан идеясы [12], кеңес билігінің «жаңа экономикалық саясаты», 1921-1922 жылдардағы ашаршылық, жұқпалы індеттердің таралуы, Түркістанда жер-су реформасының іске асырылуы, Түркістандағы ұлттық-мемлекеттік межелеу және қазақ жерлерінің бірігуі, Кеңес Одағының құрылуы – жаңа сипаттағы империяның қалыптасуы, Мәскеудің Қазақстанды басқару үшін Ф.И. Голощекинді тағайындауы, Ф.И. Голощекиннің «Кіші қазан» концепсиясы және оның зардаптары, қазақ қайраткерлерінің оппозициялық күресі және олардың қуғындалуы, Орталық пен ұлт республикаларының арақатынасын демократияландыру мақсатымен 1926 жылы Мәскеуде Тұрар Рысқұлов ұйымдастырған ұлт қайраткерлерінің жеке кеңесі [13], кеңес үкіметінің Қазақстандағы индустрияландыру саясаты, Түркістан-Сібір темір жолының салынуы және оның маңызы [14], Ф.И. Голощекиннің қазақ ауылын кеңестендіру және ұжымдастыру саясаты: отырықшыландыру, байларды тәркілеу, ет және астық даярлау науқандары, халық көтерілістері, аштық және босқыншылық, қазақ халқының демографиялық апатқа ұшырауы [15], «мәдени революция» науқаны – ұлттық сананы жою саясаты, тіл мен дінге шабуыл [16], 1937-1938 жылдардағы сталиндік саяси репрессия [17] және тағы басқа.

Бұл кезеңнің тарихы бойынша жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған хрестоматиялық жинақтар да жарық көрді [18].

Сондай-ақ, тәуелсіздік жылдарында ХХ ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүріп, қызмет жасаған қазақ зиялыларының тарихи шығармаларын жариялау жақсы жолға қойылды. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысында үлкен рөл атқарған тұлғаларымыз – Әлихан Бөкейхановтың [19], Ахмет Байтұрсыновтың [20], Міржақып Дулатовтың [21], Мұстафа Шоқайдың [22], Халел Досмұхамедовтың [23], Мағжан Жұмабаевтың [24], Жаханша Досмұхамедовтың [25], Мұхамеджан Тынышбаевтың [26], Тұрар Рысқұловтың [27], Смағұл Сәдуақасовтың [28], Сәкен Сейфуллиннің [29], Сұлтанбек Қожановтың [30], Нәзір Төрешұлының [31], Мұхтар Әуезовтың [32], Санжар Асфендияровтың [33], Хайреддин Болғынбаевтың [34], Ораз Жандосовтың [35], Көлбай Төгісовтың [36], Ільяс Жансүгіровтың [37], Ғани Мұратбаевтың [38], Әшір Бүркітбаевтың [39], туысқан өзбек, қырғыз, татар және башқұрт халықтары қайраткерлерінің [40] шығармалары жарық көрді. Сонымен қатар, өзбекстандық бір топ тарихшылар Түркістанда қызмет атқарған қазақ зиялыларының қызметіне қатысты құжаттар жинағын жариялады [41]. Тарихи тұлғалардың туындыларында сол заманның бар болмысы сақталған.

Жоғарыда алған процестердің ауқымы аса кең және ішкі қайшылықтары өте терең. Бұл процестердің сырын қысқа уақытта танып, түсіну мүмкін емес. Десек те, тарихшылардың ыждағатты еңбектерінің арқасында ХХ ғасырда, әсіресе оның 20-30 жылдарында қазақ халқы қаншалықты күрделі тарихи процестерді басынан кешіргені айқындалып отыр.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті жанындағы Ахмет Байтұрсынов атындағы «Тұлғатану» орталығы дәстүрді жалғастырып, бұрын еш жерде жарияланбаған, ғылыми айналымға енген, тың тарихи құжаттар мен материалдарды жариялауды бастады. Алғашқы жинақ университет баспасынан жарыққа шықты (*Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Жарияланбаған құжаттар мен деректер. 1917-1937 жж. – Новейшая история Казахстана. Неопубликованные документы и источники. 1917-1937 гг. Жалпы редакциясын басқарған Д.М. Мұқатова, құрастырғандар: О.М. Қоңыратбаев, С.Қ. Шілдебай, А.Ә. Жүнісбаев. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ-дің «Ұлағат» баспасы, 2010. – 288 бет. 18,2 баспа табақ*). Жинақта Қазақстанның 1917-1937 жылдардағы тарихына қатысты, бұрын белгісіз болып келген құжаттар топтастырылған. Құжаттар 1917-1937 жылдардағы Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағдайынан мол мәлімет береді.

Қазақстанның оңтүстік аудандары, яғни қазіргі Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарының 1924 жылға дейін Түркістан АКСР-нің құрамында болғаны белгілі. 1924 жылы Орта Азияда іске асырылған ұлттық-территориялық межелудің нәтижесінде Түркістан АКСР-і таратылып, оның құрамында болған қазақ облыстары біртұтас Қазақ АКСР-нің құрамына берілді. Сондықтан да, құжаттар жинағына Қазақ АКСР-імен қатар Түркістан АКСР-інің тарихына қатысты да көптеген тың құжаттар енгізілді.

1917-1919 жылдары Түркістанда саяси билік жергілікті орыс большевиктері мен олармен уақытша одақтасқан солшыл эсерлердің қолында болды. Олар Түркістан тұрғындарының не бәрі бес пайызын құраған еуропалық қоныс аударушылардың мүддесін қорғайтын үкімет жасақтап, өлкедегі азық-түлік қорына монополия орнатады, ал сан миллион мұсылман халқы тәркілеу мен

салық салудың объектісіне айналдырылды. Жергілікті түркі-мұсылман қайраткерлері билікке жолатылмады. «Түркістанда орыс генерал-губернаторы билігінің орнына енді орыс пролетариатының отарлық билігі орнады», [42] – дейді Т.Рысқұлов сол жылдардағы Түркістанның саяси жағдайы туралы.

1918 жылы күзде құрылған Аштықпен күресегін Орталық комиссия сұрапыл ашаршылыққа ұшыраған миллиондаған мұсылман халқын ажал тырнағынан арашалап алады [43]. Т.Рысқұлов 1919 жылы көктемде Мұсылман Бюросын ұйымдастырады [44].

Түркістан тарихында ұлт мәселесі бойынша орын алған күрделі саяси процестердің бар қырсыры толық ашыла қойған жоқ, сондықтан да жинаққа осы мәселелерді кеңірек ашуға септігі тиетін тың мұрағат құжаттары енгізілді: «Письмо Полномочной делегации Туркестанской Республики – делегатов 7-го Всероссийского съезда Советов Председателю Совета Народных Комиссаров РСФСР В.И. Ленину. 22 ноября 1919 г.», «Письмо членов Президиума Туркестанского Краевого бюро мусульманских организаций (Мусбюро) в ЦК РКП (б). 23 ноября 1919 г.», «Письмо Полномочной делегации Туркестанской Республики – делегатов 7-го Всероссийского съезда Советов в ЦК РКП (б). 15 декабря 1919 г.», «Письмо Полномочной делегации Туркестанской Республики – делегатов 7-го Всероссийского съезда Советов Председателю Совета Народных Комиссаров РСФСР В.И. Ленину. 30 декабря 1919 г.», «Түркістан Республикасының автономиялығы туралы» тезистер. 25-26 қаңтар 1920 ж.», «Из записки Полномочной делегации Туркестанской Республики в комиссию ЦК РКП (б) по вопросам Туркестана. Июнь 1920 г.», «Письмо представителей Первого съезда народов Востока В.И. Ленину о деятельности Турккомиссии ЦК РКП (б) и ВЦИК в Туркестанской Республике. 6-го сентября 1920 г.», «Тезисы по национальному вопросу предложенные Т.Рыскуловым на совещании [расширенном пленуме] обкома К[А]ССР при участии ответственных партийных работников. Январь-февраль 1922 г.»

Кенес дәуірінің алғашқы дәуірінде ұлттық әскери бөлімдер жасақтау мәселесі төңірегінде үлкен айтыс-тартыстардың орын алғаны белгілі. Жинаққа енгізілген кейбір құжаттар осы мәселе бойынша жаңа мәліметтер бере алады: «Письмо Председателя ТурЦИК Т.Рыскулова члену Турккомиссии В.В. Куйбышеву о создании в Семиречье киргизской (казахской) туземной Красной армии. Не позднее 22 февраля 1920 г.», «Из протокола №37 заседания бюро Киробкома РКП (б) о Киргизском краевом Военном комиссариате. 26 ноября 1920 г.», «Резолюция 1-ой сессии КЦИК 1-го созыва по докладу Кирвоенкомата. 13 февраля 1921 г.»

Түркістанда 1918-1924 жылдары кеңестік билікке қарсы жалпыхалықтық қарулы қозғалыс өрістеді. Қозғалыстың тарихы соңғы жылдары кең көлемде зерттеліне бастады, осы мәселе бойынша іргелі монографиялар мен диссертациялық жұмыстар жазылу үстінде. Аталған қозғалысқа майданның қарсы шебінде болған кеңес қайраткерінің көзқарасын ашып беретін құжаттарды жариялаудың да маңызы зор, осыны ескере отырып жинаққа Түркістан АКСР-інің басшыларының бірі, танымал қоғам қайраткері И.Қыдыралиевтің бұрын еш жерде жарияланбаған естелігінен үзінді берілді: «Вооруженное движение в Туркестанском крае против советского режима глазами советского работника (Из личных наблюдений И.Хидыралиева). 15 июня 1923 г.».

Революция мен азамат соғысы жылдарында соғыс пен аштықтың салдарынан кең көлемде жұқпалы аурулардың тарағаны белгілі. Аса ауыр саяси және әлеуметтік-экономикалық дағдарыс жағдайында кеңес үкіметі індетке қарсы күрес мәселесінде алғашқы кезеңде қауқарсыздық танытқанымен де, кейінгі жылдары бел шешіп күреседі. Нәтижесінде Түркістан аумағында ашаршылық пен жұқпалы індет ауыздықталды. Бұл мәселе де Түркістанның түркі-мұсылман коммунистері, әсіресе денсаулық сақтау мәселесін жолға қою міндеті тапсырылған С.Асфендияров шешуші рөл атқарды. Жинаққа денсаулық сақтау, жұқпалы аурулар мен індетке қарсы күрес ісінің қалай өрбігендігін ашып беретін көптеген тың мұрағат құжаттары енгізілді: «Краткий отчет о деятельности Народного комиссариата здравоохранения за период со времени IX съезда Советов Туркестанской Республики. 10 июля 1921 г.», «Докладная записка ТурЦИК во ВЦИК РСФСР о недостатке кадров в сфере здравоохранения в Туркестанской Республике. 12 апреля 1921 г.», «Докладная записка Народного комиссариата здравоохранения в ТурЦИК по вопросам народной медицины в связи с надвигающейся эпидемией сыпного и возвратного тифов. 17 ноября 1919 г.», «Докладная записка Народного комиссариата здравоохранения в организационный отдел ТурЦИК. 21 апреля 1923 г.», «**Доклад Народного комиссара здравоохранения С.Асфендиярова в ТурЦИК об очередных задачах здравоохранения Туркестанской АССР. 1923 г.**».

Жинаққа енгізілген мұрағат құжаттарының келесі тобы – Түркістандағы жер қатынастары мен

жер-су реформасының тарихына қатысты құжаттар болып табылады. Аталған құжаттар патша заманында барынша шиеленіскен жер мәселелерін шешу және көшпелі және жерсіз халықты жерге орналастыру мәселерін тереңірек түсінуге септігін тигізеді: «Краткий обзор о землеустройстве в Туркестанской АССР в 1921-1922 годах подготовленный Н.Жемчужниковым. 1922 г.», «Докладная записка Народного комиссара земледелия Туркестанской республики С.Асфендиарова в Турккомиссию о подготовке кадров для землеустроительных работ. 22 ноября 1920 г.», «Из отчетного доклада Народного комиссариата земледелия I съезду киргизской бедноты Туркестанской Республики. 1921 г.».

Жарияланып отырған тың құжаттардың бір бөлігі – Қазақ АКСР-індегі кеңестік мемлекеттік құрылыстың сипатын, мемлекеттік басқару аппаратына жергілікті халық өкілдерін тарту мәселесін, республиканың экономикалық жағдайын, халықтың әлеуметтік ахуалын көрсететін құжаттар болып табылады: «Из протокола №31 объединенного заседания Облбюро Киробкома РКП (б) с представителями областей. 10 октября 1920 г.», «О порядке исполнения Центральными учреждениями и комиссариатами КССР декретов Центральной советской власти РСФСР от 16. XI. 20 г. Протокол №36. 16 ноября 1920 г.», «Из протокола 14-заседания 1-ой сессии КазЦИК 1-го созыва. 13 февраля 1921 г.», «Резолюция 1-ой сессии КЦИК 1-го созыва по докладу тов. Садвокасова «О подготовке новые кадры местных работников». 13 февраля 1921 г.», «Письмо С.Мендешева в Бюро Киркрайкома РКП (б). 9 апреля 1925 г.», «Из протокола № 20 / с заседания бюро Киркрайкома РКП (б). 7 апреля 1925 г.», «Из отчета Президиума Казахского Центрального Исполнительного Комитета о работе за время с 5-го Всеказахского съезда Советов до 3-ей сессии КазЦИК 5-го созыва. Между 3-8 декабря 1926 г.», «Письмо И.Мустамбаева И.В. Сталину. 9 ноября 1926 г.», «Заявление члена ЦИК СССР И.Мустамбаева секретарю ЦК ВКП (б) В.Молотову. 29 декабря 1926 г.», «Из доклада Председателя Совнаркома КАССР У.Исаева «Народно-хозяйственный план Казахстана на 1936 год» на III сессии КазЦИК 9-го созыва. 19 марта 1936 г.», «Из стенографического отчета V сессии КазЦИК-а IX созыва. 26 июня 1937 г.

Жинаққа қазақ жерлерінің біртұтас республикаға біріктірілу процесін көрсететін құжаттар мен патша заманында қоныс аударып келген келімсектер үшін Мәскеудің Қазақстан мен Қырғызстан аймағынан ерекше әкімшілік аудан құрмақ болған жымысқы әрекетін әшкерелейтін мұрағат құжаттары да беріліп отыр: «Доклад члена КирЦИК С.Д. Сергеева «О присоединении Акмолинской и Семипалатинской областей к территории КССР» на I сессии КЦИК 1-го созыва. 5 февраля 1921 г.», «Доклад М.Серафимова в Президиум ВЦИК «О выделении русских районов Джетысуйской губернии КССР и КАО в самостоятельную административную единицу». 4 июня 1926 г.».

Ғылыми айналымға шығарылған тарихи құжаттардың бір бөлігі – Қазақ АКСР-інде сауатсыздықты жою, жалпыға ортақ білім беру жүйесін қалыптастыру, кітап басу ісін жолға қою мәселелеріне қатысты құжаттар болып табылады: «Резолюция 1-ой сессии КЦИК 1-го созыва по докладу Наркомпроса А.Байтурсынова. 12 февраля 1921 г.», «Объяснительная записка к вопросу о книгах стихов Джумабаева. Между 7 февраля и 8 мая 1924 г.».

XX ғасырдың 20 жылдарының екінші жартысы мен 30 жылдардың басы қазақ халқы үшін аса қасіретті жылдары болғаны белгілі. «Халықтар көсемі» И.В. Сталиннің Қазақстанды жеке-дара билеп-төстеуге жіберген жандайшабы – Ф.И. Голощекиннің «Кіші қазан» саясатынан мың жылдық тарихы бар іргелі халық адам айтқысыз қырғынға ұшырап, жер бетінен жойылып кетуге шақ қалды. Әрине, тәуелсіздік жылдарында бұл қасірет жан-жақты зерттелінді, оған осы салада қалам тартып жүрген көрнекті тарихшымыз Т.Омарбековтың туындылары дәлел бола алады [45]. Десек те, голощекиндік қырғынның бар қыры толық аша түсуіміз. Сондықтан да, жинақта Қазақстанда сталиндік-голощекиндік биліктің ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, мал-мүлікті тәркілеу, көшпелі малшыларды зорлықпен отырықшылыққа көшіру, ауылды кеңестендіру саясатының қазақ халқы үшін қаншалықты апатты болғандығын көрсететін мұрағат құжаттары қамтылды: «Опись бумаг в секретном деле № 424/с 1928 года о выселении 26 хозяйств из Каркаралинского округа», «Из протокола №37 заседания Комиссии по устройству откочевщиков при Алматинского облисполкоме. 22 декабря 1933 г.», «Из протокола №133 заседания секретариата Алма-Атинского обкома ВКП (б). 10-13 сентября 1933 г.», «Из протокола №169 заседания секретариата Алма-Атинского обкома ВКП (б). 7 декабря 1933 г.», «Докладная записка секретаря Аксуйского райкома ВКП (б) Н.Умурзакова секретарю Алма-Атинского областного комитета ВКП (б) А.Киселеву. Конец октября 1934 г.» және т.б.

Жинаққа аталған кезеңдегі процестердің бел ортасында болған жекелеген қайраткерлердің өз көздерімен көрген саяси оқиғалар жайлы, кеңес және партия құрылысы туралы жазған есепті баяндамалары мен естеліктері, қазақ қоғамындағы топшылдық пен жікшілдік туралы пайымдары, өмірбаяндық жазбалары енгізілді: «Из политписьмо ответственного секретаря Оргбюро Киркрайкома Туркобласти и Сырдарьинского губкома РКП (б) тов. Каучуковского секретарю ЦК РКП (б). 10 июля 1925 г.», «Доклад члена Президиума Краевой Контрольной комиссии тов. Озола в Президиум Казахской Контрольной комиссии. 18 июля 1925 г.», «Из протокола №52 заседания Секретариата Киркрайкома РКП (б) о тов. Сарымулдаева. 16 августа 1925 г.», «Коллективное письмо студентов-казахов высших учебных заведений города Ташкента И.В. Сталину о политической ситуации в Казахстане. 14 сентября 1925 г.», «Отзыв о работе тов. Нурмакова по должности Наркомюста КССР. 24 мая 1926 г.», «С.Асфендияров. К истории партии в Казахстане. 1928 г.», «Заявление Асфендияра Кенжина [28] в тройку Центральной Контрольной комиссии ВКП (б) в связи с чисткой членов партии. 13 июня 1929 г.», «Заявление сотрудника Обкома ВКП (б) Нусупбекова Акая секретарю Алма-Атинского Обкома ВКП (б) тов. Киселеву А.Д. 15 октября 1934 г.», «Краткое жизнеописание члена РКП (б) с 1920 г., партбилет № 0909657, Сарумова Мушега Нарсесовича. 19 января 1936 г.».

Құжаттар жазылу уақыты, көлемі, сипаты, мазмұны жағынан әр түрлі. Құжаттардың дені орыс тілінде. Негізгі құжаттар Ресейдің әлеуметтік-саяси тарихының мемлекеттік мұрағатының (Российский Государственный архив социально-политической истории), Ресей Федерациясының мемлекеттік мұрағатының (Государственный архив Российской Федерации), Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының, Өзбекстан Республикасы Президенті аппаратының мұрағатының, Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатының, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының түрліше қорларынан алынды. Қай құжаттың қай мұрағаттан алынғаны, қордың, тізімнің, істің, парақтардың рет саны, сондай-ақ құжаттың сипаты мен мәліметтері (түп нұсқа, көшірме, машинкаға басылған, қолжазба және т.б.) әр құжаттың соңында берілді.

Жинақтың соңында құжаттарда кездесетін кісі есімдері мен тарихи оқиғаларға ғылыми анықтама берілген. Ғылыми анықтама жарық көрген ғылыми басылымдар мен интернет сайттарының мәліметтеріне сүйеніп жасалды.

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі дамуы мен қалыптасуының стратегиясы. – Алматы, 1992; Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Өнер, 1996. – 272 б.; Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.; Сындарлы он жыл. – Алматы: Атамұра, 2003. – 240 б.; Бейбітшілік кіндігі. – Астана, 2005.

2. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы / Қазақ тарихы, 2004. – №2. – 35-42 б.; Самашев З. Мәдени мұралар институты ашылса / Қазақ тарихы, 2004. – №2. – 43-45 б.; Есмағамбетов К. Әлемдік өркениеттің алтын көпірі / Қазақ тарихы, 2004. – №3. – 3-11 б.; Қазақстанның мәдени мұрасы: жаңалықтары, мәселелері, болашағы: Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. 19 қазан 2005 ж. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2005. – 964 б.; История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Том 10: История Отечества в судьбах его граждан: сборник автобиографий. 1922-1960 годы. / Институт истории и этнологии им. Ч.Валиханова. / Сост.: Грибанова Е.М., Зулкашева А.С. (отв.), Кангужиева Р.К., Чиликова Е.В. Науч. ред. Алдажуманов К.С. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 568 с. + 16 с. вкл.

3. Аграрная история Казахстана (конец XIX – начало XX в.). Сборник документов и материалов / Автор-составитель Малтусанов С.Н. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 1240 с.

4. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. 1 том. Сәуір 1901 жыл – желтоқсан 1917 жыл. – Алматы: Алаш, 2004. – 552 б.; 2 том. Желтоқсан 1917 ж. – мамыр 1920 ж. – Алматы: Алаш, 2004. – 496 б.; 3 том. 1 кітап. Сәуір 1920-1928 жж. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – 304 бет; 3 том. 2 кітап. Қаңтар 1929 – шілде 1938 жж. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – 344 б.; 4 том. Алаш қозғалысы. Мәселенің зерттелу тарихынан. 1918-2007 жж. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. – 472 б.

5. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы (т.ғ.д., профессор М.Қойгелдиевтің жетекшілігімен): 2 том. Жетісу – Ыстықкөл қасіреті: 1916-1920 жж. Құжаттар мен материалдар жинағы. / Жауапты құрастырушылар: Тілеубаев Ш.Б., Оразов Р.Е. – Астана: Ел-шежіре, «Астана полиграфия» АҚ, 2007. – 352 б.; 3 том. Орта Азия – Қазақстан: 1916 жыл. Құжаттар мен материалдар жинағы. Жауапты құрастырушылар: Тілеубаев Ш.Б., Оразов Р.Е. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – 352 б.; 11 том. Жетісу. 1916 жыл. Құжаттар мен материалдар жинағы. / Жауапты құрастырушы: Тілеубаев Ш.Б. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. – 311 б.; Қағарлы 1916 жыл: (Құжаттар мен материалдар жинағы) – Грозный 1916-й год: (Сборник докумен-

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №1 (32), 2012 ж.
тов и материалов). В 2-х томах. Том 1. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 423 б.; Том 2. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 247 б.

6. Россия и Центральная Азия. 1905-1925 гг. Сборник документов. / Автор-сост. д.и.н., профессор Аманжолова Д.А. – Караганды: Издательство КарГУ, 2005. – 495 с.

7. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы (т.ғ.д., профессор М.Қойгелдиевтің жетекшілігімен): 4 том. Қазақ съездері. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1917 ж. – желтоқсан 1919 ж. Казахские съезды. Сборник документов и материалов. Апрель 1917 г. – декабрь 1919 г. / Жауапты құрастырушы: Илиясова Қ.М. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – 352 б.

8. Агзамходжаев С.С. Туркестан Мухторияти: Миллий – демократик давлатчилик қурилиши тажрибаси. – Тошкент, 2000. – 168 б.; Агзамходжаев С.С. История Туркестанской Автономии (Тукестон Мухторияти). – Ташкент, Изд.- полигр. объединение «Тошкент ислом университети», 2006. – 268 с.

9. Туркестан в начале XX века: К истории истоков национальной независимости / Коллектив авт.: Абдуллаев Р., Агзамходжаев С., Алимов И. и др. – Т.: Шарк, 2000. – 672 с.

10. Протоколы Революционного комитета по управлению Казахским краем (1919-1920 гг.). – Алматы: Ғылым, 1993. – 277 с.

11. Рысқұлов Т. Шығармаларының толық жинағы. Том 1. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 392 бет; Том 2. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 368 б.

12. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы (т.ғ.д., профессор М.Қойгелдиевтің жетекшілігімен): 8 том. Ұлығ Туркістан. / Жауапты құрастырушы Қыдырәлі Д. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. – 268 б.; 10 том. Тұтас Туркістан. / Жауапты құрастырушы Қыдырәлі Д. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. – 336 б.

13. Қазбек М., Маймақов Ф. Құпия кеңестер. – Алматы: Санат, 1999. – 336 бет.

14. Турар Рыскулов – Заместитель Председателя Совета Народных Комиссаров РСФСР. Председатель Комитета Содействия по постройке Туркестано-Сибирской железной дороги. Сборник документов. – Алматы: 2007. – 312 с.

15. Қазақ қалай аштыққа ұшырады (Қасіретті жылдар хаттары). Голод в Казахской степи (Письма тревоги и боли). – Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 207 б. (Иогансена В. – Салховой О. – Семенова П. – Ткаченко – Флаонтова А. Президиуму ЦИК от 1 фев. 1931 г.; Дүйсенбаева Н. Калинин М. от 10 фев. 1932 г.; Дворниковой М. Калинин М. от фев. 1932 г.; Исаева У. – Орынбаева М. в СНК СССР от 11 мая 1932 г.; Мусрепова Г. – Гатауллина М. – Давлетгалиева М. – Алтынбекова Е. – К.Қуанышева Ф. Голощекину от 4 июля 1932 г.; Исаева У.И. Сталину от авг. 1932 г.; Т.Рыскулова И. Сталину от 29 сен. 1932 г.; Т.Рыскулова Л. Мирзояну от 11 марта 1933 г.; Т.Рыскулова И. Сталину от 9 марта 1933 г.; Л. Мирзояна И. Сталину и В. Молотову от 29 марта 1933 г.; Т.Рыскулова Л. Мирзояну от 9 сент. 1933 г.).

16. Языковая политика в Казахстане (1921-1990): Сборник документов. / Сост. Айбасова М.К., Иманжанова Р.К., Исахан Г.Т., Кабдушев Б.Ж.; председатель Хасанов М. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 325 с.

17. Красный террор: политическая история Казахстана (Сборник документальных материалов политических репрессий 20-50-х годов XX века). Сост.: Койгелдиев М.К., Полулях В.И., Тлеубаев Ш.Б. – Алматы: ТОО «Типография оперативной печати», 2008. – 307 с.

18. Қазақстанның қазіргі заман тарихы бойынша хрестоматия (1917-1939). 1 том. Ред. бас. проф. Қаражанов Қ.С. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 334 б.

19. Әлихан Нұрмағамбетұлы Бөкейхан. Шығармаларының 7 томдық толық жинағы. ППС в 7 томах. 1 том. Монографиялар, ғылыми ізденістер, мақалалар, әдеби аудармалар). 1889-1903. Омбы-Қарқаралы-С.-Петербург-Омбы. Құрастырушы: Жүсіп Сұлтанхан Аққұлұлы. – Астана: «Сарыарқа» баспа үйі, 2009. – 564 б.; 2 том. Монографиялар, ғылыми ізденістер, мақалалар, әдеби аудармалар). 1904-1906. Омбы-Қарқаралы-С.-Петербург-Омбы. Құрастырушы: Жүсіп Сұлтанхан Аққұлұлы. – Астана: «Сарыарқа» баспа үйі, 2009. – 566 б.

20. Байтұрсынов А. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. 2-том. 3-том. Тіл-құралы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатынасты еңбектері). – Алматы: Алаш, 2005. – 352 б.; 4-том. Әліппелер мен мақалалар жинағы (Төте жазудағы тұңғыш әліппелер және ұлттық баспасөздің негізін қалаған көсем сөздер). – Алматы: Алаш, 2006. – 320 б.; 5-том. Ер Сайын. 23 жоқтау. Мақалалар. – Алматы: Алаш, 2006. – 288 б.

21. Дулатұлы М. Бес томдық шығармалар жинағы. 1 том: Өлеңдер, роман, пьеса, әңгімелер / Құрастырушылар: Дулатова Г., Иманбаева С. – Алматы: Мектеп, 2002. – 368 б.;

2 том: Көсемсөз, әдеби-сын және зерттеу мақалалары / Құрастырушылар: Дулатова Г., Иманбаева С. – Алматы: Мектеп, 2003. – 392 б.; 3 том: Көсемсөз, әдеби-сын және зерттеу мақалалары, қазақ тілінде

- Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Исторические и социально-политические науки», № 1 (32), 2012 г.*
басылган кітаптар көрсеткіштері / Құрастырушылар: Дулатова Г., Иманбаева С. – Алматы: Мектеп, 2003. – 400 б.; 4 том: Ағартушылық бағыттағы еңбектері мен оқу құралдары / Құрастырушылар: Дулатова Г., Иманбаева С. – Алматы: Мектеп, 2003. – 344 б.; 5 том: Аудармалар, естеліктер, құжаттар мен деректер / Құрастырушылар: Дулатова Г., Иманбаева С. – Алматы: Мектеп, 2004. – 616 б.
22. Шоқай М. Таңдамалы. Т.1. – Алматы: Қайнар, 1998. – 512 б.; Т.2. – Алматы: Қайнар, 1999. – 520 б.; Мұстафа Шоқай. Эпистолярлық мұрасы. 2 томдық. – Алматы: «Сага» баспасы, 2010. Т.1. Т.2.
23. Ағартушы Халел. Жинақ (Құрастырушы Ғ.Қабдолқайырұлы). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 272 б.; Досмұхаммедұлы Х. Таңдамалы. / Құрастырған Ғарифолла Әнес. 2-басылым. – Алматы: Өлке, 2003. – 240 б.
24. Жұмбабаев М. Шығармалар (3 томдық). 1 том. – Алматы: Білім, 1995. – 256 б.; 2-3 том. – Алматы: Білім, 1995. – 512 б.
25. Аманжолова Д.А., Рыскулов В.В. Председатель западного отделения Алаш-Орды Д.Досмухамедова и судьбы казахской интеллигенции в годы сталинских репрессий / [www.kyrgyz.ru / page =194](http://www.kyrgyz.ru/page=194) Апрель 2004.
26. Тынышпаев М. Политические выступления, научные труды, документы. Составители: Шейх-Али (Тынышпаев) Давлет Мухамеджанович, Шейх-Али (Тынышпаев) Аскар Давлетович. – Алматы: Қазақстан, 2009. – 312 с.
27. Рысқұлов Т. Шығармаларының толық жинағы. Полное собрание сочинений. Том 1. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 392 б; Том 2. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 368 б; Том 3. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 360 б; Том 4. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 368 б; Том 5. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 360 б.
28. Садуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1 том. Танымдық зерттеулер, мақалалар. Құрастырып, алғысөзі мен түсініктерін жазған Д.Қамзабекұлы. – Алматы: Алаш, 2003. – 352 б; 2 том. Танымдық зерттеулер, мақалалар. Құрастырып, алғысөзі мен түсініктерін жазған Д.Қамзабекұлы. – Алматы: Алаш, 2003. – 360 б.
29. Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. Том 1. Көп томдық шығармалар жинағы. Тар жол тайғақ кешу. – Алматы: Қазығұрт баспасы, 2004. – 456 б.; Том 2. Өлеңдер. – Алматы: Қазығұрт баспасы, 2004. – 392 б.; Том 3. Баллада. Толғаулар. Дастан. Поэмалар. – Алматы: Қазығұрт баспасы, 2004. – 400 б.; Том 4. Повестер. – Алматы: Қазығұрт баспасы, 2005. – 448 б.; Том 5. Әңгімелер. Публицистика. – Алматы: Қазығұрт баспасы, 2005. – 368 б.; Том 6. Ғылыми-зерттеу және сын мақалалар. – Алматы: Қазығұрт баспасы, 2006. – 392 б.; Том 7. Оқу құралы. – Алматы: Қазығұрт баспасы, 2007. – 416 б.
30. Қожанов С. Шығармалары. / Құрастырып, кіріспесі мен соңғы сөзін жазған проф. А.Шәріп. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 352 бет.
31. Төрқұлов Н. Шығармаларының көп томдық жинағы. 1 том. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Ел-шежіре, ҚКҚ, 2007. - 256 бет; 2 том. Доклады, выступления, письма. – Алматы: Ел-шежіре, ҚКҚ, 2007. - 240 бет; 3 том. Баяндамалар, естеліктер, зерттеулер. – Алматы: Ел-шежіре, ҚКҚ, 2007. - 288 бет; 4 том. Материалы и документы. – Алматы: Ел-шежіре, ҚКҚ, 2007. - 256 бет.
32. Әуезов және архив (Құрастырғандар: Зияда Ижанов, Ғазиза Исахан, Мәрия Сандыбаева, Жанар Сатаева). – Алматы: Атамұра, 1997. - 130 б.
33. Асфендиаров С.Д. История Казахстана (С древнейших времен). 2-е изд. – Алматы: Санат, 1998. – 304 с.
34. Болганбаев Х. Шығармалары. Тағылымы / Құрастырып, түсініктерді жазған Д.Қамзабекұлы. – Астана, 2005.
35. Джандосов У. Документы и публицистика (1918-1937 гг.). В 2-х томах. Т.1. – Алматы: ТОО «Издательский дом «Қазақстан», 1999. – 400 с.; Т.2. – Алматы: ТОО «Издательский дом «Қазақстан», 1999. – 304 с.
36. Төгісов К. Шығармалар жинағы. Құрастырған, алғысөзін жазған: т.ғ.к. С.О.Смағұлова. – Алматы: Алаш, 2003. – 356 + 8 бет суретті жапсырма.
37. Жансугиров И. Документы, письма, дневники (1920-1964 гг.). В 2-х частях. – Алматы: «Уш Киян», 2006. - 592 с.
38. Ғани Мұратбаев. Құрастырған: Л.Қапашев пен Д.Махранов. – Алматы: Арыс, 2002. – 304 б.
39. Әшір Бүркітбаев. Құжаттары мен көсемсөздері. Күндерегі. Документы и публицистика. Биохроника. Құрастырушылар: С.Қ.Шілдебай (жауапты), А.Б.Ордаханова, Т.А.Замзаева. – Алматы: ҚАЗҰТУ ҒТБО, 2009. – 283 б. + 12 бет суретті жапсырма.
40. Арабаев Ишанали. Туулған күнүнүн 110 жыл жылдығына арналған жыйнақ. – Бишкек: Илим, 1993; Заки Валиди Тоган. Воспоминания. Борьба народов Туркестана и других восточных мусульман - тюрок за национальное бытие и сохранение культуры. Кн.1. Уфа: Китап, 1994. – 409 с.; Кн. 2. Уфа: Китап, 1998. – 368 с.; Заки Валиди Тоган. Не сочтите за пророчество: (Письма, обращения, выступления). / Сост. А.Юлдашбаев. – Уфа: Китап, 1998. – 192 с.; Султанбеков Б.Ф., Шарафутдинов Д.Р. Неизвестный Султан-Галиев: рассекреченные документы и материалы. – Казань: Татар. кн. изд-во, 2002. – 459 с.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №1 (32), 2012 ж.

41. *Жизнь и деятельность представителей казахской национальной интеллигенции в Туркестане (Сборник документов и материалов в двух частях). / Составители: Тилеукулов С., Голованов А.А., Оразымбетов Ш., Тилеукулов Г.С., Косанбаев С., Тилеукулова Г.С.). В 2-х частях. 1. Ч. Шымкент: 2004. - 177 с.; 2. Ч. Шымкент: 2004. - 277 с.*

42. РГАСПИ. Ф. 17. Оп. 163. Д. 74. Л. 29. / Из речи Т. Рыскулова на объединенном заседании Центрального бюро коммунистических организаций Востока, Киргизского, Башкирского и Туркестанского представительства и от Турецкой делегации по вопросу о политике РКП (б) на Востоке (июнь 1920 г.):

«В Туркестане, Башкирии и Киргизии октябрьской революции не было. Русские взяли власть, и этим все кончилось; вместо какого-нибудь губернатора сидит рабочий, и только.

Невозможно освободить Восток Красной Армией, а возможно только через бедняков, населяющих Туркестан, Башкирию и Киргизию, конкретного иного выхода нет. Русских колонизаторов и русскую Красную Армию нужно отправить обратно в Россию. Если мы говорим о Республках, то пока эти республики остаются только на бумаге.

Советская власть должна поддерживать национальное движение, передав всю инициативу революционизирования восточным пролетариям, в чем нет ничего национального. Для освобождения Востока и тем самым Мировой Социальной Революции необходимо немедленно: 1) отозвать из восточных республик русских шовинистов-колонизаторов; 2) организовать мусульманские партийные организации в Туркестане и на Кавказе; 3) формировать для Востока Красную Армию исключительно из мусульман; 4) созвать съезд коммунистов-мусульман не в Москве, а в Баку или Ташкенте».

43. *Buttino Marco. La rivoluzione capovolta (Lasia centrale tva il crollo dell'impero zarista e la formazione dell'URSS. - Lancora del mediterraneo, 2003. - 488 p.; Буттино Марко. Революция наоборот. Средняя Азия между падением царской империи и образованием СССР / Перевод с итальянского Николая Охотина. - М.: Звенья, 2007. - 447 с.*

44. *Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов: қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. - Алматы: Қазақстан, 1994. - 448 б.*

45. *Омарбеков Т. Зобалаң (Күшпен ұжымдастыруға қарсылық. 1929-1931 жылдары болған халық наразылығы). - Алматы: Санат, 1994. - 272 б., Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: көмекші оқу құралы. - Алматы: Санат, 1997. - 320 с., Омарбеков Т. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. Көмекші оқу құралы. - Алматы: Өнер, 2003. - 552 бет.*

Резюме

В статье речь идет о программе «Культурное наследие», которая оказала большое влияние на возрождение духовной жизни Казахстана. Благодаря этой программе в страну возвратились тысячи исторических рукописей и документов. В рамках этой программы по инициативе ректора КазНПУ имени Абая академика С.Ж. Пралиева был открыт Центр «Тулгатану» (Центр по изучению личностей) имени А.Байтурсынова. Одной из основных задач Центра является выпуск сборников ранее не опубликованных документов. В статье подвергнуто разностороннему анализу содержание выпущенной Центром хрестоматии «Новейшая история Казахстана. Неопубликованные документы и источники. 1917-1937 гг.».

Summary

In article it is a question of the program «Cultural heritage» which has rendered a great influence on revival of spiritual life of Kazakhstan. Thanks to this program in the country thousand historical manuscripts and documents have come back. Within the limits of this program at the initiative of rector of KazNPU named after Abai of academician S.J. Praliev the Center «Tulgatanu» (The Center on studying of persons) named after A.Baitursynov has been opened. One of the primary goals of the Center is release of collections of the earlier not published documents. In article the maintenance let out by the Center readers «Contemporary history of Kazakhstan is subjected the versatile analysis. The neopublished documents and sources. 1917-1937».

**ҚАЗАҚ ТАРИХЫ ОРЫС ЗЕРТТЕУШІЛЕРІ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ
(ОҒМК мүшелері еңбектеріне тарихнамалық талдау)**

Ұ.Т. Ахметова – т.ғ.д., *М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті*

Қазақ халқының тарихын мұрағатқа жинақтауда Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы тарихымызда айтарлықтай істер тындырды. Оның сіңірген еңбегінің өзі тек қана мұрағат ісін ұйымдастырып, жинақтап, қалыптастыруда ғана емес, сонымен бірге қазақ халқына қатысты мындаған құжаттарды реттеп, бізге жеткізуімен айқын көрінеді. Сондықтан да, Комиссия мұрасы өзі құрылған күннен бастап зерттеліп, ғылыми айналысқа енді. Алдымен, Комиссияда еңбек етіп, қолда бар құжаттарды пайдаланып, тікелей қазақ тарихына қатысты мекеме атынан сүбелі еңбектер шығарған А.Е. Алекторов, И.И. Крафт, В.Н. Витевский, А.И. Добросмыслов, П.С. Словохотов, П.И. Столпянский және өзге де комиссия мүшелерін атап өтуіміз қажет. Олар комиссия мүшелері бола жүріп, XVIII-XIX ғасырлар арасындағы қазақ-орыс қатынасына назар аударды. Зерттеушілер еңбектерінде орыс үкіметінің әлеуметтік-экономикалық, саяси, рухани бағыттарындағы жетістіктері баса көрсетіліп, алдағы мақсаттары, өзге де мәселелері қамтылды.

Александр Ефремович Алекторов (1861-1919) – Орынбор өлкесі мен Қазақстан тарихы мен этнографиясына қатысты бірнеше еңбектер авторы. 1880 жылдардың соңында Бөкей ордасында училище инспекторы бола жүріп, метариалдар жинақтай бастады. Орынбор және Астрахан Ғылыми мұрағаттық комиссиясының мүшесі болып, «Оренбургский листок», «Оренбургский край», «Тургайская газета» т.б. басылымдармен байланыс жасады. 1882 жылы «Орынбор губерниясының тарихы» еңбегін жариялады. Бұл еңбек өлке тарихына П.И. Рычковтың атақты еңбегінен кейінгі екінші зерттеу болатын. Тарихшы Ю.С. Зобов 108 беттік А.Е. Алекторов зерттеуіне оң баға бере отырып, еңбектің асығыс жазылғанын, хронологиялық шеңберінің Геродоттан басталып, XIX ғасырдың 70 жылдарына дейінгі аралықты қамтып, шашыраңқы дайындалғанын орынды сынға алды [1, с. 97]. А.Е. Алекторов Орынбор тарихын И.К. Кириловтан бастап, барлық басшыларының қоғамдық-саяси қызметіне өзіндік бағаларын берді. Кейін оның қаламынан 1885 жылы «Орынбор губерниясының очеркі», 1886 жылы тарихи «Қазақтар» очеркі, 1900 жылы «Торғай облысының халық оқу ағарту саласының очеркі» т.б. еңбектері жарияланды. Ғалым XIX ғасырдың 80 жылдар аяғында қазақтар тарихына шындап ден қойып, оны зерттеушілер мақалаларын назардан тыс қалдырмады. Кезінде ол В.Н. Витевский мен А.Харузиннің де еңбектерін сынға алды [1, с. 99]. Міне, осы еңбектерін ескере отырып, мұрағаттық комиссия ашылғаннан кейін көп ұзамай оны 1889 жылы 5 қазанда мүше ретінде қабылдады. А.Е. Алекторовтың қазақ этнографиясына, фольклорына арнаған мақалалары жетерлік. Мәселен, 1893 жылы «Астраханский вестникте» жарық көрген «Қазақтардың халық ауыз әдебиеті» мақаласында халқымыздың мекендеп жатқан аумағына сипаттама беріп, қазақтар 2,5 миллиондай деген тоқтамға келеді [2, с. 421-426]. А.Е. Алекторовтың қаламынан туындаған еңбектер тұтастай Ресей империясына тарады [2]. Мұның өзі қазақ туралы әлемдік ойдың қалыптасуына ықпал еткені сөзсіз.

Комиссияда 1895 жылдан қызмет жасап, еңбектерін қалдырған Иван Иванович Крафт (1859-1914) болды. Ол Орынборға 1889 жылы Торғай облысына губернатор ретінде Я.Ф. Барабаш тағайындалғанда, онымен бірге келген. И.И. Крафт Торғай облысындағы өзге халықтар мәселесімен шұғылдана бастады. Осында жүріп Археология институтын сырттай бітіріп, қазақтар тарихына ден қойды. Қазақтар тілін меңгерген ол «Тургайская газетаны» да басқарды. Содан 1898 жылы Санкт-Петербургке қызметке ауысқанға дейін Мұрағаттық комиссия материалдарын пайдалана отырып, Ресейдің Азияға жылжу бағыттарын саралады. Соның ішінде II Екатеринаның, I Павел патшалардың Жарлықтарын жинақтады [3]. Еңбекте қазақ-орыс қатынастарындағы күрделі мәселелер, қазақ хандары, сұлтандары, би-батырлары туралы материалдар көптеп кездеседі.

Владимир Николаевич Витевскийдің (1845-1906) Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиядағы қызметі ерекше. Оның Орынбор өлкесі тарихын жазып, өлкетану ғылымын қалыптастырудағы рөлін сол заманда-ақ Мұрағаттық комиссия жоғары бағалады. В.Н. Витевский 1870 жылы Қазан университетінің тарих-филология факультетін бітіріп, «Ғылым кандидаты» атағымен Орал қаласындағы әскери гимназияға келді. Міне, осында жүріп, жергілікті мұрағатта жұмыс жасап, И.И. Неплюевтің өмірі мен қызметін зерттеуге бағыт алды. 1874 жылы Қазанға жұмысқа ауысқанымен Орынбор өлкесі тарихына қызығушылығын тоқтатпады. Соның түпкі нәтижесі ретінде 1889 жылы И.И. Неплюевке арнаған еңбегі басыла бастады. Бірінші басылымы 1889 жылы, екін-

шісі 1890 жылы, үшіншісі 1891 жылы, төртіншісі 1895 жылы, бесіншісі 1897 жылы оқырманға жетті [4]. Ал 1898 жылы Орынбор мұрағаттық комиссиясының құрметті мүшелігіне қабылданды. Ғалым И.И. Неплюевтің Орынбор өлкесіндегі қызметін асыра бағалап, I Петрдің Азияға жол ашу саясатын толық жүзеге асырды деген қорытындыға келді. Монографияны жазу барысында ол Орынбор мұрағатынан көптеген материалдар алдырды және қазақтар туралы мұрағат деректерін алғашқы пайдаланғандар қатарында да болды. Дегенмен, зерттеушінің қазақтар ханы Әбілқайыр мен И.И. Неплюевтің арақатынасының шиеленісуі себебін түсіндіре алмағандығын баса көрсетеміз. Жұмыста XVIII ғасырдың I жартысындағы саяси мәселелер біржақты Ресей мүддесі тұрғысынан зерттелгені бүгінде белгілі.

Орынбор Мұрағаттық комиссиясының белсенді мүшелерінің бірі Александр Иванович Добросмыслов (1854-1915) болатын. Ол Комиссияға мүше болып 1895 жылы сайланды. Алдымен Торғай облысында мал дәрігері болған А.И. Добросмыслов, кейін шаруалар басшысы лауазымына дейін көтерілді. Қызметте жүріп-ақ зерттеуші қолда бар материалдарын «Оренбургские губернские ведомости», «Оренбургский листок», «Оренбургский край», «Тургайские областные ведомости», «Тургайская газетаға», Комиссия басылымы «Еңбектерде» жариялады. Оның басты еңбегі 1902 жылы Твер қаласында жарық көрген «Торғай облысы. Тарихи очерк» атты зерттеуі болатын. Еңбегінде ол Торғай облысындағы қазақтардың әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуы мәселелерін, Ресеймен қарым-қатынастарын, салт-дәстүрін саралады [5]. Оның зерттеулерінде мұрағат деректері еш сыни талдаусыз көшірілді деуімізге болады. Оны қазақ-орыс байланысындағы патшалы Ресей дайындаған құжаттар мен орыс шенеуніктері әзірлеген хаттар, хабарламалардың дәлме-дәл көшіріліп жариялануы дәлелдейді.

Қазақтардың қоғамдық-құқықтық қатынастарын зерттеуде Комиссия мүшесі Л.А. Словохотов айтарлықтай істер тындырды. Ол Орынборда 1905 жылы адвокат көмекшісі, сот хатшысы қызметін атқара жүріп, Комиссия «Еңбектерінің» 15-ші басылымына монографиясын жариялады [6]. Автор қазақтың дәстүрлі заңдарын олардың өмірінен толық өшіріп, оны толықтай Ресей үкіметінің билігіне көшіруді ұсынды. Мұның өзі орыс зерттеушісінің Орта Азия бағытындағы Ресей билігін таратуға ашық қызмет жасағанын айғақтайды.

Олармен қатарлас Мұрағаттық комиссияда Петр Николаевич Столпянский (1872-1938) белсенді еңбек етті. Ол 1901 жылы Самараға, содан 1902 жылы Орынборға келді. Міне, осыдан бастап өлке тарихына ден қойды. Ол қалалық басқармада еңбек ете жүріп, 1902 жылы «Орынбор көне тарихы очерктері» мақаласын жариялады. 1903 жылы «Оренбургская газетада» хатшы, 1905 жылы «Оренбургский листок» газеті редакторы қызметін атқарып, орыс басылымының 200 жылдығын атап өту ұсынысын жасады. 1903 жылы 3 қаңтарда Орынбор Комиссиясы оны атап өтті. Онымен сабақтастыра П.Н. Столпянский ОФМК «Еңбектерінің» арнайы 12-ші басылымын дайындап, өлке басылымдары тарихын талдады. 1907 жылы Санкт-Петербургке біржолата кетсе де, Мұрағаттық комиссиямен байланысын үзбей хабарласып тұрды. Зерттеушінің «Орынбор қаласы» атты монографиясы 1908 жылы жарық көрді [7]. Өлкетанушы ретінде П.Н. Столпянский алғашқылардың бірі ретінде Орынбор қаласының тарихына қатысты мұрағаттық құжаттарды жинақтады. Аталған Ғылыми мекеме мүшелері еңбектерін жазу барысында мұрағат құжаттарымен қатар Орынбор кеңсесінде сақталған И.П. Рычков, А.И. Левшин, Л.Мейер т.б. ғылыми ізденістерін пайдаланды.

1734 жылы Орынборға келіп, өмірінің соңына дейін 43 жыл бойы Орынбор кеңсесінде еңбек еткен П.И. Рычков Кіші жүзді отарлау саясатының басты куәгері болатын. Оның қазақ билеушілерімен байланысы, елші-тыңшыларды дайындауы, Орта Азия хандықтары туралы жинақтаған мәліметтері, А.И. Левшиннің халқымыздың тарихын өзінше талдап, ұлтымыздың тұлғалары қызметіне баға беруге талпынысы, Л.Л. Мейердің орыс әскери жорықтарын қолдап, отарлауға белсене қызмет етуі жоғарыдағы Комиссия мүшелері еңбегінде анық көрініс тапты.

П.И. Рычков (1712-1777) қаламынан тақырыбымызға қатысты «Орынбор тарихы», «Орынбор топографиясы» еңбектері жарияланды. Санкт-Петербург академиясының корреспондент-мүшелігіне сайланып, мойындалған оның аталған еңбектері [8] өз заманында-ақ тиісті бағасын алды. Жұмысты жазуда ғалым Орынбор өлкесін аралау кезінде көзімен көрген оқиғаларды, түрлі кездесулерді, жоғары деңгейдегі қазақ-орыс байланыстарын қалыптастырудағы келісімдерді, түрлі елшіліктер есептерін, Орта Азияға жіберілген, олардан келген көпестер хабарларын, Орынбор губерниясы кеңсесінде жинақталған құжаттарды мұқият пайдаланды. «Орынбор Топографиясын-

да-ақ» зерттеудің негізгі мақсаты Азияны тану, оның халықтары туралы бүкіл мәліметтерді жинақтау, сол арқылы Ресейдің отарлау саясатының нәтижелі жүрістеріне жағдай жасау екендігі анықталды.

П.И. Рычков еңбектері Мұрағаттық комиссияның заманында жоғарыда аталған В.Н. Витевский, А.И. Добросмыслов, т.б. ізденістерінің негізгі тірегі болды. Орынборлық тарихшысы Д.А. Сафонов ол турасында «В.Витевский (1889-1897) Рычков еңбектерінің беттеріне сілтеме жасаса...», «А.Добросмыслов (1900) Рычковты пайдаланса», Н.Чернавский (1901-1902) Рычковты және Витевскийді», Н.Модестов (1917) «Кириловқа, Рычковқа және Добросмысловты қарап баға береди» деп бағалады [9, с. 40].

П.И. Рычковтың өмірі мен қызметін Комиссия мүшесі Р.Г. Игнатъев зерттеді. Ол ғалымның мұрасын жоғары бағалап, еңбектерін жүйелеп, оның өмірбаянын жазды. 1871 жылы П.И. Рычков еңбектерін қайта басу мәселесін көтеріп, кейін «Ол (П.И. Рычков – Ұ.А.) заманындағы оқиғалардың куәгері ретінде жазды. Ол өлке басшылары Кирилов, Татищев, Урусов, Соймонов, Неплюев, Давыдов және Волковтармен бірге олардың жүргізген саясатына қатысты» деген қорытындыға келді [8, с. 39-40].

А.И. Левшиннің (1797-1879) Орынбор кеңсесін пайдалана отырып жазған еңбегі де бүгінге дейін Қазақстанды тануға қосылған үлес ретінде насихатталып жүр. Зерттеуші I томда Ресеймен көршілес қазақ елінің географиялық орналасуы, Сырдариямен шектес жерлер туралы айтса, II томда қырғыз-қайсақ халқының тарихына қатысты, III томда этнографиялық, статистикалық мәліметтерді қамтыды [10, 14-15 б]. Бұл материалдар кейін Орынбор өлкесі тарихын, этнографиясын, географиясын зерттеген Мұрағаттық комиссия мүшелері қарап, кейін В.Н. Витевскийдің, А.И. Добросмысловтың, А.Е. Алекторовтардың еңбектерінде ғылыми айналымға енді.

Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссия мүшелерінің қызығушылығын туғызған зерттеулер қатарында әскери тарихшы, статист Л.Л. Мейердің де еңбегі болды [11]. XVIII-XIX ғасырдағы қазақ-орыс қатынасындағы күрделі мәселелерді зерттеушілер Л.Л. Мейер еңбегіне соқпай кетпеді. Орыс ғалымы өз жұмысында Орынбор кеңсесіндегі генерал-майор Генс жазбаларына, ресми ақпараттарға, этнографиялық мұраларға талдау жасады. Ол тіпті қазақтардың өздерін Ресейліктер жазып жүргендей «қырғыз» атамайтындығын қызыға әңгімелей келе, «мұның барлығы, олардың негізгі атауы қазақ екендігін білдіреді, бізде ол өзгеше мағынада анықталғанын ескеріп, оларды орыстардың атағанындай қырғыздар дейміз» деп ой қорытады [12, с. 5-6]. Л.Л. Мейер зерттеуі А.И. Добросмыслов еңбегіндегі Ресейге қарсы қазақтар күресін «қарақшылар», «бүлікшілер» көтерілістері деген қорытындыға негізгі дәлел болғандығы бүгінде белгілі.

Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы жинақтаған материалдары комиссияның құрметті мүшелері В.В. Бартольд, В.В. Радловтың ерекше қызығушылығын туғызды. Әсіресе, В.В. Бартольд Орынбор өлкесінде жүргізілген археологиялық зерттеулерге, оның қорытындыларына назар аударды. Ғалым (1869-1930) Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясына 1904 жылдан құрметті мүше бола жүріп, Орынбор өлкесіне байланысты зерттеулер бағытын айқындауда сүбелі еңбектерімен көпшіліктің алдында болды [13]. 42 жылдық ғылыми қызметі кезеңінде В.В. Бартольд Қазақстан тарихына қатысты 600-ден астам монография, сын пікірлер және мақала, шолулар жазып қалдырды [14, с. 10]. Тарихта В.В. Бартольдтің Комиссия мүшесі И.А. Кастаньемен ғылыми айтысы белгілі. Кейін ғалым Ташкентке жұмысқа ауысқан тұста В.В. Бартольдқа ғылымда бірнеше пікір болатындығын, оның ақиқаты айтыста дәлелденетінін жеткізді [15].

И.А. Кастанье (1875-1958) тегі француз болса да Мұрағаттық комиссия тарихында қажырлы еңбегімен есте қалды. 1901 жылы Кавказдан Орынборға келіп, алдымен, Орынбор реальдық училищесіне орналасса, кейін Орынбор ерлер гимназиясы мен Неплюев кадет корпусына қызметке ауысты. 1902 жылы комиссия мүшелігіне қабылданып, Қазақстанда археологиялық ізденістерге рұқсат алды. Оның қорытындысы ретінде 1910 жылы атақты монографиясы жарияланды [16]. Еңбекте қазақ даласы мен Орынбор өлкесінің тарихы, археологиясы, этнографиясы, фольклоры, сәулет ескерткіштері жөнінде мол мағлұматтар жетерлік. Бұларға қоса обаларға, қорғандарға, қамалдарға, басқа да ескерткіштерге сипаттама берген. Автор аңыз-әңгімелерге де назар аударған. Ғалым өз зерттеулері қорытындыларын Мұрағаттық комиссия «Еңбектерінде» жариялап, онымен көпшілікті таныстырған. Ол еңбегінде «Қазақ даласының көне ескерткіштерін сипаттауда барынша боямай мен бірнеше зерттеушілер еңбектерін келтіре, оларға пікір білдіре, барынша әсірелемей, нақты сол күйінде беруге тырыстым. Көне ескерткіштер туралы анық түсінік болу үшін фотоға түсіріп, суретке салып және басқадай жолдармен ескерткіштер дерегін жинақтадым.

Мен еңбегімді 1911 жылға дейін жаздым», – деп түйіндеді [16, с. 8-9]. Кейін француз ғалымы Мұрағаттық комиссия тарихымен Европаны таныстырды. Соңғы жылдары оның қазақтың біртуар ұлы Мұстафа Шоқаймен де достығы туралы жазыла бастады. Белгілі тарихшы К.Л. Есмағамбетов «Әлем таныған тұлға» атты монографиясында М.Шоқайдың француз ғалымымен жазысқан бірнеше табылған хаттарын жария етті [17]. М.Шоқай ғалымның атақты еңбегі туралы «осы уақытқа дейін біздің елімізді зерттеу мен танып-білуде пайдалы оқу құралы болып келе жатқан еңбегіңіз үшін Сізге ізгі алғысымды білдіремін» десе, И.А. Кастанье: «8 желтоқсанда менің атыма айтылған ізгі сөздеріңіз мені аса толқытты және Орынбор мен Ташкентте 20 жылдай болған кезімдегі көптеген еңбегімнің ізсіз кетпегеніне де өте қуаныштымын», «Сіз айтып отырған кітабымды, басқа да еңбектерімді тарихта алатын орны ерекше батыр түрік-монғол тайпаларына арнадым», – деп ағынан жарылған [18].

XX ғасыр басында, 1907 жылы Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясына құрметті мүше болып сайланған В.В. Радлов (1837-1918) қазақтардың фольклорлық мұраларын елден жинап, Ресейдің көптеген басылымдарына жариялады. Ол Азиялық мұражайдың (1885-1890), антропологиялық және этнографиялық мұражайдың (1894-1918) директоры бола жүріп, Қазақстандағы, Орта Азиядағы этнография ғылымын назарда ұстады [19].

Міне, осындай Ғылыми мұрағаттық комиссиясының қызметі мен сүбелі зерттеулері Қазан төңкерісіне дейін-ақ жан-жақты талқыға түсіп, тарихи зерттеулерге ұласты. Мәселен, Н.Г. Ивановтың, А.П. Граның, И.С. Шукшинцевтің [20] есептері Орынбор Комиссиясындағы жұмыстардың барысын сараласа, А.С. Лаппо-Данилевский, Д.Я. Самоквасовтар [21] Ресейдегі Мұрағаттық комиссияға өзіндік пікірлерін білдірді.

1897 жылы комиссияның 10 жылдық тарихына талдау жасаған И.С. Шукшинцев жүзмыңдаған құжатты саралап, оны сақтау үшін істелген қадамдарды атап өтіп, бәрінен маңыздысы ендігі жағдайда тарихи мұрағатты қалыптастыру екендігін баса айтады. Ғалым оның басты мақсаты «Комиссия өлкеге байланысты барлық деректер мен ғылыми әдебиеттер орталығы ретінде және тарих ғылымы арқылы патриоттық сезімді оятады» деп анықтады [22]. И.С. Шукшинцев Комиссия басылымы «Еңбектері» арқылы Орынбор өлкесіндегі жұмысшы, шаруа қозғалыстарына, археологиялық ізденістерге көңіл бөлді. Мәселен, 1899 жылы 8 ақпанда Комиссия отырысында өлкенің археологиялық картасын жасау қажеттігін алғаш рет арнайы көтерді. Орынбор Комиссиясының Орынбор өлкесі бойынша жасаған алғашқы археологиялық картасы осы Торғай облысының Қостанай уезінің археологиялық картасы болды. Мұрағаттық комиссияның жинаған мәліметтері толық болмаса да, осы бір уездің өзінде 7000 көне қорғандар мен молалар картаға түскен. Бұл картаны толықтырып, қайта басуға комиссияның қаражатының мүмкіндігі болмаған, дейтұрғанмен, бұл картаны жасауда өлкенің көне тарихын зерттеуде біраз ғылыми археологиялық материалдар жинақталғанын байқауымызға болады [23, 72 сыртқы п.].

Ал Д.Я. Самоквасов Мұрағаттық комиссия қызметіне көңілі толмай, керісінше, олардың жұмыстарын қатаң сынға алып, Ресейдегі барлық мұрағат істерін қайта реформалауды ұсынды. Мұрағат ісіне жетік мамандардың жоқтығын алға тартқан ол істі үкіметке тапсырып, арнайы Орталық мұрағаттық басқарма және 90 Орталық губерниялық үкіметтік мұрағаттар құру қажеттігін баса назарға ұсынды [24]. Д.Я. Самоквасовтың «Ресейдің мұрағат ісі» еңбегі 1902 жылы 18 тамызда Харьков қаласында Археология институты директоры мен 22 губерниялық Ғылыми комиссия өкілдерінің қатысуымен талқыға түсті. Д.Я. Самоквасов пікірлері қатаң сынға алынып, авторға байланысты «еш негізсіз айтылған пікір», «Комиссиялар мұрағатты сақтап қалды», «ол Санкт-Петербургтегі Археологиялық институт жұмысымен және мұрағаттың комиссиялар қызметімен, оның «Еңбектерімен» мүлдем таныс емес» деген қорытынды пікірлер білдірді. Орынбор Мұрағаттық комиссиясы да 1902 жылы 21 қыркүйекте өз отырысында Д.Я. Самоквасов еңбегіне сын-пікірін білдіріп, зерттеушінің Комиссия туралы айтқан әрбір пікірлерін жоққа шығарды. Дегенмен, пікір жазушылар «Оның еңбегінде мұрағат ісі туралы қазіргі мұрағаттарда болып жатқан сұмдық шынайы деректерді келтірген. Бұл деректерді ешкім жоққа шығармайды. Д.Я. Самоквасов хабарлауындағы мәселелер Орынбор губерниясының мұрағат ісі тарихындағы жақын арада болған деректерді алға тартады. Мұрағаттық комиссия бұрынғы Орынбор қаласындағы түрлі мекемелер мұрағатын іздегенде бұрынғы тұз, кеден, башқұрт, коменданттар тағы өзге де мекемелердің XVIII ғасырдан мұрағат құжаттарын жинақтаған мұрағатынан ешқандай із қалмағандығы белгілі болды. Орынбор қаласындағы XIX ғасырдың 70-80 жылдары мұрағат құжаттарын айуандықпен құрту ісі гүлдеп тұр-

ды. Орынбор қаласында бұл уақытта жарты миллиондай мұрағат ісі құртылды», – деп мойындап, кемшіліктің барлығын Комиссия құрылғанға дейін болған деген қорытындыға келді [25, с. 4, 6, 22-23]. Д.Я. Самоквасовтың батыл пікірлері кеңестік кезеңде де зерттеулерге ұласты. Мәселен, В.Н. Самошенко «Д.Я. Самоквасов еңбегінің арты айтысқа ұласты. Орынбор Ғылыми мұрағаттық комиссиясы «Еңбек дәлелсіз ойлар, негізсіз кінәлауларға толық жол берді. Еш ғылыми дәйегі жоқ», Тамбов губерниялық Комиссиясы «Еш негізсіз еңбек» деген түйін шығарды» деп анықтаса [26, с. 53-54], К.А. Мазин Д.Я. Самоквасовтың сынында байқамаған тұстарын атап көрсетті. Мәселен, Комиссиялар патша үкіметі шенеуніктерінің жоюға деп анықтаған «үшінші санаттағы» құжаттарды реттелгендігін алға тартып, губерниялық комиссиялар істеріндегі оң нәтижелерді санамалады [27, с. 60-61]. Сонымен Ресей үкіметі қазақ елін толық отарлап болғаннан соң, қажетсіз деп таныған отарлау мекемесінің іс құжаттарын, жоғары үкіметтің Орынбор әкімшілігімен және жергілікті қазақ елінің билеушілерімен жазысқан хаттары, хабарламалары, құпия құжаттары мен жеке тұлғаларға байланысты жинақталған мәліметтері арнайы нұсқаулармен құртылғаны анық. Соған қарамастан Д.Я. Самоквасовтың патшалы Ресей мұрағаты ісін реформалау туралы ұсынысы заманының талабынан туындаған қажеттілік еді.

Осындай сынға қарамастан Ресейдегі ғылыми комиссиялар өз қызметтерін жалғастыра берді. Соның ішінде Орынбор өлкесіндегі тарих, археология, этнография мәселелері өлкетанушылардың қызығушылығын туғызды. 1887-1918 жылдар аралығында жарияланған Комиссия «Еңбектерінде» мұрағаттық құжаттарды пайдалана жазылған әртүрлі деңгейдегі қазақ тарихына қатысты мақалалар жетерлік. Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясының қазақ тарихына қатысты жинақтаған материалдары қазірде ғылыми айналымға еніп, саралануда.

1. Зобов Ю.С. *Историки Южного Урала: Вторая половина XIX – начало XX в.: учебное пособие.* – Оренбург, 1991. – 128 с.

2. Алекторов А.Е. *Народная литература киргизов // История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Народные предания об исторических событиях и выдающихся людях казахской степи (XIX-XX в.)* – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – Т.9. – 493 с. Алекторов А.Е. *История Оренбургской губернии.* – Оренбург: типография Б.Бреслина, 1883. – 128 с., *Он же. Тургайская область. Естественные производительные силы, хозяйственная деятельность ее и народное образование (стат. Очерки).* – Оренбург, 1891. – 91 с.

3. Крафт И.И. *Сборник узаконений о киргизах Степных областей.* – СПб.

4. Витевский В.Н. И.И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем составе до 1758 г.: *Историческая монография.* – Казань: типо-литогрфия В.М. Ключникова, 1889-1890. – Т. 1-3. – 701 с.

5. Добросмыслов А.И. *Тургайская область. Исторический очерк* – Оренбург, 1900. – Т.1. – 303 с.; Т.2. – 80 с.; *Он же. Суд у киргизов Тургайской области. XVIII-XIX вв. Исторический очерк.* – Казань: ПОИАК, 1904. – 105 с.

6. Словохотов П.С. *Народный суд обычного права киргиз Малой Орды // Труды ОУАК.* – Оренбург: Тургайская областная типо-литогрфия, 1905. – Вып. 15. – 156 с.

7. Столпянский П.Н. *Очерки по Оренбургской старине.* – Оренбург, 1902. – 96 с. *Он же. Оренбургский край.* – Оренбург, 1903; *Он же. Город Оренбург: Материалы к истории и типографии города.* – Оренбург, 1908. – 399 с. *Он же. Систематизация описей дел архива ОУАК Указатель делам касающимся Народного просвещения и промышленности Оренбургского края. / составитель Столпянский П.Н. Оренбург-Уфа: Паровая типо-литогрфия «Товарищества Каримов, Хусаинов и К», 1909. – 515 с.*

8. Рычков П.И. *Топография Оренбургской губернии.* – Уфа: Китап, 1999. – 312 с.; *Он же. История Оренбургская (1730-1750гг.).* – Оренбург, 1896. – 321 с.

9. Сафонов Д.А. *Очерки историографии Оренбургской истории.* – Оренбург: Оренбургская губерния, 2005. – 364 с.

10. Левшин А.И. *Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей (под общей редакцией академика Козыбаева М.К.).* – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.

11. Мейер Л. *Киргизская степь Оренбургского ведомства.* – СПб., 1865. – 288 с.

12. Мейер Л. *Орынбор ведомствосындағы қазақ даласы. 2-бас. толық.* – Астана: Алтын кітап, 2007. – 193 б. (Қазақ этнографиясының кітапханасы, 17 т.).

13. Бартольд В.В. *Туземец о русском завоевании // Соч.: в 9т. – М.: Наука, 1964. – Т. 2, – ч.2. – С. 324-358.*

14. Сулейменов Б.С., Моисеев В.А. *Востоковедные исследования в Казахстане. Некоторые вопросы истории и современное состояние. Информационный обзор.* – Алма-Ата: Наука Казахской ССР, 1989. – 44 с.

15. *Ресей Федерациясы Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағаты (РФ ОрОММ) 96 қ., 1 т., 39 іс; 94 іс.*

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №1 (32), 2012 ж.

16. Кастанье И.А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 511 с.
17. Есмагамбетов К.Л. Элем таныған тұлға. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 504 б.
18. Есмагамбетов К.Л., Исахан Ф. Гайак қаласында туып, қазақ даласын кезген француз // Егемен Қазақстан. – 2005. – 26 қаңтар.
19. Радлов В.В. Этнографический обзор тюркских племен Южней Сибири и Монголии. – СПб., 1888, Сопыкі. Древнее тюркские надписи Монголии. – СПб., 1894-1895.
20. Иванов Н.Г. О задачах деятельности и общественном значении ученых архивных комиссий // Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. – 1897. – Вып. 2. – 65 с.; Шукиинцев И.С. Десятилетие Оренбургской Ученой Архивной Комиссии (9 декабря 1887-1897г.). Оренбургской листок. – 1898. – №1, 2, 3, 4, 6; Гра А.П. Очерк деятельности Архивной комиссии за 1888-1913гг. // Труды ОУАК. – 1914. – Вып. 30. – 227 с.
21. Лаппо-Данилевский А.С. Доклад о деятельности некоторых губернских ученых архивных комиссий по их отчетам за 1903-1907гг. // Известия императорской Академии наук. – СПб., 1908. – С. 25-37; Самоквасов Д.Я. Архивное дело в России. – М., 1902. – Кн.1. – 131 с.; – М., 1902. – Кн. 2. – 182 с.
22. Шукиинцев И.С. Десятилетие Оренбургской Ученой Архивной Комиссии (9 декабря 1887-1897). – Оренбург: Типо-литография Ив. Ев. Евфимовского – Мировицкого, 1897. – 8 с.
23. РФ ОРОММ 96 қ., 1 т., 80 іс.
24. Самоквасов Д.Я. Архивное дело в России. – М., 1902. – Т. 1. – 131 с.
25. Отзыв Оренбургской Ученой Архивной Комиссии о книге проф. Д.Я. Самоквасова «Архивное дело в России». Издание Оренб. уч. Арх. комиссии. – Оренбург: Типография М.-Ф.Г. Каримова, 1902. – 22 с.
26. Самощенко В.Н. Д.Я. Самоквасов как историк-архивист // Историография и источниковедение архивного дела в СССР. – М., 1989. – 215 с.
27. Мазин К.А. Монография Д.Я. Самоквасова «Архивное дело в России» как исторический источник // Архивы СССР. История и современность. – М., 1989. – 163 с.

Резюме

В статье исследуется научная деятельность ученых Оренбургской ученой архивной комиссии. В составе архивной комиссии с 1881 по 1917 гг. работали такие ученые, как В.Н. Витевский, А.И. Добромислов и другие, которые оставили след в истории Российской Империи. В их исследованиях анализируются общественно-политические и социально-экономические проблемы Казахстана.

Summary

In given article, scientific activity of scientists of Orenburg scientific archival commission is investigated. As a part of the archival commission from 1881 till 1917 worked such scientists as V.N. Vitevsky, A.I. Dobromyslov and others who made a history of the Russian empire. In their researches political, social and economic problems of Kazakhstan are analyzed.

ЕЖЕЛГІ ЗАМАНДАРДАҒЫ ҚАУЫМ МЕН ҚОҒАМДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Д.С. Байгунаков – т.ғ.д., доцент, *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Ежелгі тарихтың ерте кездеріндегі адамдардың әлеуметтік ұйымдасуы, тобырдың басқарылуы, рулардың шығу тегі мен көсемдердің қызметі, рулық бірлестіктерді немесе тайпаларды басқару жолдары, қола мен ерте темір дәуірлеріндегі мемлекеттілік, жоғарғы билік, ел басқарған лауазым иелерінің атқарған қызметі төңірегінде пікірталастар әлемдік тарихнамада әлі күнге дейін толастамай келеді. Мұны ең алдымен тарихнамалық ізденістердің кенжелеп қалуымен, дереккөздерінің әлсіздігімен, жасалған тұжырымдардың көбіне топшылау деңгейінде қалуымен түсіндіруге болады.

Бұл мәселелер қазақ халқы өз тәуелсіздігін алғаннан кейін қайтадан жаңа леппен көтерілді, нәтижесінде бірқатар түйіні түйіткілді жайттар өз бағасын алды. Оған оң жағдай туғызған және де осы мәселелердің шынайы нақтылы-тарихи тұжырымдарының жасалуына ұзақ жылдар бойы кеңестік идеология тұрғысынан алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі билік тұрпаттарына біржақты баға беруінің тоқтатылуы деуге болады. Ерте кездері өндірістік қатынастар дамымаған, ортақ түйсік пен дүниетанымға, идеологиялық тұрғыдан бірікпеген «тағы» да «жабайы» қоғамды

маркстік тарихи концепция «адамзат қоғамының алтын ғасыры» деп қанша дәріптесе де, оның кемшін тұстары бар екендігі сол кездері кеңестік тарихнамада-ақ кеңінен белгілі болған еді. Оның тыңғылықты қарастырыла қоймаған проблемаларының бірі ілкі замандардағы билеушілердің рөлі болатын. Кеңестік тарихнамада әсіресе тобырға, ру-тайпаға ерекше мән берілді, ал билік жүргізген тұлғаларға, жоғары билікті қолында ұстап тұрған тарихи қайраткерлердің қоғамдық рөліне қатысты мардымды ештеңе айттыла қойған жоқ.

Кеңестік археология тарихнамасында қауымға баса назар аударылды. Оның әрбір ескерткіштен алынған мағлұматтар бойынша адамзат тарихындағы рөлі бағамдалып, даму деңгейі үнемі көрсетіліп отырды. Әсіресе адамзат тарихының ең ерте кезіндегі тас дәуіріндегі қоғамға ерекше ден қойылды. Әлемдік тарихнамада зерттеушілер (Л.Г. Морган, К.Маркс, Ф.Энгельс, т.б.) тас дәуірінен сақталған материалдарды XVII-XIX ғасырлардағы қоғамдық даму артта қалған халықтардың мәдениетімен салыстырып, көне дәуірлердегі тұрмыс-салтты, қоғамдық ұйымдасуды және билік тұрпаттарын бір ізге түсірді [1]. Қазіргі таңда шетелдік тарихнамада бұған қатысты жүздеген іргелі еңбектер жарияланғандығын да айта кеткен жөн.

Кейіннен бұл жайттар кеңестік тарих ғылымында кеңінен қарастырылды. Нәтижесінде мамандардың көпшілігі (З.А. Абрамова, В.А. Ранов, О.Н. Бадер, С.Н. Замятнин, А.П. Окладников, Г.Н. Матюшин, Г.П. Григорьев, П.Борисковский, т.б.) алғашқы кезде адамдар тобыр болып өмір сүрді, оны көсем басқарды деген сыңайдағы тұжырым қабылдады. Одан кейін ру, рулардың бірігуінен тайпалар қалыптасты деген қорытындыға келді. Зерттеушілердің көп көңіл бөлген мәелесі, аналық ру мен аталық (әкелік) рудың қалыптасу мерзімі болды. Ұзақ пікірталастан соң, зерттеушілердің басым бөлігі аналық ру бірінші шыққан деген пайымдауға тоқтады.

Белгілі ғалым Ю.Семеновтың «Адамзат қалай қалыптасты» атты 1966 жылы Мәскеу қаласындағы баспадан жарық көрген еңбегінде рулардың шығуына қатысты мәселелер кеңінен көтерілді де, онда аналық рудың нендей жағдайда қалыптасқандығы және оған әсер ететін негізгі факторлар айқындалды. Автор біршама еңбектерді талдай келіп, бұл факторлар қатарына шаруашылық қаракет, неке қатынастарын т.б. жатқызған болатын [2]. В.М. Массон [3] болса табиғи жағдайлар әсерінен, тас дәуірінде көшпелілер мен отырықшылар қауымдарынан тұратын екі мәдени аймақ қалыптасқандығын айтты. Сөйтіп, кеестік тарихнама бастапқы кездегі қоғамдық ұйымдасуды тас дәуірінен іздестірген еді. Осы кездері мамандардың басым бөлігі аналық ру қауымның негізгі өзегі болды деген тоқтамаға келді. Мұны Ю.Семенов бірқатар мақалаларында да нақтылап өтті [4; 5]. Ғалымның еңбектерінде рудың көптеген проблемалары көтеріліп, этнологиялық мағлұматтар археологиялық дереккөздерімен ұштастырылды. Ол палеолит дәуіріндегі аналық руды адамзат дамуындағы ең алғашқы ұйымдасу (одан кейін әкелік) түрі ретінде қарастырады да, аналық рулық теориясын дәріптеді. Ал кейбір ғалымдар (П.Ефименко т.б.) тобыр мүшесі үшін аналық ру туыстық жағынан ғана есептелді, оның қоғамдық жағдайы біршама өзгеше болды, әркім күш-қуатына қарай өмір сүрді, соған байланысты билікке де келді деген пікірді ұстанады. Бұл бағытты қолдайтын ғалымдар өндірістік қатынастардың күшеюі, еңбек бөлінісі, ауыр еңбек күші қоғамдағы ер азаматтардың рөлін жоғарылатты, сондықтан жоғары билікті солар иемденді дейді.

Сондай-ақ Ю.И. Семенов «алғашқы қауымдық құрылыс» терминінің орнына «рулық қоғам» түсінігін енгізу қажет деген ұсыныс жасады. Алайда бұл басқа ғалымдар тарапынан сынға ұшырады. Оған қарсы дәйекті пікірін айтқан ғалымдардың бірі М.Қ. Қадырбаев мұндай терминологиялық метаморфоза адамзат қоғамындағы тарихи даму фазасын тарылтады, шын мәнісінде ол алғашқы қауымдық тобырдан рулық ұжымға дейін жүріп өткен адамзат дамуындағы күрделі үрдісті жікке бөліп тастайды деп пайымдады [1, с. 5]. Шындығына келгенде, «рулық қоғам» термині өте ұзақ уақытқа созылған ілкі замандардағы тарихтағы үрдістерді толыққанды бейнелей қоймайтын еді. Оны қолданған уақытта ежелгі және орта палеолит замандарындағы тобырдың даму тарихын нақты сипаттауға нұқсан келетіндігі анық.

Әлбетте, ежелгі тас дәуірінде алғашқы адамдар тобыр болып өмір сүргендігі анық. Бірқатар зерттеушілер (П.Ефименко, П.Борисковский, А.Хазанов, т.б.) тобырдың пайда болуын адамзаттың хайуанаттар әлемінен бөлініп шығуымен байланыстырады да, оны рулық қауым кейінгі палеолитте ығыстырды деген тұжырымдамаға келген болатын. Мұны археологиялық, этнологиялық және антропологиялық ақпараттар да қуаттайды. Ғалымдардың басқа бір бөлігі (В.Алексеев т.б.) рулық қоғам одан да ерте кездері қалыптасуы мүмкін екендігін айтады. Тобырды басшысы басқарып, ішкі және сыртқы қайшылықтарды реттеп отырды. Кімнің күші басым болса, соның көшбасшы болуға мүмкіндігі мол еді. Тобыр көшбасшысы болу мұрагерлік жолмен емес, қоғам

мүшесінің жеке қасиеттеріне қарай таңдалды. Тас дәуіріндегі жоғары билікті иеленген тобыр көшбасшысының негізгі қызметі қол астындағы адамдардың тыныс-тіршілігін (аңшылық, терімшілік, көш-қон, сыртқы жаулардан қорғану т.б.) қамтамасыз ету болған еді [6]. Сөйтіп, кеңестік тарихнамада тас дәуірі, соның ішіндегі палеолит пен мезолитте аналық ру болғандығы, осы кездері қоғамда матриархат орнап тұрғандығы бұлжымас қағида ретінде қалыптасты. Мұны отандық зерттеушілер де (Х.А. Алпысбаев, М.Н. Клапчук, А.Г. Медоев, т.б.) қолдады. Мысалы, «Қазақ ССР тарихы» сынды оқулықтың 1-томындағы (1980) ежелгі кездердегі тарихи дамуды сипаттауда кеңес палеолиттанушылары көзқарастары мейлінше кеңінен өрбітілген еді.

Ал неолит дәуірінен бастап бұрын табиғаттан дайын өнім алған адам баласы ендігі жерде өзі өнім өндіруге көшкендігі белгілі. Осы уақытта мал шаруашылығы мен егіншілік қалыптасып, бұл шаруашылық түрлерін игеруге арналған құрал-саймандар (құмыра, дәнүккіш, орақ, келі-келсап т.б.) археологиялық ескерткіштерден көптеп ұшыраса бастайды. Қоғамда болған шаруашылық өзгерістер адамдардың жаңаша топтасуын қажет еткен еді. Белгілі трассолог Г.Коробкова «Келтеминар тайпаларының қоғамдық құрылысы хақында» атты мақаласында Қазақстанның батыс аудандарын да біршама қамтыған осы археологиялық мәдениет ескерткіштерінің материалдарын (30 шақты қабір, тас құралдар сипаты, баспана т.б.) талдаған, онда автор келтеминар тайпаларының шаруашылық және қоғамдық өмірін ру-тайпа басшылары басқарып отырған деген қорытындыға келген [7]. Бұл жерде алдыңғы дәуірлерге қарағанда қауым мүшелерінің саны артта түскендігі де елеулі рөл атқарса керек. Себебі табиғаттан өнім алу жұмысты ұйымдастыруды, оны іске асыру механизмдерін ойлап табуды қажет еткен еді. Сірә, бір археологиялық мәдени қауымдас-тыққа жататын келтеминар секілді бірлестіктер (маханжар мәдениеті, атбасар мәдениеті т.б.) басшыларының атқарған қызметтері өзара ұқсас болған. Мұны қарапайым еңбек құралдарынан, алынған өнімдерден де аңғаруға болатын сияқты. Әзірге қолдағы материалдар тас дәуіріндегі көшбасшылардың атқарған қызметін нақты айқындауға мүмкіндік бермейді. Сонда да болса этнологиялық мәліметтер негізінде әлемдік тарихнамада бірқатар мәселелерді топшылауға негіз бар. Сөйтіп, тас дәуіріндегі билік жайын қаузаған ғылыми әдебиеттер жоғарыда айтылған болжамдарға негізделіп отыр деуге болады, әлі де болса бұл кездегі билік жайын, қоғамдық топтасуды, адамдарды біріктірген идеяларды айқындай түсу керек.

Кеңестік тарихнамада палеометалл дәуірінде аталық ру кеңінен үстемдік құрып, рулық қатынастар дами бастағандығы өткен ғасырдың 50-70 жылдары түбегейлі қалыптасты. Осы кездері мамандар ру мен тайпаның қалыптасуына, оның даму тарихына тереңінен үңілді. Бұған байланысты «Советская этнография» журналы бірқатар этнолог-мамандар (М.О. Косвен, С.П. Толстов, Н.А. Бутинов, В.В. Гудкова-Сенкевич, т.б.) ой толғамдарын, соңғы ғылыми жорамалдарын жариялады. Ал археологтардан алғашқылардың бірі болып А.А. Формозов тайпалық ұйымның қалыптасу жағдайына және уақытына кеңінен тоқталды. Ол сан алуан мәліметтерді саралай келе, тайпалардың қалыптасуы мезолитте орын алған және ол алғашқы қауым адамының шаруашылығындағы өзгерістермен тікелей байланысты болған деп жорамал жасайды [8, с. 21]. Оған қарсы өз пікірін айтқан әрі «ру кейінгі палеолитте қалыптасқан» деген тұжырымдаманың негізін қалаған ғалым П.П. Ефименко болса тайпа мезолиттен бұрынғы заманда қалыптасқан деп есептеді. Бұл зерттеуші кейінгі палеолитте қалыптасқан ру біртіндеп тайпаға да айнала бастады, алайда ол барлық жерде біркелкі бола қойған жоқ, оны диалектикалық тұрғыдан қарастырған жөн, осы кездері тайпаның алғашқы тұрпаты қалыптасты, яғни ол әлі эмбриондық жағдайда еді деген болжам айтты [9, с. 24-25]. Расын айтқанда, бұл жерде П.П. Ефименконың жасаған жорамалдары көңілге қонымды. Өйткені, кейінгі палеолитте археологиялық мәдениеттер қалыптаса бастады, мұның өзі белгілі бір аумақтарда туыстас бірнеше рулардың өмір сүргендігін де аңғартса керек.

1970 жылдары кеңестік тарихнамада М.В. Крюков, Л.А. Файнберг, Г.Е. Марков мақалалары пікірталастар туғызды. Пікір сайысына қатысқан мамандар (С.Я. Козлов, В.П. Алексеев, С.А. Арутюнов, В.В. Бунак, Г.Е. Марков, Ю.И. Семенов, К.Э. Фабри, М.А. Членов, А.М. Хазанов, М.В. Крюков, А.И. Першиц т.б.) әлеуметтік ұйымның ертедегі формаларына көзқарастардың әр алуан екендігін көрсетті. Осы кездері Д.Тумаркин өзінің «Рудың мән-мағынасы туралы сауал жайында» атты мақаласында руға қатысты ғылыми пікірлер мен көзқарастарды талдай келе: «Алғашқы қауымдық құрылыс гүлденген дәуірде қоғамды рулық қауымсыз ойлау әсте мүмкін емес, сондай-ақ рулық қауымды да русыз қарастыру жөнсіз» – деп жазды [10, с. 95]. Ол кеңестік этнологтар осы екі әлеуметтік институттардың диалектикалық бірлігі (тұтастығы) жөнінде бір тоқ-

тамға келгендігін айтты, алайда зерттеуші тарихи даму барысында, алғашқы қауымдық құрылыс ыдырай бастаған кезде және таптық қатынастар орнаған уақытта бұл тұтастық бұзылады деп есептеді. Шынын айтқанда, Еуразия далаларында рулық қоғам көшпелі халықтарда ұзақ уақытқа дейін сақталғандығын ескерсек, онда мұның барлық өңірлерге тарала қоймағандығына көз жеткіземіз.

Палеометалл дәуіріндегі Қазақстан аумағынан сан алуан археологиялық мәдениеттер (ботай, андронов мәдени-тарихи қауымдастығы т.б.) айқындалған. Өткен ғасырдың 80 жылдарында Орталық Қазақстан аумағынан ғана 40 шақты қоныс пен 150-ден астам қорымдар анықталып, қазылған. Қоныстардың өзіндік жоспары бар: тұрғын үйлер саны 80-ге дейін жеткен, олар алқақотан орналасады, ортасында мал қорасы болады. Атасудың мұқият зерттелген қоныстарының бірі 15 мың шаршы метрге жеткен, онда 35 жертөле мен пана жайлар болған [11, с. 17-18]. Ал Оңтүстік Оралда б.з.б. III-II мыңжылдықтар шебінен б.з.б. II мыңжылдықтың алғашқы ширегіндегі кезеңде шартты түрде «Қалалар елі» атауын иемденген, тарихы ерте, дамыған (сынтасты) және кейінгі кезеңдерге бөлінетін өзіндік қалалық «өркениет» болғандығын Г.Б. Зданович, Д.Г. Зданович т.б. мамандар дәлелдеп берді. «Қалалар еліне» кіретін қалалық қоныстардың (Степное, Черноречье, Арқайым, Құйсак, Жұрымбай, Есіней, Берсуат, Шиқұртау, Бахта, Париж т.б.) кейбірі 20-30 км аумаққа жететін «территориялық округтерді» иемденіп, игерген. Қоныстары кем дегенде екі типтен тұрған, негізгісі «фортификациялық» орталықтар болған еді, ал маусымдық шағын кенттер шаруашылық аумақтарда тұрғызылды, қауіп-қатер төнгенде, күн суытқанда кенттердің халқы негізгі орталыққа қоныстанды [12]. Қоныс-жайларды, жерлеу орындарын зерттеген мамандар: қауым негізгі категория және басты ұйым болған, ол қандас туыстық жағынан құралған жекелеген сегменттерден тұрған, қоғамдағы «элита» басқару мен ұйымдастыру істерін атқарған, ол ғұрыптық және абыздық функцияларды да жүргізіп отырған, әскери істе де олардың рөлі зор болған сияқты дейді [12, с. 125]. Мамандар бұл кездердегі Оңтүстік Орал тұрғындары протополиттік даму жолында болуы да мүмкін екендігін айтады. Бұл мәселеленің де келешекте зерттелуі қажет, өйткені қола дәуіріндегі қоныстар аумағының үлкен көлемде болуын осындай институттар да аңғартатын сияқты.

Шындығына келгенде, Еуразия аумағынан табылған, тіпті кейінгі палеолит кезімен мерзімделінетін ескерткіштерден бірқатар ұжымдық баспаналар кездескен. Мұндай баспаналар дамуы артта қалған халықтарда XVIII-XIX ғасырларда да болған. Ұжымдық баспаналардың қоғамдық стратиграфиясына қарағанда неке қатынастары осы қауымдық-рулық құрылыста біршама реттелсе керек. Бұл өз кезегінде билік тұрпаттарының күшейгендігін, қоғамдық қатынастардың дамығандығын, қауымның әрбір мүшесінің жауапкершілігі артқандығын көрсетеді. Кезінде Ю.В. Бромлей «Этнос және этнография» атты монографиясында этностың адамзат қоғамындағы орнына да тоқталып, алғашқы қауымдық тобыр, алғашқы қауымдық ру және рулық қауым ертедегі ең басты әлеуметтік бірлік, оларды кейінгі даму сатысында тайпа, содан соң тайпалық одақтар алмастырады деген; соған байланысты зерттеуші таптық көзқарастар тұрғысынан (формацияға сай) ерте кездегі тайпалық қоғамды «потестарлық», ал кейінгі кездегі тайпалық қауымдарды «әлеуметтік-потестарлық» деп атауды ұсынды [13, с. 15]. Соған қатысты отандық тарихнамада да жаңа замандағы потестарлық жүйе мамандар (А.Бикенов, Г.Мұсабекова т.б.) тарапынан қарастырылды. Алайда ғылыми ізденістердің басым бөлігі дәстүрлі қазақ қоғамындағы жайттармен шектелді де, ерте замандардағы проблемаларды этнолог-мамандар көп қазалай қоймады.

Есесіне кеңестік дәуірде тобыр, ру, тайпа, тайпалық одақ секілді әлеуметтік құрылымдарды зерделеген ғалымдар (М.О. Косвен, М.В. Крюков, О.М. Рапов, А.И. Першиц, А.И. Робакидзе, А.Д. Давыдов, М.К. Кудрявцев, Д.А. Ольдеррогге, Л.Е. Куббель, Л.Дрэггер, А.В. Коротаев, Т.Д. Златковская т.б.) аталмыш мәселеге қатысты тиянақты жұмыстар жүргізді. Алайда бұл кездері көптеген авторлар рулық құрылысты алғашқы қауымдық құрылыспен байланыстырып, көбіне Ф.Энгельске сілтеме жасап отырды. Дегенмен оның еңбектерінде рулық құрылыс таптық қоғамға емес, мемлекетке қарсы қойылды, яғни рулық құрылысты мемлекет айырбастады деп қорытынды жасалған [14, с. 40]. Сайып келгенде, кеңестік тарихнамада кез келген қоғамдық бірліктен таптық күрес жайы қарастырылған еді.

Энолит заманындағы қауым туралы қазақстандық тарихнамада көп ештеңе айтыла қоймайды. Ботай археологиялық мәдениетін зерттеген В.Ф. Зайберт [15] осы олқылықтардың орнын азды-кемді толықтырды. Бұл зерттеуші археологиялық материалдар негізінде ежелгі ботайлықтардың негізгі ұйымы шағын отбасы болғандығын, шағын отбасыда 2-4 адам, үлкен отбасыларда 18-20 адам өмір сүргендігін, бірнеше отбасы эконмикалық, мәдени және туыстық байланыстағы отба-

сылық экзогамиялық қауым құрғандығын жорамалдайды. Алайда билік туралы, рулық қоғам жөнінде ештеңе айта қоймайды, тек осы мәселелермен айналысқан мамандарға сілтеме жасаумен шектеледі. Дегенмен оған энеолит дәуірі проблемаларымен айналысқан авторлар кеңінен тоқталуға тырысқан. Мысалы, аумақтық жағынан Каспий өңірлеріне де таралған хвалын энеолиттік мәдениетін зерттеген бірқатар мамандар (С.А. Агапов т.б.) бұл кезеңде матриархаттың әлсірегендігін топшылайды. Олар обаларда ер адамдармен бірге жас ұл балалардың да жерленуін осының айғағы ретінде алға тартады [16, с. 80-81]. Біздің ойымызша, мамандар тарапына айтылған осы пайымдау дұрыс секілді. Себебі энеолиттік кезеңдегі ауыр еңбек күші (әсіресе металл игерудегі) ер адамдардың қоғамдағы ролін күшейте түскен еді. Бұл өз кезегінде энеолиттік қоғамдағы патриархалдық қатынастардың нығая түсуіне септігін тигізді. Алайда этнологиялық мәліметтер аналық ру Еуразия, Африка құрлықтарын мекендеген халықтарда бұдан кейін сан ғасырлар бойы сақталғандығы белгілі. Ол Қазақстанды мекендеген этностардың бірі сарматтарда да матриархаттың сақталғандығын көрнекті ғалым Б.Н. Граков [17], одан соң А.М. Хазанов [18] секілді зерттеушілер дәлелдеп берген болатын.

Қорыта айтқанда, кеңестік тарихнамада ежелгі замандардағы қауымды зерттеу ісіндегі тарихи құбылыстарды таптық тұрғыдан қарастыру азды-кемді байқалып отырады. Сонымен қатар, ілкі замандардағы қауым мен қоғамдағы билік бұларға байланысты әрбір социумның өзіне тән институттарын қалыптастырғандығы да осы кезеңдердегі ғылыми зерттеулерде кеңінен белгілі болды. Оларды зерттеуді келешекте одан ары кеңейте түсу қажеттілігі де байқалады. Себебі мұның өзі жоғары билік, мемлекеттілік, ру-тайпа немесе тайпалық бірлестіктер мен адамдар арасындағы қарым-қатынас сынды күрделі мәселелерді айқындай түсуге жетелейді.

1. Кадырбаев М.К. *Некоторые проблемы первобытной истории в свете труда Ф.Энгельса «Происхождение семьи, частной собственности и государства» // Известия АН Казахской ССР. Серия общественная. – 1971. – №5. – С. 1-12.*

2. Семенов Ю.И. *Как возникло человечество. – М.: «Наука», 1966. – 576 с.*

3. Массон В.М. *Культурогенез Древней Центральной Азии. – СПб.: Филологический факультет СПбГУ; Изд-во С.-Петербур. ун-та, 2006. – 384 с.*

4. Семенов Ю. *Проблема перехода от материнского рода к отцовскому // СЭ. 1970. – №5. – С. 61-65.*

5. Семенов Ю. *О материнском роде и оседлости в позднем палеолите // СЭ. 1973. – № 4. – С. 52-65.*

6. Хазанов А.М. *Природно-хозяйственные различия и проблема первичности материнского рода // СЭ. 1973. – № 1. – С. 114-121.*

7. Коробкова Г. *К проблеме общественного строя кельтеминарских племен // КСИА. – 1981. – Вып. 167. – С. 35-39.*

8. Формозов А.А. *О времени и исторических условиях сложения племенной организации // СА. – 1957. – №1. – С. 13-21.*

9. Ефименко П.П. *По поводу статьи А.А. Формозова «О времени и исторических условиях сложения племенной организации» // СА. 1957. – №1. – С. 22-25.*

10. Тумаркин Д.Д. *К вопросу о сущности рода // СЭ. 1970. – №5. – С. 93-101.*

11. *Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін (очерк). – Алматы: «Дәуір» баспасы, 1993. – 446 б.*

12. Зданович Г.Б., Зданович Д.Г. *Проблема освоения евразийских степей в эпоху бронзы и «Страна городов» Южного Зауралья // Археология Урала и Западной Сибири (К 80-летию со дня рождения Владимира Федоровича Генинга): сб. науч. тр. – Екатеринбург, 2005. – С. 110-128.*

13. Бромлей Ю.В. *Этнос и этнография. – М.: Изд-во «Наука», 1973. – 412 с.*

14. Коротяев А.В., Оболонков А.А. *Родовая организация в социально-экономической структуре классовых обществ // СЭ. 1989. – №2. – С. 36-45.*

15. Зайберт В.Ф. *Ботайская культура. – Алматы: «Қазақпарат», 2009. – 576 с.*

16. Агапов С.А., Васильев И.Б., Пестрикова В.И. *Хвалынский энеолитический могильник. – Саратов: Изд-во Саратов. ун-та, 1990. – 159 с.*

17. Граков Б.Н. *ΝΑΙΚΟΚΡΑΤΟΜΕΝΟΙ (пережитки матриархата у сарматов) // ВДИ. 1946. – № 3. – С. 100-121.*

18. Хазанов А.М. *Материнский род у сарматов // ВДИ. 1970. – № 2. – С. 138-148.*

Резюме

В данной статье автор анализирует, как постепенно происходили изменения власти в социумах в различные историко-культурные периоды человечества. Рассмотрены некоторые проблемы власти в историографии древних обществ.

Summary

In this article the author analyzes the gradual changes of power in the societies in various historical and cultural periods of humanity. Discusses some of the issues of power in the historiography of the ancient societies.

ТҮРКІ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ РУЛАРЫНЫҢ ТАҢБАЛАРЫ МЕН АТАУЛАРЫ

Ғ.А. Меңілбаев – доцент, т.ғ.к., «Отан тарихы және тарихты оқыту методикасы» кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Дін – бұл ғасырлар бойы жалғасып, халқымыздың асыл қасиеттерін сақтап келе жатқан маңызды тарихи-рухани мәдениеттің алтын арқауы, ұлттың ұлы мүдде жолындағы ұмтылысына сүйеу, талпынысына тіреу болған адамның жан-дүниесін алға жетелеуші күш. Дін – бұл көне заманнан келе жатқан дүниетану, мораль, педагогика. Қазақ халқының ұстанған діні ислам дінінің басқа діндерге қарағанда өзіндік ерекшеліктерінің бірі – оның өзге халықтар арасына таралу барысында сол халықтың әдетімен, салтымен, ғұрпымен, наным-сенімдер жүйесімен біте қайнасып, оған бейімделе алатындығында. Сол себепті, кейде ислам дініне байланысты әдет-ғұрыптармен жергілікті халықтың ата-бабаларынан қалған салт-дәстүрлерінен ажырату оңайға соқпайды. Басқа діндерге қарағанда ислам дінінің әр рәсімінің орындалу тәртібіне көп мән беруіне қарамастан, кейбір қағидалар мұсылман дінін қабылдаған халықтың ұлттық психологиясына байланысты өзгеріске ұшырайды. Ислам дінінің кейбір шарттары бастапқы мағынасының тереңдігіне қарамастан, үйреншікті қайталанып отыратын стереотипті әдет-ғұрыптарға айналып кеткен. Мысалы, қазақтар кез келген істі бастар алдында «Бісміллә-ір-Рахман-ір-Рахим» сөзін айтуды үлкен парыз санаған және ас қайыру, бата беру т.б. рәсімдерін міндетті түрде орындап отырған. Қазақтар қай істі бастамас бұрын үлкеннен бата алғанды жөн көрген. «Бата» жақсы тілектің, ақ ниеттің белгісі болған. Бата сөз, өсиет сөздерінің негізгі идеясы – парасаттылыққа, иманжүзділікке, адамгершілікке үндейді, оны айтушылар игі тілектерді халық өмірімен байланыстырып отыру арқылы, әсіресе жастарға өсиет беру мақсатын көздеген. Баталардың бірнеше түрлері болған. Уәдесінде тұрмаған адамды «батаны бұзды», Құдай алдында уәде-антты ұмытты, орындамады деп сөккен [1]. Бұл қазақтардың күнделікті өмірінің бір ғана көрінісі. Қазақтар өздерін мұсылманбыз деп бес уақыт намаздарын үзбей оқыған. А.Янушкевичтің айтуынша «намазды көбінесе жоғарғы тап өкілдері оқитын» [2]. ХХІ ғасырдың басынан бастап қазақтардың күнделікті өміріне айт намазына жиналу әдеті енеді. Халық айт намазына таңертең ерте тұрып, ең жақсы киімдерін киіп жиналатын болған. Мұсылмандар айт намазы күні кедей, пақырларға көмек беріп, оларды қуанту, мұсылмандарды мейрамдарымен құттықтау, үлкендері айттап қыдыру, зираттарға барып дұға оқу, құрбандық шалу, ренжіскендер татуласу, баларға сыйлық беріп қуанту т.б. мейрамды тойлау әдетті болған.

Ресей империясы қазақ халқын, қазба байлыққа толы кең байтақ жерін, кең дария сулы мекенін иелену қазақ халқын идеологиялық жолмен отарлап, рухани құлдыққа түсіруді көздеді. Рухани құлдықта ұстаудың ең тиімді жолы халықты ислам дінінен ажырату болды. Дінді жою, бұл ұлттың ұлттығын жою. Ұлттығы жоқ халықты басыбайлы бодандау өте оңай. Міне, осы тұжырымды ұстанған Ресей империясы қазақтың кең-байтақ өлкесін тек экономикалық жағынан ғана емес, идеологиялық жағынан да орыстандыру, шоқындыру саясаты арқылы толық билеп, халықтың санасын жаулап алуға білек сыбана кірісті. Отарлау қазақтар үшін үлкен сынақ болды. Ұлтты жою саясатының, коммунистік идеологияның қыспағының халық үшін әлеуметтік және адамгершілік-психологиялық салдары орасан зор болды. Дәстүрлі мәдениет пен біртұтастықтың негізі тіл мен дін өзгеріске ұшырады. Халықтың санасын отарлау жоспарлы түрде іске аса бастады. ХІХ ғасырда татарлар қазақ арасындағы мектеп, медреселерде сабақ берді, дінді насихаттады, кеңсе жұмыстарын атқарды, тілмаштық істі де атқаратын болған. Дегенмен, қазақтардың татарларға қарағанда ислам дініне деген сенімділігі осалдау, оларда ескі шамандық наным мен мұсылмандықты қосарлана пайдалану жағы басым болды. Яғни, сырттан қарағанда мұсылман болғанымен, өздерінің күнделікті тұрмысында ата-баба жолы мен әдет-ғұрпы, салт-сана дәстүрі басым жатты. Мұрағат қорларындағы құжаттардан: «Қазіргі кезде қазақтардың ескі әдет-ғұрпы, салт-санасы босаңсыды, ал жаңасы әлі құрыла қойған жоқ. Ал, мұндайда босаңсыған халық өзіне діннен тіреу іздейді. Қазақтар өздерін мұсылманбыз дейді, бірақ көпшілігінің сол дін туралы түсінігі жоқ. Бұлардың арасында ислам дінін

насихаттап, таратып жүрген саудагер татарлар, бұхарлықтар. Сондықтан, оларға кедергі жасай отырып, манандай босаңсып тұрған қолайлы кезенді пайдалана отырып, қазақтарды христиан дініне қабылдау керек» [3] – деген отарлаушы тараптың бағалауларын кездестіруге болады. Бұл кең байтақ өлкені экономикалық және идеологиялық жағынан тез меңгеріп алудың саяси зор мәні барлығын қазақ жеріне жоспарлы мақсатпен келген миссионерлер жақсы түсінді. Жалпы, отарланған халықты біртіндеп орыстандыру, шоқындыру мақсатын патша үкіметі ерте кезден бастап-ақ ойластырғаны анық. Соған байланысты 1797 жылы келешек миссионер кадрларды дайындауға айрықша мән беріліп, Қазан діни академиясының ашылуы, арнайы түрдегі «Орыстандыру палатасы» мен «Переселенческая контора», 1869 жылы Мәскеуде «Миссионерлік қоғамның» құрылды [4]. 1869 жылы «консистория» өз мақсаттарына тез жету үшін мынадай қаулы қабылдайды:

- Қазақтар үшін христиан дінінің миссияларын тарататын кітапшаларды тез арада көбейту;
- Епархия басшыларының христиан дінін таратуда баяу жұмыс жүргізіп отырғандығын, сондықтан, жұмысты жақсарту шараларын қарастыру;
- Осы жылы православие дінінің өкілдері тілмаштар арқылы қазақтармен 2-3 рет әңгімелесуден артық кездесудің болмағандығын соған орай, кездесудің санын көбейтудің шараларын қарастырудың қажеттілігі;
- Елдерді аралау үшін көлікпен қамтамасыз ету үшін облыстық губернияларға тапсырма беру;
- Христиан дінін қабылдауды алдымен ру басшыларынан, билерден бастау керек екендігі, содан кейін барып қалған қазақтар солардың артынан еретіндігі айтылады [5].

Отаршылдық саясат әртүрлі амалдармен жүзеге асырылды. Ашық күш көрсету, айдап-қамау сияқты дөрекі тәсілдермен қатар екіжүзділік, алдап-арбау да болды. XIX ғасырдың соңынан бастап қазақ халқы жаппай отырықшылана бастады. Отырықшылыққа, қала мәдениетіне көшкен халық үлкен қоғамдық өзгерісті бастан кешіреді, оның әлеуметтік, мәдени, психологиялық сипаттары белгілі мөлшерде өзгеріп, ұлттық болмысына әсер етеді. Осындай бетбұрыс кезді пайдаланып, өкімет қазақ халқының тарихи дамуын орыстандыру арнасына бұрып жіберуге барынша ұмтылды. "Орыстандырудың ең басты, ең күшті құралы – мектеп болды. Іс жүзінде әр ауылдағы мешіт жанында мұсылман мектептері болғаны рас. Онда әліппе, әдебиет оқытылып, дұға жаттады, Құран мен басқа да діни шығармаларды үйренді. Діни оқу орындары мен орыс мектептеріне мемлекет тарапынан бар жағдай жасалынады. 1881 жылы қазақ даласынан мұсылмандарға қарсы «Киргизская духовная миссия» деп аталатын мекеме ашылып, осы мекеменің басқаруымен қазақ даласынан 1883 жылдан бастап 14 миссионерлік ұйым құрылып, осы ұйымдардың жанынан 17 миссионерлік мектептер ашылады. Мысалы, 1867 жылы Макаровскіден поселкаға арналған миссионерлік мектеп салынды. Миссионерлік мектептің тек қазақ балаларына арналған интернаты болды. Бұл мектепті салуға миссионерлік комитет 2022 сом қаржы бөлді. Мектептің қабырғалары ағашпен салынды да, ауласын адам көрінбейтіндей етіп кірпішпен қалады. Бұл мектептің ауласын биік етіп кірпішпен қалауының себебі, ішіндегі қазақ балаларын сырттағы мұсылман дініндегі қазақтарға көрсетпеу еді. Осы мектептің миссионерлеріне, оқытушыларына үй салу және оларға жалақы ретінде 380 сом қаржы бөлу Торғай облыстық әскери губернаторына тапсырылған. Осы салада үлкен қызмет істеген орыстың аса ірі миссионер ғалымы, профессор Н.П. Остроумов өзінің «Историческое и современное значение христианского миссионерства среди мусульман» (Казань, 1894), «Способные ли кочевые народы Азии к усвоению христианской веры и христианской культуры» (Ташкент, 1895), «Колебание во взглядах на образование туземцев в Туркестанском крае» (Ташкент, 1910) сияқты еңбектерін миссионерлік идеяға арнап, оны жүзеге асырудың жолдарын көрсетеді. Ол бұдан басқа қырық шақты еңбек жазған. Осылай қазақтарды орыстандырудың барлық айла-тәсілдерін қолданды. Әсіресе, қазақтардың арасында исламның терең тамыр жаймауын қадағалап, көршілес мұсылман халықтарының ықпалынан ажыратып, орыс мектептеріне баулу қажет еді. Осылай әр жерде оқу орындары ашыла бастады. Мұндай оқу орындарын әр жылдары М.Мироппиев, Н.П.Остроумов т.б. сияқты миссионерлер басқаратын. Миссионер ғалымдардың негізгі міндеті – қазақ халқының менталитетін, салт-санаға байланысты заңдылықтырын, мәдени және рухани болмысын жан-жақты зерттей отырып, отарлау саясатына қажетті әдіс-тәсіл, іс-әрекетін анықтау болды. Миссионер ғалымдар халықтың осал тұстарын дөп басып, соны өз пайдаларына шешуге тырысты. Дін өкілдері дала генерал-губернаторларына барлық мән-жайды айтып, өздерінің қаулыларының көшірмелерін жіберіп отырған. Сондықтан, Ресейдің патша өкіметі өз қызметкерлері арқылы бұл миссионерлік саясатпен үнемі айналысып, қатаң бақылауға алып отырды. 1893 жылы Тобыл епархиясының епископы «Краткий очерк миссионерства Тобольской епархий» деген очерк жазған.

Бұл очерктің бір данасын осы жылдың 9-шы сәуірінде даланың генерал-губернаторы барон Таубеге салып жібереді. Барон Таубенің бұларға қайтарған жауабында: «бұл очерктің өте маңызды, христиан дінін уағыздайтын миссионерлер үшін құнды еңбек екені және алдағы уақытта мұндай очерктерді көптеп жазып, қазақ даласына көптеп тарату керек», – дейді [6]. Ресей империясының қазақ елін орыстандырып, жерін отарлаудағы ең сенімді күші — орыс шаруалары болды. Отарлау ең алдымен осы орыс шаруаларын көптеп қоныстандырудан басталды. Отарланған қазақ даласын идеологиялық жағынан жаулап алу үшін шоқындыру мен орыстандыру саясаты мемлекеттік дәрежеде жүргізілетін іске айналды. Даланың генерал-губернаторы Колпаковский 1887-1888 жылдарға берген есебінде: «орыстар қазақ даласына өздерінің тілдерін, әдет-ғұрпын және православие дінін ала келді. Мен мұны қазақтаға әсер етпейді деп айта алмаймын. Қазақтардың арасына орыстардың келуі, руларды территорияға ауыстыруда және ру басшыларын қайта сайлау – қазақтардың рухани болмысына, психологиясына, салт-санасына өзгерістер әкеледі. Бұл өзгерістер дала облыстарын басқарудағы 1897 жылғы «уақытша ереженің» әсері деп білемін [7] – деп, сол ереженің қазақтарды орыстандыруға қызмет еткенін көрсетеді.

Қазақтар аса діншіл болмағанымен, ел арасында, әсіресе, ауылдық жерлерде қожа-молдаларды, имамдарды құрметтеген. «Имам» араб сөзі, «басқарушы» деген мағынаны білдіреді. Басшылықты алған кісіні діни тұрғыда «Имам» деп атайды. Қожа-молдалардың, имамдардың беделі күшті болып, билеуші тап қатарына кіріп, ел арасында билікті жүзеге асыруға үлкен үлес қосып отырған. Ал қазақтың рухани, мәдени өмірінде діннің орны ерекше болған. Өйткені, орындалатын кез-келген салт-дәстүрдің негізінде діни сенім, ырым, діни ғұрып жататын. Керек десеңіз, қазақтардың жазу-сызуының өзі де ислам дінінен бастау алады. Қазақтар арасында мұсылман ілімі араб тілімен тығыз байланысты болған. Олар ең алғаш араб транскрипциясын меңгерді. Кейіннен, XIX ғасырдың соңына таман патша өкіметі қазақтардың орыс әліппесін пайдалануы туралы жарлық шығарады. Орыс ағартушыларының пікіріне байланысты араб транскрипциясы қазақ тілі үшін жарамсыз деп табылады. Араб тілінде, араб графикасы негізінде жазылған қолжазбалар мен кітаптарды жаппай жоя бастады. 30-шы жылдары Құран кітаптары өкімет тарапынан керексіз, іске жарамайтын қағаз ретінде жойылып жатты. Кейбір Құран кітаптарын халық қорлатпау үшін ата-бабаларының зираттарын көміп тастайтындар да кездесетін. Міне, осындай шаралардың барлығы мұсылмандық білім беру жүйесінің жойылуына апарып соқты.

Қазақ әуел бастан басқа түркі тілдес қандастарына қарағанда, табиғаты жағынан дінге аса қатты жақын бола қоймаған. Кез-келген жаңалықты қазақ тез қабылдағыш және бойына тез сіңірген момын халық. Ол сол мінезімен де жаңа ашылып жатқан орыс мектептеріне қызыға бірден лап қояды. Сөйтіп, сол қызығушылықтың салдарынан Ресей патшасына бас иіп, қызмет ететін қазақтан шыққан чиновниктер бірден көбейіп кеткен де жасыра алмаймыз.

Қаладағы мешіттер жанында татар мектептері де жұмыс істеді. Патша өкіметі тілмаштарды дайындауға мүдделі болды және шаруашылыққа қатысты мектептер мен шіркеулер ашу кезек күттірмейтін міндет еді.

Патша өкіметі Жетісу облысы бойынша жері құнарлы, табиғаты бай Ыстықкөлдің жағалауына шіркеу ашу мәселесіне кіріседі. Бұл жөнінде М.Мырзахметов: «Ыстықкөл мен Николаевкада жергілікті ұлдар мен қыздарын жинап ерлер мен әйелдер шіркеуін ашқанда, генерал-майор Колпаковский бұл істі қолдап, ақшалай көмек көрсеткені белгілі мақсаттың диірменіне су құю-дың өзі болып шығады» [4] – деп жазады. Түркістан мен Ташкент епископы 1881 жылы Түркістанның генерал-губернаторы Г.А. Колпаковскийге Ыстықкөлдің солтүстік жағалауындағы Күрмекті деген жерінен миссионерлік бағыттағы шіркеу ашу туралы өтініш хат жазады. Осылай Жетісу обылысында 1895 жылы Сарқанд миссионерлік мектебі ашылса, 1898 жылы миссионерлік стан ашылып, оған В.Покровский миссионер болып тағайындалады. Покровский осы жылдың соңында берген есебінде православие дініне қазақтар мен қалмақ балаларын қабылдап жатқанын және оларға орыс тілін, божияның заңдарын, шіркеудің әндерін үйретіп жатқанын айтады [8].

Ресей империясы мұсылман халқының бірігіп кетуінен де қатты сескенді. Қазақ халқын ислам рухынан алыстату мықтап қолға алынып, мектептерде орыс тілі мен әдебиет, Россия тарихы, православиелік діни сабақтар (Закон Божий) жүргізілді. Сондай-ақ интернаттарда оқитын балаларды демалыс кездерінде ауылдағы әке-шешелеріне жібермейтін жайттар көп болған. Оның себебі, әке-шешелерінің қасында қалып қойып, жоғарыда айтып өткендей мұсылмандардың бірігіп, рухани күшеюіне қорқатын.

Кеңес үкметі орнағаннан кейін мемлекеттің дінге деген қарым-қатынасы өзгерді. Бүкіл кеңестік

Ресейдің аумағында, соның ішінде Қазақстанда дін жабайылықтың, қараңғылықтың нысаны ретінде сипатталды. Азғантай уақыттың ішінде мешіттер, намаз оқылатын үйлер, ғибадатханалар, шіркеулер қиратылды, кейбіреулері жабылды, кейбіреулері сауық-сайран құру орындарына берілді, кейбіреулері қоймалар, асханалар, ат қораларға айналды. Қалаларда азамат соғысы кезінде қонырауларды дыбыстатуға тыйым салынды, дін қызметшілеріне қоғамдық мекемелерде, адам көп жерлерде шіркеулік киімде көзге көрінбеуді талап етті. Осыған байланысты заң бұрмаланып қана қоймай, қарсылық білдіргендер дін қызметкерлеріне сатқындық жасап, дүрбелең туғызды, үкметке қарсы қимыл-әрекеттерге қатысты деген айып тағылып, аяусыз жазаланды. Осындай қатал да, қатаң саясатты ұстанған билік басындағылар қарапайым халықтың пікірін, көңіл-күйін ескермей, адамдық құқықтық нормаларын аяққа таптап, халықтың наразылығын тудырады. Әйтседе, кеңестік билік бұндай наразылықтардың біреуінде ескермей өз мақсаттарын ары қарай жалғастыра түсті. 1917 жылы 26 қазанда кеңестердің II съезі «Жер туралы» декретте Үкіметтің шіркеуді мемлекеттен бөлуге арналған алғашқы қадамы жасалады. Осы декреттің негізінде Қазақстандағы мешіттер, шіркеулер, діни қауымның иелігіндегі жерлер жер-су комитетінің қараағына берілді. Ресей халықтары құқықтарының Декларациясына сәйкес барлық ұлттық және ұлттық-діни артықшылықтар мен шектеулерді жою еді.

1917 жылы 18 желтоқсанда РКФСР ХКК «Азаматтық неке» туралы, «балалар және хал-ахуал кітабын» жүргізу туралы, ал 19 желтоқсанда «Некені бұзу туралы» декреттерін қабылдап, туу, неке және өлімді тіркеуді мемлекеттік ұйымдардың қарамағына өткізді. Мешіттер мен шіркеулерде неке қиюға тиым салынды. Яғни, молданың мешітте неке қиюына рұқсаты болмады. Ондай әрекеттерге барғандарға ақшалай айыппұл салынатын. Мысалы, Жетісу обылыстық атқару комитеті 19 сәуірде Татар слободкасының №57/74 мешіт молдасы Шәкір Ахметұлы Ғафаровқа неке қиғаны үшін айып салынып, қатаң ескерту айтылған. Сонымен қатар, мектептерде діни уағыз айтуға қатаң тиым салынған [9]. 1918 жылғы Конституция монахтар мен дін қызметкерлерін сайлау құқығынан айырды. Тіпті дін басы саналған имамдарды кемсітіп, қорлап, оларды күштеп арақ ішуге, темекі шегуге мәжбүрлеген кездер де болған. Әулие адамдардың, ата-бабалардың зираттары қиратылып, құнды жәдігерлер қоқысқа лақтырылды. Алматы облысы, Шелек ауданының Қорам селосының дихандары құры бекер мешітке бара берудің орнына сауаттарын ашып, білімдерін толықтыру туралы шешім қабылдайды [10]. Осылай 1913 жылмен салыстырғанда, 1929 жылы Шелек ауданындағы мұсылмандар қауымының 94 ғимараттарының бірде-бірі қалмаған, ал дінге сенушілер саны 26.000 адамнан 6.000 адамға дейін қысқарған [11]. Тіпті ұзақ уақыт биліктің тірегі болған православ шіркеулеріне ерекше дұшпандылықпен қарады.

Дін орындарын жабудағы мұндай қателіктер мен заңды бұзушылықты жою мақсатында 1930 жылы 19 наурызда ҚазОАК-і мен ХКК-і қаулы қабылдады. Қаулыда былай деп жазды: «1. Дін орындарын ауыл, поселке халқының көпшілігінің ырзалығынсыз жабу, иә болмаса олардың шын көңілден ырзашылық білдірмей, жәй сыртынан ырзашылық білдіруімен жабу тоқтатылсын; 2. Мешіт, шіркеу иелері ауыл, поселке халқының көпшілігінің шын ырзашылығын алған соң ғана Қазақстан Орталық Кеңес Комитеті Президиумы тиісті тоқтамды бекіткен соң ғана жабылсын». Бұл қаулының дұрыс орындалуын бақылап отыру Ішкі Істер Комиссариаты мен оның жергілікті бөлімдеріне жүктелді [12].

Комсомол айырықша жауынгерлік құдайсыздығымен, дінсіздігімен көзге түсті. Комсомолдар ауыл шіркеулерінің қызметін өрескел бұзып, шіркеу қызметкерлерін мазақ еткендіктері, православ литургиясына шіркеу алдындағы алаңда пародия көрсеткендері жайлы көп хабарлар болды. 20 жылдары деревняларда комсомол коммунистік партияға қарағанда мықтырақ орныққанын атап өту керек. Онжылдық соңына қарай ауылдық партиялар ұйымдары мүшелерінен ауылдық комсомолдық ұйымдар мүшелері үш-төрт есе артық болды, комсомолдық қозғалыс жастарға, әсіресе ер адамдар қатарына тартымды көрінді, сондықтан екінші партия онымен еш жағдайда да қарсыласа алмады.

Орта жастан асқан шаруалар комсомол ұйымандағыларды «бұзақылар» деп атады, шындығында да, жағдай сондай сипатта болды. 1923 жылы партияның XII съезі шаруаларға қарасты, дін жолындағыларды кемсіту мен олардың сенімдерін мазақ қылуға жол бермеуді, «шіркеулерді жабу жайлы комсомолдық ермектерді» қатаң сынағандығын белгіледі. Келесі жылы партияның XIII съезі қандай да болсын діни сенімдерді былғау, шіркеу, мешіт, синога, құдайға жалбарыну үйлерін, костелдарды т.с.с. мекемелерді жабудың алдын алатынын ескертті. Дегенмен іс жүзінде бәрі басқаша сипатта болды.

Православ шіркеуі революциядан кейінгі он жылдықтан кейін біршама сенімсіздікте болды. Екі жүз жыл ішінде бірінші патриарх – Тихон, сайланғаннан кейін шіркеу басқаруындағы, Кеңес өкіметімен байланысты реттеу мәселелерінде де үлкен қиыншылықтармен кездесті. 1922 жылғы шіркеу құндылықтары – алтын, күміс, асыл тастарды аштықтан зардап шегіп жатқан Поволжьеге көмектесу мақсатында жинап алу екі жақты кінәлау мен ызылануға алып келді. Шамамен осы уақытта шіркеу Тихон соңынан ерушілер мен «тірі шіркеуді» жақтаушылар болып екіге бөлінді; Тихон патриарх біраз уақыт тұтқында болып, кез келген антикеңестік қызметтен бас тарту міндеттілігіне қол қоюға мәжбүр болды.

Бірақ барлық оқиғалар ауылдан алыс болды. Приход шіркеушілері дәстүрлі түрде шіркеуден өте аз болса да қаржылай көмек алды, күнделікті тұрмысына келушілерден түскен пайданы пайдаланды. Ауыл діни қауымы екі топтың қарсыласуына немқұрайлы қарады, себебі олардың өз алаңдары жетіп жатты. Ауыл кеңесі көп жағдайда шіркеу қызметкерлерінен «адал еңбек жолымен өмір сүрмейтіндер» деп жала жауып, олардың иелену құқықтары жоқ деп жерлерін, үйлерін тартып алған [13].

Орыс фольклорында поптың бейнесі қарама-қайшы сипатталатын. Ол негізінен жалқау, қытымыр, ашкөз, маскүнем ретінде бейнеленді.

XX ғ. 20-жж. деревня, ауылдарда азаматтық неке мен ажырасудың белес алуы шаруалардың дінге қатынасының көрсеткіші болып табылады. Көптеген шаруа жұптары діни орындарында некелескенімен, үйлену тойларын ауылдарда тойлау «қарапайым құбылыс» ретінде қалыптасып кетті. «Әр ауылда 3-4 некелеспеген отбасы бар» деген мәліметтерді кездестіруге болады... 1929 ж. Морис Хиндус өзінің туған украин деревнясына оралғанда, жастардың шіркеулік дәстүрлерді ұстанбақ түгіл, оларға қызықпайтынына таң қалған [13. 30].

XX ғ. 20 жылдарында буындар арасында, ауыр шиеленіс болды. Жастар қазіргі заманғы әрі ескі ауылдық костюмдерді киісі келмеді, оны ұлы артта қалу белгісі ретінде көрді. Ер адамдар әскери костюмдерді киді, жас қыз-келіншектер опа-далапты пайдалана бастады. Ескі ауылдық билерді қалалық танго мен фокстрот ығыстырды.

Жастар ауылды, одан қалса ата-аналарын, тіпті жер өңдеу ісін де қаламады. Буындар арасындағы шиеленістерде дінге деген көзқарас әрқашанда басты орынды алды. Ұл-қыздар дінді сыйламағандарын білдіріп, орыс селоларында крест тағудан бас тартты. Этнограф В.Богораздың пікірі бойынша, бұл құбылыстар марксист-көтерілісшілер кезеңінен келе жатқан ерте тарихи кезеңді қамтыды. 1926 жылы қазақ халқының күнделікті тұмыс-тіршілігінің бір көрінісі наурыз мейрамын тойлауына ресми түрде тыйым салды. Тек қартайған адамдар өз сенімдеріне бекем болды. Ауыз әңгімелерге сүйенсек осы дінге деген қатаң көзқарас кезеңде ауылдық жерлерде ата-апаларымыз есік-терезелерін жауып, тығыла намаз оқыған. Айт, наурыз мерекелерін, өздерінше тойлаған. Барынша діни салт-дәстүрлерін жоғалтпауға тырысқан.

Қазақ қоғамының береке-бірлігінің ұйтқысы болған қажылардың орны мен рөлінің маңызды болған білеміз. Себебі, қажылардың қазақ қоғамының алдында, халықтың алдындағы рухани беделі мен материалдық ықпалы өте жоғары болды. Қажылар қауымы өз қаржыларына мектеп-медреселер ашып, төңірегіндегі халықты білім нәрімен сусындату мақсатындағы игілікті істерімен бірге, қоғамдық-саяси қызметке де белсене араласа отырып, қоғамның ұйытқысы бола алатын тұлға ретінде төңірегіне зиялы қауымды шоғырландырған болатын. Қазақ қоғамында қажылар қауымы шын мәнінде зиялылықтың биік үлгісін көрсетті. Олар тарихтың қай кезеңінде болмасын қоғамдағы білім мен өнердің, ынтымақ пен бірліктің символы ретінде қабылданған.

Бәрімізге ортақ тұжырым: «діннің міндеті, егер ол шын мәнінде халықтың қажетіне қызмет ететін дін болса, жұртшылықты Құдайға күні-түні құлдық ұрып, жанға сауға сұрауға жұмылдыру емес, еркін өмір сүретін қоғамдастық құруға бағыттау болып табылады деген ұсыныс. Негізінен кез келген қоғамның ұлттық рухани өрісі – дәстүрдің, әдет-ғұрыптың, діни болмысының орнықтылығымен, яғни, ұлттық менталитетінің дәрежесімен өлшенеді. Бұл орайда қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен діни наным-сенімдері ұдайы қоғам мүддесімен үндесіп, ұдайы өмір салтын, тіршілік болмысын шыңдауға қызмет етіп отырды. Адамдар қоғамының дамуын арттырғысы келсе, өнеркәсіптік, технологиялық мәдениетті ғана емес, діни руханилықты да өркендету керек» [14] – деген пікірді қазіргі мәдениеті жоғары адам қолдайтыны сөзсіз.

Бұдан заңды түрде туындайтын қорытынды – мұсылмандық ілім қазақ жерінде саяси мәнге емес, әлеуметтік-мәдени мәнге ие деген түсініктің қалыптасуы да орынды. Әлеуметтік даму мен

рухани жетілу үстінде адамзат баласы діннен, діни тағылымдардан артық басқа тиімді құрал ойлап таба қойған жоқ. Әлеуметтік тұрақтылық пен ұлтаралық қарым-қатынастарды жүйелеу барысында діннің игілікті ықпалының маңызды екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Осы тұрғыдан алғанда саяси-әлеуметтік қарым-қатынастарды реттеуде қажетті алғы шарттардың бірі ретінде діни құндылықтарға арқа сүйеу қажеттілік болып табылады.

Орыстың өз шіркеуіне келетін болсақ, ол білімнің дамуына ықпал еткен жоқ. Төменгі, шіркеу-приход мектептері тек 1839 ж. ашылды (онда 20 мың оқушы), ал 40 жылдан кейін бес есе көбейген болуы керек. Земск бастауыш мектебі ашылса да, бастауыш білімді алғандардың саны бәрібір аз еді. Мысалы, 1890 ж. село халқының 17 пайызы ғана оқып, жаза алған. Англия мен Францияда 90%, Пруссияда 89% адам сауатты болған. XIX ғ. аяғында Жапонияда ұлдардың 90% ұйымдастырылған бастауыш мектептерде білім алған [15]. Ресейде революцияға дейін орта және жоғары білімді жоғары сословиенің балалары ғана алды. Білімді элита әлеуметтік, мәдени жағынан халықтан өзін алыс ұстады.

Ресей империясы рухани санамызды барынша жаулап алуға тырысқанымен, XX ғасырдың 90 жылдарының оқиғалары көрсеткендей қазақ халқы өзінің өміршеңдігін дәлелдеді.

1. *Ақ бата.* – Алматы, 1998. – 48 б.
2. *Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям.* – Алма-Ата, 1966. – 215 б.
3. *ҚРОММ, 64-қор, 1-тізбе, 436-іс, 9-10 парақ.*
4. *Мырзахметов М. Қазақ қалай орыстандырылды.* – Алматы, 1993. – 15-16 б.
5. *ҚРОММ. 64-қор, 1-тізбе, 595-іс, 38-парақ.*
6. *ҚРОММ, 64-қор, 1-тізбе, 595-іс, 46-парақ.*
7. *ҚРОММ, 64-қор, 1-тізбе, 436-іс, 9-10-парақтар.*
8. *ҚРОММ, 64-қор, 1-тізбе, 458-іс, 34-парақ.*
9. *Преодолевая религиозные влияния ислама. 1917-начало 1930-х годов.* – Алма-Ата, 1990. 33-34 парақтар.
10. *Джеттысуйская искра. 1928, 24 желтоқсан.*
11. *Нұртазина Д.Н. Исламға қарсы шабуыл. Кеңес өкіметінің Қазақстанда жүргізген дінге қарсы саясаты (XX ғасырдың 20-40-шы жылдары).* – Алматы, 2008.
12. *Еңбекші қазақ. 1930 жыл, 19 наурыз, №64.*
13. *Шейла Фицпатрик. Сталинские крестьяне. Социальная история Советской России в 30-е годы: деревня.* – М., 2008.
14. *Әмірғазин С. Мемлекет және дін: өзара жауапкершілікті тұрпат // Саясат. 2003. №2. – 23-26 бб.*
15. *Хорос В.Г. Русская история в сравнительном освещении.* – М., 1994.

Резюме

В статье рассматривается религиозное положение начала XX века и антирелигиозная политика советского правительства. Дается описание мечетей и церквей того периода. Подробно описывается влияние антирелигиозной политики на молодежь, которая перестала уважать старших и проявлять невоспитанность. Особенно, показывается причина ослабления давних традиции казахского народа.

Summary

In this article telling about islam religion and politics for islam religion soviet government in the xx century. And described view of mosque and church in this time. The article makes clear some cases where a policy against religion become the cause of unrest in Kazakh-Russian villages, and when the youth showed their disrespect for elders. Also, it makes us understand, that especially, the policy was the cause of weakening of Kazakh traditions, which is transmitted from time immemorial.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҮЙСІН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Н.Джумагулов – магистрант, *әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

Көп ғасырлар бойы Жетісу жері әр түрлі тайпалардың, халықтардың өмір сүрген, мәдениеттер мен өркениеттердің тоғысқан ортасы болды. Осы жерлерді ежелден жайлаған үйсін ескерткіштерін зерттеу Қазақстан археологиясының негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Ерте темір дәуірінде өмір сүрген үйсіндердің тарихы жөнінде басы ашылмай келе жатқан мәселелер әлі де бар. Атап айтқанда этникалық тарихы, тілі, тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы, сонымен қатар олардың алып жатқан территориясы мен таралу аймағы әлі де терең зерттеуді қажет етеді.

Тәуелсіздік жылдары Жетісу жерінде, сонымен қатар үйсін дәуіріне жататын ескерткіштер Тарбағатайдың теріскейіндегі Тебіске, Базар, Қарғыба өзендерінің жағалуларында 70-тен астам қорғандар анықталып, оның 17-сі зерттелді. Жалпы алғанда Үйсін дәуірінің ескерткіштерінің жерлеу үрдісі, шаруашылығы, тұрмыс-тіршілігі, діни наным-сенімдерінен мол деректер беретін ескерткіштердің ең көп зерттелген түріне обалар жатады. Сонымен қатар қыстақ-қоныстар, қалалық отырықшы орындар тәрізді ескерткіштер де көптеп кездеседі. Бұл жөнінде әлі төменде тоқталамыз. Дегенменде біздің алдағы мақсатымыз барлық зерттеулерді бір ізге түсіріп, жүйелеу болып табылады.

Айта кету керек, үйсіндердің археологиясына, ескерткіштерінің зерттелу тарихына қатысты соңғы жылдары бірқатар еңбектер жарияланды. Көптеген зерттеушілер (Ақышев, Нұрмұханбетов, Су Бихай, Н.Мұхаметханұлы, Байпақов, Марьяшев, т.б.) еңбектері жарық та көрді. Олардың арасынан біздің қарастырып отырған тақырып ішінара болса да А.Досымбаева [1], Д.С. Байгунаков [2; 3] т.б. ізденістерінде көтерілді. Нәтижесінде қазіргі таңда үйсіндер тарихы мен мәдениетіне қатысты қомақты ғылыми қор жинақталды. Бұлар да келешекте тарихнамалық талдау жасауды қажет етеді.

1990-1998 жылдары Ә.Т. Төлеубаевтың жетекшілігімен ҚазМУ-дың ерте көшпенділерді зерттейтін экспедициясы Тарбағатайдың теріскейіндегі Тебіске, Базар, Қарғыба өзендерінің жағалауларынан үйсін дәуірінің 70-тен астам қорғандарын анықтады. Тебіске өзенінің бойында Құлбабас деген жерде 17 қорғанды қазып зерттеді. Зерттеу барысында бұл қорғандардың үйсін мәдениетіне жататындығы анықталды. Зерттелген Құлбабас қорғандар тобының тобының №1, 2, 6, 7 қорғандарының барлығында да адамды ақымды қабірде жерлеген. Ал бұл дәстүр тек Жетісу ескерткіштеріне тән болып келеді. Сонымен қатар мәйттің жанына қойылатын заттар: керамикалық ыдыстардың тек бас жағынан шығуы, қой омыртқасы және де тоналмаған №2 қорғанның шығыс қабырғасынан қойдың құймышыққа дейінгі омыртқа тізбесінің қойылуы (адам сүйегіне параллель сол жақ бүйірінде) сонымен қатар темір пышақтың шығуы үйсіндердің жерлеу ғұрыптарына тән болып келеді.

Сонымен Ә.Т. Төлеубаев Тарбағатайдың терістік баурайынан ашып зерттеген ескерткіштері бұл өңірде б.з.б. II-I ғасырларда үйсіндердің болғандығын дәлелдейді және осыған дейінгі бұл мәдениетті зерттеушілер оның солтүстік-шығыс шекарасын Ыстықкөл мен Балқаш сызығы бойынша анықтап жүрсе, ол бұл мәдениеттің таралу аймағын солтүстік-шығысқа қарай біршама кеңейттік деген пікірде [4].

Түрген-II археологиялық кешені Түрген шатқалдарында Түрген ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 35 км, Ой жайлау турбазасынан шығысқа қарай 200 м және астрономиялық обсерваториядан оңтүстік-шығысқа қарай 3 км жерде Қызылбұлақ шатқалында орналасқан. Ескерткішті 1996 жылы Жетісу археологиялық экспедициясы (А.Н. Марьяшев, А.А. Горячев) Қызылбұлақ жылғасының оң жағалауын құрайтын және осы жылғамен аттас өзеннің қосылған жеріндегі ескі моренаның жазық ауданынан тапқан. Кешен әр кезеңге тиеселі бірнеше ескерткіштерден: қола дәуіріне, сақ және үйсін кезеңіне жататын қыстақтардан тұрады. Ерте темір ғасырының қорымдарына кешеннің орталығында орналасқан және оның жоғарғы стратиграфиялық деңгейін құрайтын кішігірім қорғандар жатады. Барлығы 6 қорған зерттеліп, онда 15 қабір тіркелген. Қызылбұлақ IV екі қорған, Түрген-II кешенінде 6 қорған зерттелінді. Қазба барысында алынған деректер жерлеу құрылысының сипатына қарай, заттық материалдар бойынша соның ішінде керамикалық ыдыс-

тардың негізінде үйсін кезеңіне жататындығы анықталды. Жетісу археологиялық экспедициясының ерекшелігі радиокөміртектік зерттеудің қолданылуы. Нәтижесінде Түрген-II археологиялық кешеніндегі қабірлерді б.з.б. III-I ғасырларға жатқызуға мүмкіндік туғызды.

Бұл қорымның пайда болуы көне үйсін тайпасының Жетісу таулы аймағын игеруімен байланысты. Мұндай қорымдар жазық аудандарда орналасқан, ертеректе тіпте қыстақ және тұрақ ретінде пайдаланылған. Қорымдардың жанында, жар немесе жылғаның арғы жағында сол кезеңнің қыстақтары тіркелген. Үйсін кезеңіндегі мұндай қыстақтар мен қорымдар кішігірім шатқалдардың барлығында кездесуі, бұдан Іле Алатауы таулы аймағында халықтың тығыз тұрақтанғанын байқауға болады [5].

Бұтақты-I археологиялық кешені Алматы қаласының оңтүстік-шығыс шет жағында, Медеу шатқалына 9 км тас жолдан оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Ескерткіш территориясы өзеннің оң жағалауында жазық террасада ұзынынан 1,5-2 км ені 1 км, Іле Алатауының сілемдеріне дейінгі жерлерді алып жатыр. XX ғасырдың ортасында-ақ бұл жерлерде тұрғын үйлер мен бақтар салынған болатын. Осының нәтижесінде археологиялық кешеннің негізгі бөлігі жойылып кетті. Тек батыс бөлігі ғана төбешік күйінде сақталған. Ұзындығы 200 м ені 50 м-ге дейін жететін дәл осы ауданнан жерлеу құрылыстары мен керамиканың сынықтары тіркелді.

1996 жылы шаруашылық-құрылыс жүргізілуінің барысында Жарбұлақ өзенінің оң жағалауында орналасқан төбенің жоғарғы жағынан авариялық жағдайында табылған болатын. Сондықтан 1996-1997 ж.ж. далалық маусымда ҚР БҒМ Археология институтының қызметкерлері ескерткіштің өмір сүрген уақытын анықтау үшін қазба жұмыстарын жүргізген еді. Қазба жұмыстарының нәтижесінде екі сармат (?) және бір түрік кезеңіне жататын жерлеу орындары анықталды. 1996-1999 ж.ж. далалық маусымда Бұтақты-I археологиялық кешенінде негізінен ескерткіштің өмір сүру кезеңдерін және сипатын анықтау үшін қазба жұмыстарын жүргізген болатын. 2003-2004 ж.ж. Алматы кешенді археологиялық экспедициясының (жетекшісі – т.ғ.д. К.М. Байпаков) жоспарлау археологиялық зерттеулері жүргізілді: сақталған телімнің топографиялық жоспары алынды. Онда ерте темір және ортағасырлық 15 жерлеу орны анықталды.

Ерте темір ғасырының Бұтақты-I археологиялық кешенінде моланың екінші стратиграфиялық деңгейі 8 жерлеу орнын қамтиды. Моланың сыртқы құрылысы дөңгелек қалыптағы тастар және қорған іспеттес, нашар сақталған.

Жерлеу орындарының хронологиясын үзік-үзік мәліметтермен анықтау қиынға түсті. Заттық материалдың жоқтығы, бір жағынан жағдайды қиындатады, ал екінші жағынан – Іле Алатауының жерлеу орындарының сипатты белгілеріне тән болып келеді. Түрген-II кешеніндегі молаларда ересектердің жерлеу орындарының көбісі заттық инвентарьсыз тіркелген, ал Бұтақты-I кешеніндегі керамикалық ыдыстардың жақынырақ аналогиясы Іле өзенінің оң жағалауындағы молалардан байқалады. Бұл сақ-үйсін мәдениетінің белгілері. Сонымен жерлеу ғұрыптарының ерекшелігі, заттық материалдар, жерлеу орындарының құрылыстары археологиялық кешеннің көп қабатты және Алматы қаласының территориясындағы әр түрлі кезеңдік ескерткіш екенін көрсетеді [6].

2008 жылы далалық маусымда Бұтақты-I археологиялық кешеніндегі зерттеулер жалғастырылды. Ерте темір ғасырының тұрғын үйі, оған жалғасқан аула мен оның территориясында шаруашылық жайлары бар құрылыс толығымен аршылды. Стратиграфиясы мен заттай материалдары бойынша ол б.з.б. IV-III ғ.ғ. деп мерзімделді [7].

1994-2005 жылдары Іле Алатауы өңірінен үйсіндердің ондаған қоныстары анықталған. Бұл өңірде қазақ-американ археологиялық экспедициясы (К.М. Байпаков, Ф.П. Григорьев, К. Чанг) нәтижелі зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу барысында аса қашық емес жерлердегі Талғар, Цыганка, Талдыбұлақ өзендерінің аңғарларынан бірқатар ескерткіштер табылды. Археологиялық зерттеулермен қатар, күйген тұқымдардың қалдығын палеоботаникалық талдау, өсімдіктердің тұқымы мен ұрығын микроталдаудан өткізу жұмыстары жүргізілді; сол төңіректегі қоршаған орта мен өсімдіктердің қазіргі түрлеріне жалпы шолу жасалды; көне және ортағасырлардағы суландыру жүйелерінің қалдықтары геоморфологиялық тұрғыдан зерттеліп, радиокарбондық тәсіл бойынша нақтылы мерзімдері анықталып, белгіленді [8].

Қоныстарға жалпылама сипаттама беріп өтсек Сарытоғай (Шарын) қонысы Алматы қаласынан шығысқа қарай 200 км жерде өзеннің оң жағалауында, кертпеш беткейлі жоғары алаңқайда орналасқан. Табиғи жағдайларға байланысты оның бір бөлігі ғана сақталған. Жетісу жеріндегі көлемі жағынан басқа қоныстарға қарғанда ірілеу болып келеді. Орны анықталған тұрғын-жайлардың құрылымын, салыну жоспарын айқындау мүмкін болмаса да, күнделікті тұрмыста пайда-

ланатын еңбек құралдарының, қыш ыдыстардың көптеп табылуы көне халықтардың шаруашылық кәсібі мен қыш өндірісі туралы біршама тұспалды деректер беретін материалдар жиналды. Сонымен қатар Шарын өзені бойындағы қоныстардан табылған қыш ыдыстар б.з.б I- б.з I мыңжылдықтың басы кезеңіне жатады және жоғары сапалы асүй жабдықтарының көптігімен ерекшеленеді. Мұндай қыш ыдыстар Жетісу жеріндегі үйсін қонысы Ақтастан да кездеседі. Бұл қоныстың зор аумақты алып жатқанына қарай ірі әкімшілік және қол өнер кәсіпшілігінің орталығы болған тәрізді деп қорытындылайды [9].

Алматы облысының Кеген ауданында, Алғабас ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 3 км жерде Өсербай-1 қонысы орналасқан. 1994 ж. барлау ниетімен қазба жұмыстары жүргізілді. Қазбаның жалпы көлемі 90 шаршы метр. Мұнда 10-12-ге таяу Тұрғын-жай орындары анықталды және олар екі қатар етіп тастан қаланған шаршы, тік бұрыш пішіндес болып келеді. Еңбек құралдарынан 40x20 см көлеміндегі ұшы қырланып, өңделген дәнүккіштер; жұмыр тастан жасалған тағы екі үккіш табылды. Сондай-ақ қыш ыдыстар, көзе, қазан, тегеш бөлшектері қазба барысында шықты. Қыш бұйымдарының сынқтары Ақтастан табылған қыштарға ішінара ұқсайды және үйсін кезеңінің бұйымдары болуы мүмкін [10].

Алматы облысының Талғар ауданындағы бір топ қоныстар үш кешеннен тұрады. Олар Талғар және Есік қалаларының аралығында Рахат, Красный Восток ауылдарының маңындағы 2 км алқапта созылып, оңтүстікке қарай Есік қорымына қарама-қарсы 5 км жерде орналасқан. Орталық қонысқа сипаттама беріп өтсек, Рахат-1 қонысының орталық бөлігі таудың алғашқы текшелі беткейінің деңгейінен 10 м және оған солтүстіктен тұмсық тірейтін жазық даладан 50 м биіктіктегі трапеция пішіндес төбе, табан тұсының көлемі 100x120 м, үстінде үлкен диаметрі 85 м, кіші диаметрі 55 м сопақша алаң бар. Оның орталық бөлігін жағалай беткейлерді бүйірлей қолдан қазған орлар өтеді, бұлар бекініс-қамал тұрғызу үшін қазылған және басқа екі қоныс та осы типтес болып келеді. Жалпы Тасмұрын өзенінің оң жағалауында орналасқан бұл қоныстан шыққан қыш ыдыстардың сынықтары, қазан, құмыра, хұм сияқты ыдыстар сақ-үйсін кезеңіне жатады. Бұл қоныстарды ақсүйектердің ордалары болған деген болжамға келеді [11].

1994 жылы Талғар шағын ауданының сақ және үйсін қоныстарын кеңінен зерттеу қолға алынды. Алматы қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 24 км, Түзусай ауылынан батыс бағытта 1 км қашықтықта, құрғақ жылға – сайдың сол жағалауында Түзусай тұрағы орналасқан. Бұл тұрақты алғаш зерттеген Ф.П. Григорьевтің дректері бойынша қоныстың оңтүстік шетіне тақау жерде, оңтүстік-шығыс-солтүстік-батыс бағыты бойлай 11 оба орналасқан. Қорғандарда етек тұсы тас шығыршықпен бекітілген топырақ үйіндісі бар. Көлемі әр түрлі: диаметрлері 12-ден 40 метрге дейін, ал биіктіктері 1-4 м аралығында. 1980-1981 жылдары қорған-обалардың біразы осы аумақты ауыл шаруашылығы жұмысына жарату барысында бүлдіріліп, құртылып жіберіліпті. Қалған екі қорғанның қалдықтарын Б.Н. Нұрмұхамбетов зерттеді. Қабырғасы шырша бөренелерден қаланған тік бұрышты үлкен бейіт ішінен цилиндр пішінді ұсақ сүйек моншақтар мен беті тегіс келген ромб тәріздес; қатпарлы ою-өрнегі бар шаршы типтес; сондай-ақ арқардың мүйізіне ұқсайтын бірнеше алтын жапсырмалар табылды. Бұл олжалар б.з.б. IV-III ғасырларға жатады. 1992-1993 жж. Қоныс орнында жалпы аумағы 216 шаршы метрді қамтитын екі қазба жұмысы жүргізілді. Қазба нәтижесінде Түзусай қонысының мәдени қабатының қалыңдығы 0,5-1,1 м екендігі анықталды, ол өйш ыдыс сынықтары, жануарлардың сүйектері, көмір үгінділерінен құралған. Бұл заттар төрт белдеуде орналасқан, олардың мерзімдері қонысты адамдар мекен еткен кезеңдерге сай келеді. Қазба кезінде қоныстың өзге де белгілері ашылды. Бірақ олардан тұрғын-жайлар мен басқа да құрылыстар кездеспеді. Қоныс б.з.б. IV-II ғасырларға қатысты болып шықты. 1994-1996 жылдары қонысты қазу жұмыстарын Талғар қазақ-американ қосыны жалғастырды. Тұрақтың 16 шаршы метр аумағына зерттеу жүргізіліп, оның стратегиясы және жоспары жөнінде жаңа деректер мәлім болды. Құл-қоқыс төгетін 7 ұра, құрылыс қалдықтары анықталып, қыш пен тас заттардың коллекциясы жиналды. Арнайы палеоботаникалық, фитолитиялық, зооархеологиялық, геоморфологиялық және топырақтанулық зерттеулер жүргізілді. 1996 жылы Түзусай қонысында қазба жұмысы атқарылды. 40 шаршы метр ауданды қамтыған қазба табиғи жер қабатына (1 метрден астам) дейін жеткізілді [12].

1999 жылы Алматы қаласынан шығысқа қарай 20 км жерде, Панфилов кентінің оңтүстік шетінде, Цыганка өзенінің оңтүстік-шығыс жағасында орналасқан Цыганка-8 қонысында қазба жұмыстары жүргізілді. Жер үйлер мен қойма-ұралардан тұратын қоныс солтүстік-шығыстан

оңтүстік-батысқа қарай, өзеннің шығыс жағасын бойлай 100 м-ге созылып жатыр. АҚШ-тың зертханасында бес рет жүргізілген радиокарбондық талдаудың нәтижесінде б.з.б. 775 жылдан 370 жылға дейін және б.з.б. 350-300 жылдардан 220-50 жылдарға дейінгі кезеңде өмір сүргендігі анықталды. Бұл қоныстан табылған қыш заттары б.з.б. 400 – б.з. 100 жылдар аралығындағы Түзусайдікіне ұқсас болғанымен, Цыганка-8 тұрағының одан да ерте замандарға жатқызуға болады. Сөтіп, Цыганка-8 қонысындағы, одан бұрынғы Түзусайдағы қазбалар, сондай-ақ Талғар ауданынан сақ-үйсін кезеңінің 20-дан астам тұрақ орнын ашқан барлау жұмыстары бұл аймақта отырықшы халықтар тығыз орналасқанын, олардың тұрақты қоныстарды мекендегенін дәлелдейді. Олар негізінен табиғи сулардың және қолдан суғару арқылы бидай, арпа, тары еккен, сондай-ақ тау бөктерлеріндегі жазғы жайылымдар-жайлаулардың төсінде бақташылық және отарлық мал шаруашылығымен айналысқан. Түзусай қонысынан жерүсті үйлері, ал Цыганка-8 тұрағынан жеркепе үйлердің екі түрі кездесті. Олардың бірі – тікбұрышты, екіншісі – сопақ пішінде келген. Зерттеулерден белгілі болғандай, олар тұрақты тұрғын-жай міндетін атқарған, мұнда адамдар жыл бойы тіршілік еткен [13].

Талғар қаласынан 7 км жерде Орман шатқалындағы қоныс орналасқан. Жүргізілген далалық зерттеу жұмыстары нәтижесінде алқаптың оңтүстік-батыс бөлігінен жекелеген қыш заттар табылды. Оларға картография жасалып, сақтардың Орман-1 және 2 жаңа қоныстары анықталды.

Орман-1 қонысы Талғар қаласынан шығысқа қарай 5 км қашықтықта, алқаптың оңтүстік бөлігінде, Орман ауылынан шығыс бағытта 2 км жерде орналасқан. Қазіргі кезде жері толығымен жыртылып тасталған. Мәдени қабаттың табылуына қарағанда, ол 4000 шаршы метр аумақты алып, қазіргі құрғап қалған жылғаның екі жақ диегінде орналасқан тәрізді. Қоныстың орталық оң тұсынан қыш заттардың мол шоғыры табылды. Қазба барысында жер қойнауынан шыққан қыш, дәнүккіш, тас келсап ерте темір дәуіріне жатқызылды. Ал Орман-2 қонысы Орман-1 қонысынан батысқа қарай 1 км жерде орналасқан. Қоныс орнын зерттеу үшін бір кесінді шұңқыр қазғанда, Орман-1 тұрағының қыш бұйымдарына ұқсас заттар, дәнүккіштер табылып, бұл қоныстың аумағында қарқынды ауыл шаруашылығы жүргізілгені анықталды [14].

Осы экспедицияның негізінде сақ-үйсін кезеңіне жататын қоныстардан табылған керамикалық ыдыстарға зерттеулер жүргізілді. Атап айтқанда Талды-бұлақ II, Цыганка II, Цыганка IV, Цыганка VIII, Қызыл-Бұлақ III, Талғар ауданынан (1998-1999 ж.ж. жинақ) материалдары алынды. Салыстыру мақсатында Б.Н. Нұрмұханбетовтің 1990 жылы Новоалексеевқада жүргізген қазба материалдары және Сарытоғайдағы (Шарын) материалдар пайдаланылды. Мақалада тек тостағанның ғана техникo-технологиялық анализі келтірілген. Нәтижесінде тостағанның түрлері, қандай шикізаттан жасалғаны, оны жасау әдістері анықталды [15].

Түзусай-3, Серектас-1, Шарын, Өсербай-1, Цыганка-8, және Орман сияқты қоныстардан табылған заттар арасында қыш өндірісіне, егіншілікке байланысты қызықты деректер, мысалы, дәнді дақылдардың сақталып қалған қабық-үгінділеріне дейін бар. Есік пен Талғар қаласының арасында Рахат ауылы маңында орналасқан бір топ қоныстар жақсы сақталған жалдары мен орлары болуына байланысты күшейтілген бекіністер түріне жатқызылды. Археологиялық ескерткіштер деректері көне үйсін тайпалары шаруашылығында малшылық, егіншілік бағыттарының бірге дамығанын, сондай-ақ қыш өндірісінің, металлургияның, тоқымашылықтың, тас, сүйек өңдеудің жоғары дейгейде болғанын көрсетеді.

Қорыта айтқанда, Тәуелсіздік жылдары үйсін археологиялық ескерткіштері қарқынды зерттелді. Оны бірнеше жылдарға созылған жоспарлы жұмыстар мен «Мәдени мұра» ұлттық стратегиялық жобасы аясындағы далалық ізденістерден де көреміз. Ғылыми зерттеулерде Жетісу жерінде үйсін дәуіріне жататын, сондай-ақ Тарбағатайдың теріскейіндегі осы мәдениетке тән ескерткіштер зерттеліп, жаңа тұжырымдар жасаудың негізі қалыптасты. Сонымен қатар үйсіндердің жүргізген шаруашылығы қытай дереккөздерінде біржақты қарастырылып келсе, соңғы жылдары үйсін қоныстарында жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде алынған жаңа деректерге сүйене отырып, олардың кешенді шаруашылық жүргізгені отандық тарихнамада тиянақты түрде тұжырымдалды. Сондай-ақ жаңа техникалық үлгілер мен технологияларды ізденістерде пайдалану нақты мәліметтерге қол жеткізуге мүмкіндік беріп, соны пайымдауларға жол ашты.

1. Досымбаева А. *Культурный комплекс тюркских кочевников Жетысу. II в. До н.э. – V в. н.э. – А., 2007. – 216 с.*

2. Байгунаков Д.С. *Ежелгі Қазақстан тарихының тарихнамасы (палеолиттен ерте орта ғасырларға дейін): 07.00.09: Тар. ғыл. д-ры... дисс. қолжазбасы. – Алматы., 2010. – 375 б.*

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №1 (32), 2012 ж.

3. Байғунаков Д.С. Усуньдер: тарихнамалық талдау // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сер. – 2009. - №3. – 21-30 бб.

4. Төлеубаев Ә.Т. Ертедегі үйсіндердің Тарбағатайдың теріскейіндегі ескерткіштері // ҚазМУ хабаршысы. Тарих сериясы. 1999. №12. –23-35 бб.

5. Горячев А.А. Могильник раннего железного века археологического комплекса в верховьях ущелья Тургенъ // Известия НАН РК. Серия общественных наук. 2007. №1 (253). – С. 3-14.

6. Горячев А.А. Археологические памятники комплекса Бутакты-I на юго восточной окраине города Алматы // Известия НАН РК. Серия общественных наук. 2006. №1 (252). – С. 45-59.

7. Горячев А.А., Мотов Ю.А. Результаты исследований археологического комплекса Бутакты-I на юго восточной окраине города Алматы. Известия НАН РК. Серия общественных наук. 2010. №1(274). – С. 13-24.

8. Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К. Қазақстан археологисы. – Алматы, 2011. – 163-164 бб.

9. Байпаков К.М., Марьяшев А.Н. Новыеданные по изучению поселений эпохи раннего железного века в Жетысу // Известия МОН РК. НАН РК. Серия общественных наук. 2001. №1 (230). – С. 57-60.

10. Сонда. – 60-61 бб.

11. Сонда. – 62-63 бб.

12. Байпаков К.М. Жетісу мен Алматы аумағындағы сақ пен үйсіндердің қоныстары. – Алматы, 2008. – 27-31 бб.

13. Сонда. – 31-33 бб.

14. Сонда – 33-35 бб.

15. Кузнецова О.В Техничко-технологический анализ керамики с поселений сако-усуньского времени из района Жетысу // Известия МОН РК. НАН РК. Серия общественных наук. 2000. №1. – С. 161-165.

Резюме

В данной статье рассматривается история изучения основных археологических памятников усуней на территории Жетысу в годы независимости Республики Казахстана. Систематизированы основные взгляды ученых. Рассмотренная история раскопок поселений и курганных могильников показывает, что усуньские памятники системно изучены в последние два десятилетия.

Summary

In given article the history of studying of the basic archaeological monuments usuns in territory of Zhetysu in days of independence of Republic of Kazakhstan is considered. The basic sights of scientists are systematised. The considered history of excavation of settlements and barrows burial grounds shows that usuns monuments is system are studied last two decades.

СОСТОЯНИЕ КОНФЕССИОНАЛЬНОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ ВО II-ОЙ ПОЛОВИНЕ XIX В.

Д.Аманжолова – докторант, Абай атындағы ҚазҰПУ

Во второй половине XIX века идет активное проникновение капиталистических отношений, ломавших не только традиционное хозяйство, но и приведших к ломке сознания, поиска выхода из тупика. Одним из путей выхода из него рассматривался ислам.

Именно в XIX веке ислам закрепился в массовом сознании вместе с его институтами: муллами из казахов, мечетями и пожертвованиями на их строительство и содержание.

В XIX веке происходило более тесное соседство с представителями других конфессий, прежде всего христианами – российскими крестьянами, православными миссиями на территории Казахстана.

Одним из важных конфессиональных институтов ислама является вакуф, существование которого освящено шариатом. Вакуф – неотчуждаемое имущество, в широком понимании – все завоеванные мусульманами земли, с которых халифу платился харадж – поземельный налог с немусульман, а в узком – движимое и недвижимое имущество. Их главное назначение – поддержание образования, благотворительных учреждений и личного персонала духовенства, поэтому они принадлежали медресе, мечетям, кладбищам, надгробнымпамятникам святых (т.е. мазарам), а также потомкам святых [1 с. 267].

Вакуфы создавались за счет пожертвований правителей, обществ, дарений частных лиц и приобретений медресе путем покупки. В мусульманских странах религиозные учреждения составля-

ли часть государственного института, поэтому никаких дополнительных податей в пользу государственной казны с них не взималось. Завещанное имущество являлось собственностью религиозного учреждения, часть доходов с которого шло на его содержание, а другая распределялась между духовными лицами. Существовали и личные фамильные вакуфы, предназначенные для потомков почитаемых шейхов, святых [2]. Владея значительными землями, духовные организации получали огромные доходы и играли заметную роль в экономической жизни государства. Свидетельством тому может служить Бухарское ханство, где 20% обрабатываемых земель относилось к вакуфным землям, а в Хивинском ханстве – до 32% [3, с. 81].

Представление об экономическом могуществе исламских учреждений в мусульманских странах распространилось и на историю мусульманства в России. В литературе нередко встречается утверждение об экономической силе ислама и в России [4]. Это объясняется слабой изученностью социально-экономической истории российского мусульманства и вакуфного вопроса в том числе, а также традиционным причислением всего духовенства к “эксплуататорскому классу”.

Исторические условия существования ислама на территории России не благоприятствовали развитию вакуфов. Казахстан и другие традиционно мусульманские регионы Российской империи не входили в состав мусульманских государств. Ислам распространялся здесь не путем завоевания и насаждения, а постепенно через торговые связи с мусульманским миром, через миссионерскую деятельность. Поэтому здесь распространялись только те черты ислама, которые конституировали его как образ жизни. Политические и экономические функции ислама были значительно усечены [5].

Уровень социально-экономического развития в казахском ауле не позволяет говорить о высоких доходах мулл, особенно денежных. Мусульманские учреждения на большей части Казахстана стали появляться после присоединения к России с разрешения властей, поэтому говорить о вакуфах в виде недвижимости не приходится. Более того, по “Временному положению” 1867-1868 годов земля была объявлено государственной собственностью, а вакуфы не допускались [6].

В Туркестанском крае, где исламские учреждения имели давнюю историю, вакуфное имущество было развито не одинаково. Судя по архивным данным, в большей части Семиреченской области вакуфов не было. В частности, Верненский уездный начальник в своем рапорте сообщал, что в уезде вакуфного имущества не существует [7]. Также Копальский уездный начальник графу о вакуфном доходе оставил не заполненной [7; л.11, 13], по-видимому, их не было. Аналогичными были рапорты уездных начальников Пржевальского, Лепсинского уездов.

При исследовании выяснилось, что некоторые вакуфные земельные владения давно утратили свое название и еще до присоединения к России перешли во владение населения. Эти земли были объявлены собственностью тех, кто ее обрабатывает.

Андижанские события и в этом вопросе внесли свои коррективы. Комиссия, созданная генерал-губернатором Туркестанского края Духовским, считала, что не следует принимать даже косвенных мер к укреплению идей ислама, религии только терпимой русской властью. А организация управления вакуфными имуществами и наблюдение за правильностью употребления вакуфных доходов расценивались именно такими мерами и признавались невыгодными для русских интересов [7, л. 41]. Эту точку зрения разделяли в своих решениях Ферганское областное правление, депутаты Государственного совета при обсуждении положения об управлении Туркестанским краем.

Невмешательство в вакуфные дела означало невмешательство в регулирование доходов. При этом российская администрация не должна была забывать о государственных интересах, то есть возможность перевода этих имуществ в собственность государства. Таким образом вакуф – это важный экономический институт ислама, который изначально был запрещен российским правительством.

Поэтому поземельно-податным комиссиям предписывалось ограничиваться следующими общими положениями:

1. Надзор за вакуфными имуществами не должен касаться способов расходования получаемых с них доходов;
2. Надзор должен ограничивать регистрации вакуфных имуществ и возможным исследованием их в юридическом отношении;
3. Надзору этому должно принадлежать право отстранения мутевалиев в тех случаях, когда деятельность их будет признана противоправительственной;
4. Надзор должен строго наблюдать за тем, чтобы в случаях упразднения учреждений, в поль-

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №1 (32), 2012 ж.
зу которых они завещаны, вакуфы эти поступали бы, как выморочное имущество, в состав государственных имуществ” [8, л. 43 об].

Таким образом, мнение комиссии сводилось к тому, чтобы, не вмешиваясь в вопросы дохода и их распределения, не упускать надзор за имуществом, которое может перейти в государственную собственность. На основе работы комиссии был разработан “Проект положения об управлении вакуфами”. Статьи этого Проекта предусматривали следующее:

“13. Вакуфные имущества находятся под наблюдением областной и уездной администрации.

14. Управляющие вакуфными имуществами (мутевалии) утверждаются в должности уездными начальниками... и отрешаются от должности тою же властью.

15. Уездная администрация должна иметь возможно полные сведения о числе вакуфных установлений, размерах имущества и размерах их доходов.

16. Учреждение новых допускается не иначе как с разрешения генерал-губернатора, который дозволяет сие единственно в случаях, заслуживающих особого внимания.

17. В случаях прекращения существования тех учреждений, в пользу которых завещаны вакуфы, последние переходят в собственность государства.

18. Тому же отчуждению подлежат вакуфы, завещанные в пользу учреждений, признанных вредными, а также вакуфы, завещанные иностранным мусульманским учреждениям.

19. Продажа земельных вакуфов запрещается” [8, л. 45об.-46].

Вакуфы как экономический институт исламской религии представляет значительное состояние, дававшее экономическую и политическую самостоятельность религиозным учреждениям в мусульманских странах. Это представление в литературе распространилось на российское мусульманство. В действительности исторических условий для развития вакуфного дела в пределах Российской империи не было, проникновение ислама среди казахов привело к законодательному запрещению создания вакуфов Российским государством. Допуская другие, кроме господствующей православной, религии как терпимые в империи, власти стремились не допустить их самостоятельности, прежде всего их экономического укрепления. Подарки мулл в дни религиозных праздников, определенная плата за наречение имени, отпевание умершего не позволяют говорить о богатстве мусульманского духовенства. Строительство же мечетей, медресе состоятельными людьми стало распространяться во второй половине XIX века, и к вакуфам можно отнести эти религиозные учреждения, но не земельные участки. В Казахстане вся земля была объявлена собственностью государства.

Укрепление позиции ислама в Казахстане во второй половине XIX века привели к смене политики правительства. Был взят курс на ограничение институтов ислама, казахи были выведены из под управления ОМДС. Были приняты меры, препятствующие деятельности этих институтов: мулла должен быть из казахов, владеть русским разговорным языком; при медресе должен быть открыт русский класс или преподавание русского языка; литература должна использоваться только прошедшая цензуру.

1. Смирнов Е. *Сыр-Дарьинская область. Описание, составленное по официальным источникам Е.Смирновым.* – СПб., 1887. – 355 с.

2. Саидбаев Т.С. *Ислам и общество.* – М., 1979. – С. 216.

3. Благовещенский В.П. *К вопросу о вакуфах в Сыр-Дарьинской области.* – Ташкент, 1889 – С. 7.

4. Климович Л.И. *Ислам в царской России; Аширов Н. Эволюция ислама в СССР и др.*

5. Юнусова А. *Башкирия. Ислам в контексте Российской истории. // Азия и Африка сегодня – 1998, №3.*

6. Крафт И.И. *Сб.указонений о киргизах ...* – С. 144; *Сабитов Н. Мектебы и медресе у казахов* – С. 13.

7. ЦГА РК, ф.44, оп.1, д.1767, л.11, 13, л.41.

8. ЦГА РК, ф. 64, оп.1, д.5578, л.43об,л.45об.-46.

Түйін

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы ислам позициясының күшейтуі үкіметтің саясатының ауысымдарына келтірді. Исламның институттары, қазақтар шектеуге бет алған, Омдстарды басқарудың астынан шығарылды. Қамданған, бұл институттардың кедергі келтіретін қызметтері: молда Қазақтардан болуы, орыс сөйлеу тілімен білуі керек; медресенің жанында орыс тілінің орыс сыныбы немесе сабақ беруі ашуы керек; әдебиет тек қана өткен цензураны қолдануы керек.

Summary

Strengthening of a position of Islam in Kazakhstan in second half of XIX-th century have led to change of a policy of the government. Was the course on restriction of institutes of Islam is taken, Kazakhs have been deduced from under management. The measures interfering activity of these institutes have been taken: the mullah should be from Kazakhs, know Russian a spoken language; Russian class or Russian teaching should be opened; the literature should be used only passed censorship.

ИЗ ИСТОРИИ ИЗУЧЕНИЯ ЗВЕРИНОГО СТИЛЯ

А.Б. Сагандыкова – магистрантка 1-го курса, КазНУ им. аль-Фараби

В современном казахстанском обществе формируется особый интерес к историческому прошлому. История выступает как необходимая составная нашей культуры, как источник для самопознания и духовного творчества. Благодаря возросшему интересу к древней истории, производятся крупномасштабные археологические работы на всей территории Республики, а археологическая наука Казахстана переживает заметный подъем. Необходимость всестороннего глобального взгляда на археологию Казахстана, обусловленная потребностями времени и социума, диктует сближение естественных и гуманитарных наук в решении проблем древней истории Казахстана. Интеграция научных знаний, в свою очередь, позволяет подойти к решению проблем археологии Казахстана в контексте древней истории Центральной Азии. На фоне сближения наук, в тоже время, можно заметить процесс зарождения совершенно новых научных направлений.

Концептуальные позиции современной археологии, в свою очередь, диктуют необходимость изучения истории науки. Огромный пласт накопленных сведений и аналитический материал по ним (гипотезы, концепции, взгляды), требуют исторического осмысления научных достижений в области археологического изучения Казахстана и всей территории Центральной Азии. Процесс историзации, обусловленный спецификой и внутренними процессами развития археологической науки должен сегодня способствовать мобилизации научной мысли, определению приоритетов и перспектив развития научного знания. Поэтому столь велика роль историографии археологии, приобретающей в последние годы статус важного элемента предмета науки.

Особое место в историографии археологии занимают вопросы изучения сакского звериного стиля. История этого изучения берет свое начало еще в древности. В большом списке литературы, посвящённой скифам-сакам, по праву первое место занимает блестящий для своего времени труд В.В. Григорьева «О скифском народе саках», в котором суммированы данные письменных источников по политической истории сакских племён [1]. Хотя со времени выхода в свет этого труда прошло 140 лет и за это время накопилась солидная библиография по сакам, но работа В.В. Григорьева до сих пор не потеряла своего научного значения.

В одной статье невозможно проанализировать даже малую часть научной литературы по среднеазиатским сакам. Отметим только, что в свое время вся русскоязычная и зарубежная литература о саках возникла исключительно на основе различной интерпретации античных и древнеперсидских источников. Эти исследования, несомненно, сыграли положительную роль в изучении сакской проблемы, но большинству из них в разной степени были присущи односторонность и субъективизм.

Так как на протяжении столетий в историографическом анализе скифоведения остро стоял вопрос происхождения скифов-саков и их культуры, то и до сих пор он считается дискуссионным. С позиции археологии большинство точек зрения по данной проблеме сводится к двум противопоставляемым концепциям. Первая из них, наиболее полно сформулированная в работах известных ученых-скифологов Б.Я. Гракова, М.И. Артамонова и др. [2] и получившая в науке наименование *«автохтонной»*, основывается на представлении о генетической связи скифов с носителями так называемой срубной археологической культуры. Вторая версия, активными сторонниками которой были не менее известные скифологи В.А. Ильинская, А.И. Тереножкин и др. [3], получила название *«центральноазиатской»*. Появление скифов в Восточной Европе в ней связывается с передвижением последних из глубинных районов Азии.

Естественным является то, что внимание к истории науки особенно актуально в моменты изменения исследовательских парадигм. Актуальность и научная новизна исследования искусства звериного стиля, роли и значения языка изображений обусловлены тем, что в научный оборот

был введен большой корпус источников, созданный раскопками Иссykkского кургана археологической экспедицией Акишева К.А., находками В.Д. Кубарева, Н.В. Полосьмак, В.И. Молодина на юго-востоке Российского Алтая, З.С. Самашева и А.-П. Франкфора на юго-западе Алтая, в пределах Республики Казахстан [4]. Здесь были найдены неразграбленные рядовые погребения и захоронения представителей знати, в которых сохранен первоначальный контекст ритуальных атрибутов, в том числе артефактов с богатым изобразительным рядом. Это зооморфная атрибутика головных уборов (навершия и другие детали головных уборов, диадемы и "эгреты"), нашейные гривны, детали одежды, а также предметы вооружения и другие артефакты, сопровождавшие умершего, в частности, оружие, зеркала, детали поясной гарнитуры. Кроме того, в убранстве коней, сопровождавших захоронения людей, развернуты сложные ансамбли зооморфных образов: в погребальных или культово-церемониальных масках, на парадной узде, седельных подвесках и т.п.

Существование человека на протяжении многих веков находилось в прямой зависимости от природы, неразрывной частью которого был животный мир, поэтому в искусстве почти каждого народа был период, который бы характеризовался присутствием элементов "звериного стиля". Небывалого расцвета и совершенства этот "стиль" достиг в скифо-сакское время, когда на всей территории степной полосы Евразии, на базе скотоводческого хозяйства происходило формирование раннекочевнических обществ со сложной социальной иерархией. Вместе с тем, центрально-азиатский регион большинством ученых выделяется как особая зона кочевого мира, не только потому, что именно здесь возможно выявить истоки скифо-сибирского искусства и найти его наиболее яркие образцы, но и потому, что только на этой территории скифо-сибирская художественная традиция существовала непрерывно на протяжении нескольких столетий.

Такой широкий хронологический и территориальный масштаб данного культурного феномена делает решение многих связанных с ним проблем необходимым для понимания всего комплекса историко-культурных процессов происходивших в этой части Евразийского субконтинента. Предметы древнего искусства являются не только одним из важнейших археологических источников для реконструкции системы идей и представлений эстетического и ритуально-мифологического содержания, но и служат своеобразными маркерами этнокультурных и социальных изменений в кочевых сообществах.

Поразительно долгое существование скифо-сибирского искусства, его идейно-художественное своеобразие и богатое духовное содержание вот уже около 150 лет приковывают к себе взгляды зарубежных и отечественных исследователей. Круг обсуждаемых проблем включает в себя вопросы происхождения и формирования скифо-сибирского звериного стиля, его изобразительные, семантические и региональные особенности, в контексте общих закономерностей культурного развития кочевых народов Евразии.

Другое направление научного поиска связано с исследованием среды обитания и взаимодействия с ней древнего человека, изучение его сознания, психологических черт, отразившихся в художественном творчестве, т.е. в тех результатах деятельности, которые способна фиксировать современная археология. Причем, в данном случае, перед нами классический пример того, как художественное явление приобретает историческое значение не только благодаря специфическим изобразительным особенностям своих произведений, но и той роли, которое оно играло в эстетическом, шире – в духовном обиходе своего времени.

Следовательно, понятие "звериный стиль скифо-сакского времени" в научной литературе традиционно применяется по отношению к произведениям искусства народов, населявших обширные просторы евразийских степей в VII – начале II вв. до н.э. Многочисленные кочевые племена, объединенные одинаковым типом хозяйства и в связи с этим во многом сходным обликом материальной культуры, занимали в этот период всю степь и отчасти лесостепь Восточной Европы, Предкавказье, Южное Приуралье, Приаралье, некоторые районы Памира, Тянь-Шаня, Саяно-Алтая и ряд других областей Южной Сибири и Казахстана. Для обозначения этой огромной культурной совокупности отечественными учеными было предложено несколько различных терминов: "скифо-сибирское культурно-историческое единство" (Грязнов М.П., Мартынов А.И.) [5], "общность" (Матюшенко В.И.), "скифский мир" (Яценко И.В., Раевский Д.С., Членова Н.Л., Петренко В.Г.) [6], "культуры скифского круга" (Членова Н.Л.), "скифский евразийский мир" (Алексеев В.П.), "евразийский культурный континуум скифской эпохи" (Раевский Д.С.). Однако, вследствие того, что одни из этих определений не вполне корректно отражают суть самого явления, преувеличивая сте-

пень сходства рассматриваемых культур, а другие, очевидно, более точные, излишне длинны и фонетически сложны для повседневного использования, в научной литературе прочнее всего укрепился термин "скифо-сибирский мир" как наиболее нейтральный (Мартынов А.И., Алексеев В.П., Мошкова М.Г., Мелюкова А.И.) [7]. А.Д. Грач считает возможным определить просторы Великой Евразийской степи как «иранской скифо-сако-юэчжийской ойкумены».

А.И. Мартынов определяет, что к середине I тыс. до н.э. на этих обширных территориях археологически отчетливо прослеживаются следующие культуры скифо-сакского типа: культура скифов Причерноморья; савроматская – на равнинах Предкавказья, в низовьях Волги и на Южном Урале; культура саков в Казахстане и Средней Азии; пазырыкская культура на Алтае; тагарская и уюкская культуры Тувы; культура Ордоса в Северном Китае и др. [8, с. 201-202].

При этом, следует отметить, что данный археологический феномен и историческое явление характеризуют разнообразные специфические признаки, одним из которых и является особое искусство звериного стиля. Оно представляет собой не просто художественное воспроизведение окружающего животного мира, свойственное многим народам и многим эпохам. По мнению многих исследователей, это – вполне стройная система, в которой изображались только определенные звери (главным образом, хищники, копытные, птицы и фантастические существа – грифоны), только определенным способом (в канонических позах, с преувеличенными глазами, ушами, когтями, клювами), воплощая определенные идеи, мировоззренческие представления, ценностные ориентации древних людей (Членова Н.Л., Хазанов А.М., Шкурко А.И., Переводчикова Е.В.) [9].

В то же время искусствоведы говорят о зверином стиле, как универсальном коде реальной (природно-социальной) и сакральной действительности (Л.С. Марсадолов). Звериный стиль в искусстве саков отражает, по мнению исследователя Туякбаевой Б.Т., представления о разуме – душе, восходящие к культам и ритуалам скифо-сакских племен, согласно которым происходит перевоплощение души из человека в птицу или зверя. Эти же представления нашли отражение и в полиморфных мифических существах: грифонах, крылатых конях, барсах, а также в животных, воплощающих в себе объединенный образ коне-олене-грифонов и т.п. Этот мотив можно наблюдать в изображении сфинксов или человеко-птицах, когда человеческий лик указывает на их исток – душу, некогда поглощенную хищником: душа человека, таким образом, участвует в цикле возрождения природы [10]. А в конце концов, это отражает философию «единства бытия», нашедшую художественную форму в эпиграфическом декоре одеяния «Золотого человека».

Сакско-скифское искусство, единое в основных принципах своей изобразительной системы, обладало в каждом отдельном регионе своего существования заметным художественным своеобразием. Изучение конкретных проявлений этого своеобразия актуально не только в стилистическом искусствоведческом плане. Исследование причин и механизмов возникновения в достаточно жесткой схеме звериного стиля новых специфических элементов позволяет в конечном итоге глубже понять те историко-культурные процессы, которые проходили в скифскую эпоху на обширной территории Евразии. Таким образом, использование произведений звериного стиля как исторического источника требует, прежде всего, их археологического анализа (Богомоллов В.Б., Томилов Н.А., 1990) [11].

Если эстетико-стилистический аспект сакско-скифского звериного стиля учеными прояснен, то содержательная сторона этого искусства до сих пор во многом остается загадкой. Поэтому и спектр мнений по данной проблеме имеет столь широкий диапазон – от «семантического агностицизма», предполагающего, что о смысловой функции звериного стиля «можно лишь гадать», до смелого утверждения о достижимости полного истолкования семантики этого стиля [12, с. 359-360].

Итак, большинство исследователей, конечно же, констатирует наличие у памятников звериного стиля определенной семантики. Ее толкование сводится к попыткам разглядеть тотемные, сакрально-магические, религиозно-мифологические, мировоззренческие и другие представления скифов-саков.

Таким образом, нами рассмотрены некоторые научные направления изучения истории звериного стиля. И, несмотря на ведущиеся в археологии, истории науки и искусствоведении многие годы научные изыскания, проблема возникновения кочевой цивилизации в степях Евразии, исторические судьбы отдельных сакско-скифских племен, происхождение их культуры и, в том числе, звериного стиля в изобразительном искусстве, по-прежнему остаются актуальными.

1. Григорьев В.В. О скифском народе саках. – СПб., 1871.
2. Граков Б.Я. Скифы. М., 1971.; Артамонов М.И. Происхождение скифского искусства. СА. 1968. №4.
3. Ильинская В.А., Тереножкин А.И. Скифия в VII-IV вв. до н. э. – Киев, 1983.
4. Акишев К.А. Искусство и идеология саков Семиречья. - А., 1980.; Кубарев В.Д. Древнетюркские изваяния Алтая. – Новосибирск, 1984.; Полосьмак Н.В. Стережущие золото грифы. Новосибирск, 1994., Самашева З.С. Берел – выдающийся памятник истории и культуры древних кочевников Казахстана – Самашев З., Жумабекова Г. // История Казахстана в школе и ВУЗах. – 2002. – №9.
5. Грязнов М.П. Аржан – царский курган раннескифского времени. – Л., 1980; Мартынов А.И. Скифо-сибирское единство как культурно-историческое явление // Скифо-сибирское культурно-историческое единство. Материалы I Всесоюзной археологической конференции. – Кемерово: Изд-во КГУ, 1980.
6. Яценко И.В. Искусство скифских племен Северного Причерноморья. // История искусства народов СССР. т.1, – М., 1971; Раевский Д.С. Модель мира скифской культуры. Мир скифской культуры. – М., 2006; Членова Н.Л. Центральная Азия и скифы. – М., 1997.
7. Алексеев В.П. Историческая антропология и этногенез. – М., 1989; Мошкова М.Г. История и культура сарматов. – Саратов, 1983. Мелюкова А.И. Проблемы скифо-сарматской археологии. – М: Наука. 1990;
8. Мартынов А.И. Археология. – М., 2002.
9. Хазанов А.М., Шкурко А.И. Семантика скифского искусства и проблемы ее интерпретации III Всесоюзная конференция. Тезисы докладов. – М., 1979; Переводчикова Е.В. Язык звериных образов: Очерки искусства евразийских степей скифской эпохи. – М. 1994.
10. Туякбаева Б.Т. Эпиграфический декор архитектурного комплекса Ахмеда Яссави. – Алма-Ата: Онер, 1989.
11. В 1990 г. В.Б. Богомолов и Н.А. Томилов рассмотрели вопрос взаимосвязи художественного стиля и археолого-этнографических исследований. Отмечая, что орнамент - концентрированное выражение художественного стиля, они считают возможным выяснить, когда можно говорить об этнических или историко-этнографических общностях.
12. Раевский Д.С. Указ. соч.

Резюме

Несмотря на ведущиеся в археологии, истории науки и искусствоведении многие годы научные изыскания, проблема возникновения кочевой цивилизации в степях Евразии, исторические судьбы отдельных сакско-скифских племен, происхождение их культуры и, в том числе, знаменитого звериного стиля в изобразительном искусстве, по-прежнему остаются актуальными.

Summary

Despite conducted in archeology, history of a science and art criticism many years scientific researches, a problem of occurrence of a nomadic civilization in steppes of Eurasia, historical destinies of separate saksko-Scythian tribes, an origin of their culture and, including, the well-known animal style in the fine arts, still remain actual.

НҮРҒАЛИ ЖӘНЕ НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВТАР

Ә.Қ. Садықова – 2 курс магистранты,
магистратура және PhD докторантура институты, Абай атындағы ҚазҰПУ

Семей жері – қатпар-қатпар ғажайып сырларға толы. Есімдері әлемге әйгілі талай тұлғалар осы Семей өңірінде туып-өскен немесе осы жерде тұрып қызмет еткен талантты адамдар. Өйткені тарихты жасаушы да, оны дамытушы да – адамдар.

Семей өңірінде өткен ғасырда қала тарихында елеулі із қалдырып, елдігімізге өз өрнектерін қалдырған тұлғалар болды.

Сондай тарихи тұлғалардың бірі, қазақ халқының арасынан тұңғыш рет шыққан ағартушы, педагог ғалым, тамаша аудармашы және қоғам қайраткері – Нәзипа Құлжанова және Нұрғали Құлжанов.

Қазақтың ұлы ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров «Таныстыру» поэмасында қазақты өрге сүйрейтін қандай зиялы азаматтар бар деген сауалға жауап іздеп, алдыңғы шоғырда ерлі-зайыпты Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтарды ауызға алады.

*Ардақты бар Нәзипа деген ханым,
Газет, журнал жүзінде жұртқа мәлім.
Оқыса, осындай әйел шығар еді деп,
Оқығандар бағалар сөздің дәмін.*

*Неше күн қыдырсаң да таба алмассың,
Семейдің одан өтер адал жанын.
Ақ көңіл, мінезі оңды, жүзі жарқын,
Бінтасы жеткізбекке әйел хақын, –*

дей келіп, Нұрғали Құлжанұлын сипаттайды:

*Бірге айтайын Нұрғали Құлжанұлын,
Жаңылмасақ бұлайша мұның сынын.
Қайратты, кең ойлайтын сабырлы адам,
Жасымайтын, бермейтін жанға сырын.*

*Турашыл жан бетіне қарамайтын,
Онан келер зиянды санамайтын.
Қазақтың ескі, жуан тұқымынан,
Жөпшендіні еске алып баламайтын.*

(С.Торайғыров)

Оқу ағарту ісінде, әлеумет қызметінде танылған Құлжановтардың азаматтық келбеті мен адамгершілік қасиеттерін ақын дәл таныған.

Құлжановтар – Торғай өңірінің тумасы болса да ұлы ақын Абай Құнанбаевтың әдеби мұраларын насихаттауда өзіндік еңбек еткен алдыңғы қатарлы топ өкілдерінің ішінде есімі ерекше аталатын білімді жандар.

Нәзипа Сегізбайқызы мен Нұрғали Құлжановтардың бөліп айтарлық ерекшелігі ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин ашқан мектептің түлектері болуларымен қатар, олар дарынды тұлғаға лайық шәкірттік мінезді бойына сіңіріп, тәлімгерлік өнегені жете ұғынып бар күш-қуатын, білімін сарқа жұмсап, өздері де соңғы буынға ұланғайыр еңбек сіңірді.

Ленинградтағы Орталық Мемлекеттік архив деректері бойынша Нәзипа Құлжанова Торғай облысындағы бірден-бір оқу орны – Қостанайдағы орыс-қазақ әйелдер прогимназиясының барлық төрт жылдық курсына ойдағыдай бітіріп шыққан (1898-1903) [1].

1903-1904 жылдары Торғайдағы қыздар училищесін ойдағыдай аяқтап, біраз уақыт сол училищеде көмекші мұғалім болып тағайындалады.

Нәзипа Құлжанова 1905-20 жылдары Семей қаласындағы оқытушылар семинариясында ұстаздық еткен.

Ерлі-зайыпты білімді екі жас Нұрғали, Нәзипа Құлжановтардың Торғайдан Семейге келуіне не себеп деген сұраққа келсек, сол кездегі феодалдық-патриархалдық рушылдық қоғамның әдет-салты әлі үстем болып тұрғанда тыныштықпен, бейбіт өмір сүре алмады. Сондықтан, туған жерден алысырақ шеткері жатқан сахара төріне қарай – Семей қаласына сапар шегеді. Олар келген жыл Абайдың дүниеден өткен жылы 1904 жыл болатын. 1905 жылы «Семипалатинский листок» газеті Абайдың қайтыс болуына байланысты қоғам қайраткері Ә.Бөкейханов көлемді қазанама жазды. Онда Абайдың өмірін, халықтық ақын екенін жұртқа бірінші рет танытқан алаш азаматы Әлихан Бөкейханов болды. Құлжановтардың да ұлы Абаймен таныстығы да осы жылдардан басталды.

Қазақ қыздарының арасында тұңғыш рет Географиялық қоғамның мүшесі болған Нәзипа Құлжанова 1914 жылы 26 қаңтар күні Семей қаласында ұлы Абайдың қайтыс болғанына байланысты он жыл толуына орай әдебиет кешін ұйымдастырып, сол кеште орыс тілінде тамаша баяндама жасап шығады. Ақын Абайдың өлмес даңқының сыр-сипатына терең баға береді. Алғаш рет Абай өлеңдерінің орысша аудармасынан үзінділер оқиды. Бұл Нәзипаның ең басты тарихи еңбегі болып табылады.

Нәзипа Құлжанова Батыс Сібір Орыс Географиялық қоғамының Семей бөлімшесіне мүше болған. Ол туралы Семей облыстық өлкетану музейінің ғылыми кітапхана қорында сақталған жазбалардың деректері бойынша: 1914 жылғы «Записки Семипалатинского подотдела Западно-

Сибирского отдела РГО, выпуск XI, 1917» деген кітапшасында Географиялық қоғамның мүшелері Федор Николаевич Белослюдов, Нұрғали, Нәзипа Құлжановтар деп жазған деректер бар [2].

– «Список членов общества изучения Киркряя 1923 год» деген құжатта Нәзипа Құлжанова бар, осы қоғамның мүшесі болғанын растайды.

1924 жылғы 1 шілде ОРГО-да Географиялық қоғамның мүше-қызметкері Құлжанова Нәзипа Сағызбаевна – Оренбург деп көрсетілген. Бұл Нәзипаның қоғамдық ұйымдар ісіне қатысын айғақтайтын тарихи деректер. Берілген деректер 1993 жылы Д.Дәуренбекованың құрастыруымен шыққан «Алғашқы қарлығаштар» деген кітабының 23-24 беттерінде жазылған [3].

Географиялық қоғамға әуелі Нұрғали Құлжанов мүше болған. Ресей императорлық географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімі Семей бөлімшесінің 1902-1910 жылдардағы шежіресінде Н.Құлжановтың мүшелікке түсуі 1908 жыл деп көрсетілген. Нұрғали Құлжанұлы Құлжанов қатардағы мүше ғана емес, ол бөлімшенің басқару жүйесіне тартылған, яғни тексеру комиссиясының мүшесі қызметіне сайланған. Ал, Нәзипа Сегізбайқызы бөлімшенің 1913 жылғы жұмыс қорытындысының есебі бойынша сол жылы мүше-қызметкерлігіне қабылданған. Нақты дерекке жүгінейік: «К 1 января 1914 года в Семипалатинском подотделе Западно-Сибирского отдела ИРГО числилось 137 членов, из них почетных было – 4, действительных – 113 и членов-сотрудников – 20. В 1913 году в подотдел было избрано 49 действительных членов и 7 членов сотрудников... В члены сотрудники избраны: Горохов А.В., Кульджанова Н.С., Немцова А.С., Попов Я.Я., Рычков К.М.» [4].

Ерлі-зайыпты Құлжановтар географиялық қоғамның жұмысына белсене араласқан. Петербургтан, Мәскеуден жер аударылып келген, бұрын ірі ғалым, зерттеушілер қатарында саналған атақты адамдардан жасқанбай, иық тіресіп іске кіріскен.

Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың әдеби мұраларын насихаттап таратуда өзіндік еңбек еткен алдыңғы қатарлы топтың өкілдері ішінде Ә.Бөкейханмен бірге Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтар есімін құрметпен атаймыз. Өз ұлтын өркениетті елдер қатарынан көруге ұмтылған қазақ зиялыларының бірі Нұрғали Құлжанов өзінің қысқа да саналы ғұмырын зайыбы Нәзипамен бірге Семей жерінде өткізген. Ерлі-зайыпты екеуі шығармашылық ізденісте тек білім берумен шектелмей, саясатта да, қоғамдық жұмыстарда да орасан еңбек етті.

Әсіресе қала өміріне үлкен серпіліс әкелген 1914 жылы Абай Құнанбаевтың дүниеден өткеніне 10 жыл толуына арнап өткізілген әдеби кештің маңызы зор болды. Осы әдеби кешті ұйымдастырушылардың бірі Нәзипа Құлжанова ақын өмірі туралы баяндама жасап, Абай шығармалары орындалып, ұлттық салт-дәстүрден көрсетілген.

Ал Нұрғали Құлжанов болса, Семей Географиялық Қоғамы бөлімшесінің тексеру комиссиясының мүшесі ретінде жұмысына араласып [5], бөлімше мұражайына аттың күміс пен қоладан көмкерілген ер-тұрманын сыйлаған [6].

Құлжановтар отбасы Орыс Географиялық қоғамының мүшесі ретінде қазақ халқының тұрмыс-салт, әдет-ғұрыптарын, ауыз әдебиетімен фальклорлық шығармаларын зерттеп, оларды кеңінен насихаттаумен айналысты.

Бөлімшеге қазақ зиялылары да мүше болады. Мәселен, Мәрсеков Райымжан (1902), Құдайбердіұлы Шәкәрім (1903), Ақбаев Жақып (1907), Құлжанов Нұрғали (1908), Семей қаласының мұсылман балалар мектебінің мұғалімі Елікбаев Рахметтола (1907), Зайсан уезінің тілмашы Иманқұлов Жәмбек (1902), тілмаш Оспанов Омарбек, Күре болысынан Сандыбаев Сағындық (1902), Семей өлкелік сотының тілмашы Тарабаев Имамбек (1907), Павлодар көпесі Айткин Ахметтола (1902), көпес Хамитов Мұхамет (1902) және Абылайханов Арынғазы мүше болады [7].

Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтардың игі істері көпшілікке тарап отырған. 1914 жылдың 10 ақпанында Г.Н. Потанин Омбы Географиялық Комитеті жиналысында өткен жазда Әлімхан Ермековтың шақыруымен Қарқаралы уезіне барғанда, қазақтар туралы көрген-білгендерін есеп бере келіп, «...былтыр Тоқырауыннан қайтып келе жатып, бір ауылға қондым. Бұл ауылда Семейдегі семинарияның қазақша тіл мұғалімі Нұрғали Құлжанов жамағаты Назифа ханым әдебиет кешін жасады. Ойнаушылары Назифа ханым, гимназист 11 жасар қыз, гимназистка, һәм бір қыз-бәрі нағыз қазақ. Оқылған өлеңдері ішінде Некрасовтың өлеңдері де болды. Бұл уақытта қазақ ауылында отырғаным, алдымда өлең оқып тұрған жас қыздың қазақ қызы екендігі, һәм ертеңінде оның ат құлағында ойнап, шауып жүретіндігі ойымнан мүлде шығып кетіпті...», – деп тамсана айтқан [8].

1915 жылғы «Қазақ» газетінің 28 наурыздағы 114 санына М.Әуезов «М» – деген бүркеншік

есіммен жазған мақаласында: «13 февральда Семейде саудагерлер клубында қазақтың жас талапкерлерінің ыждаһатымен мұсылман атынан жаралыларға деп ашылған науқасхананың һәм қазақ мұқтаж оқушыларының пайдасына болған қазақша әдебиет кешінде болғандарды жазбақшымын...» – дей келіп, кешті Райымжан Мәрсековтың қазақ әдебиеті туралы сөзімен ашқанын, одан соң Нұрғали Құлжанов халық алдына шығып, кеш бағдарламасымен таныстырған соң, сахналық көрініс – Біржан-Сара айтысы қойылып, Сара – қыз Қозыбағаровтың жамағаты Тұрар ханым, Біржан семинарияда оқитын шәкірт – Жүсіпбек мырза Аймауытов және көріністен соң күй шертіліп, ән айтылып, Абайдың, Ы.Алтынсариннің өлеңдері оқылып кеш көркем де көңілді өтіп, қадірменді ақсақал Жақия қажы Бейсекеев жастарға деп сый қылған 100 соммен барлығы 917 жинағанын айтады.

1905 жылы 13 ақпанда болған осы кеш жайында жоғарыда аталған газетте «Семейден» атты мақаласында Нәзипа Құлжанова түскен қаржыға есеп бере келіп: «...осы сомадан барлық расходтар шығарылғанда, таза пайда 640 сом болды. Мұны екіге бөліп, 320 сомын жоғарыда айтылған ауруханаға шығардық, қалған 320 сомын Семей облысынан орысша һәм мұсылманша оқушы мұқтаж 12 қазақ жастарына былайша бөлдік: студент-технолог Әлімхан Ермековке 100 сом, Студент Халел Ғаббасовқа – 40 сом, Семинарист Жүсіпбек Аймауытовқа – 10 сом, екі класты школдағы Тақымжан баласына – 10 сом һәм сол школда оқушы Мұстамбай баласына – 10 сом» – дей келіп, кешті ұйымдастыруға қатысқандарға алғысын білдіреді [9].

Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтардың игі істері көпшілікке тарап отырған.

Нәзипа, Нұрғали Құлжановтардың Семей қаласы тұрғындары арасында тұңғыш рет қазақ тілінде ойын-сауық ұйымдастырып, өнерлі адамдарды, халықтың толағай теңіз ән-күйін насихаттау жолындағы еңбектері бір төбе. Бірақ қазақтың ән-күйлері жайында жазған еңбектері әлі де жарияланбай келеді.

Нәзипа Құлжанова Семей қаласында оқу-ағартушылық саласында елеулі еңбектер сіңіргенін құжаттар растайды.

Төңкерістен кейінгі кезеңде Нәзипа Құлжанова қазақ баспасөзінде қызмет атқарады. «Қазақ», «Сарыарқа» және «Алаш» газеттеріне бала тәрбиесіне, үй шаруашылығына, денсаулыққа байланысты әртүрлі мақалалар жариялайды.

1917 жылы Семей облыстық қазақ съезіне қатысып, оның төралқасы құрамына енеді.

1920 жылы Қырғыз (Қазақ) АКСР Оқу ағарту комиссариатының қазақ тілінде оқулықтар, кітаптар шығару мен баспасөз істері жөніндегі комиссияның белді мүшесі болған. Осы қызметте жүріп, жаңа қазақ әліпбиін енгізу жөніндегі Орталық Комитеттің құрамына мүшелікке енген.

Нәзипа 1930-жылдардың басында Мәскеуге барып Н.К. Крупскаямен кездесіп көптеген ақыл-кеңестер алады. Әлі де еңбек етіп, көлемді туындылар жазбақ болған журналист, ағартушы Нәзипа Құлжанова 1934 жылы Алматы қаласында дүниеден өтеді.

Алғаш рет Нәзипа, Нұрғали Құлжановтардың есімін республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінде жариялаған белгілі ақын Мәриям Хакімжанова екен. Онан кейін де «Семей таңы» және «Иртыш» газеттерінің №96, 97 сандарында (19 мамыр 1967 жыл) «Сарғайған сурет сыры?» атты К.Сәкиева мен С.Сырымбетовтердің бірігіп жазған екі газетте бір мезгілде жарық көрген шағын мақаламен қоса екеуінің түскен суреті шыққан.

С.Сейфуллин, С.Торайғыров, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, М.Хакімжанова, С.Бегалин, Қ.Мұхамеджанов, Ә.Жиреншин сияқты ғалымдар, жазушылар Құлжановтардың Қазақ революциясына дейінгі және онан кейінгі қоғамдық жұмыстары, әдеби еңбектері жайлы реті келген жерде еске түсіріп, өз шығармаларында айтып отырды.

Қорыта айтқанда, бүгінде сол ағалар мен апалардың салып кеткен рухани ізі жалғасын тауып, қазіргі және келер ұрпаққа мәңгілік мұра боп қалды.

1. Бейсенбайұлы М. Ардақты бар Нәзипа деген ханым. // Абай, 1996. №3, – 89 б.

2. Семей облыстық өлкетану музейінің ғылыми кітапхана қоры, «Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела РГО, выпуск XI, 1917»; құжат – «Список членов общества изучения Киркряя 1923 год», – 82 б.

3. Ахметова Л. Нәзипа Құлжанова. Алғашқы қарлығаштар. Құраст. Дәуренбекова Д. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 17-29 б.

4. Отчет о деятельности Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского Русского Географического общества за 1913 год. // Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского Географического общества. VIII шығарылуы. – Семей. 1914. 1-68 б.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №1 (32), 2012 ж.

5. *Записки Семипалатинского Подотдела Западно-Сибирского отдела ИРГО. Вып.7. – Семей. 1913 г. – 8 б.*
6. *Мұхамедханов Қ. Абайдың қосқан үлесі – «Ертіс», 1963, 8-қыркүйек.*
7. *Летопись Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского Русского географического общества. 1902. IX 1910. Семей. 1913. – 81-92 бб.*
8. *Саматов М. Потанин докладынан. // Құраст. Субханбердина Ү. – Алматы: 1998. Қазақ №5-6., 1914ж. 30 наурыз.*
9. *Құлжанова Н. Семейден. // Құраст. Субханбердина Ү. – Алматы: 1998. // Қазақ №114., 1915 ж. 28 наурыз.*

Резюме

В этой статье рассматривается о семейной паре Нурғали и Назипы Кульджановых, которые в начале XX века сделали огромный вклад в образовательной и культурной жизни казахского народа.

Summary

In this article considered about household vapour Nurgali and Nazipy Kulidzhanovyh which at the beginning initially XX age has made huge deposit in educational and cultural sphere of kazakh folk.

ОРЫС ШЕНЕУНІКТЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА ТҮТҚЫНДА БОЛҒАН КЕЗІНДЕГІ ЖАЗБАЛАРЫ (мұрағат құжаттары негізінде)

Б.Т. Калиева – 2-курс магистранты, магистратура және (PhD)
докторантура институты, Абай атындағы ҚазҰПУ

Қазіргі таңдағы ең күрделі де негізгі мәселелердің бірі ол «Қазақстан тарихын» еш бұрмалаусыз нақты фактілерге сүйене отырып қарастыру. Сондықтан да қазақ елінің тарихын қайта ой елегінен өткізу арқылы жан-жақты зерделеу, Отанымыздың өзіндік төл тарихын зерттеп, жас ұрпаққа терең тарихи білім беру – еліміздің зор мақсаттарға жету жолындағы негізгі кепілдіктерінің бірі. Өйткені, жаңа саяси ахуалды түсіну, сондай-ақ тәуелсіздік алған дербес ел мүддесіне сәйкес келетін көзқарастар жүйесін қалыптастыру, саяси мәдениеті жоғары азаматтарды тәрбиелеп шығарудың бүгінгі таңда терең мәні мен маңызы бар. Бірақ бұл бір күнде немесе бір жылда атқарыла салатын шаруа емес. Талай уақыт отарлық жүйенің қамытын киген ел тарихының бұрындары назардан тыс қалып келген тұстарын екшелеп, ақиқатын ашып көрсету – уақыт талабы.

Еліміздің Президенті Н.Назарбаев “Тарих толқынында” деген еңбегінде отаршылдықтың зардаптары жөнінде былай деп жазады: «Далалық өңірлерге жаппай қоныс аударғандар дәстүрлі көші-қон аймақтарын айтарлықтай тартылып, халықтың негізгі бөлігінің күнкөріс көзі болып отырған мал шаруашылығына жойдасыз зиян келтірді» [1].

Қандай да бір елдің тарихын, тұрмысы мен тынысын сипаттау барысында ең алдымен ол халық туралы жазылған жазба деректеріндегі мәліметтерге назар аудару әр тарихшының негізгі мәселесі болып табылады. Солардың бірі қазақ елі Ресей империясының бодандығын қабылдағаннан бастап, қазақ даласына көптеген экспедициялар жүргізіліп, саяхатшылар келген болатын. Сол экспедициялардың есептеріндегі мәліметтермен, саяхатшылардың күнделіктері мен естеліктерінде қалдырылған жазбаларынан қазақ халқының тұрмыс-тынысы жөнінде біраз мәліметтер аламыз. Әрине ол құжаттарды біз мұрағаттармен сирек қорларда жұмыс жасау барысында кездестірдік. Сондай мәліметтердің бірі ол мұрағат қорларынан табылған төменде келтірілетін орыс шенеуніктерінің қазақ халқы туралы жазып қалдырған материалдары болып табылады. Ең алдымен қазақ даласына келіп, қазақтар оны тұтқынға алған дәрігер, орыс офицері Савва Большойдың жазбасына назар аударсақ [2].

1803 ж. қазақ даласында болған дәрігер, Бұхар сауда керуенінің құрамында болған С.Большойдың жазбаларынан көре аламыз. Осындай сапарларының Мұзбел деген жерде басынан жарақаттанып, қазақтарға тұтқынға түседі. Дәрігердің қол-аяғын байлап, дүние мүлкін тонайды. Бірнеше күн жүргеннен кейін Сырдарияға жетіп, дәрігерді төртінші адамға ұстатып, жол бойы шөлдеп, қарны ашады. Көзбен торсыққа қарап, су ішкісі келгендігін білдіреді. Бірақ қазақтар оның бұл әрекетіне еш көңіл бөлмейді. Оны қырғыздардың (қазақтардың) бір руы телеуге алып келеді. Тоғыз ай бойы көшпелілердің арасында өмір сүріп, әр түрлі оқиғаларды басынан кешіргендігін

жазып қалдырған. Қазақ сұлтаны Әбілғазымен орынбор басшылары келісімге келіп дәрігер С.Большой Ресейге қайтады. Сонымен бұл жерден көретініміз, дәрігердің қазақтарда тұтқында болған кезіндегі жазбаларында, оның сол кездегі көшпелі қазақ қоғамына ерекше мән беріп, олардың күнделікті өміріне назар аударған. С.Большойдың жазбасында мынадай мәлімет келтірілген: «Қазақ даласына тұтқынға түскен сәттен бастап олар маған әр түрлі көзқараста болды. Алғашында мына орысты қарашы деген сөздер естіле бастады, көптеген ауыр жұмыстар жасатты. Бұл жұмыстарды жасай беретін едім, егер беретін тамақтары дұрыс болса» деген. Ары қарай қазақтардың тағамы жайлы былай сипаттайды: «жұмыс жасап болғаннан кейін көже береді, ал кейде ол көжені жатар алдында береді. Түс уақытында көбіне талқан жегізеді. Ет көп жемейді, жеседе кейде ғана береді. Сонымен қатар қышқыл сүт немес айран береді, кейде оны сумен араластырып шалап жасайды». Сонда бұл жерден көретініміз қазақ қоғамында, сол кездің өзінде негізгі шаруашылық мал шаруашылығы болғандықтан, тағамдардың барлығы сол малдың өнімі болған. Бұл көшпелі қазақ елінің мал шаруашылығымен айналысқандығын көрсетеді. 27 желтоқсанда Абылғазы Қайып С.Большойды Телеудің үйінен алып Ресейге жіберуге дайындады. Қазақтар оны көбіне Саба, Сабабай деп атаған.

Дәрігер өзінің қазақ даласында болған кезінде қазақ ауылдарындағы мектептер және онда қандай пәндер өтілетініне қызығушылық танытып, мектептер жайлы төмендегідей сипаттап берген: «қазақтардың өзінің мектебі де, мешіті де жоқ, сонымен қоса халықтың біраз бөлігі өз тілінде оқуда, жазуда білмейді. Астрологиялары да дұрыс дамымаған, бірақ әр қазақ өзінің поляр жұлдыздарын біледі (темірқазық) және т.б. Оларда сабақ барысында мынадай музыкалық аспаптарда ойнауды үйреткен: дудка (сыбызғы), балалайка, гудок (кобыз).

Қазақ елінің тұрмысы жайлы былай атап өткен: «үй жабдықтарына: қазан, ағаш кесе, табақтар, торсық және т.б. Тағамдары: қазақтардың көбіне қой, ешкі, жылқы, сиыр еттерін пайдаланады. Олар етті суға қайнатып, тұз қосып жей береді. Ол тамақты бес бармақ деп атайды, артынан сорпа ішеді. Сонымен қатар, бидай, тары жейді. Сусындарында су, сүт, ашытылған сүт (айран), қымыз және құрт жасаайды. Қымыздарының ерекше емдік қасиеті болған. Жалпы қазақтардың киімдеріне: шапан, ол кейде жібек матаданда болуы мүмкін; тон, белбеу, шұлғау, етік, шалбар, малақай, әйел адамның көйлегі, саукеке, кимешек, шыт, моншақ, тұлым және т.б. айтқан болатын.

Қазақ халқының экономикалық жағдайына былай деген: «өндірісі және саудасы: қазақтардың өндірісінде бірінші орында мал шаруашылығы тұр. Малдан бірінші орында жылқы, қой, ешкі одан кейін сиыр тұрады. Себебі сиыр көшіп-қонғанға ең қолайсыз мал болып табылады. Олар сонымен қатар ит, мысық асыраған. Негізгі шаруашылығы: қазақтарда балық аулау өте сирек кездесетін шаруашылықтың түрі. Олар балықты тек уақыт өткізу үшін және қолдары бос уақытта ермек үшін аулайды. Ал аңды аулауға өздерінің иттерімен және бүркіттерімен шығады. Аңды аулаудағы негізгі қару түрлері садақ және жебе болып табылады. Көктемде өздеріне қолайлы аймақта егін егумен шұғылданады. Олар көбінесе арпа, бидай және басқа да дәнді-дақылдың оншақты түрін егеді. 1804 жылы Сырдарияның бойына С.Большой ең алғаш темекі егіп, оның жақсы өсетініне көзі жеткен. Бұған дәлел ретінде сол ғасырда Сыр бойында зерттеу жүргізген А.Л. Данзастың мәліметтерінен оқи аламыз [3].

С.Большойдың қазақ еліне және даласына сипаттама бере келе, қазіргі тандағы ай атаулары сияқты ол кезде де дәл қазіргідей аталғандығын, сонымен қатар тек этимологиясында біршама өзгерістер бар екендігін төмендегі жазып қалдырған құжаттан көре аламыз: «қазақтарда бір айда 30 күн, ал бір жылда 360 күн бар екендігін көрсеткен. Әр айдың атауларын төмендегідей жазып қалдырған:

1. Құрман (наурыз), бұл кезде айдың тууына байланысты айт мерекесі болады. Бұл кезді құрбан айт мерекесі немесе наурыз (жаңа жыл) деп атайды;
2. Саур (сәуір), бұл айда сабан тойы болады;
3. Чауза (мамыр), бұл үш ай көктем айлары бағар деп аталады;
4. Саратан (маусым, шаян);
5. Эсет (шілде, арыстан);
6. Самбула (тамыз), бұл үш ай жаз айлары;
7. Мизан (қыркүйек);
8. Ақран (қазан, сары шаян);
9. Каус (қараша, мерген), бұл үш ай күз айлары;

10. Джидды (желтоқсан);

11. Дамот (қаңтар);

12. Хут (ақпан, балық), бұл үш ай қыс айлары.

Дәрігердің тағы қазақ қоғамындағы мән берген бір жайты, ол діни наным-сенімдері болатын. Сонымен қоса, жылына бір рет оларда ораза айы болады және ол бір ай көлеміне созылған. Қазақтар мұсылмандар, сенімдері ислам, соның ішінде суниттік жолда. Олардың басқару жүйесі хан, сұлтан, би болып бөлінеді [4].

Сонымен қатар осындай сайын қазақ даласына берген құжаттың бірі ол тағы да қазақ даласында болған шенеуніктің орыс кемпірімен сұхбаттасуы. Н.Боголюбовтың бұл еңбегінің атауы «В плену у киргизов. Рассказ старушки. Истинное происшествие» Б.м. 1890 №7 [5].

Н.Боголюбов қызмет бабымен Үлкен Ырғыз өзені бойындағы (Самар губ.) өзінің көлігін жөндеуге апарған адамның анасы ол кісіге шай беріп отырып өзінің басынан өткен әңгімесін сипаттаған. Ол кісінің есімі Домна еді. Енді төменде сол сұхбаттасу барысындағы Н.Боголюбовпен Домна кемпір арасындағы диалогты төмендегідей көрсетсек:

Домна кемпір: Өзін қай жақа жол тарттың?

Боголюбов: Оралға деді.

Домна: Орал қаласы бұрынғы Жайық өзенінің бойында емес па?

Боголюбов: Ия, сіз қайдан білесіз, бұрын Жайық, ал қазір Орал.

Домна: Біз Оралдың арғы жағында да болғанбыз, оны Пугачевтің көтерілісінен кейін оған мұндай атауды Екатерина берген болатын.

Боголюбов: Оралдың арғы жағында дейсіз ба, ол жақта – кырғыздар өмір сүреді емес па?

Домна: Ия дәл сол жерде мен қонақ болдым және қиындық көрдім.

Боголюбов: Сонда не болды ол жақта?

Домна: Онда мен өз басынан өткен оқиғаны айтып берейін. «Біз өзіміздің ауылымыздан шет шығып, апкем және достарымызбен гүл жинауға шықтық. Сол кезде бір топ кырғыз ер адамдары мені және әпкелерімді ұстап алды. Ал төрт күн жүріп, бесінші күні дегенде от жағулы тұрған жерге жеттік. Сол кезде біз олардың үйлеріне жеткенімізді түсіндік. Олардың үйлерін (кибиток) деп атаған. Далада қой, жылқы және түйелер жайылып жүрді. Ал ол жердің тұрғындары бізді көріп бізге өзге халық ретінде қарады. Ал біздің олардан айырмашылығымыз, олар тек қысық көзді, беттері жалпақ сонымен ерекшеленген болатын. Біз шаршанқы, қол-аяқтарымыз ісініп тұрған күйімізде қазақ даласына келдік. Біздің қол-аяқтарымызды көрген кырғыз (қазақ – Қ.Б.) әйелдері әр түрлі шөптермен басып жараларымызды екі аптада емдеп берген еді. Қазақ әйелдері үйде отырып, үй шаруаларымен айналысады, ал ер адамдар даладағы жұмыстарға қарайды. Ал үйде болған кезде күніне 4 немесе одан да көп рет Мұхаммед пайғамбарларына жығылады. Бүкіл үйдегі жұмыспен әйелдері айналысады, кейде тіпті атты да әбзілдейтін әйелдері [6].

Осы жоғарыда келтірілген құжаттар негізінде біздің көретініміз қазақ халқы тұтқынға алған адамдарына еш қиянат келтірмейді. Тек оларды үйлеріне алып келіп қоймай, сонымен қоса оларға өз қонақжайлықтарын көрсетеді. Тағыда бұл жазбаларда қазақ даласындағы халықтың тұрмыстынысы сипатталып, қазірде олардың кейбіреулері сақталғандығын аңғарамыз.

Қазақ халқының және даласының тұрмысын, шаруашылығын, рухани өмірін мұрағат құжаттары арқылы келтіре отырып, жоғарыда атап өтілген мәліметтер негізінде «тоқсандай сөздің, тобықтай түйіні» дей келе ел басымыз Н.Ә. Назарбаевтың мынадай сөзімен қорытындыласақ: “Еуразияның жүрегінде, өркениеттер тоғысында талай халықтарды тал бесігінде тербеткен ұлы даланың төсінде дүниеге келген біздің халқымыздың барынша тарихы – ұлт пен ұлыс ретінде сақталып қалу жолындағы толассыз күрестерге толы тарих”, – деп атап өткен еді [7].

Сонымен, қорыта келе қазақ елі, халқы, даласы туралы жазып қалдырған орыс шенеуніктерінің жазбаларындағы біздің елге берген сипаттамасы құнды деректердің бірі болып табылады. Себебі қазақ еліне жіберілген зерттеушілер мен саяхатшылардың күнделіктеріндегі, еңбектеріндегі жазбаларында сол кездегі қазақ халқының болмысына тән көптеген мәліметтер келтірген.

Ал келешек ұрпақ ретінде, біздің мақсатымыз осы аталып өткен материалдарды сын көзбен баға беру. талдау арқылы XVIII ғ. II-ші жартысымен XIX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы, тұрмысы, болмысы туралы жалпы ой қалыптастырып, қазақ халқының көшпелі қоғамдағы өмір сүруіндегі өзіндік ерекшеліктерін көрсету.

1. Назарбаев Н.Ә. *Тарих толқынында*. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
2. Большой С. *Записки о приключениях в плену у киргиз-кайсаков в 1803 и 1804 гг. – Сын отечества, 1822, части 76, 77, 80 (микрофильм)*, – 290-298 л.
3. ҚР ОММ, РГВИА 67 қор, 1 тізім, 131 іс, – 31-45 бб.
4. ҚР ОММ 846 қор, 16 тізім, 19208 іс, – 25-35 бб.
5. Боголюбов Н. *В плену у киргизцев. Рассказ старушки. Истинное происшествие*. – *Детский отдых*. – Б.м, 1890, №7 (микрофильм), – 17-32 л.
6. ҚР ОММ 2300 қор, 13 тізім, 26 іс, – 16-29 бб.
7. Назарбаев Н. *Қазақстандық жол: тұрақтылықтан-жаңару арқылы-өркендеуге // Егеменді Қазақстан. 2006, 16 желтоқсан*.

Резюме

В этой статье пишется о том, как казахи взяли русских чиновников в плен, когда они были в плену во второй половине XVIII века и в начале XIX века и про кочевую жизнь казахов.

Summary

In this article to write on how to kazakhs have taken the russian official in captivity, and when they were in captivity in the second half XVIII age and at the beginning initially XIX age have described about nomadic life of the kazakhs.

ПЕРОВСКИДЕ КЕҢЕС ӨКІМЕТІ ОРНАУЫНЫҢ САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Ш.Т. Нұржанова – магистрант, Қазақ-Қытай академиясы

Қазақ халқының тағдыры мен тарихында Сыр өңірінің алатын орны ерекше. Сыр елі адамзат тарихы үшін ежелгі өркениет ошағы екені ғылымға ерте заманнан белгілі. Бұл жерде адамдар осыдан жарты миллион жылдар бұрын мекендеген.

Тарихи деректер бойынша Сыр бойын өте ерте кезден бастап сақтардың, массагеттердің мекендеуі күні бүгінге дейін жалғасып отырған Сыр бойы өркениетінің дәстүрлілігін дәлелдейді. Қазір археологиялық қазбалар жүріп жатқан Шірік-Рабат қаласы б.д.д I мыңыншы жылдарда салынған сақ ескерткіші болып табылады.

Бұл аймақтағы алғашқы тарихқа енген оқиғаның бірі б.д.д 529-528 жылғы парсы патшасы Кирдің Сыр бойына жорығы, осы жорықта парсы әскерінің сақ патшайымы Тұмар ханымның әскерінен жеңіліп, Кирдің басының алынғаны. Бұдан кейін Сыр өңірі тарихта грек патшасы Александр Македонскийдің жорығына байланысты аталады. Онда Ескендірдің мың сан қолы Сырдарияға (Сейхун) келгенде арыны басылып кері кайтқаны дүйім халыққа мәлім З.М. Буниатовтың «Государство хорезмшахов и ануштегинидов» (1097-1231 гг.) деп аталатын еңбегінде Жент қаласы Сейхун өзені (Сырдария) бойындағы аса маңызды форпос ретінде аталады. [1] Жентпен қатар Берженлікент, Рабат-Тоған, Шахаркент сияқты қалаларда жүргізілген тауар-ақша айналымы Сыр бойында қала мәдениетінің айрықша өркендеуіне елеулі ықпал етті. Көптеген тарихи деректерде Сығанақ, Жент, Отырар, Жанкент, Асанас, Хайрабад, Өзгент, Сауран т.б ірі қалалардың әсемдігі мен байлығы жөнінде сол заманғы саяхатшылардың сипаттамалары бар. Тіпті бұл өңірде қалалардың көптігі туралы халық арасында: «Арал мен Шаш қаласының арасында лақ секірсе сексен қаладан жерге түспей жетеді» деген мақал тараған.

XIII ғасырда тарих сахнасына Евразия құрлығын дүр сілкіндірген Шыңғыс хан бастаған монғолдар шықты. Монғол қосындары Сыр бойындағы 30-дан астам қаланы жермен-жерсен етті. Сыр бойындағы сан ғасырлық тарихы бар қалалар қиратылғаннан кейін бұл өңірде көшпенділер дәуірі басталды...

Дегенмен де Сырдарияның бойы тұрмысқа қолайлы болғандықтан бұл жерде өмір ешуақытта тоқтаған емес. Бұл бір қала жойылса орнына басқа қалалар бойын тіктеп отырды, соның бірі Ақмешіт болды.

1814 жылы Қоқандықтар аса маңызды қала Түркістанды бағындырып, батыс аймаққа қарай үстемдігін орнату үшін Жаңақорған, Қосқорған, Жөлек, Күмісқорған, Ақмешіт қамалдарын салды.

Зерттеушілердің пікіріне қарағанда Ақмешіт қаласы 1817 жылы Сырдарияның сол жағалауында Қамысқала болып бой көтеріп, кейін Ақмешіт атанған [2].

Ақмешіт 1853 жылы Ресей патшасының қол астына өтіп, Перовск аталды.

Перовск уезінің алғашқы бастығы П.П. Панкратовтың тұсында көркейіп, питомник ашылып, қаланы айналдыра тоғай, көшелеріне ағаштар отырғызылып, ол көше бойлап аққан сарқырамалар суарылды. 1807 жылы қалада 5058 адам тұрған [3].

Қалада 1880 жылы 2 кірпіш зауыты, 2 желдиірмен, май құрылғылары, 2 монша, жүйке аурулары емханасы болған.

Ал, бүгінгі ұсынылып отырған мақалада ісі қазақ халқының өткен тарихындағы елеулі оқиғалардың бірі кеңес өкіметінің алғаш болып Перовскіде орнауының саяси экономикалық алғы шарттарына тоқталмақпыз.

XX ғасырдың басында салынған Орынбор-Ташкент теміржолы өлкеге капиталистік қатынастармен бірге революциялық идеялардың енуіне бірден-бір себепкер болды. 1905-1907 жылдарда бірінші орыс революциясының әсерінен Орта Азия және Қазақстанда Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы толқулар басталды. Теміржол бойындағы станциялардың көпшілігінде ереуілдер өтті. Жұмысшылар тек экономикалық қана емес, сонымен қатар, саяси талаптарды да ұсынды. Қараша айының бас кезінде Перовскіде, Қазалыда, Түркістанда ереуілшілер комитеті пайда болды. Жұмысшылар бір ай бойы теміржол желісіне, азық-түлік, телеграфқа иелік етті. Перовск ереуіл комитеті Түркістан және Көбек станциялары арасындағы қозғалыстарға басшылық жасады.

Бірінші орыс революциясы жеңіліске ұшырағаннан кейін патша өкіметі шешуші шабуылға шықты. Ереуілдерге қатысқан және оларды қолдаған адамдарды сотсыз, тергеусіз жазалау басталды. Перовск, Жосалы, Қазалы станциялары саяси сенімсіздігі үшін патша өкіметі жер аударғандардың тұрағына айналды. Н.В. Шумилов, А.В. Червяков, Н.Ф. Селиверстов, Н.В. Виторский сияқты бір топ саяси қуғындар паналады.

1907 жылы 28 мамырда Перовск депосында барлық жұмыс тоқтатылып, жұмысшылар депо бастығына өз талаптарын қойды, себепсіз жұмыстан қуылған жолдастарын өз орнына қайтаруды сұрады. Оған қосымша жұмыс жалақысын қайта қарауды ұсынды. Өйткені, жаңа бастық келгеннен кейін жалпы еңбек ақысы 30 процентке төмендеп кеткен еді. Перовск жұмысшыларының ереуілін басу үшін депо басшыларының өтініші бойынша Жосалыдан жедел түрде жандарм әскерлері шақырылып, олар 29 мамыр күні таңертен депо алаңында болды. Жандармдар жұмысқа келген адамдарды қақпа алдында қарсы алып, олардың ішінен 17 адамды қамады.

Ал, дүниежүзілік империалистік соғыс жылдарында еңбекшілердің материалдық және құқықтық жағдайы жылдан жылға нашарлай берді. Жергілікті жерлерде салық 3-4 есе, ал кейде 15 есеге дейін көтерілді. Патша өкіметі шенеуніктерінің зорлық-зомбылығы мен арандатушылық саясаты адам төзгісіз ашықтан-ашық тонау жағдайына жеткізілді. Мысалы, соғыстың үш жылында тек Қазақстанның оңтүстік облыстарынан Орынбор-Ташкент темір жолы арқылы майданға 20 899 мың пұт мақта, 300 мың пұт ет, 104 мың пұт мақта майы, 474 мың пұт балық, 229 мың пұт сабын, 70 мың бас жылқы, 12,7 мың бас түйе, 38мың аршын киіз, 13 441 киіз үй, тағы басқа заттар жөнелтілген.

Бұған шыдамаған жұмысшылар большевиктердің бастауымен көтерілістерге шықты. Сонын бірі 1916 жылғы Перовскіде болған солдат әйелдерінің көтерілісі. Қала халқының қолдауымен болған бұл көтерілістің артынша Қазалы, Жосалы, Шиелі станцияларында тұратын халықтар да жергілікті өкімет орындарына салық төлеуден бас тартқан. [4]

1916 жылғы 25-шілдедегі әскер жасындағы ер-азаматтарды майдандағы қара жұмысқа алу жөніндегі патша жарлығы қалың қазақ ішіндегі жаңа дүрбелеңнің басталуына себепкер болды.

Патшаның указы бойынша майдандағы тыл жұмысына Перовск уезінен 6,672 адам, ал Қазалы уезінен 9,744 адам алынуға тиісті болды.

1916 жылғы 23 тамызда шыққан Генерал-Адъютант Куропаткинның бұйрығынан:

4. Жұмысшы партиялары ондықтан, жүздіктен, мыңдықтан құрастырылуы қажет. Әрбір поезд бір мың жұмысшыны таситын болады.

Әрбір жүздік өзінің тиісті болысының немесе қоғамының атымен аталуы қажет.

Әрбір жүздікте жүзден аса жұмысшы, 1 жүзбасы, 1 мырза, 1 аудармашы және 1 аспаз болуы қажет. (барлығы 104 адам) [5].

Жоғарыда келтірілген деректен патша өкіметінің қазақ даласынан жұмысшылар жинауда белгілі бір қатаң тәртіппен жұмыс істегендері белгілі болып тұр. Түркістан әскери округінің әскери қолбасшысы Ген.-адъютант Куропаткиннің тағы бір Түркістан аймағы бұратана жұмысшылары-

ның алғашқы 30 эшелонын тасымалдау жоспары бойынша Перовск жұмысшылары 1916 жылы 17 қазанда азанғы 9.30-да №113 поездбен аттандырылу қажет еді [6].

Уездер мен болыстар бойынша тыл жұмыстарына жұмысшы топтарын бөлу ведомосі.

Перовск уезді

Кентуб болыстығы – 314

Шаған – 321

Қараөзек – 254

Патша болысы – 400

Көткеншек – 308

Аламан – 230

Масловская – 240

Баюсак болысы – 393

Гродсковская – 397

Романовская – 167

Жаңа-қорған – 366

Жөлек – 385

Приречная – 369

Скобелев – 273

Головочевская – 420

Каракөл-Дуандария – 183

Кретама болысы – 296

Қысбөгет – 344

Спирановский болысы – 305

Аузыкент – 187

Айнакөл – 362

Телекөл – 157 [7]

1916 жылғы 18 желтоқсаннан 1917 жылғы 10 наурыз аралығындағы Түркістан аймағы жұмысшыларын эшелонмен тасымалдау жоспары бойынша

...141. Перовск. 11-ақпан. П. №113. 9.29у (вр.п)

...155. Перовск.26-ақпан. П. №113. 9.29 у

...160. Перовск. 3-наурыз. П. №113. 9.29у

Перовск, Қазалы уездерінде жағдайдың шиеленісі түскенін сезген облыстың соғыс губернаторы «Жергілікті халықтардың жағдайы бұрынғыдан да бетер нашарлап кетті. Әрбір минут сайын үлкен нәрсені күтуге болады... Жаппай көтеріліске дайындалып жатқандай», деп Түркістанның генерал-губернаторына хабарлауы тегіс емес-ті [8].

Ел ішіндегі осындай әрекеттерден көтерілістің туатындығын сезген облыстың соғыс губернаторы Қазалының уезд басқармасына Қазалыда тұрған 4-інші Сібір полкінің бір ротасын Арал қыстағына тезінен жіберуді бұйырған.

Осындай көтеріліске дайындық жұмыстары Перовск уезінде де жүргізілген. 1916 жылы шілде айының 26-нан 27-не қараған түні Перовскіге жақын Қаракеткен станциясы бастығының жоғары орындарға берген телеграммасына қарағанда Боғазак болысындағы №5 ауылдың адамдары казарманы және темір жолдарды талқандап кетуге дайындалып жатқанын Бұлақбай деген қазақ станция бастығына келіп хабарлаған.

Қазалыға жақын №71 бекетте көтерілістің болатындығына көзі жеткен оның бастығы Түркістан соғыс округінен шұғыл жәрдем сұраған. Сырдария соғыс губернаторының тағы бір мәліметіне қарағанда «24 маусым күні таң алдында 50 адамдай қазақтар Перовск уезіндегі Масловск болыс басқармасының уйіне шабуыл жасап, болысты және оның хатшысын өлтірген.» Осындай жағдай Қазалы уезіне қарасты Қармақшы участогында да болды. Мұнда патшаның өкілдері өлтірілді.

Қазақстан мен Орта Азияны шарпыған, Батыс Сібір мен Кавказға дейінгі өңірді қамтыған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс революциялық деңгейге көтерілді. Әсіресе, орыс патшасы Қазақстанның Ресейге қосылған кезіндегі шартын бұзып, империалистік соғысқа қазақтарды атты әскер қатарына алудың орнына, тылдағы қара жұмысқа шақыруы үлкен қорлық болды. Қазақ шаруалары бұл жаппай алуға үзілді-кесілді қарсы болып Амангелді Иманов бастаған 1916 жылғы көтеріліске 50 мыңға тарта сарбаз жиналды.

Өзінің ауқымы мен өлкедегі саяси жағдайға ықпалы жөнінде бұл көтерілістің орны ерекше болды.

Осы көтерілістің ізінше Қазалы уезіндегі халықтардың арасында толқулар басталды. Олар майдандағы армиялардың қара жұмыстарына жұмысшылар беруден бас тартты. Жұмысшыларды жинау үшін іс сапарға жіберілген өкілдерге қарсылық көрсетті, болыс басқарушыларын жазалады және қарулы әскерлерге қарсылық көрсетуге дайындалды. Осындай қозғалыстың басында Қазалы уезі Қуандария болысының қазағы Қобылан Қашқынбаев болды [9].

Перовск және Қазалы уездері еңбекшілерінің көтерілістері күшпен басылды. Ол орыс жұмысшы табы мен шаруаларының жер үшін, 8 сағаттық жұмыс күні үшін, империалистік соғыс пен патша өкіметіне қарсы күресімен ұштасты.

Көтеріліс 1917 жылғы Ресейдегі ақпан буржуазиялық революциясына ұласты.

Патша өкіметі құлап, жер жерде Уақытша үкіметтің жергілікті органдары мен жұмысшы және солдат депутаттарының кеңестері құрыла бастады.

Алғашқы кезде Уақытша үкімет пен жергілікті органдары қолдау тапқанымен, халықтың жер шаруаға, ал зауыттар мен фабрикалар жұмысшыларға беріледі деген үміті ақталмады, ең бастысы Уақытша үкіметтің соғыс тоқтатылады деген уәдесі орындалмады. Олар құлаған патша өкіметінің саясатын жалғастырды. Міне осының барлығы Уақытша үкімет беделінің шұғыл құлдырауына алып келді, жер-жерде «Бүкіл үкімет кеңестерге берілсін!» деген ұран жиі-жиі ұсынылды.

Перовск мен Қазалыда жұмысшы және солдат депутаттарының кеңестері наурыз айының басында құрыла басталды. Уақытша үкімет осы уездерде де ескі отарлық аппаратты сақтап қалғысы келді. Дегенмен революцияшыл жұмысшылар патша үкіметінің белсенді жақтаушыларын – уезд бастықтарын, полицейлік шендерді, болыс басқарушыларын орындарынан алды.

Бұл жұмыстарда жергілікті жерде құрылған социал-демократиялық ұйымдар басшылық жасап отырды. Уақытша үкімет пен большевиктердің арасындағы бірнеше айлық күрес 1917 жылғы 25 қазандағы Петроградтағы төңкеріске жалғасты.

Бұл төңкеріс тарихта «Ұлы Октябрь социалистік революциясы» деген атпен енді.

Үкімет билігі В.Ленин (В.И. Ульянов) басшылық еткен Халық Комиссарлар Кеңесінің қолына өтті. Жұмысшылар мен солдат депутаттары Кеңесінің ІІ-ші съезінде қабылданған декреттер Ресейдің соғыстан шығуын, жердің шаруаларға берілгендігін және әр түрлі деңгейдегі Кеңес билігінің жер-жерде орнай бастағанын жариялады.

Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы 1917 жылы Қазан айының соңынан басталып 1918 жылдың наурызына дейін жалғасты [10].

1917 жылы 29-қазанның түнінде өкімет билігі Перовск жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесінің қолына өтетіні туралы қарар қабылданды. Бұл тарихи оқиға большевик көшесіндегі үйде болды. 30-қазанда (12-қараша) Перовскіде қала еңбекшілері мен жергілікті гарнизон солдаттарының бұқаралық митингісі болып, онда Кеңес өкіметі билікті өз қолына алды деп хабарлады. Сол күні Ташкент жұмысшыларына көмекке қызыл гвардия отряды жедел түрде жүріп кетті.

Перовск Кеңесі өкімет билігін алғаннан кейін бірін-бірі қолдау қажеттігі туралы нақты іс-шараларын ұсынып, Ташкент Кеңестеріне хат жазды. Өзара көмек көрсету шараларын жасау мақсатында келісім жасау үшін Қазалыға бес адамнан тұратын делегация жеберілді. Сөйтіп, Орта Азия мен Қазақстанда бірінші болып, Кеңес өкіметін орнатқан Перовск Сыр өңірі тарихының жаңа бір белесіне жол тартты.

1. Бунятов З.М. – «Государство Хорезмшахов и анушитигинидов» (1097-1231 гг.) М.: «Наука», 1986.

2. Алаштың Ақмешіті «Алты Алаш» қазақ ақпарат кеңістігін дамыту қоры. – 2009, – 22 б.

3. Қызылорда. – Қызылорда, 2005, 72 б.

4. Сыр өңірі тарихы. – Алматы, 1998, – 107 б.

5. ҚРОМА. 232-қор. Оп-1. 55-іс, б-2, – 24-парақ.

6. ҚРОМА. 232-қор. Оп-1. іс, №55. св.2. – 28-парақ.

7. ҚРОМА. 232-қор. Оп-1, 55-іс, св-2. – 48-парақ.

8. «Ленин жолы», 12 март, 1967 ж.

9. Сыр өңірі тарихы. – Алматы, 1998, – 108 б.

10. Қазақстан тарихы. – Алматы, 2008, – 453 б.

Түйін

Орта Азия мен Қазақстанда кеңес өкіметінің орнауы, оның Перовскіден басталуы кездейсоқ құбылыс емес, тарихи қажеттілік болғандығы талданған. Автор осы тарихи оқиғаның саяси-экономикалық алғы-шарттарын қарастырады.

Резюме

Установление Советской власти в Средней Азии и в Казахстане, начавшаяся с города Перовска не было случайным явлением, а исторической неизбежностью. В данной статье автором приведены основные политико-экономические предпосылки этого исторического феномена.

НЕМІС ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ «КҮНДЕЛІКТІ ТАРИХ» МЕТОДОЛОГИЯСЫ: МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТІ

Д.Б. Асымова – 2 курс докторанты, Абай атындағы ҚазҰПУ

Қазіргі таңда тарих ғылымында «күнделікті тарих» бағытына үлкен қызығушылық байқалып жатыр. Аталған тарихнама табысты түрде дамып, батыс еуропалық және ресейлік тарихи ғылымындағы зерттеушілердің өзге бағыттарымен басекелесе бастады. Өкінішке орай мұндай тәжірибелік зерттеулер қазақстандық тарихи ғылымда жоқтың қасы. Тарих ғылымындағы жаңа бағыт болып табылатын күнделікті тарихты зерттеу арқылы осы күнге дейін өз деңгейінде ашыла қоймаған жекелеген тұлғалардың портреттерін шынайы түрде көрсетуге болады, яғни макро тарихтан микро тарихқа өту арқылы жаңа методологияны қалыптастыру басты мәселеге айналып отыр. Ал аталмыш ұғымды түсініп қалыптастыру үшін басқа елдердің тарих ғылымындағы тәжірибесіне жүгіну қажет, қарастырып отырған тәжірибелік мысалды германдық тарих ғылымының «күнделікті өмір» түсінігін қалыптастыру жолы. Еңбектеріне сүйеніп қараса герман тарихшылары күнделікті өмір тарихын көпетеген келесідей сөз тіркестері арқылы бөліп түсіндіреді. Белгілі бір сала мен өмір салтын білдіретін *әдеттегі өмір* (Alltag) және *күнделікті тұрмыс* (Alltaglichkeit) деген екі ұғымға бөледі. Күнделікті тұрмыс бір қатар сөз тіркестер құрамына қосымша бөлігі ретінде енеді, мысалы: күнделікті өмір, әдеттегі білім, әдеттегі сана, күнделікті сөз, адамның күнделікті тәртібі, әдеттегі өмірдің мәдениеті. Күнделікті тұрмыс әлеуметтану, психология, психиатрия, лингвистика, өнер теориясы, әдебиет теориясы және философия сияқты ғылыми пәндері тұтас кешенінің нысаны болып табылады. Бұл тақырыптар философиялық трактаттарда және ғылыми зерттеулерде кеңінен қарастырылады. Олардың авторлары өмірдің, тарихтың, мәдениет және саясаттың түрлі аспектілерін қарастырады; мұнда авторлардың көзқарасы әр түрлі болады. Бұл еңбектердегі *субъективті күйзеліс* объективті құрылымдары мен үдерістерге қарсы, *минтік практикалық іс-әрекеттер* – жеке және ұжымдық әрекеттерге, *ұзақ ырғақтар* – бір реттік заманалық маңызы бар оқиғаларға, *ұтымдылықтың икемді формалары* – мінсіз конструкциялар мен нақты әдістерге нақты қарама-қарсы қойылады. Философтік және әлеуметтік ойларының түрлі бағыттары мұндай қарама-қарсылықтарға жол ашады. А.Шюцтың еңбектерінде Э.Гуссерльдің феноментану және М.Вебердің әлеуметтану туралы ойлар, американдық прагматизм ережелерінің Дж.Г. Мидтің, И.Гофманның, С.Стросстың интеракционизм туралы ойларымен біріккен Г.Гарфинкельдің этноәдіснамасы жайлы атап кеткен жөн. Лингвистикалық *талдаудың* дәстүрінде Л.Витгенштейн және Дж.Остин *әдеттегі тілді* насихаттап, ол дербес мағынаға ие болды. Марксизмде, мысалы А.Лефеврдың, кейіннен К.Косиктің, А.Хеллердың, Т.Лейтхойзердың еңбектерінде түрлі қоғамдық формациядағы өмірдің күнделікті негізіне қызығушылық арта түсті [1]. Бұл ескертулерді ескере отырып, *үш әдістемелік қағиданы* ұсынып отыр. Күнделікті өмір өз бетінше өмір сүрмейді, «күнделікті өмірге айналу» процестері нәтижесінде пайда болады. Бұл процестерге «күнделікті өмірді еңсіру» үрдістері қарсы келеді.

1. Күнделікті өмір – бір құбылысты екінші бір құбылыстан бөлетін дифференциялаушы ұғым. Аталған салалардың шектері мен мәндер орны, уақыты, орта мен мәдениетке байланысты өзгеріп тұрады. Осылайша, еуропалық ұлттық мәдениеттер американдық мәдениетпен сәйкес келмейді.

2. Күнделікті өмір туралы сөз күнделікті өмірдің өзімен және оның сөзімен сәйкес келмейді. Күнделікті өмір жөніндегі теориялардың бәрінде *теориялық сөздің орны* мәселесі туындап отырады. Кім және қайда күнделікті өмір туралы айтады? Қай күнделікті өмір: өзінің күнделікті өмі-

рі туралы ма әлде басқа біреудің күнделікті өмірі туралы айтып отыр? Бұл сұрақтарға жауап беруде философтар арасында келіспеушіліктер туындайды. Бұл жағдайда ерекшелікке деген наразылық туындап, өзіндік жасырын артықшылықтар және алдын-ала келісілмеген бағаланбай қалу әсер ете бастайды. Қарапайым адамның «экспроприациясы» тек философтарға ғана қатысты деуге болмайды.

Жалпы герман тарихшылары мен әлеуметтанушылардың ойынша «күнделікті өмір тарихы» ұғымы қоғамды рухани жағынан, мәдени жағынан жалпы адам өмірінің барлық салаларын субьективті түсіну арқылы рационалды қоғам құруға апаратын жол болып табылады деп көреді.

Кейіннен *эвристикалық перспектива* мәселесін қарастырмақпыз. Күнделікті өмірді, күнделікті өмір теориясы мен белгілі бір практикалық іс-әрекеттердің қызметін түрлі әдістермен тақырыптарға бөліп қарастыруға болады. Теориясы күнделікті өмірдің ерекше *ұтымдылығы* деген өзекті мәселесіне арналған. Біздің ойымызша, ұтымдылық дегеніміз оның түрлі салалары мен стильдерінде өмір сүретін мазмұндық, дұрыс, тұрақты түрде қайталанып отыратын өзара байланыстарға ауысып тұратын ұғым. Ұтымдылықтың бұл плюрализациясы иррационалдылық түрлерінің көптеген санына ұтымдылықтың бір ғана барлық нәрсені қамтитын түрі емес, ұтымдылықтың ерекше өзгеріп тұратын түрлері қарсы болуына әкеп соғады. Ұтымдылықтың мұндай кең және өзгеріп тұратын түсінігіне сезім мен бояу логикасы жөнінде, заттар тәртібі жөнінде, шынайылықтың түрлері жөнінде сөз сәйкес келеді. Тәжірибеде сақталатын және әрекет пен сөз арқылы пайда болатын ұтымдылық бар. Біздің тақырыбымыздың шеңберінде ұтымдылық пен тәртіп мәселесіне бағытталуы тек орынды ауыстыруды ғана қарастырмайды. Ойдың жартылай ауысуы, оның бөлшектенуі, ұтымдылық шеңберіне енуі оның сипатын да өзгертеді [2].

Талдауды қарама-қарсы қою ұғымынан бастасақ деп ойлаймыз. Бұл қарама-қарсылық бөліну негізінде қарастырылады. Күнделікті – бұл *әдеттегі, тәртіпке салынған, жақын ұғымдарымен тығыз байланысты*. Күнделікті өмірге қарама-қарсы қойылатын ұғым бұл күнделікті емес өмір, оған *әдеттегі емес, тәртіптен тыс, алыс жатқан* ұғымдар жатады. Тәртіптің бұл арнайы түрлері барысында сақ болғанымен, бірде бір адам мәдениеті күнделікті және күнделікті емес өмірді міндетті түрде бір-біріне қарсы қояды. Егер біз, мысалы үшін, ара немесе арыстанның күнделікті өмірі жайлы ойланатын болсақ, онда міндетті түрде ара немесе арыстанның күнделікті өмірі дегеніміз не? деген сұрақ туындайды. Біздің тәжірибеміз көрсетіп отырғандай, жануар «қатаң тәртіп бойынша», ішкі түйсік пен генетикалық бағдарлама арқылы өмір сүреді. Оның өз әлемі бар және сол әлем шеңберінде ол әрекет етіп өмірді қабылдайды. Күн сәулесінде денесін қыздырып жатқан мысық үшін бұл мейрам бе? Ол «шексіз қиялдарға» берілгенде өзін өзгерте ме? Адам «белгіленбеген жануар» ретінде өзінің табиғатына сәйкес шамалы түрде белгіленген тәртіпін ойластырып, өз әлемін құру қажет. Үйрену және меңгеру процесінде адамның дағдылары білім мен білікке айналып кетеді. Бұл білімдер бірнеше рет материалдық заттарда қайта құрылып, жүзеге асырылады. Бұл тағам, киім, ұрпақты жалғастыру, үйдің орнын, уақытты пайдалану т.б. адам үшін таныс және жақын құбылыстарға қатысты болады. Әдеттен тыс құбылыстардың арғы жағы біздің тәжірибемізде кездескен әдеттегі дүниеге сәйкес келмейді. Біздің алдымызда жақсы таныс әлемнің шектерінде бізді тартып та, қорқытып та таныссыздық пен күтпегендік күтеде. Таныссыздық кенеттік пен әлділіктің бірігуі арқылы келеді. Бірінші кезекте бұған жеке және ұжымдық өмір тәртібінің пайда болуы, қайта құрылуы, жойылу қауіпті сәттері, нақтырақ айтқанда, адамның өмірге келуі, қиялдары, аурулары мен өлімі, сонымен қатар қаланың салынуы, соғыстар мен төңкерістердің пайда болуы, ғаламның пайда болуы, табиғи апаттар, үлкен авариялар жатады. Күнделікті емес өмірдің маңызды белгісі тәртіптің пайда болуы мен сол тәртіптің ыдырауы кезінде кездесетін әдеттен тыс құбылыстар болып табылады. Күнделікті істер – бұл күнде болып жатқан істер, мейрамдардың «реттелген қарбаластық» арасынан шығатын істер. Мейрамдар өз кезегінде оларды өткізу орындары мен күнтізбелердің пайда болуына әсер етеді. Күнделікті және күнделікті еместің, профандық және сакральдықтың қарама-қарсылығы көне заманнан келе жатып, мифтер мен салттардың негізіне жатады. Баланың күнделікті өміріндегі «асыл ойлар» және ересектердің кездесуі мен қоштасуындағы сыпайылық ережелері қарама-қарсылық негізінде жасалған. Адам «белгіленбеген жануар» ретінде тек күнделікті тәртіпте ғана өмір сүрмейді. «Күнделікті өмірдің өзіндік тәжірибесі мен даналығы, өз келбеті мен өз көрінісі, өзіндік қайталанушылығы мен әдеттен тыс істерді, өз жұмыс күндері мен мерекелері бар». Сондықтан күнделікті өмірді жеке сала ретінде талдауға және күнделікті өмірдің ерекше мәдениеті туралы айтуға болмайды [3].

Қарама-қарсылықтың екінші жұбының анықталуы күнделікті өмірді жоққа шығарады. Күнделікті өмірдің шектеулі, тұйық жағы нағыз шынайы өмірге шынайы әлемге, партикулярды құбылыстардың барлығы баяу түрде шайылып, жергілікті және провинциялық тәртіптер әмбебаптылыққа жайылып кететін өмір мен әлемге қарсы қойылады. Бұл қарама-қарсылықта әдеттегі және әдеттегі емес өмір бір-бірімен байланысқан қосымшалылықтың қатынасы шынайылықтың екі саласын бөліп отыратын иерархия қатынасына ауысып кетеді. Бұл көне гректер жазғандай, күнделікті өмірдің құнсыздандырылуына әкеп соғады. Білімнің қысымы, «баспағы» әлемге деген едәуір кең көзқарас пайда болуына әкеп соғады. Ал күнделікті өмірдің бұрыш-бұрышында, қараңғы жер түбінде орын алған құбылыстардың барлығы да құнсыздандырылады. Жаңа дәуірдің басталуымен күнделікті өмірден ауытқулар жаңа формаларға иеленеді. Алдыңғы әлем мен қоғамның тәртібі өнермен айналысуға мүмкіндік беретін тәртіпке орын береді. Тігінен тұрған ось көлденең жатқан кеңістігіне айналып, уақытша ось пайда болып, прогреске айналады. Шынайы сана – жолдың соңында пайда бола алатын сана. «Санасыз қараңғы күнделікті өмірді» (Т.Лейтхойзер), «күнделікті өмірдің дінін» (К.Косик) «жалған дүние» (К.Маркс) ретінде түсіндіруге тырысқан күнделікті өмірдің идеологиялық қарсылыстары қиын жағдайға тап болады. Олар не тым ерте, не тым кеш келеді. Лейбництің «сана ғажайыбы» («miracle de la raison») немесе Гуссерльдің «рационалдылықтың ғажайыбы» («Wunder der Rationalitat») нәтижесінде ең ғажайып болып табылады. Егер бұл ғажайып адамның өз күшімен жасалынса, онда құдіретті күшке арналған алтарь «адам дініндегі» адамның өзін-өзі құрметтеуге қызмет етеді.

Күнделікті өмірді құнсыздандыру тенденциясы біз үшінші қарама-қарсылықты қарастырған кезде күшейе түседі. Күнделікті өмір *нақты, әдістемелік, тәжірибе тұрғыдан тексерілетін, қайта шығарылатын* қорқытатын стандарттан күңгірт, дилетанттық, импровизацияланған, окказионалды тұрғысынан ерекшелінеді. Енді білімсіз адамға әмбебап емес философ қарсы келсе, дилетанттарға тар саладағы маман-сарапшы қарсы келеді. Көне заманда бұл қарама-қарсылықтың алғышарттары белгіленсе де, қазіргі дамудың нәтижелері болып табылады. Сарапшы – бұл философтың тікелей мұрагері, білімнің сарапшысы ретіндегі ғалым болып табылады. Бұған құқық және өнер саласындағы сарапшылар да жатады. Олар өз академиялар, әділеттілік пен мұражайлар сарайларының түрлерінде құпиялы жерлері бар. Сарапшылар саясат, тәрбие мен денсаулық сақтау салаларға еніп, өзіне бағындырады [4]. Олар күнделікті өмірдің мүмкіндіктерін формалды ұйғарымдары желісіне алып келеді. Бюрократия мен технократия «өмір әлемін» бағындырып алады. Бұл туралы бірнеше рет айтылған.

Күнделікті өмірдің құнын қайтару бойынша бірнеше рет талпыныс жасалған. Бұл талпыныстар философияның өзі сияқты өте көне. Бүгінгі күні бұл міндетті шешуге тырысқан философтардың бірнеше атын атауға болады. Э.Гуссерльдің, А.Шюцтың, Л.Витгенштейннің, У.Джеймстың және басқа да философтардың еңбектерінде күнделікті өмір мәдениетінің теориялық тұрғыдан негіздемесін табуға болады.

Бұл мәселеге көшпес бұрын, өткен құндылықтарына оралу арқылы күнделікті өмірдің қарапайым жоғарылануына ғана алып келетін осы мәселенің шешілуін іздеудің екі жолы бар. Бірінші, аталған жол жай ғана орынды ауыстыру – инверсияға негізделіп отыр. Бұл жағдайда күнделікті өмірді әмбебап білім мен тәрбиеге қарсы қою немесе күнделікті өмірді сарапшылардың жеке меншігі болып табылатын арнайы білімдерге қарсы қою өз мәнін сақтап қалады. Бұл орайда бұл жұптағы басқа мүшесіне, нақты айтқанда, күнделікті өмірге баса назар аударылады. Қоғамның рухани мәдениеті мен сарапшылардың арнайы білімдерінің орнына дөрекі әдебиет, дала жаргоны, анекдоттар, бақшаларды бағу, көршілер арасындағы өзара көмек көрсету, өзін-өзі білім алу және «өзін жаса» қағиданың басқа да көріністері келеді. Антитезис бойынша қарама-қарсылықтың екі жағының деформациялануы мүмкіндігі пайда болады: жоғары мәдениеттің формаларын жоғарылату, бұл күнделікті өмірді мәдениеттің ең төмен сатысы немесе рудименті ретіндегі бағалануына әкеп соқтырады. Сонымен қатар бұл жағдай спонтанды иллюзияға негізделген. Күнделікті өмірдің өрлеуіне алып келетін екінші жол – бұл архаикалық қалпына қайта оралу болып табылады. Өткен уақыттың архаикалық формалары жасайтын ғажайыптық күнделікті өмірді жоғарылатады. Әлемнің көне құрылымы мен өмірдің архаикалық формалары алғашқы табиғатпен керемет ойынымен қызығып кетеді де, олар өркениетті сананы дағдарыстан шығара алатын нағыз альтернатива болып табылмайды. Біздің ойымызша, өткенге оралу арқылы күнделікті өмірдің құндылықтарын қайта өрлендіру емес, бір уақытта қайта түсінуін талап ететін қайта баға-

лау қажет. Баяндаманың басында атап өткен эвристикалық болашақ өз күшіне енеді. Біз толықтай атап көрсете алмайтын гипотезадан анықтаймыз: егер барлық мәдени тәртіптер бір-бірінен ерекшелінетін және бір-бірін орнын жоятын болса және белгілі бір дәрежеде өзгеріп тұратын болса, онда олар бір жалпы тәртіпке біріге алмайды және белгілі бір регулятивті негіз салушылыққа келтірілмейді. Белгілі бір дәрежеде олар жеңілмейтін озбырлықты сақтайды. Күнделікті білім, күнделікті саясат, құқық, тарих, өнер мағынадағы күнделікті өмір өзгермелі ұтымдылық орнының жаңа мағынасына ие болады. Бұл күнделікті өмірдің басқа нәрсеге редуциялана алмайтын өзіндік бір мәні бар. Тіл, жұмыс, техника, материалдық заттар және тағы басқалар жаңа жақтарымен белгіленеді.

Егер біз әдістеме жағынан белгілі бір көзқарасқа сәйкес күнделікті өмірді адам мен қоғамның қалыптасуы мен ұйымдастырылуы жүзеге асырылатын үрдіс ретінде қарастырсақ, онда біз ең алдымен қозғалыстың төмен түсетін бағытын көре аламыз. Оны Макс Вебер «күнделікті өмірдің бейтараптанылуы» деп атаған. Мұнда дәстүрлерді оқу, меңгеру және нормаларды бекіту формаларына ие болатын жаңа орынға үйрену үрдісі жатады. Ол деградация ретінде, мәдени күнәкарлану ретінде осыған қатысты әдебиетте бірнеше рет және үстірт қана сипатталған. Бұл үрдістегі күнделікті өмір белгілі бір мағыналық тұнбалар жинақталып сақталатын сала ретінде анықталады. Әдетте біркелкі білім, механицизм және т.б. жайында сөз болады. Тек екі мысал келтіруге болады: Макс Вебер харизма мен дәстүрдің арасында «бапталған күнделікті өмір» орналасқан, деп есептейді, ал Мартин Хайдеггер кескінсіздік пен анонимділікті негізсіз бос сөзбен байланыстырады, Альфред Шюц пен Морис Мерло-Понти оның теориясын жалғастырмады. «Күнделікті өмірдің бейтараптанылуы» процесін құнсыздандыратын сынға жауап қайтаратын болса, өзгеше басымдылықтарға аса назар аудару қажет. (а) Күнделікті өмірдің бейтараптанылуы адамның «қаны мен етіне» сіңіп кеткен нәрселердің іске асырылуы мен меңгерілуін анықтайды. Бұған: тілдегі сөздерді жаттау, гаммалар мен аккордтарды жаттау, аспаптармен жұмыс жасау, қала кварталдарында және жазық далада бағыт алу жатады. Мұндағы білім мен дағдылар жасанды әдістер арқылы еш уақытта толтырылмайтын сенімділікке ие болады. (б) Бұл іске асырылу ережелерді таза қолдануымен немесе механикалық түрінде жаттықтыруымен байланысты емес, бірақ ол тәжірибенің бір түрі болып табылады. Бұл орайда Платон мен Аристотель үшін заттардың пайдаланылуы оларды пайдалы түрде өндірісі үшін белгілі бір шаманы білдіртеді. (в) Күнделікті өмірмен қатар пайда болған постперсоналды иесіздендіру аты да, сапасы да жоқ дегенді ғана білдірмей, түсіністіктің шекара саласындағы нығайтуды білдіреді. (г) Нәтижесінде күнделікті өмір ғылымды, өнерді, дінді қоса алғанда барлық салаларды қамтиды. Өйткені олар тек институционализацияда ғана ұзақ мерзімнің ішінде болуға және дәстүрлерді сақтауға қабілетті формаға ие болады. Бұл орайда әлеуметтік шынайылықтың ерекше сала ретінде күнделікті өмірді сипаттауға қарсылық білдіретін Элиастың пікірі дұрыс деп есептейді. Егер күнделікті өмірді бөлімшесі патологиялық сипатқа ие болса, онда даму белгілі деңгейінде тоқтатылады [5].

Күнделікті өмірдің бейтараптанылуының төменге түсетін қозғалыс күнделікті өмірден асыру процесінде қарама-қарсылыққа ие. Оларға шығармашылық пен инновациялар процесіндегі әдеттен тыс нәрселердің пайда болуы жатады. Олар ережелерден және жаңа дефинициялардан ауытып қалу, шығындарға ұшырау арқылы өздеріне жол ашады. Күнделікті өмір мағынаның пайда болуы, ережелердің ашылу орны ретінде өмір сүреді. Жаңа және бірегей интегративті жалпы тәртіппен немесе регулятивті негіз қалаушылық қағидамен ескермелеген жағдайда, онда ол ауытып қалу формасына айналады. Мұнда анонимділіктің гумусы бар, оны персоналдылық алдындағы гумус деп атауға болады. Егер бір жаңалық ашылатын болса, мақсатты әрекетпен қатар аты бар әрекет етуші де жойылады. Декарттың «мен ойлаймын» емес, ал Лихтенбергтың «ол ойлайды» деген пікірі күнделікті өмірдің мәдениетін түсінуіне жол ашады. Бұл қарапайым тірі қалу талаптарынан шығатын күнделікті өмірдің мәдениетін түсінуіне алып келетін жол. Жаңалықтарды таза қызмет ретінде қабылдайтын сын өзінің жетістіктері осы күнделікті өмірді бастан кешіру арқылы ғана өмір сүре алатынын ұмытпауы қажет. Бір мағыналылық көп мағыналылығына айналатын процесті да атап кету жөн. Цензорды алдайтын әзілдің эрозиялық әсері туралы айту қажет. Өнер осындай алмасуларға қатысады, өйткені ол ашық райды керемет көрініс сәйкес келетін едәуір жоғары ашық райға айналдырмайды, ал басқа рұқсат етілген нұсқаға «сұйық» конъюнктивті сәйкестендіреді. Бұл жаңалықтар егер олар сәнмен ангажирленсе, күрделі мәселеге айналады. Күн-

делікті әдеттен ғажайыпты бөлу үрдісі оған орын мен уақыт табылмаған кезінде патологиялық формаларды қабылдап алады. Орын мен уақыттың табылмауы өмірдің барлық мүмкіндіктерін әдеттегі күнделікті құбылыстарға айналдырады. Мәжбүрленген жүзеге асырылуы «заттың жоғалуының» барлық айырмашылықтарына қарама-қарсы келеді.

Күнделікті өмірде бірігуге жатпайтын және әрдайым бір бірінен бөлектенетін қоспасы басым болады. Егер реттелетін линиялар өзгеріп тұратын болғанын және түрлі нақты тәртіптер жалпы тәртіпке салынбағанын ескертсек, таза элементтерді немесе таза салаларды араластыру туралы ой күрделі проблема болып табылады. Сепаратты салаларға өмірдің бөліну қауіпі алмасу орны және пікір алмасулар болған жағдайда тоқтатылады. Мұнда түрлі салалар «араласып, шайқасып» кетеді де, ал тігінен және көлденең пайда болған қосылыстар «қоспа жағдайына» тап болады. Бұған мысал ретінде күнделікті өмірдің тілін атап көрсетуге болады. Бұл жұмыс аяқталғаннан кейін ғалымдар сөйлейтін тіл емес, түрлі саланың мамандары бір-бірімен сөйлесетін тілді айтамыз. Сонымен қатар қаланы да тек мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы, арнайы мақсаттарға салынған ғимараттар және көлік қозғалысының бағыттары жиынтығы ретінде ғана емес, ал аса бір маңызды, ауқымды құбылыс ретінде қарастыру қажет. Алайда бұл тоталды функционализацияға қарсы қойылатын кезінде ғана атауға болады [6].

Күнделікті өмірдің, үш еселенген анықталатын, жоғарыланатын, балқытатын формадағы ұтымдылықтың құқығы күнделікті өмір тек күнделікті өмір ретінде қабылдануына бөгет жасайды. Бұл күнделікті өмір қызметтің барлық арнайы формаларын алмастыра алады немесе барлық құбылыстардың сенімді іргетасы болады деген сөз емес. Осындай қайта балқыту процестеріндегі күнделікті өмір бір нәрсенің пайда болуына мүмкіндік беретін фермент ретінде әрекет етеді. Бірақ ол өзі қозғалыста болған кезінде ғана жарамды бола алады. Ойлау мен әрекеттің әмбебап және арнайы формалары homo oeconomicus, politicus, scientificus..., сияқты фигураларға біріккен жағдайда homo қалдық немесе ақырғы фигураға айналады. Бұл күнделікті өмір мен оның сценарийлерінің кедейленуі мен құрғатылуына әкеп соғады. Бүгінгі таңда күнделікті өмірге туындаған қызығушылық вакуумның пайда болу симптомы ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл вакуумның генезисі бір жақты ұтымдылықтың құнсыздандыратын қысыммен байланысты. Бұл вакуум «зорлықпен жүкті» ретінде айқындалады. Жойылған мағынадан агрессия пайда болады. Машиналарға қарсы бүліктен бастап мәдениетке қарсы бүлікке дейін, тіпті адамды жою әрекеттеріне дейін туындаған деструкцияның көптеген себептері болады. Алайда оны жоғары техникамен қамтылған және арнайы өркениеттің секциялары мен айдарларына бөліну қауіпі бар шынайылықты мәжбүрлеу талпынысы ретінде қарастыруға болады. Бұл өзіне асыру күнделікті өмір өзінің арғы жағы күнделікті өмірден тыс өмірін сақтайтын жағдайында ғана болуы мүмкін.

1. Людтке А. «Что такое история повседневности? Ее достижения и перспективы в Германии» – М. 1999. – 10-15 б.; Goffman E. «Das Individuum im öffentlichen Austausch» – Frankfurt/M. 1974.

2. Гузенбург К. «Микроистория: две-три вещи которые я о ней знаю» – М. 1996. – 23-31 б.; Waldenfels B. «Im Labyrinth des Alltags» 1978; Waldenfels B. «In den Netzen des Lebenswelt» – Frankfurt/M., 1985; Grathoff R., Waldenfels B., eds., «Sozialität und Intersubjektivität. Phänomenologische Perspektiven der Sozialwissenschaften im Umkreis von Aron Gurwitsch und Alfred Schutz» – München. 1983; Hammerich K., Klein H. eds., «Materialien zur Soziologie des Alltags» – Opladen. 1978.; Kiwitz P. «Lebenswelt – zwischen Moderne und Tradition» // Philosophische Rundschau, 33, 1986. – б. 35-48.

3. Вульф К. «Антропология. История, культура, философия» – М. 2008. – 35-40 б.; Durkheim E. «Die Elementaren Formen des religiösen Lebens» – Frankfurt/M. 1981.

4. Вальденфельс Б. «Повседневность как плавильный тигль рациональности» – М. 1991. – 42-61 б.; Leiris M. «Le sacre dans la vie quotidienne» // Hollier D. Le college de sociologie (1937-1939). – Paris, 1979.

5. Кнабе Г. «Диалектика повседневности» Вопросы философии выпуск 5, 1989. – 12-20 б.; Merleau-Ponty M. Das Sichtbare und das Unsichtbare. – München. 1968.

6. Бергер П., Лукман Т. Социальное конструирование реальности. – М., 1995. – 87-98 б.; Waldenfels B. «Verstreute Vernunft. Zur Philosophie von Michel Foucault» // Studien zur französischen Philosophie. Phänomenologische Forschungen. 18. – Freiburg/München, 1986.

Резюме

В статье обсуждается «история повседневности» (everyday life history, Alltagsgeschichte, histoire de la vie quotidienne) – новая отрасль исторического знания, предметом изучения которой является сфера человеческой обыденности во множественных историко-культурных, политико-событийных, этнических и конфес-

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №1 (32), 2012 ж.
сиональных контекстах. В центре внимания истории повседневности комплексное исследование повторяющегося, «нормального» и привычного, конструирующего стиль и образ жизни у представителей разных социальных слоев, включая эмоциональные реакции на жизненные события и мотивы поведения.

Summary

In article «the daily occurrence history» (everyday life history, Alltagsgeschichte, histoire de la vie quotidienne) – new branch of the historical knowledge which subject of studying is the sphere of the human ordinary in plural historical and cultural, politiko-sobytijnyh, ethnic and confessional contexts is discussed. In the center of attention of history of daily occurrence complex research repeating, "normal" and habitual, designing style and a way of life at representatives of different social strata, including emotional reactions to vital events and motives of behavior.

ҚАРҚАРАЛЫ ӨңІРІНДЕГІ ТАУ-КЕН Өндірісі ЖӘНЕ ҚАЗАҚ Жұмысшылары (XIX ғасырдың I жартысы)

Г.Н. Адырбекова – 2 курс магистранты, магистратура және докторантура институты,
«БМ0114 00 – Тарих» мамандығы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап белгілі отандық тарихшылар бұрын зерттелмеген және айтуға тыйым салынған көкейкесті мәселелерді көтеріп, халқымыздың тарихын жазуда еңбек сіңіруде. Дегенмен, тарихымызда әлі де өз деңгейінде жан-жақты зерттеліп, ұлттық мүдде тұрғысында тиісті бағасын алмаған маңызды мәселелер баршылық.

Белгілі неміс философы Фридрих Ницше: «Өз тарихын көршісінің баяндауы арқылы қабылдайтын халық, ешқашан өзін сақтай алмайды» – деп, тарихын өз ұлтының мүддесі тұрғысынан жазбаған халықтың басына төніп тұрған қатерді дұрыс көрсете білген. Сол себептен де біз ұлтымызды сақтау мақсатында әлі де тарихымызды өзіміз отары болған көршіміз Ресейдің баяндауы негізінде қабылдауымызды тоқтатып, олардың халқымызды жойып жіберуге дейін барған отарлық саясатын ашық айтып, мәселені кешенді зерттеу нәтижесінде оның салдарына тиісті бағасын беретін уақыт жетті деп санаймыз.

Осы көзделген бағыт негізінде мақаламызда хандық билікті жойған 1822 жылғы “Сібір қырғыздары жарғысының” нәтижесінде құрылған алғашқы Қарқаралы сыртқы дуанындағы тау-кен өндірісі және онда жұмыс жасаған алғашқы қазақ жұмысшыларының әлеуметтік жағдайын жан-жақты зерделеп, баға беру басты мақсатымыз болмақ.

Батыс Сібір иелігінің құрамына кіретін 8 сыртқы дуанның ішінде Қарқаралы ең үлкені болған. Қарқаралы сыртқы дуаны 1824 жылы 8 сәуірде ашылған. Крассовскийдің мәліметіне қарағанда Қарқаралы дуаны «құрамына 18 болыс, 147 ауыл, 18 320 киіз үй кірген». Өңірдің халық саны ұдайы өсіп отырған: П.Кеппен мәліметі бойынша 1850 жылдары бұл аймақта 146 655 адам өмір сүрсе, XIX ғасырдың аяғында 171 655 адам тұрған, оның 169 656 қазақ болған.

Шығыс және Орталық Қазақстанда пайдалы қазба байлықтарын табу және өндіру XVIII ғасырда орыс саяхатшыларының көптеп келуімен тікелей байланысты. 1715 жылғы И.Д. Бухгольц, 1720 жылғы И.М. Лихарев, 1722 жылғы И.Унковский экспедициялары Ертіс өзенінен Зайсан көліне дейін және Тарбағатай мен Жоңғар Алатауы маңында барлау жұмыстарын жүргізді [1, 3 б.]. Қазба байлық орындарын алғашқы болып ашқандар баршылық: капитан И.Г. Андреев (1785 ж.), атаман Телятников (1796 ж.), М.Поспелов және Т.Бурнашев (1800 ж.), Сібір корпусының аудармашысы Ф.Назаров (1813 ж.) және И.П. Шаниндер (1816 ж.) болатын.

И.П. Шанин Көрпетай және Бесшоқы шатқалынан ерте заманда қорғасын және мыс өндірген бірнеше орындарды тапты [2, 14 б.]. Осы кезеңде басқа да пайдалы қазбаға бай орындар ашыла бастады. Осы аймақты жақсы білетін жергілікті қазақтар кен орындарды іздеу жұмыстарымен айналысып, орыстарға көмектесе бастайды. Саудагерлер жергілікті тұрғындарға әртүрлі сыйлықтар беріп, оларды пайдалы қазба байлықтары бар жерлерді іздеуге және тауып беруге үгіттейді.

Асыл тастар мен металдарды табу және өндіру орыс өкіметі үшін маңызды мемлекеттік іс болып саналды. Себебі оларға әскер мен соғыс-теңіз флотын ұстау үшін қаражат керек болды.

XIX ғасырдың I жартысында Қазақстан территориясында алтын, күміс және қорғасын өндіру дами бастады. Орыстың ірі кәсіпкерлері Қазақстанның пайдалы қазбаларын өндіруді ұйымдастыруға өз қаражаттарын сала бастады.

Орталық Қазақстанда алғашқы болып кен орыны табылып, қазба байлықтар өндіріле бастаған жер Қарқаралы өңірі болып табылады. Айта кету керек, тау-кен өндірісі кәсіпкерлері емес, саудагер Степан Попов бәсекелестік жоқ кезде осы өңірде кен орындарын көптеп тауып, өз иелігіне айналдыра бастайды. XIX ғасырдың 20-жылдары Степан Попов және оның ұлдары Александр мен Николай Қарқаралы, Баянауыл сыртқы дуанында саудагерлікпен айналысқан.

Жеке кәсіпкерлерге алтын және басқа да кен түрлерін өндіруге ресми түрде рұқсат тек 1826 жылдан бастап беріле бастады [1, 3 б.]. 1828 жылдан бастап Степан Попов Шығыс Қазақстанда алтын кен орындарын іздеу жұмыстарын кеңінен жүргізе бастады. Өз жұмысын ілгерлету мақсатында ол болыс басшыларымен және жергілікті қазақтармен «достық» қарым-қатынас ұстанымында болды. Қарқаралы қазақтары оны «Попоу» деп атаған. Тау инженері В.Коцовскийдің мәліметіне қарағанда Поповтың осы өңірдегі достары, яғни жергілікті аңқау қазақтар оған кен орындарын табуға атпен іздеп жүріп көп көмектескен [3, 11 б.].

1834 жылы саудагер С.Попов Қарқаралыдан оңтүстік-батысқа 90 шақырым жерде орналасқан Берікқара шатқалында ең алғашқы мыс және күміс-қорғасын кен орнын табады. Осы кен орындарының ашылуымен қазақ даласында пайдалы қазбаларды игерудің ұзақ тарихы басталады. Тау инженері В.Коцовскийдің мәліметіне қарағанда Берікқара кен орынының ашылғаны туралы Степан Попов 1834 жылы 22 маусымда жариялайды. Кенді алыс зауыттарға тасымалдау қиын әрі шығыны мол жұмыс болғандықтан осы өңірден зауыт ашу жоспарланды. Осылайша қазақ жерінде ең алғашқы зауыттар ашылу тарихы бастау алды.

1839 жылы Министрлер комитеті С.Поповқа күміс және қорғасын өндіретін Благодатно-Стефановский зауытын салуға рұқсат береді. Қу шатқалы маңынан Баянауыл және Қарқаралы сыртқы дуандары арасынан 7 мың шақырым жер беріліп, 10 жылға қазынаға салық төлеуден босатылады. Осыған қоса С.Попов он шақырым жерді жергілікті қазақтардан жалға алады. Бұл жерді оған Қарауыл-Қамбар болысының старшинасы Атшабар Кенджин 285 рубль 71 тиынға уақытша жалдауға береді [3, 10 б.].

Орыс саяхатшысы П.А. Чихарев 1842 жылы Қазақстанның оңтүстік-шығысында болып, осының негізінде жазылған «Алтайға ғылыми саяхат» атты еңбегін Парижде 1845 жылы жарыққа шығарады. Аталған еңбегінде ол: «Поповтың кен орындарында жаз мезгілінде әдетте 33 килограмм алтын өндіреді, жұмыс сәуір айының аяғында басталып, 10 қазанда аяқталады, шамамен 250 адам жұмыс істейді, кен орынында тек қазақтар ғана жұмыс жасаған,» – деген мәлімет береді. Бұл мәлімет қазақтардың сол кезде-ақ тау-кен жұмыстарын игергенін және ұлттық жұмысшы кадрларының пайда бола бастағанын көрсетеді. Біз мұндай мәліметтерді басқа да жұмыстардан таба аламыз. Мысалы өлкетанушы Н.П. Иевлев: «П.М. Зенков «Экономические заметки по Киргизской степи от Иртыша до Иссык-куля» атты мақаласында 1829 жылдары кен орындарында тек қана қазақтар жұмыс істеген,» – деген мәліметті көрсетеді. Ал 40-жылдары қорғасын балқытатын пештерде шебер болып қазақтар жұмыс жасаған [4, 92 б.]. Орыс кәсіпкерлері тау-кен орындарында негізінен қазақтардың жұмысын пайдаланған.

Көптеген қазақтар жұт кезінде малынан айырылып қалған соң кен орындарына келіп жұмысқа тұрған. Мысалы 1839 жылы «ақ тышқан» деп аталатын жұттан кейін Локтевский зауытына келіп жұмысқа орналасуына мәжбүр болған [5, 36 б.].

Қарқаралы сыртқы дуанында Степан Попов бір жылдың ішінде, яғни 1843 жылы 359114 рубльге бағаланатын 724559 әртүрлі кен өндірген [6].

С.Поповтың «Благодатно-Стефанов» зауыты 1844 жылы қыркүйек айында іске қосылып, жыл бойы жұмыс жасап тұрды. Зауыттың құрылысына 14000 рубль қаражат жұмсалды.

40-жылдары Қарқаралы маңында ауылдық-мекенде шамамен 200 қазақ және орыс отбасылары өмір сүріп, Благодатно-Стефанов зауытының құрылысымен айналысты [7, 188 б.].

1852 жылы орыс өкіметі қазақ даласына Шыңғыс-тау мен Тарбағатайдың солтүстік-батысында және батыс Алатауда барлау жұмысын жүргізуге капитан Татаринов басқарған экспедицияны жібереді. Барлау жұмыстары қазақ даласында әлі де игерілмеген кен орындарының көп екенін мәлімдейді [8, 301 б.].

Генерал-адъютант Анненков қаржы министрлігіне жазған баяндамасында былай деп жазады: «Қырғыз даласында алтын өндірумен айналысып жатқан жеке кәсіпкерлердің жұмыс қарқыны өте төмен..., бірақ жұмысшы жалдау және олардың күшін пайдаланудың арзандылығы өкіметтің бұл іске үлкен көңіл аударуына тұрарлық». Сондай-ақ, ол: «Бұл орайда Қырғыз даласы байлығы мол болашаққа уәде береді,» – деп мәлімдейді [9, 45 б.].

Қазақстан территориясында кен өндірісін дамыту мақсатында патшалық өкімет 1854 жылы сұлтандарға алтын өндірумен айналысуға рұқсат беру туралы қаулы қабылдайды. Мұрағат құжаттарында 50-жылдары сұлтандардың алтын өндірісімен айналысуына рұқсат сұраған өтініштері көптеп кездеседі [8, 194 б.]. 1856 жылы жаз мезгілінде Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.Х. Гасфордтың атына Қарқаралы сыртқы дуаны Нұрбике-Шаншар болысының биі Тәттібет Қазанғапов келесідей өтініш жазыпты: «Сібір қырғыздарының жерінде алтын өндірумен және басқа да пайдалы қазбаларды табу мақсатында сізден осы іспен айналысуыма рұқсат сұраймын» [9, 419 б.].

Ал 1857 жылы 11 наурызда Алтай зауытының басшысы Қарқаралы сыртқы дуаны Нұрбике-Шаншар болысының биі Тәттібет Қазанғаповқа «жеке кәсіпкер ретінде алтын өндірісімен айналысуға рұқсат қағазы беріледі».

Тау-кен орындарындағы жұмысшылардың жағдайы өте төмен дәрежеде болды. Сол себепті де қазақ жұмыскерлері кен орындары мен зауыттардан қашып кетіп отырды. Осыған орай Шығыс Сібір басшылығы қашқындарды ұстап алып келген алтын өндіруші кәсіпкерлерге 1 рубль 50 тиын мен 3 рубль аралығында қаражат төлеп отыру туралы ереже қабылдайды. Бұл ереже бірінші кезекте саудагер, жеке кен өндірушілерге қатысты болды. Ал олардың кен орындарында негізінен қазақтар жұмыс істеді және олар бұл жердегі жағдайға төзбей жиі қашып кетіп отырған [8, 299 б.].

Кен орындарында 100 қазақ жұмысшысына бір орыстан тең келді. Сонымен қатар әйелдер мен балалардың да еңбегі қолданылды. Әр бір 100 еркек жұмысшыға 27 әйел мен 13 бала жұмыскерден тең келіп отырды. 1838 жылы қабылдаған патша жарлығы бойынша түскі ас уақытын қоспағанда 15-16 сағат жұмыс деп белгіленгеніне қарамастан кен орындарында жұмыс уақыты 18 сағатты құрады. 1868 жылы «Дала өлкесі» атты газетте кен орындарындағы жұмысшылар ерте таң атқаннан күн батқанға дейін жұмыс істейді, үстеріндегі киімдерінің ескілігі соншалық жазды күндері киімсіз жүреді. Жұмысшылар күніне 15-20 тиын еңбекақы алады. Осыған қоса олар жұмыс құрал-саймандарын өз қаражаттарына сатып алуға міндетті болды және кен орындарында қауіпсіздік техникасы мүлдем сақталмаған [10, 29 б.].

1856 жылы Благодатно-Стефанов зауытында 260 адам жұмыс істеген, оның құрамына 12 бақылаушы, 42 ерікті жалданушы, 12 қазынаның адамы және 203 қырғыз жұмысшысы кірген [12].

1862 жылы Қарқаралы өңірінде алтын мен басқа да пайдалы қазбаларды табу және өңдеумен айналысатын 89 кен орны ашылған, оның ішінде күміс пен қорғасын өндіретін 9, мыс 50 және тасты көмір шығаратын 7 орын тіркелген... Поповтың Богословский, Самамбет, Бесшоқы, Петров, Белозер, Қызыл-Испен, Қайрақты, Кеншоқы, Сары-Тугомбаев, Құтантау, Керегетас, Тай, Пұшық, Бий, Тел-Адыр кен орындарында 1862 жылы 26,715 пұт күміс-қорғасын, 100 пұт қорғасын, 22230 пұт мыс өндірілген [13, 287 б.].

Көріп отырғанымыздай, XIX ғасырдың бірінші жартысында Қарқаралы өңірінде кен орындары көптеп ашыла бастаған. Әрине бұл жерде қазақ даласының пайдалы қазбасын тонау мақсатында келіп, кен орындарын бей-берекет қазып тастап, жергілікті халыққа өз зардаптарын тигізген орыс өкіметі іс-әретін ашып айта кету керек. Сондай-ақ, бұл кен орындарында қазақ жұмысшыларының еңбек күші өте арзан бағаланған. Ал жұмыс күнінің ұзақтығы, жалақы деңгейі мен кен орындарындағы ауыр жағдай қазақ жұмысшыларының әлеуметтік деңгейінің өте төмен дәрежеде болған деген қорытынды жасауға міндеттейді.

1. Развитие горного дела в Восточном Казахстане (XVIII в. – в 30 годы XX в.). Управление архивов и документов ВКО, ЦДНИ ВКО: Сборник документов. – Семей, 2008. – 458 с.

2. Попов Ю. Каркаралы. – Алматы: «Кайнар», 1981. – Т.3. – 184 с.

3. Восточная Сарыарка. Каркаралинский регион в прошлом и настоящем. Под редакцией Алдажуманова К.С. и Бейсенова А.З. – Алматы, 2004. – 564 с.

4. Султанов О.С. Развитие золотопромышленности на юго-востоке Казахстана. // Материалы международной научно-практической конференции «Казахстан на пути к государственной независимости: история и современность». – Семей, 2001, – С. 91-95.

5. Қайырханова Ф.К. XVIII-XIX ғасырдағы Қазақстан. – Семей, 2006. – 94 б.

6. ЦГА РК. Ф. 374. Оп. 1. Д. 1289. Л. 184. Отчет по управлению внешних округов киргизской степи за 1843 г. И материалы к нему.

7. Сабырханов А. Ұлы бетбұрыс. – Алматы: Мектеп, 1981. – 253 б.

8. Аполлова Н.Г. Хозяйственное освоение Прииртышья в конце XVI – в первой половине XIX вв. – М., 1976, – С. 218-349.

9. *Казахско-русские отношения в XVIII-XIX вв. Сборник документов и материалов. – Алма-Ата: Наука, 1964. – 574 с.*
10. *Краткий очерк исследований Восточной части киргизской степи Западной Сибири с 1816 по 1893 гг. Составитель горный инженер Романовский Г.Д. – СПб., 1903, – С. 39.*
11. *Қарасаев Ғ. Шығыс Қазақстандағы алтын өндірісі. // Отан тарихы. – 2004. №1. – 27-30 бб.*
12. *ЦГА РК. Ф.345. Оп.1. Д.2492. Л.38-39.*
13. *История Каркаралы в документах и материалах. Том 2. – Алматы, 2010. – 494 с.*

Резюме

В статье рассматривается история становления горнорудного дела в Каркаралинском крае Казахстана. На основе архивных документов, ранее не введенных в научный оборот, автор пытается раскрыть быт и социальную сторону жизни первых рабочих этих предприятий. Отдельно показана деятельность Попова С. и его сыновей, первооткрывателей каркаралинских золоторудных месторождений, и посвятивших свою жизнь их промышленным освоением.

Summary

This article discusses the history of the formation of mining business in Karkaralinsk region of Kazakhstan. On the basis of archival documents, has not previously entered in the scientific revolution, the author tries to uncover the social side of life and the life of the first workers of these enterprises. Separately shown activity S.Popov and his sons, the pioneers Karkaraly gold deposits, and devoted their lives to their industrial development.

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТІ – АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ

Д.А. Қожабеков – 2 курс магистранты, магистратура және PhD докторантура институты, Абай атындағы ҚазҰПУ

Біздің елімізге ғана емес, дүние жүзінің көптеген өркениетті елдеріне ортақ күрделі және шешуі қиын проблема – адам құқықтарын қорғау мәселесі. Еліміздің Конституциясында: адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын ең жоғарғы құндылық деп жариялап, ал адамның құқықтары мен бостандықтарын тануды, сақтау мен қорғауды мемлекеттің міндеті деп белгілегені бәрімізге мәлім. «Адамның құқықтары мен бостандықтары – дүниежүзілік қауымдастық меңгерген, тиісті халықаралық-құқықтық актілерде мойындалған және бекітілген, әлеуметтік және заңды түрде қамтамасыз етілген адам мінез-құлқының өлшемі, әркімге тиесілі, ол үшін қажетті мінез-құлық нұсқасын таңдауға, оған байланысты ешкім де қандай да болмасын шектеулер мен тыйымдар сала алмайтын әркімнің ажырамас және ажыратылмас қабілеті» [1, 77 б].

Осы негізде адам құқықтарын жариялау, адам құқықтары туралы халықаралық құжаттарды мақұлдау тым аз. Ең алдымен осы құжаттарды қорғаудың тиімді механизмін дайындау қажет.

Бүгінгі таңда, демократиялық қоғам кезеңінде, адамның мүдделері мен құқықтары, бостандықтары басымдық жағдайда, олар көпшілік мүдделерімен үйлесімде болуы абзал. Арада туындайтын нақтылы қарама-қайшылықтар адам мүдделерінің пайдасына, оның құқықтары мен бостандықтарын іске асыру мақсаттарында шешілулері тиіс. Адамның, оның құқықтары мен бостандықтарының басымдығы қағидасы конституцияның мазмұнынан еркін сезіліп тұр. Бұл заң шығарушылық және заңды қолдану практикасын анықтауға тиісті конституциялық шындық. «Басқа барлық конституциялық қағидалар – халықтардың тең құқылығы мен өзін-өзі басқаруы, мемлекеттің егемендігі мен қауіпсіздігі, мемлекеттік тұтастығы мен аумақтық бірлігі т.б. біртекті, бірақ адамның құқықтарын мойындау, оның құқықтары мен бостандықтарын жоғарғы құндылық деп танудың конституциялық қағидалары бағынышты ретінде қарастырылуға тиіс» [2, 516 б]. Осы тұрғыда, адам құқықтарын жоғарғы құндылық ретінде мойындаудың конституциялық қағидаларынан мемлекеттің бірқатар міндеттері келіп шығады:

- а) азамат пен адамның құқықтары мен бостандықтарын мойындау;
- ә) оларды сақтау және қорғау.

Мемлекеттің ролі туралы айта келіп, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев екінші кезеңде – 1995 жылдан 2000 жылға дейін, 1995 жылғы референдумда халық қабылдаған конституцияның негізінде қазіргі замандық демократиялық институттарды құру мен нығайтуға, жаңа саяси мәдениетті қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінді. Осының негізінде, біз Қазақстанды

шын мәнісінде демократиялық институттар қызмет ететін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік берілген елге айналдыру үшін берік негіз қаладық деп атап көрсетті.

Құқықтық саясатты сол саясаттың тұлғалық өлшемінде қарастыру, құқықтық саясаттың тармағынада құқықты жалпы гуманизм қағидаларында белгілеу және қолдану саласындағы тактика мен стратегияны жасау және іске асыру болып табылады. Кең мағынада бұл ең алдымен Конституцияға, халықаралық құқық нормаларына негізделінген, тұлғаның мүдделерін, құқықтары мен бостандықтарын оның міндеттерімен өзара әрекеттесулерінде іске асыруға бағытталынған құқықтық механизмнің қызметі мен қайта жаңғыруын қамтамасыз етуші идеялардың, мақсаттардың, іс-шаралар мен тәсілдердің жүйесін біріктіретін барлық мемлекеттік органдардың қызметі.

Қазіргі таңда қоғамдағы адам құқықтарын әсерлі іске асырудың сыртқы және ішкі қауіптері жоқ емес. Адамның заңдық, құқықтық құндылықтарға жағымсыз көзқарасын ішкі қауіптерге жатқызуға болады, және олар құқықтық нигилизмнің түрліше формаларында көрініс табады. Бұл құқыққа, заңдарға, адам құқықтарына, нормативтік тәртіпке, жалпы жағымсыз – теріс көзқарас. «Бұл арада шешуші сәттердің бірі ретінде құқыққа өркөкіректік-жақтырмаушылық, менсінбеушілік, мысқылды-сенбеушілік тұрғыдан қарау, оны іргелі, негізгі идея деп бағаламай, адам құндылықтарының сөресіндегі екінші қатардағы құбылыс деп санау болып табылады. Ал бұл, өз кезегінде, қоғамның өркениеттілігінің өлшемін, оның рухының көңіл-күйінің, әлеуметтік сезімдерінің, әдеттерінің жағдайын сипаттайды [3, 405 б].

Мемлекетіміздің дамуының өтпелі кезеңі саяси және экономикалық жағдайдың тұрақсыздығымен, құқық аясынан тыс жүргізілген меншікті қайта бөлісу, капиталдың алғашқы шоғырлануы, халықтың белгілі топтарының тұрмыс-күнкөріс жағдайларының қайыршылық шегіне жетумен, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кеткен мемлекет меншігін жекешелендірумен сипатталады. Бұған мемлекеттік шенеуніктердің сыйбайлас жемқорлығын, мемлекеттік аппараттың қызметіндегі бюрократизмді, құқық қорғаушылық және түзету органдарының қызметтеріндегі ауытқушылықтар туралы жағымсыз ақпараттың қол жетімділігін қосуға болады.

Азаматтардың мемлекеттік органдарға сенімі төмен болса, әлеуметтік капитал төмен болады, онсыз мемлекет күшті бола алмайды. Ол құқықтық нигилизмнің заңды жаппай сақтамаушылық, заңдар соқтығысы, заңдылықты саяси, идеологиялық немесе практикалық қажеттілікпен алмастырушылық адам құқықтарының бұзылуы сияқты жаппай көріністеріне алып келеді. Азаматтардың нашар құқықтық қорғалуы олардың заңға деген, мемлекеттің қоғамда тәртіп пен тыныштық орнатуға, адамдарды қылмыстық қастандықтардан қорғай алуға қабілеттілігіне сенімін жоғалтады. Өйткені мемлекеттік қызметкерлердің ұйымдасқан жауапсыздығын ең барып тұрған белсенді, нағыз өжет, мемлекеттік органдар жүйесінен материалдық немесе ұйымдық көмек алуға мүмкіндігі бар азаматтар ғана бұзып өте алады. Оған мысал ретінде адамдардың денсаулығының нашарлауына, мүгедектікке, өлімге алып келген мыңдаған дәрігерлік қателіктерді келтіруге болады. Бірақ мұндай фактілерді дәлелдеу және дәрігерлердің жауапсыздықтарының салдарынан денсаулықтарын жоғалтқан, мүгедек болып қалған немесе өлген жақындары үшін өтемақы алу тек барып тұрған өжет адамдардың ғана қолдарынан келеді. Бұл көріністі Шымкент қаласында 100-ден астам балаға АИВ жұқтыру, ал осы шектен шыққан оқиғаның БАҚ-тың араласуымен тек көрнекі сот процесімен аяқталғандығымен тәмамдауға болады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 30 сәуірінде №2967 Өкімімен Қазақстан Республикасының қоғамдық қауіпсіздігінің тұжырымдамасы бекітілген, онда егеменді Қазақстанның қауіпсіздік тұжырымдамасын жасауы мақсаты республикамызда қазіргі кезеңде қалыптасып келе жатқан қоғамдық қатынастардың қалыпты дамуы үшін мемлекеттік деңгейде қолайлы жағдайлар болып табылатын толғағы жеткен міндет деп атап көрсетілген. Демократиялық-құқықтық мемлекетке тән мемлекеттік құрылымдардың қызмет етуінің ұтымды бастауларын іздестіру мен басымдықтарды қайта қарау адам мен азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етумен, Конституциялық құрылыс пен қоғамдық қауіпсіздікті қорғаумен сипатталады.

Мемлекеттің қалыптасуы мен нығайтылуы, демократиялық реформаларды жүргізудің өтпелі кезеңіндегі қоғамдық қауіпсіздік адам мен азаматтың, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерін заңға қарсы қолсұғушылықтардан, стихиялық апаттар және басқа да төтенше жағдайлардан қорғауға бағытталған мемлекеттің ресми қабылдаған нормаларының жүйесі болып табылады.

Қоғамдық қауіпсіздік – бұл тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің өздеріне елеулі зиян тигізулері мүмкін қорқыныштар және қауіп-қатерлерден қорғалғандығы. Ол мемлекеттік органдар мен бас-

қа да ұйымдардың Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына негізделінген және адам мен азаматтың, қоғам мен мемлекеттің іргелі мүдделерін бұзушы ішкі және сыртқы әсерлерден қорғауға бағытталған қызметін қамтамасыз етеді. Қоғамның тұрақты өмір сүруі мен дамуына теріс әсер етуші орын алып отырған және болуы мүмкін қорқыныштар және қауіп-қатерлерді ескере отырып, мемлекет басшысы қоғамдық қауіпсіздік тұжырымдауға негіз болатын мақсаттар мен міндеттерді белгілейді. Қоғамдық қауіпсіздік объектілері: адам, оның құқықтары мен бостандықтары, меншік түрлерінен тәуелсіз қоғамдық бірлестіктер мен басқа да ұйымдар, әлеуметтік топтар мен мемлекет.

Қоғамдық қауіпсіздік субъектілері: бұлар қоғамдық қауіпсіздікті іске асыруға тиісті барлық мемлекеттік ұйымдар. Қоғамдық қауіпсіздікке қауіп-қатерлер – бұлар іске асырылуы адамның, азаматтың, қоғам мен мемлекеттің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына алып соғулары мүмкін, қоғамдық қауіпсіздік объектілеріне қауіп төндіретін себептер, жағдайлар мен факторлардың жиынтығы. Адам құқықтарын қорғау механизмінде басты роль мемлекеттің еншісіне тиісті, бірақ бұл процеске үкіметтік емес ұйымдар мен саяси партиялар да белсенді араласуда. Егер құқықтар мен бостандықтар заң жүзінде бекітілген болса, онда мемлекет өзіне оларды сақтауға және үшінші бір тұлғалар бұзған жағдайда қорғауға міндеттеме алады [4, 59 б].

Мемлекетті нығайту идеясы нарықтың қарым-қатынастарды әмбебап реттеуші ретінде қараушылықтың орнына келді. Тұлғаны қорғау қызметін мемлекеттік емес құрылымдарға беру адам құқықтарын қамтамасыз етуде бірыңғай саясаттың жоқ екендігін білдіреді. Азаматтардың қауіпсіздігін мемлекеттік-құқықтық қамтамасыз етудің негізгі міндеттерінің бірі – тұлғаның өмірлік маңызды мүдделерінің жүйесі мен басымдықтарын анықтау мен заңды түрде бекіту, мемлекеттік органдардың жауапкершілік аяларын белгілеу, олардың қызметін бақылау механизмін орнату, тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың жағдайын, бағыттарын талдау болып табылады. Реформаторлардың стратегиялық қателігі мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық процестерді басқарудан бойын аулақ салуы болды. «Бұрынғы отандық тәжірибені теріске шығару, жария институттармен теке-тірес, құқық қорғау органдарын мағынасыз қайта құру, істеріне берілген адал мамандарды қудалау мемлекеттің құқық қорғаушылық әлеуетіне әсерін тигізбей қоймайды. Күшті мемлекетте билік пен демократия – қарама-қарсылықтар емес. Демократия тек заңдылық қатаң сақталатын жерде ғана дамиды» [5, 7-8 бб.].

Мемлекеттің құқық қорғаушылық қызметін сипаттайды төмендегі екі белгі сипаттайды.

а) мемлекеттің тоталитарлық өткеннен шығуы мен құқықтық, демократиялық мемлекетті құрумен байланысты;

ә) екіншісі – Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерімен байланысты.

Осыған орай мемлекет шенеуніктердің тарапынан билікті бұрмалап пайдаланушылыққа қарсы құқықтық механизмдер құрып, оны жетілдіреді. Соңғы кездерде мемлекеттік басқару аясында жүргізілген реформалар мемлекеттің қызметтің негізгі стандарттарының тобына адам құқықтарын қорғау сияқты басымдықтың енгізілгендігі туралы айтуға мүмкіндік береді – мемлекеттік қызметкерлер заңдылық, отансүйгіштік, гуманизм, кәсібилік және басқа да құндылықтармен бірге адам мен азаматтың мүдделерін, құқықтары мен бостандықтарын да басшылыққа алулары керек.

Адамның құқықтарын қорғаудың басты кепілі қуатты, демократиялық, жақсы ұйымдасқан мемлекет болып табылады. Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы Қазақстан халқына Арнауында былай делінген: «Терең демократиялық дәстүрлердің жоқтығы, бостандықты бетімен кету деп түсіну елді тұрақсыздандыруға, біздің болашағымызға деген барлық жоспарларымызды сызып тастауға және артқа шегінушілікке алып келуі әбден мүмкін екендігін мойындауымыз керек. 2005 жылы орын алған президенттік үшін жарыстан біз осындай сабақ алдық. Біздің адасушылықтарымыздың себептерінің бірі биліктің либерализмінің қарапайым, оның әлсіздігі мен бетімен кеткен мансапқұмарлардың кез келген «еркеліктері» мен «тентектіктеріне» тыйым салуға оның дәрменсіздігі деп қабылдануында жатыр. Бізге мұндай елестер мен адасушылықтардан арылу керек.

Осыған орай ел ішіндегі және сыртындағы сындарға жалтақтамастан, біз демократиялық дәстүрлерді дамытумен қатар оларды қорғаудың жеткілікті дәрежедегі катал жүйесін қарастыруымыз қажет. Сайып келгенде, заң бұзушылық үшін қатаң талап қою керек. Жала жабу, параға сатып алу, зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік шаралары белгіленуі, ал қажет болса, тиісті заңдарды қайта қарау керек. Азаматтардың Конституция мен заңдарды орындауларын қамтамасыз ету – құқық қорғау орындарының міндеті. Олар үшін «қайда және кім не айтар екен?» деген

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы, №1 (32), 2012 ж.
сұрақ туындамауы, тек «заңды бұздың ба – оның баптарына сәйкес жауапкершілікке тартыла-
сын» деген анық ереже болуы керек. Олай болмаса, біз баяғы кеңестік «заң-арбаның оқ ағашы-
ның» кебін киеміз. Құқық қорғау орындарының басшыларының қайсысы бұл ережені орындама-
са, ол қызметінде қалмауға тиіс. Біз басқаша жолмен құқықтық мемлекет пен демократиялық
қоғам құра алмаймыз [6].

Басымдықтар ысырылып, мемлекет өзіндік мәні бар құндылық ретінде қойылған сәтте қоғам-
дық даму өзгеріске ұшырап, бұзылып, адам мен оның мүддесіне бағыныштылық орын беріледі.
«Мемлекет – тұлға» қатынастарында басымдықтарды ауыстыру сөзсіз тоталитарлық режимдер-
дің қалыптасуына алып келеді. Адам құқықтары мен бостандықтарының құндылықтар ретіндегі
басымдылық қағидасы конституцияның бүкіл мазмұнында орын алған. Қазақстан Республикасы
Конституциясының 12-бабында былай деп жарияланған: «Қазақстан Республикасында Конститу-
цияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. Адам
құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады,
олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны
мен қолданылуы осыған қарай анықталады». Бұл конституциялық шындық заң шығарушылық
және заңды қолдану практикасын белгілеуі тиіс. «Барлық басқа конституциялық қағидалар –
халықтардың тең құқықтылығы мен өзін-өзі басқаруы, мемлекеттік егемендік пен қауіпсіздік,
мемлекеттік тұтастығы мен аумақтық бірлігі және басқалары бірқатардағы, бірақ адам құқықта-
рын, оның құқықтары мен бостандықтарын жоғарғы құндылық ретінде тану конституциялық
қағидаларына бағыныштылар есебінде қарастырылады» [6]. Адам құқықтарын жоғарғы құнды-
лық ретінде тану конституциялық қағидасынан мемлекеттің бірнеше міндеті туындайды, олар:
адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын тану, оларды сақтау және қорғау. Сондық-
тан мемлекеттің тұтастығын қалыптастырудағы негізгі қызмет – адам құқығын тану, сақтау және
қорғау деп білемін.

1. Толковый словарь Конституции Республики Казахстан. – Алматы: Жеты Жарғы», 1996. – 365 с.
2. Общая теория государства и права. Академический курс в двух томах. Т.2. – М., 1998, – 638 с.
3. Назаркулова Л.Т. Конституция Республики Казахстан – основа построения демократического пра-
вового государства: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук: 12.00.01. – Алматы, 1999. – 29 с.
4. Ибраева А.К. Адам құқықтары – құқықтық мемлекеттегі мемлекеттік аппарат қызметінің негізгі
қағидасы: з.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Астана. 2008 – 136 с.
5. Айтимбет И.А., Мухтарова А.К. Проблемы формирования правосознания у школьников в период
перехода от тоталитаризма к правовому государству. – Алматы, 2001. – С. 45-114.
6. Назарбаев Н. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан: ҚР Президентінің 2007 жылғы Қазақстан халқына
Жолдауы // Егемен Қазақстан. 2007, 1 наурыз.

Резюме

В этой статье рассмотрены вопросы об основной деятельности суверенного государства – защите прав человека. Также автор отмечает особую ценность человеческих прав глазами международных правоведов, на основе всемирно признанных документов.

Summary

In this article questions on primary activity of the sovereign state – protection of human rights are considered. Also the author marks special value of the human rights, eyes of the international jurists, on the basis of world-wide recognized documents.

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ 1974-1980 ЖЫЛДАРДАҒЫ РЕКТОРЫ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ, ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ЖҰМАБЕКОВ ЖҮНІСБЕК ЖҰМАБЕКҰЛЫНЫҢ (1927-1980) ТУЫЛҒАНЫНА 85 ЖЫЛ

ЖАРҚЫН ЖҮЗДІ ЖҮНІСБЕК

О.М. Қоңыратбаев – *т.ғ.к., ғылыми қызметкер, А.Байтұрсынов атындағы «Тұлғатану» орталығы, Абай атындағы ҚазҰПУ*

2012 жылы 29 ақпанда Магистратура және PhD докторантура институтының ғимаратында А.Байтұрсынов ат. «Тұлғатану» орталығының ұйымдастыруымен Абай ат. ҚазҰПУ-дің 1974-1980 жылдардағы ректоры, қоғам қайраткері, көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз Жұмабеков Жүнісбек Жұмабекұлының (1927-1980) туылғанына 85 жыл құрметіне Тарих факультеті студенттерінің, Магистратура және PhD докторантура институтының магистранттары, докторанттары және ұстаздарының қатынасуымен «Жарқын жүзді Жүнісбек» атты тарихи-танымдық дәріс болып өтті.

Дәріске «Тұлғатану» орталығының директоры, т.ғ.д., профессор Д.М. Мұқатова, Магистратура және PhD докторантура институты директорының ғылым жөніндегі орынбасары, б.ғ.д., профессор Н.Аралбай, тарих факультетінің деканы, т.ғ.д., профессор Ф.К. Кенжебаев, Магистратура және PhD докторантура институтының «Қазақстан тарихы мен мәдениеті» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.д., профессор М.К. Қойгелдиев, тарих факультеті деканының орынбасары, т.ғ.к., доцент С.Х. Байдилдина, Магистратура және PhD докторантура институты директорының тәрбие істері және даму жөніндегі орынбасары, т.ғ.к., доцент С.К. Шілдебай, Т.С. Садықов атындағы «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент Т.Ә. Нұрпейісов, белгілі бауыржантанушы, ф.ғ.к., доцент М.Қалдыбай, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, т.ғ.д. Д.Байғұнақов, Магистратура және PhD докторантура институтының «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті, т.ғ.к. Ш.Тілеубаев және басқа да арнайы шақырылған қонақтар қатынасып, жиналған қауымға ректор, қоғам қайраткері, көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз Жүнісбек Жұмабеков туралы қызықты естеліктер айтты.

Кездесуде Магистратура және PhD докторантура институтының магистранты, ұзақ жылдардан бері университет тарихын зерттеп жүрген белгілі маман Нұрдәулет Манкеев ректор Жүнісбек Жұмабековтың (1927-1980) өмірі мен қайраткерлік қызметі туралы ғылыми баяндама жасады.

Магистратура және PhD докторантура институты директорының орынбасары, профессор Н.Аралбай дәрістің ғылыми және тәрбиелік маңызын жоғары бағалап, дәріс модераторы О.Қоңыратбаевты, белсенді магистранттар – Н.Манкеев пен А.Жүнісбаевты мақтау грамотасымен мараптады.

БІЛІМ ӘЛЕМІНДЕГІ БИІК БӘЙТЕРЕК

Н.Манкеев – *тарихшы-педагог, ғылыми ізденуші, магистратура және PhD докторантура институты, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Кез келген өркениетті елде өзінің қоғамдық қызметімен тарихта терең із қалдырған жеке тұлғалардың шығармаларын дәріптеп, есімдерін жаңғырту бүгінгі ұрпақтың аға буын алдында атқарар игі істердің бірі болып саналмақ. Мәселеге осы тұрғыдан қарасақ, биылғы жылы көрнекті ғалым, тарихшы Жүнісбек Жұмабековтың туғанына 85 жыл толып отыр. Жүнісбек Жұмабекұлы өткен ғасырдың 70-80 жылдарындағы қазақстандық ғылым әлемінде кеңінен танымал есім болатын. Ол көрнекті тарихшы болуымен қатар жоғары мектеп ісін шебер ұйымдастырушылардың бірі болды. Ғылым жолына көптеген шәкірттер дайындады. Замандастары Жүнісбек Жұмабековты адалдығы, өз ісіне берілгендігі және жауапкершілігі үшін жоғары бағалаған.

Жұмабеков Жүнісбек Жұмабекұлы 1927 жылы 7 қаңтарда Алматы облысының Шелек ауданындағы Малыбай ауылында дүниеге келген. Әкесі Қаңтарбаев Жұмабек еті тірі, көзі ашық, ел-жұртқа сыйлы шешен адам болған екен. Ұжымдастыру кезінде өңірде қазақ ауылдарын отырықшылыққа көшіруге, ұжымшарлар құруға белсене араласып, бірнеше ұжымшарларда басқарма төрағасы болған.

Жүнісбек Жұмабекұлы жеті жасқа келгенде анасы қайтыс болады. Алайда, әкесі оған жетімдіктің тауқыметін тартқызбады. Зерек перзентінен зор үміт күткен әкесі оны уақытымен мектепте оқытып, әкелік қамқорлығын аяған жоқ. Осылайша, Шелек ауылындағы жеті жылдық мектепті бітірген соң небәрі 16 жастағы балаң жігіт 1943 жылдан бастап Қадам жеті жылдық мектебінде өзі мұғалім, өзі оқу ісінің меңгерушісі қызметін атқарады. Бұл кез Ұлы Отан соғысының қайнап жатқан кезі еді. Жас жігіт бірнеше рет өзі сұранып майданға кетпек болады. Алайда, Шелек аудандық әскери комиссариатындағылар «Сен әлі кішісің, жасың толған жоқ, жасың толғанда өзіміз шақырамыз» деп, қайтарып жіберетін. Бірақ ол тылда жүріп-ақ жеңісті жақындатуға зор үлес қосты. Бала оқытып, «Информбюро» хабарларын таратты, майданға көмек жинасты. Жүнісбек Жұмабекұлының жасы 18-ге толғанда соғыс та аяқталған болатын.

Ілім-білімге талаптанған жігіт оқуға ұмтылады. Осындай ұмтылысының нәтижесінде ол Алматы Мемлекеттік заң институтына түсіп, оны 1949 жылы бітіргеннен кейін сол оқу орнында оқытушылық қызметке қалдырылады. Осы институтта оқытушы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісінің міндетін атқарушы қызметтерін зор ынтамен жүргізді. Жүнісбек Жұмабекұлын қазақ халқының тарихы, түркі елдерінің байырғы туысқандық қарым-қатынастары қатты қызықтырады. Алайда ол кезде барлығын Мәскеу билеп-төстеп тұрған заманда ұлттық тақырыптағы зерттеулерге жол берілмейтін. Сондықтан ол ғылыми жұмысының тақырыбына амалсыз кеңестік кезеңнің өзгерістерін алуға мәжбүр болған. Оның сол кездегі ғылыми зерттеу шеңберінің ауқымы Кеңес өкіметі тұсындағы ұжымдастыру кезеңін қамтыды. Сөйтіп, өзінің шынайы ғылыми ізденісі барысында Жүнісбек Жұмабеков 1954 жылы 19 сәуірде М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетінің Ғылыми Кеңесінде диссертация қорғап, тарих ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алады. Жүнісбек Жұмабековтың есімі ғылым әлеміне таныла бастағаны да осы тұс болатын. Көрнекті тарихшылар жас ғалымның зерттеулеріне жоғары баға берді.

1955 жылы Жүнісбек Жұмабекұлы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ғылым және жоғары оқу орындары бөлімінің жолдамасымен Семей малдәрігерлік институтының Марксизм-ленинизм кафедрасына меңгеруші болып жіберіледі. Семейдегі үш жыл жас ғалым үшін қалыптасу, іздену жылдары болды. Осы оқу орнының қабырғасында жүргенде Жоғары Аттестациялық Комиссияның 1956 жылғы 8 қыркүйектегі шешімімен оған «доцент» ғылыми атағы бекітілді. Өз міндетіне үлкен жауапкершілікпен қарай білуі, біліктілігі мен білім деңгейінің жоғарылығы оны үлкен абырой мен беделге ие етті.

Жүнісбек Жұмабекұлы 1958 жылы Алматыдағы Қазақ дене шынықтыру институтына доцент болып ауыстырылса, 1960 жылы КОКП тарихы және философия кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалады. Осы институтта істеген сегіз жылда Жүнісбек Жұмабекұлы ондаған ғылыми зерттеулерін жариялаған болатын. Өзінің жемісті еңбегінің нәтижесінде ол 1966 жылы Қазақ КСР Жоғары оқу орындары министрлігі қоғамдық ғылымдарды оқыту бөлімінің бастығы қызметіне жоғарылатылды. Бұл қызметте ол министрліктің алқа мүшесі де болған. Сондай-ақ, институттағы оқытушылық істен де қол үзбеді.

Жүнісбек Жұмабекұлы ХХ ғасырдың 30-жылдарында еңбекші шаруаларды жаңа өмірге бейімдеу мәселесіне арналған докторлық диссертациясын 1971 жылы 5 қаңтарда сәтті қорғап шықты. Ғалым өзінің зерттеу еңбегінде қазақ халқының өркениетке жақындау мәселелерін жан-жақты зерттеп, өзіндік пікір білдірді. Ал, 1973 жылы 29 маусымда Жоғары Аттестациялық Комиссия шешімімен Жүнісбек Жұмабекұлына «профессор» ғылыми атағы бекітіледі.

Жүнісбек Жұмабекұлы сонау 70-жылдардың өзінде-ақ, Қазақстанның қазір біз айтып жүрген қасіретін нақты баяндап бере алған тарихшы. Яғни, ол сол жылдары ақиқаттың көзіне тура қарауға өзінің ғылыми жұмысында тәуекел жасаған аз ғана зерттеушілердің бірі. Бұл тарихи шындық алдында ғалымның азаматтық ар-ұжданы таза екендігінің бір белгісі. Бұл мәселе жөнінде Жүнісбек ағамыздың соңғы шәкірттерінің бірі, көрнекті ғалым, тарих ғылымының докторы, профессор Талас Омарбеков ағамыз өз еңбегінде былай деп атап көрсетеді: «Қазір біз кеңінен жазып жүрген 1929-1931 жылдары Қазақстанда болған шаруалар көтерілістері туралы деректер бастауында Жүнісбек ағаның еңбегі тұр. Ол былай деп жазды: Мұндай бас көтерулер мысалы, Семипалатинск округінің Зыряновск ауданында және Орталық Қазақстанның 6 ауданында орын алды». Әрине, ол кезде ғалым бұл көтерілістерге жан-жақты тоқтала алмайтын еді. Дегенмен де тарихшылардың кейінгі ұрпағы мына біздер үшін, ол кісінің «осындай да оқиғалар болған, естерінде болсын» деген сыңайда сөз арасында атап кеткен осы тәрізді ескертпелері аса маңызды болды. Осының арқасында біз, бұл мәселелерді мүмкіндік туысымен індетте зерттедік».

Иә, расында да, Коммунистік партияның идеологиялық қылышы төбеде жалаңдап тұрғанда құпияланған тарихи шындықты осылай ашық айту ғана таңдандырып қоймайды. Бізді тамсандырары – Жүнісбек ағамыздың Ораз Исаевтың Мәскеуге хаты, Тұрар Рысқұловтың И.Сталинге хаты тәрізді ол жылдары тіптен ауызға алуға рұқсат етілмейтін «құпия» құжаттардан нақты деректер келтіруі және ол деректердің шын мәнінде кеңес өкіметінің қазақ даласында жүргізген зорлық саясатын әшкерелеуі дер едік. Иә, шындықты айтамын деген адам қисынын таппай қоймайды. Міне, Жүнісбек аға сондай тарихшы-ғалым болатын.

70-жылдары Жүнісбек Жұмабекұлы республика мен қаланың қоғамдық өміріне белсене атсалысып, Халық депутаттары Алматы қалалық Кеңесінің шақырылымына қатарынан екі рет депутат болды. Сондай-ақ, Алматы қаласындағы Фрунзе аудандық партия комитетінің мүшесі, Оқу-ағарту, жоғары мектеп және ғылыми мекемелер қызметкерлері республикалық кәсіподағының мүшесі, республикалық «Білім» қоғамының пленум мүшесі болды.

1974 жылы наурызда Жүнісбек Жұмабекұлы қазақ жоғары білімінің қара шаңырағы Абай атындағы Қазақ педагогика институтына ректор болып тағайындалады. Осы қызметті 1980 жылы 4 сәуірде өмірден озғанға дейін жеті жыл қатарынан атқарды. Ол ректор болған 1974-1980 жылдары институтта түбегейлі өзгерістер қолға алынды. Бұл жылдары институттың мектептермен байланысы күшейтіліп, ұстаздар қауымы оқу-тәрбиелік, ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсене араласып, студенттердің мектептегі практикалық жұмыстары жанданды. Институт ұжымы мектептерге арналған оқу-әдістемелік құралдарды көптеп шығарып, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау, кәсіби бағдар беру сияқты жұмыстарды қарқынды түрде жүргізіп отырды. Осы мақсатта институттың ғылыми-өндірістік жұмысын ұйымдастыру және басқару үшін 1974 жылы ғылыми-зерттеу бөлімі құрылған.

Бұл жылдарда институттың материалдық базасы күрт жақсарды. Институтта студенттер саны артып, жаңадан факультеттер мен кафедралар ашылды. Жаңа жатақханалар салынып, профессор-оқытушылар құрамы жаңа пәтерлермен қамтамасыз етілді. Сонымен бірге, Абай атындағы ҚазПИ-дің жарты ғасырлық мерейтойы қарсаңында 6 бөлімнен тұратын институт тарихының мұражайы ашылды. 1975 жылы Верный қыздар гимназиясының орнына салынған қазіргі 7 қабатты оқу ғимаратының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Бұл сол кезде ректор Ж.Жұмабековтың тікелей араласуының нәтижесінде институттың материалдық-техникалық базасына қосылған зор үлес еді.

Сондай-ақ, 70-жылдары Жүнісбек Жұмабекұлының қызметтік бөлмесінде осы іргелі оқу орнының бүгінгі бас ғимаратының архитектуралық жоба-суреті ілуі тұрған екен. Сөйтіп, сол кезде өзі мұрындық болған осынау игі іске кейінгі ректорлар Құлжабай Қасымов пен Токмұхамед Садықов үлкен қолдау жасап жүзеге асырған тарихи дәлел. Сондай-ақ, қазіргі университеттің қарсы бетіндегі оқытушы-профессорларға арналған пәтер үйлер де кезінде Жүнісбек ағамыздың бастамасымен қолға алынған игі іс.

Ол кезде, институт ректорының тарихшы болуына байланысты тарих факультетіне ректорат тарапынан үнемі назар аударылып, қолдау көрсетілді. Мәселен, институт ректоры Жүнісбек Жұмабековтың тарих факультетінен сағат алып, студенттерге дәріс оқуының өзінен-ақ тарихи білімге аударылған назардың қаншалықты деңгейде болғанын аңғару қиын емес. Сөйтіп, профессор Ж.Жұмабеков ректор бола жүріп, оқу үрдісіне бірінші кезекте мән беріп, дәріс беруші профессор-ұстаз ретінде бүгінгі шәкірттерінің есінде қалып отыр. Онымен кезінде әріптес болған, бүгінгі таңдағы профессор Исатай Төленбековтың айтысында ол, өз сабағына кез-келген оқытушының келіп қатысуына рұқсат беріп қана қоймай, мұрағаттардан алған Қазақстан тарихына қатысты құпия құжаттардың мазмұнын төңірегіндегі ұлттық намысы бар адамдарға жеткізіп отыруды да әдетке айналдырған. Жүре келе оның осы өнегесі сол кездегі жас ізденуші тарихшыларға да әсер етпей қоймады. Айталық, кезіндегі Ж.Жұмабековтың аспиранты, бүгінгі таңдағы т.ғ.д., профессор Талас Омарбековтің Қазақстан тарихындағы ақтандақтарды айғақтауда және әдіскер тарихшы ретінде бүгінде республикаға танымал тарихшылар қатарынан көрінуі Жүнісбек Жұмабеков еңбегіндегі рухани өнегенің өз жалғасын тауып отырғанының белгісі.

Ректор Жүнісбек Жұмабеков өз қызметі барысында қазақтың тұңғыш жоғары оқу орнын бүкіл одақ көлеміне кеңінен таныта білуінің нәтижесінде 1978 жылы 12 қазанда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығы бойынша педагогикалық мамандарды даярлау мен тәрбиелеудегі қол жеткізген табыстар мен жетістіктер үшін Абай атындағы Қазақ педагогика институты «Еңбек

Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Осы кезден бастап 1990 жылға дейін «Еңбек Қызыл Ту орденді Абай атындағы Қазақ педагогика институты» деп аталған.

Өмір тәжірибесі көрсетіп отырғандай, шынай ізденіс пен қажырлы еңбек өз жемісін әр кезде де береді. Осы орайда, Жүнісбек Жұмабекұлының да қажырлы еңбегі мен үлгілі өнегесі ескерусіз қалған жоқ. Қоғам мен мемлекет алдында сіңірген еңбегі үшін екі бірдей «Құрмет Белгісі» орденімен (1961, 1976), «Ерлік еңбегі үшін» медалімен және басқа да мемлекеттік наградалармен марапатталды. Сонымен қатар, Жүнісбек Жұмабекұлы 1967 жылы 29 тамызда саяси және ғылыми білімдерді насихаттаудағы белсенді қызметі үшін, 1977 жылы 20 қаңтарда Республиканың халық ағарту саласына жоғары білімді педагог мамандар даярлаудағы жемісті табыстары үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет Грамотасымен екі рет марапатталған. Ал Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1978 жылы 13 қазандағы Жарлығы бойынша Жүнісбек Жұмабекұлына «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» құрметті атағы берілді.

Ғалым басшылық жұмыста болсын, ұйымдастырушылық жұмыста болсын, әрқашан да ғалым. Осы ретте, Жүнісбек Жұмабекұлы ұстаздық және тағы басқа жауапты жұмыстарды атқара жүріп, бір сәтке болса да ғылыми зерттеулерден қол үзген емес. Абай атындағы Қазақ педагогика институтында атқарған ректорлық қызметі барысында Жүнісбек Жұмабекұлы өзін талантты ғалым ғана емес, талантты ұйымдастырушы тұрғысынан да көрсетті. Ол жас ғалымдарға баса назар аударып, мүмкіндігінше оларға жағдай жасауға тырысқан адамгершілік қасиеті зор азамат еді. Оның ғылымға деген зор қамқорлығының арқасында институтта ғылыми-зерттеу жұмыстарымен ауқымды түрде айналысудың зор мүмкіндігі туды.

Жүнісбек Жұмабекұлы аспиранттармен жұмыс істеуге қат-қабат ректорлық жұмыс арасынан да орайын келтіріп уақыт таба білді. Ол науқас болғанына қарамастан диссертациялық жұмыстарды атүсті қарамай, олардың әрбір бетіне қаламмен өзінің ескертпелері мен ақыл-кеңесін жазып отырған. Бұл жөнінде профессор Талас Омарбеков өз естелігінде былай деп жазады: Мәскеуге операция жасатуға жүрер алдында Алматы санаторийінде жатқан ол кісі менің диссертациялық жұмысымды тағы бір қарап беруге үлгеріп, тіптен сол кездегі диссертация қорғататын арнаулы кеңес төрағасы, белгілі ғалым Ә.Тұрсынбаевқа телефон шалып, менің жұмысымды қорғау кезегіне қоюды өтінгені күні бүгінге дейін жадымда. Ауыр сырқаттан қажыған Жүнісбек ағаның адамгершілік деңгейі мен рухани күш-жігерінің аса жоғары екендігі сол кезде мені қатты толғандырған еді. Амал қанша, Жүнісбек аға сол Мәскеу сапарынан қайтып оралмады».

Жүнісбек аға тамаша ғалым, білікті ұстаз және үздік ұйымдастырушы болумен қатар өнегелі отбасының да иесі болатын. Абзал азамат өзінің отбасылық өмірінде жұбайы Шәкен екеуі бес перзент сүйді. Бүгінде ұрпақтырының бәрі өмірде өз жолдарын тапқан әр саланың білікті маман иелері. Олардың ішінде үлкен қызы Алма – ұстаздық жолды ұстанса, Үміті – педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ Ұлттық техникалық университетінде дәріс береді. Ал, Дана есімді қызы өнер ғылымының кандидаты доцент, Астанада Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінде қызмет істейді. Жанаты әке жолын қуып, тарихшы болды, ол да ғылым кандидаты. Кенже ұлы Талғат – Алматыдағы Республика сарайында директордың орынбасары.

Ғалым-қайраткер есімін туған елі де атаусыз қалдырған жоқ. Ол өзі кезінде өмірге келіп, қанаты қатайып түлеп ұшқан елді мекендегі көшелердің біріне және Алматы қаласы Ақбұлақ ықшам ауданындағы бір көшеге оның есімі берілді. Сонымен қатар, 2009 жылы 11 желтоқсанда осы оқу орнының тарих факультетінде Жүнісбек Жұмабеков атындағы дәрісхана ашылды. Дәрісхананың ашылу салтанатына университет ректоры С.Ж. Пірәлиев және айтулы тұлғаның туған-туыстары, көрнекті тарихшы ғалымдар, факультет ұстаздары мен студенттер қатысты.

Жүнісбек Жұмабекұлы өзінің «қамшының сабындай» келте ғұмырында небәрі 53-ақ жас жасады. Алайда, өмір бойы еліне еңбек сіңірген аяулы азаматтың жарқын бейнесі оның замандастары мен бүгінгі ұрпақтың есінде мәңгі сақталатын болады. Ал, оның есімін ұмытпай, соңына қалдырған мол мұралары мен игі істерін ғылым мен қоғам игілігіне пайдаланып, олардың еңбектерін елеп-ескеріп отыру жастардың тарихи танымын арттырып, патриоттық тәрбие берудегі маңызы зор жарқын қадам болып табылмақ. Бүгінгі жастар аға ұрпақтың ғылыми мұрасы мен іс-тәжірибесін зерттеп білу арқылы өсіп келе жатыр. Ал, Жүнісбек Жұмабеков сияқты қазақ халқының болашағы үшін тер төккен тарихшы-ғалымдардың өмір жолы мен халық алдындағы адал қызметі ХХІ ғасыр жастары үшін де үлгі болары сөзсіз.

Резюме

В данной статье раскрываются сведения, основанные на архивных материалах, о жизненном пути и ректорской деятельности в истории КазПИ Жунусбека Жумабекова.

Summary

In this article development, on archive materials, the life's way and directional works in history of KazPI Junusbek Jumabekov.

